И.А. ӘБЕУОВА

ТҰЛҒА ПСИХОЛОГИЯСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

И.Ә. АБЕУОВА

ТҰЛҒА ПСИХОЛОГИЯСЫ

Оқулық

«Сырдария» университеті
КІТАПХАНА
Инв.№ 55143

Алматы 2014

УДК 159.9 (075)
ББК 88 3 я 7
А- 24

Пікір жазғандар:

Әмірова Б.А. - психология ғылымдарының докторы., профессор
Ерментаева А.Р. - психология ғылымдарының докторы., доцент
Ақажанова А.Т. - психология ғылымдарының кандидаты., доцент

ТҰЛҒА ПСИХОЛОГИЯСЫ: Оқулық
/ И.Ә. АБЕУОВА -Алматы: Отан ЖҚ, 2014 -192бет.

ISBN 978-601-205-126-1

Оқулықта тұлға психологиясының негізгі мәселелері қарастырылған.

Жоғары оқу орындарының психология, педагогика және психология мамандығы бойынша даярланатын студенттер мен магистранттар қауымына, оқытушыларға және білім беру жүйесінің әр сатысында қызмет атқарып жүрген психолог мамандарға арналған.

УДК 159.9 (075)
ББК 88 3 я 7

ISBN 978-601-205-126-1

© И.Ә.Абеуова - 2014
© "Отан" ЖҚ, 2014

КІРІСПЕ

Адамзат тарихындағы мәселелердің ішіндегі ең күрделісі, сірә адам табиғатының жұмбақтылығы шығар. Ізденіс қандай бағытта жүргізіліп, қаншама тұжырымдамалар ұсынылса да, оның нақты да, дәл жауабы әлі табыла қойған жоқ. Ең маңыздысы барлық адамдардың арасында көптеген айырмашылықтардың болуымен байланысты. Біздің ғаламшарымыздағы бес миллиард халықтың ішінен бір-біріне дәлме-дәл ұқсас, бір-бірінен айнымайтын екі адамды табу өте қиын. Мәселен, адам өлтірген-рецидивист, аянбай жұмыс жасайтын ғалымды, нашақор мен ірі саясаткерді, тақуа мен офицерді бір-бірімен салыстырып көрейікші. Олардың ағзасы мен ұлпалары бірдей болғанымен де оларды жалпы «адамдық табиғатының» қандай қасиеттері біріктіретінін көз алдымызға елестету қиын. Ғылыми ізденіс шегі әртүрлі мәдениетті зерттеуге дейін кеңейген кезде, оның негізін салушы құндылықтардың, ұмтылыстар мен өмірлік стильдердің одан сайын түрлене түскенін байқаймыз.Астрология, теология, философия, әдебиеттану және әлеуметтік ғылымдар, міне, бұлар – адамның мінез-құлқының күрделілігін және адамның өзінің мәнін түсінуге әрекет жасайтын ғылымдар.

Бұл ғылымдардағы кейбір ізденістер тұйыққа тіреліп жатса, енді кейбір бағыттары қарқынды даму үстінде.

Қазіргі уақытта адамзаттың басынан кешіріп отырғандары – жер бетіндегі тұрғындар санының өсуі, қоршаған ортаның ластануы, ядролық қалдықтар, лаңкестік, нашақорлық, нәсілдік наным-сенімдер, кедейлік тәрізді келеңсіздіктердің көптеген қатары – адамдар мінез-құлқының себеп-салдары болып табылады.

Ұсынылып отырған басылым негізгі төрт тараудан тұрады. Бірінші тарауда тұлға психологиясының жалпы мәселелері қарастырылған.

Екінші тарауда психология ғылымында кейінгі жүз жылдықта, шын мәнінде, психологияның ғылымилық кезеңінде ұсынылған тұлғалық іргелі теориялары жалпыланып оларды бір арнаға түсіруге ұмтылыс жасалынған. Бұл екі тарауды қарастырғанда, біз, Л.Хьел, Д.Зиглердің «Тұлға теориялары» еңбегін басшылыққа алдық. Оқулықтың тағы бір ерекшелігі – шетелдік тұлға теорияларымен қатар, кеңестік психологияда жасалынған тұлға тұжырымдамаларын да қарастыру болып табылады, демек студенттер (оқырмандар) әртүрлі тұлға теорияларының негізгі ой-тұжырымдарын салыстыра алуына мүмкіндік бар. Кеңестік он бір тұжырымдама оқулықтың үшінші тарауында келтірілген. Сонымен қатар, тұлғаның психологиялық сипаттамасына бөлек, төртінші тарау арналған.

Осы кітапты жазу барысында жоғарыда келтірілген шетелдік басылымнан басқа, кеңестік-ресейлік басылымдар да пайдаланылды. Оқырмандарға көмек ретінде оқулықта кездесетін ғылыми терминдердің түсініктемесі (глоссарий) және студенттердің білімін тексеруге арналған тест сұрақтары ықшамдалып беріліп отыр.

Ұсынылып отырған оқулық тұлға теорияларын қарастыратын алғашқы басылымдардың бірі болғандықтан, әрине жетіспей жатқан жерлері бар болуы заңды құбылыс. Авторлар осы бағыттағы ізденістерінде айтылған сын-пікірлерді ескеруге тырысады. Оқулық ана тілімізде оқитын студенттер мен магистранттарға, сонымен қатар, осы мәселемен айналысып жүрген барлық мамандар үшін пайдалы болады деген ойдамыз.

Психология ғылымдарының кандидаты ***М.Қ. Бапаева***
Педагогика ғылымдарының кандидаты, психология доценті
И.Ә. Әбеуова

I . ТҰЛҒА ПСИХОЛОГИЯСЫ

1.1. Адам туралы ғылым

Психологияның қайнар көзі ежелгі гректер мен римдіктерден бастау алатыны белгілі. Екі мың жылдан аса уақыт бұрын философтар, қазіргі кезде психологтарды толғандыратын мәселелер жайында пікірталастар жүргізген.

Дегенмен, ресми түрде, психологияның дербес ғылым саласы ретінде дүниеге келуі 1879 жылмен белгіленеді. Осы жылы Лейпцигте (Германия) Вильгельм Вундт психикалық құбылыстарды экспериментті зерттеуге арналған бірінші лабораторияның негізін қалады. Содан кейінгі жылдары психология ғылымы қарқынды түрде дами бастады. Ғылыми зерттеулерді жоспарлау мен экспериментті мәліметтерді интерпретациялауға мүмкіндік беретін көптеген тұжырымдамалы үлгілер өңделіп шығарылды. Психологияның қазіргі заманғы ғылымдар қатарына енуіндегі мәнді қырларының бірі – оның адам тұлғалылығын зерттеуі болып табылады. Қазіргі заманғы тұлға психологиясының негізгі мақсаты – неліктен адамдар өздерін түрліше ұстайтындықтарын ғылыми ұстаным тұрғысынан түсіндіру. Ғылыми психология эмпирикалық тексеруге қолайлы қарапайым әрі нақты тұжырымдамалармен жұмыс істейді. Психологтардың көпшілігі адам мінез-құлқының күрделі табиғатын түсіндіруде негізгі салмақ осы ғылыми ықпалға тиесілі деп тұжырым жасайды.

Ғылыми пән ретінде, қазіргі заманғы тұлға психологиясы, адамның табиғаты жайлы ой қорытындыларын интуиция мен фольклорға немесе дұрыс ойға сеніп қана қоймайтын, тек экспериментті тұрғыда дәлелденген тұжырымдамаға айналдырады. Мәселен, жасөспірімдер неліктен ішімдікке салынады немесе үйінен қашып кетеді дегенді болжалдаудың орнына, зерттеушілер бозбалалық жас шамасының психологиясы және жасөспірімдердің өтірік айтуының жеке механизмдері жайында өз көзқарастарын құрастырулары керек. Психологияның өзінде тұлғаның «объективтілену» процесіне қарама-қарсы тұру орын алады: кейбір психологтар бұл бағыттағы әрекеттердің тым ұзаққа созылып кететінін, ал бұл өз кезегінде адам табиғатының күрделілігі мен даралылығы жайлы көзқарастардың бұзылуына әкелетінін айтады. Қазір ғылымның барлық мәселелерге жауап бере

алмайтындығын ескере отырып (мүмкін мүлдем жауап бермес те), біз адамдарды зерттеуге арналған ғылыми әдістерді қолдануға тән ішкі шектеулерді еске ала отырып, эмпирикалық мәліметтерді тиімді пайдаланғанымыз жөн. Адамның тұлғалылық мәселелерімен персонологтар айналысады, бұл терминді тұлға саласындағы экспериментшілерді де, теоретиктерді де біріктіру мақсатында Генри Мюррей (Murray,1938) ұсынған.

Тұлға психологиясының тағы бір мақсаты – адамдардың өз өміріне деген қанағаттану сезімін тудыруға көмектесу. Теориялар мен экспериментті зерттеулерді дамыта отырып, көптеген персонологтар қазіргі күні өмірлік қиындықтарды жеңудің өнімді әрі тиімді стратегияларын іздестірумен айналысуда. Бұл жерде қол жеткізген жетістіктерге, адамға өз бойынан жақсы қасиеттерді аша түсуге мүмкіндік беретін психотерапияның жаңа түрлерін, әртүрлі дамытушы бағдарламалар мен қоршаған ортадағы психоәлеуметтік өзгерістерді жатқызуға болады.

«Тұлға» термині әртүрлі мәнді береді. Оны зерттеумен түрлі, тіпті кейде бір-біріне қарама-қарсы тұратын теориялық білімдердің кең ауқымды спектрін қамтитын, академиялық психология құрылымындағы ерекше бөлім айналысады.

Тұлға жайлы ғылым – «персонология» – бұл түрлі зерттеу стратегияларын қолдану жолымен адамның даралығын жақсы түсінудің іргетасын қалауға ұмтылатын пән. Тұлға психологиясының тағы бір өзіндік ерекшелігі -- қандай да болмасын даралық жағдайын зерттеуді түсіндіру және болжау, қандай да болмасын даралық жағдайында негізделген шешімдерді бағалаудағы әдістерінің мәнділігі. Мұндай әдістерге сұхбаттасу, тестілеу, мінез-құлықты бақылау және тіркеу, физиологиялық реакцияларды өлшеу, өмірбаяндық және жеке құжаттарды талдаулар жатады. Сонда да, қазіргі заманғы тұлға психологиясын патопсихология және клиникалық психологиямен теңестіруге болмайды. Нақ анықтыққа қол жеткізу үшін персонологтар қалыптан ауытқыған индивид мінез-құлқынан гөрі, индивидтің қалыпты мінез-құлқына жүгінуді жөн көреді. Адамдар арасындағы даралық айырмашылықтарға үлкен мән беретіндіктен, тұлға психологиясының басқа психологиялық пәндерден алшақтауы көрінеді.

Зерттеу объектісі бола отырып, *тұлға:* эмоциялар, мотивация, ойлар, қайғырулар, қабылдау мен әрекеттер сияқты адамды сипаттайтын

көптеген қырларды біріктіріп тұратын абстрактілі ұғым да болып саналады.

Тұлға деген сөздің өзі (ағылшын тіліндегі – personality) латын тіліндегі – «persona» деген сөзден шыққан. Бастапқыда бұл сөз ежелгі грек драмаларындағы театр көріністерінде әртістер киетін бет-пердені аңғартты. Соған орай, басынан-ақ, «тұлға» түсінігіне адам арнайы өмірлік рөлдерді ойнаған сәттерде даралылыққа қол жеткізетін сыртқы әлеуметтік бейнесі қосылған, яғни, ол – айналасындағыларға бағытталған қоғамдық бет әлпет.

Тұлға сонымен бірге, даралылықтың өте айқын, әрі ашық сипаттарының үйлесімділігі ретінде де қарастырылады. Соған орай, жасқаншақтық пен қайырымдылығын оның мінездік сипаты деп есептеп, адам жайлы ол «тіл табысқыш тұлға» немесе «жасқаншақ тұлға» деп айтуға болады. Дегенмен, осылайша бағалауда адамның қандай да бір жағдайға байланысты «тіл табысқыш» немесе «жасқаншақ» болғаны ескерілмейді. Сондай-ақ тұлға термині персонологтардың көпшілігінің түсініктері бойынша адам мінезі мен әлеуметтік дағдыларының бағасы деп саналмайды. Мәселен, біз Аяулым жайлы «қандай таңғажайып тұлға деп» айтқан кезде, біз оның қайырымдылығы, шынайылығы мен басқаларға қол ұшын беруге дайындығы туралы ғана айтармыз. Ал тұлғаны зерттеуші психологтар адамдарды «жақсы» немесе «жаман» тұлға деп бағаламайды.

Психологиядағы тұлға ұғымының аса көп түрлілігін түсіну үшін осы саладағы кейбір көрнекті шетел теоретиктерінің көзқарастарына жүгінейік.

Карл Роджерс тұлғаны: өзінділік терминімен сипаттайды. Гордон Оллпорт тұлғаны – адамның әлеммен өзара әрекетінің сипатын үстемдей түсетін, ішкі «таңғажайып» индивидуумның шынайы бет-пердесі ретінде анықтайды. Э.Эриксонның түсінігінше, индивидуум бүкіл өмір бойында психологиялық әлеуметтік дағдарыстардан өтеді және оның тұлғалылығы осы дағдарыстардың нәтижесі болып табылады. Джордж Келли тұлғаны – әрбір индивидуумға тән өмірлік тәжірибені ұғынуының бірегей тәсілі деп қарастырған. Рэймонд Кеттел, тұлғаның ядросының құрылымы негізгі он алты бітістерінен құрылады, – деп мүлдем басқа тұжырымдаманы ұсынды. Альберт Бандура болса, тұлғаны индивидуум, мінез-құлық және жағдайдың үздіксіз өзара әсерінің күрделі *паттерні* ретінде қарастырған.

Аталмыш тұжырымдамалардың осындай әртүрлілігі, бастапқы «сырттай әлеуметтік бейне» тұжырымдамасына қарағанда тұлға мазмұнының әрқырлы екендігін көрсетеді. Дегенмен, ол тұлға ұғымында анағұрлым маңызды, мәнді және тұрақты нәрселерді қамтиды.

Осы негізгі сәйкестіліктен басқа, тұлға жайлы көптеген теориялық анықтамалардың төмендегідей ортақ жағдайлары да бар:

– анықтамалардың көпшілігінде даралықтың мәні немесе даралық айырмашылықтар баса көрсетіледі;

– бір тұлғаны басқалардан қандай ерекше сапалар немесе олардың қандай қисындары ерекшелейтінін тек даралық айырмашылықтарды зерттеу жолы арқылы түсінуге болады;

– анықтамалардың басым көпшілігінде тұлға қандай да бір гипотетикалық ұйымдасу немесе құрылым ретінде берілген. Яғни, тұлға – адам мінез-құлқын бақылау нәтижесінде қол жеткізілген қорытындыларға негізделген, абстракция болып саналады;

– көптеген анықтамаларда тұлғаны индивидуумның өмірлік тарихы немесе болашақ дамуының арақатынасында қарастырудың маңыздылығы ескертіледі;

– анықтамалардың басым бөлігінде, тұлға мінез-құлықтың тұрақты түрлеріне «жауап беретін» сипаттармен ұсынылған. Тұлға уақыт аралықтарында және өзгермелі жағдайларда салыстырмалы түрде тұрақты;

– жоғарыда келтірілген ортақ түйіндеріне қарамастан, әр автордың тұлға түсінігіне берген анықтамалары әр алуан.

Екінші тарауда біз, тұлғаның кейбір тұжырымдамаларын толығырақ қарастырамыз.

1.2. Тұлға – зерттеу орісі ретінде

Психологтарды дайындау барысында көптеген пәндерді қамтитын – әлеуметтік психология, жануарлар психологиясы, қабылдау психологиясы, жас ерекшелік психологиясы және мінез-құлық тренингтері, тұлға психологиясы сияқты сабақтар оқытылады. Тұлға психологиясы басқалардан, психологияның басқа салаларындағы негізгі жағдайларды біріктіру және интегралдау әрекеттері жүргізілетіндігімен ерекшелінеді. Мәселен, қабылдау психологиясы – бақыланатын

қоршаған ортаны қабылдау мен интерпретациялаудың негізінде жатқан негізгі құрылымдар мен процестерді зерттейді. Қабылдауды зерттеу нақты негізделінген принциптерге сәйкес жүргізіледі. Сол сияқты, осындай пікір психологияның басқа салалары – мотивация, когнитивті психология, т.б. үшін де дұрыс болады. Алайда, тек тұлғаны зерттеуде ғана адамды интегралданған тұтастық ретінде түсінуде зерттеушілер осындай принциптерді біріктіреді.

Екі индивидуумның бірдей әрекеттері немесе бір индивидуумның әр кезеңде болған бір әрекеттері әркелкі себептен туындауы мүмкін. Мысал ретінде, түсік тастауды жүзеге асыратын ауруханаңы тас-талқан етуге тырысқан екі адамның түрткілерін салыстырып көрелік. Біріншісін, мүмкін діни сезімдер баурап алған шығар, ал екіншісін өзінің дүрліккен сезімдері осы әрекетке итермелеген болуы мүмкін. Интерпретациялаудың қиындығы: мінез-құлық негізінде ішкі себептер мен осы мінез-құлықты тудыратын жағдайлар сияқты екі фактордың жатуының салдарынан да болады. Кейде тіпті, адамның өзі де сондай жағдайда өзін неліктен солай ұстағандығын түсіндіре де алмайды. Нақтырақ болу үшін, персонолог жалпы психологияның барлық принциптерін интерпретациялауы және олардың арасындағы барлық динамикалық өзара әрекеттерді ескеруі қажет. Индивидуумның мінез-құлқы мен тебіреністерін шарттандыратын барлық факторлар, персонологтардың зерттеу аумағына түседі.

Міне, осындай түсініктердің барлығы, ғылыми тұрғыдан мінсіздікке деген ұмтылыс байқататын тұлға аумағынан басқа психологиялық сала жоқ деген тұжырымға әкеледі.

Қазіргі персонологияның даму сатысында тұлғаны интегралданған тұтастық деп қарайтын, сонымен қоса адамдар арасындағы айырмашылықтарды түсіндіретін әртүрлі альтернативті теориялар бар екені көрінеді. Теория, бұл – болмысты нақты бақылаулар нәтижесін түсіндіруді мақсат тұтатын, идеялар, құрылымдар мен принциптердің өзара байланысқан жүйесі. Теория, негізінде ой тұжырымы болғандықтан, шын мәнінде «дұрыс» немесе «бұрыс» болмайды. Дегенмен де, негізінде ғылымда, *теория*, феноменді бақылау нәтижелері, сол теориядан туындайтын, осы феноменді түсіндірулермен қаншалықты сәйкес келетініне байланысты дәрежеде негізделген және сенімді теория деп қабылданады. Тұлға теориялары – шындығында адам дегеніміз кім және олар өздерін қалай ұстайды, кей кездері олар әртүрлі әрекеттерге неліктен баратыны туралы ой қорытындылары немесе болжамдар.

Тұлғаны зерттеуде көп нәрсеге қол жеткізуге болады. Біздің қызығушылығымыздың пәні – адамның табиғаты; мақсатымыз – шынайы әлемде біртұтас адамның өмір сүруінің, қызмет жасауының күрделілігі мен бірегейлілігін түсіну.

Теориялар негізгі екі қызметті атқарады: олар мінез-құлықты түсіндіреді және алдын ала болжайды. Мінез-құлықты белгілі түрде ұйымдасқан деп ұсынатын тұлға теориялары *түсіндіргіш* болып саналады. Теорияның көмегінсіз, әкесі оның бойында шамадан тыс ызасын тудыратын сәтте, неліктен бес жасар Азаматтың туған анасына деген арманшыл (романтикалық) бауырбасушылықты сезінетіндігін түсіндіру қиын болар еді. Егерде біз басқа да ер балалар осы жас шамасында ұқсас сезімдерді басынан кешіретінін білсек, мәселе кішкене жеңілдейді. Ал,тұлғаны арнайы бір даму сатысына жатқызатын теориямен қарулана отырып, біз Азаматтың осындай сезімдерін жақсы түсіне аламыз.

Теория өткен шақ пен осы кездегі оқиғаларды түсіндіріп қана қоймай, сонымен бірге, болашақты да болжай алуы керек. Ол әлі болмаған жағдайлар мен нәтижелерді болжауға қажетті негізді қамтамасыз етуі қажет. Яғни, біз ата-ана тәрбиесіндегі Азаматтың мінез-құлқындағы өзгерістерді алдын ала болжай білуіміз керек. Жақсы тұлға теориясы психологиялық зерттеулерді тікелей стимулдайды, ал керісінше, тексерілмеген теориялардың ғылыми құндылығын анықтау мүмкін емес.

Тұлға теориялары психологияда әртүрлі қызмет атқарады. Олар бізге адам жайлы түсінік береді, олардың сипаттамалары уақыт аралығында қалай дамиды және адамдар өздерін белгілі бір кейіпте қалай ұстайтындығын түсінуге көмектеседі. Теориялар сонымен бірге, бұрын зерттелмеген жаңа әрекеттердің пайда болуын болжауға мүмкіндік береді. Алайда, адам мінез-құлқының теорияларының барлығын да адамдардың өздері құратындығын естен шығармаған маңызды. Персонологтар да – басқа адамдар тәрізді, адамның табиғаты жайлы әртүрлі көзқарастары бар адамдар.

Теорияның неден бастау алатыны персонологтардың тұлға жайлы көзқарастарына терең және мәнді түрде әсер етеді. Мысалы, Абрахам Маслоу адамдар әрекетінің көпшілігі саналы және еркін таңдаудың әсерінен деп санаған. Соған байланысты, оның теориясы өзінің түсінігі бойынша адам қандай болуы мүмкін еді деген адам табиғатының «жоғарғы» қырларына шоғырланады. Оның тұлға теориясы осы

бастапқы жағдайға орай құрылған. Ал, З.Фрейд мінез-құлық мәнді дәрежеде иррационалды, ұғынылa берметін факторлармен детерминделген деп бекіткен. Оның адамның іс-әрекеті әу бастан-ақ анықталып қойған деген ой-пікірі, бейсаналылық – мінез-құлықтың барлық түрлерінің үстінен бақылау жүргізеді деп, баса көрсеткен теориясында әрі қарай дамытылды. Маслоу мен Фрейд адам мәнінің іргелі негізіне байланысты түбегейлі қарама-қайшы көзқарасты ұсынады. Бұл жерде біз – тұлға теориясындағы ең маңызды тұстар, адам табиғаты жайлы нақты персонологтың негізгі ой-пікірлеріне байланысты екендігін баса ескерткіміз келді.

1.3. Тұлға теорияларының компоненттері

Теорияның негізгі қызметтері – белгіліні түсіндіру және әлі де белгісізді болжау екенін атап өткенбіз. Түсіндіруші және болжаушы қызметтерінен басқа, теорияның өзі көздейтін серіппелі мәселелері де бар. Шын мәнінде, теориялар нені талқылайды? Ол қандай негізгі компоненттерді қамтиды және адамның мінез-құлқын бірізділікпен әрі қисынды түсіндіру үшін бұл компоненттер қалай құрылымдалуы тиіс? Тұлға психологиясын оқып зерттеуге кіріскен студенттер осыған ұқсас сұрақтарды қояды. Тұлға теориясы әрқайсысы психологияның қарастыратын жеке тақырыптары мен мәселелеріне жинақталатын көптеген «шағын теориялардан» тұрады. Осы бөлімде тұлғаның толыққанды теориясы шешуге тиіс алты мәселені талдаймыз (*тұлға құрылымы, мотивация, тұлғаның дамуы, психопатология, психикалық денсаулық, терапевтік әсермен тұлғаның өзгеруі*). Бұл тақырыптар тұлға теориясының тұжырымды аумағын құрайды – олар теорияның мазмұны мен оның қолданылуының межелерін ашады.

Тұлғаның құрылымы.

Адамдардың әртүрлі жағдайларда және түрлі уақытта өзгермейтін сипаттамаларын көрсететін құрылымды тұжырымдамалар – кез келген тұлға теорияларының негізгі белгісі болып табылады. Осындай тұрақты сипаттамалар адам психикасының негізгі құрастырушы блоктарының рөлін атқарады. Осы мағынада олар жаратылыстану ғылымдарындағы атомдар мен жасушалар сияқты ұғымдарға іспеттес. Дегенмен құрылымды тұжырымдамалар негізінен болжалды түрде болады, оларды мидың нейрондары сияқты микроскоппен көру мүмкін емес.

Адамдардың кім екенін түсіндіру үшін, персонологтар тұжырымдамалардан құралған мозаикалық өрнекті ұсынды. *Тұлға бітістерінің* тұжырымдамасы құрылымды тұжырымдамалардың ішіндегі едәуір танымал үлгілерінің бірі.

Бітіс – адамның әртекті жағдайларда өзін белгілі бір түрде ұстауға бейімділігі мен тұрақты сапасы ретінде қарастырылады. Тұлға бітістерінің танымал үлгілері түрде таралғандары: албырттық, шыншылдық, сезімталдық пен жасқаншақтық. Тұлғаның мінез бітістерін зерттеу саласындағы үш жетекші беделді ғалымдар – Гордон Олпорт, Рэймонд Кеттел және Ганс Айзенк – тұлғаның құрылымын схема түрінде мінез-құлықтың негізіндегі болжалды қасиеттер терминдерімен ұсынғанды жөн көрді.

Талдаудың басқа деңгейінде тұлға құрылымы тұлға типтері тұжырымдамасының көмегімен сипатталуы мүмкін. Тұлғаның типі нақты көрсетілген шектері бар дербес категорияны құрайтын көптеген әртекті бітістердің жиынтығы түрінде сипатталады. Тұлғаның бітістерін қарастыратын тұжырымдамаларға қарағанда бұндай тұжырымдамалар мінез-құлықтың едәуір тұрақты, әрі едәуір жалпыланған сипаттарын болжайды.

Адамдарда әртүрлі дәрежеде байқалатын мінез-құлық бітістері бар болғандықтан, оларды әдетте бір немесе басқа типке жатқызып сипаттайды. Мәселен, Карл Густав Юнг адамдарды: интроверт және экстраверт атты екі категорияға бөлінеді деген пікірде болған. Осы тұрғыдан әрбір кез келген тұлға – міндетті түрде біріншісіне, немесе екіншісіне жатады.

Кейбір теоретиктер көбінде бір-бірімен тұтасқан жоғары дәрежеде күрделі және егжей-тегжейлі құрастырылған құрылымдарды ұсынады. Фрейдің тұлғаны – ид, эго және супер эго ретінде үш деңгейге бөлуі, оның құрылымы мен ұйымдасуын ерекше күрделі сипаттаудың бір үлгісі болып табылады. Сонымен, тұлға жайлы кез келген тұрғының пайдалылығы – адам мінез-құлқының тұрақты, өзгермейтін қырлары қандай? – деген мәселені қарастыруында.

Мотивация.

Мотивация тұжырымдамалары немесе басқаша айтқанда индивидуум қызметінің процессуалды қырлары адамның мінез-құлқындағы динамикалық, әрі өзгермелі ерекшеліктеріне шоғырланады. Тұлға теориясының осындай екінші компонентіне қатысты сұрақтардың үлгісі

мынадай: «Неліктен адамдар түрлі мақсаттарды көздеп, оларға жетуге тырысады?», « Адамды әрекет етуге қандай ерекше мотивтер міндеттейді және оның қылықтарын бағыттайды?»

Мотивацияның бастапқыда Фрейд суреттеген редукционистік үлгісі – индивидтің физиологиялық (биогенді) қажеттіліктері қысымды тудыратынын, ал сол қысым осы қажеттіліктерді қанағаттандыру жолымен бәсеңдеуді іздеуге міндеттейді дегенді болжайды. Редукционистерге қарама-қарсы басқа теориялар, адамның қоршаған ортаны меңгеруге деген ұмтылысы мен ләззат алу мақсатында жаңа тәжірибе алу құмарлығын баса көрсетеді. Осы көзқарасты ұстанушылар адам өскен сайын, оның мінез-құлқы негізінен айналасындағылармен өзара тиімді әрекеттесу үшін және біліктілігін көтеру үшін дағдылар мен іскерліктерді меңгеруге бағытталады, ал оның қысымды төмендетуге бағытталуы сирек көрінеді деп бекітеді.

Мотивация саласындағы атақты теоретик А.Маслоу, кейбір кезеңдерде индивидуумды қажеттіліктердің тапшылығы билейді, сонда ол сол қысымды төмендетуге ұмтылады деп көрсеткен. (Кейбір теоретиктер, адамның тәуекелдік пен тіпті өміріне қауіп төнуімен тең жаңа тәжірибені басынан өткізуге итермелейтін, күштену қажеттілігін сезінетінін көрсетеді. Соған орай, оның тұлға ретінде жүзеге асуы жоғарылайды).

Тұлғаның дамуы.

Даму тұжырымдамалары адамның тұлғалық мотивациялық аспектілері өмір сүру барысында балалық шақтан кәрілікке шейінгі кезеңде қалай өзгеретінін қарастырады. Тұлға өмір бойына дамиды. Кейбір теоретиктер адамның өміріндегі даму мен өсудің фазаларын түсіну үшін сатылы даму үлгісін ұсынады. Тұлғаның қалыптасуы психосексуалды дамудың бірізділігі ретінде берілген З.Фрейдтің теориясы осы ықпалдың бір мысалы бола алады. Келесі бір мысал ретінде Эриксон құраған эго дамуының сегіз сатысы жайлы тұжырымдаманы атауға болады. Аталған авторларға қарағанда көптеген теоретик-ғалымдар ата-ана мен баланың арасындағы өзара қатынастардың рөлін даму мәселесін түсінудегі маңызды фактор ретінде қарастырған. Мәселен, Карл Роджерс, тұлғаның қалыптасу сатысында ата-ана ұстанымы мен мінез-құлқының әсерінен (танымдық жағынан және эмоциялы қатынаста да) индивидуумның Мен-тұжырымдамасының қалайша қалыптасатындығына ерекше мән берген.

Тұлғаның жеке басының өсуі көптеген ішкі және сыртқы детерминанттардың көптігімен шартталынған. Индивидуумның нақты мәдениетке, әлеуметтік-экономикалық тапқа немесе әркімнің өзі бірегей отбасылық ортаға қатысты болуы сыртқы детерминанттарға жатады. Екінші жағынан, ішкі детерминанттар генетикалық, биологиялық және физиологиялық факторларды да қамтиды.

Дамудың әр кезеңдеріндегі өзгерістерді сипаттау – физикалық, моральдық, әлеуметтік, интеллектілік, эмоциялық, т.б. – адам дамуының проблемасы қандай күрделі екендігін көрсетеді.

Адамның қандай да бір мәдениеттің өкілі болуы – оның ойлауында, эмоциялар мен мінез-құлқында – әлеуметтену арқылы нормативті үлгілерге әкеліп тірейді. Белгілі әлеуметтік таптардың да өзіндік әсерлері болады. Жанұядағылардың әсері де индивидуумның дамуына едәуір әсер етеді. Осы тұста ата-ананың мінез-құлқы, сендіруі мен мақсаттарының түрі де ерекше маңызды. Ата-аналар еліктеу үлгісі болып табылады, әрі өз қылықтары мен әрекеттері арқылы балаларына әсер етіп отырады, ал ондай қасиеттер өмір бойына сақталуы мүмкін.

Генетикалық факторлар, бұл – тұқымқуалаушылықтың механизмдері арқылы ата-анадан балаға берілетін мінез-құлыққа ықпал етудің бір түрі. Қоршаған ортамен бірге олар тұлға дамуында шешуші рөл атқарады. Егіздерге жүргізілген зерттеулер, сенімді түрде эмоциялы тұрақтылықтың, экстраверсияның, альтруизмнің, ұялшақтықтың немесе жасқаншақтықтың тұрақты түрде тұқым қуалайтынын көрсетті. Аса байқала қоймайтын генетикалық компонентке басқа да ерекшеліктер: жатырқау, агрессивтілік, жетістіктерге деген талпыныс, лидерлік т.б. жатқызады. Тұлға теориялары бір-бірінен өмір барысындағы даму мен өзгеру мәселелеріне қандай мән берілетінімен, әркүндік дамуға жауапты факторларды сипаттау, сонымен бірге, тұлғаның дамуына әсер ететін генетикалық және орта факторларының салыстырмалы рөлдерін мойындауымен ерекшелінеді.

Психопатология.

Тұлға теорияларының басым көпшілігі тап болатын мәселелердің тағы бірі – кейбір адамдардың қоғам талаптарына бейімделуге және онда тиімді жұмыс істеуге қабілетсіздігінің себеп-салдарын түсіндіруден тұрады. Шын мәнінде, әрбір персонолог кейбір адамдардың күнделікті өмірде мінез-құлықтың патологиялық стильдерін танытатыны жайлы мәселеге назар аударады. *Этиология* – қалыпты қызмет етпеудің себебін

зерттеу және түсіндіру, тұлға теориясының осы компонентінің орталық тақырыбы болып саналады.

Патологиялық мінез-құлықтың себептерін түсіндіру қажеттігі әртүрлі тұрғылардың дамуына әкелді. Мәселен, психодинамикалық бағдарды ұстанған теоретиктер, балалық шақта шешілмеген шиеленістердің есейген шақта патологиялық мінез-құлыққа әкелуі ықтимал деп есептейді. Бұл шиеленістердің өзі жиыстық қатынас пен агрессияға байланысты қарама-қарсы тілектердің бір мезгілде пайда болуына орай туындайды. Бихевиоралды бағыт, керісінше шиеленістің өзін – проблема ретінде қарастырады. Осындай бағытты ұстанатын ғалымдар қалыпты мінез-құлықты түсіндіру үшін жорамалдарды құрап, бақылауға қолайсыз терең механизмдерді мұқият зерттеудің қажеті жоқ деп болжайды, оның орнына өткен шақта ауытқыған мінез-құлық қалайша пайда болды және индивидуумның айналасындағы қандай жағдайлардың арқасында сол мінез-құлықтың осы кезде сақталып қалғанын талқылау керек деп есептейді.

Кейбір теоретиктер, адамның қалыпты немесе нашар мінез-құлқы – жанұясының айналасындағы қоғам мен мәдениетіне байланысты деп болжайды. Психикалық патологияның әлеуметтік-мәдениетті үлгісін жақтайтын ғалымдар, адамның күнделікті өзара әрекеттестікте басынан кешіретін стресстері мен шиеленістері, мінез-құлықтың патологиялық түрлерін тудырып демеп отырады, – деп тұжырымдайды.

Кейбір адамдардың өмірді қысымға толы деп сезініп, қиындықтарды шешудің тиімді дағдыларын таба алмауларының негізгі талдауын тұлғаның толық теориясы қамтуы тиіс екенін атап өту керек.

Психикалық денсаулық.

Адам мінез-құлқы қырларының алуан түрлілігін ескеруге тырысқан сенімді тұлға теориясы дені сау тұлғаны бағалаудың критерийлерін (өлшемдерін) ұсынуы тиіс. Бұл жерде салауатты өмір салты ұғымына нендей нәрселер енеді деген сұрақ туындайды. Дуэйн Шульц мынадай мәселені көтереді: «Психологтардың көбі дені сау тұлғаны зерттеу, психологияның бірінші дәрежелі міндеттерінің бірі деп ойлайды; басқа қандай ғылым өмір жағдайларын зерттейді?». «Әлемді өзгертуде тұлғадан басқа құдіретті кім бар? «Біздің өмірімізге ерекше әрекет ететін психикалық денсаулықтан басқа не бар?»

Тұлға теорияларының басым көпшілігінде, психологиялық амандықтың (есендік) неден құралатыны жайлы мәселе қарастырылады.

Мәселен, З.Фрейд, кемеліне жеткен тұлғаның жұмыс жасауы өнімді еңбек ету мен қанағаттанарлық өзара қарым-қатынастарды үзбеумен сипатталады деді. Фрейд бойынша, еңбек ете білу адамның алдына аластатылған ұзақ уақытқа созылатын мақсаттар қою мен оларға қол жеткізуді, сонымен қатар, мінез-құлыққа жағымсыз әсерін тигізбеуі үшін мазасыздықпен күресуді білдіреді.

Психикалық денсаулықты әлеуметтік үйрету теориясының терминдерінде де анықтауға болады. Мысалы, Бандура біздің өмірдің талаптарын қанағаттандыру қабілетімізді сипаттайтын түсініктерге ерекше назар аударады [Bandura, 1982]. Сонымен бірге, Бандура өздерін қуатты тұлға ретінде бағалайтын адамдардың алдарына едәуір күрделі мақсаттарды қойып, көп күш жұмсап, нәтижесінде өздерінің мақсаттарына жетуде неғұрлым табысты бола алатынын айтады.

Кейбір персонологтар дені сау тұлғаның психологиялық бейнесін және салауатты өмір салтының негізгі құраушыларын құруға (жасауға) көп назар аударады. Осы тұстағы едәуір айқын көрнекілік ретінде, Маслоудың қажеттіліктердің иерархиясына сүйенетін өзін-өзі кемелдендіру теориясын алуға болады.

Маслоу бойынша тұлғаның қалыпты жетілуі үшін қажеттіліктердің неғұрлым қарапайымынан (физиологиялық, қауіпсіздік қажеттіліктері) неғұрлым адамдарға тән едәуір жоғарыларына қарай қозғалуы қажет деп есептейді. Сондай-ақ Маслоу өзін-өзі кемелдендіру қажеттілігін жүзеге асырған адамдарды да зерттеді және бақылауларының нәтижелерін: ақиқатты тиімді қабылдау, оңаша қалу мен жеке өмірді қажетсіну, сондай-ақ өзін және басқаларды қабылдау сияқты сапалар енген жеке-дара бейненің терминдерінде қалыптастырды. Әрине психикалық денсаулықтың өлшемдерін бағалау – кез келген толыққанды тұлға теориясының негізгі мәселесі екені даусыз! Біз талдайтын теориялардың басым көпшілігі психологиялық кемелденгендік түсінігіне қатысты негіздер мен ұсыныстарды қамтиды.

Тұлғаны терапевтік ықпалмен өзгерту.

Тұлға теориялары психопатологияның себептерін түсінудің нақты ақпаратын ұсынса, онда олар қалыптыдан ауытқыған мінез-құлықты түзетудің жолдарын да ұсынады.

Сонымен алтыншы және соңғы мәселе тұлға жайындағы теориялық пікірлер үшін шешуші. Бұл адамдардың біліктілігін көтеруде жеткілікті түрде бейімделмеген мінез-құлықтың көріністерін азайтуға және

жағымды жеке-дара өзгерістерге жетуге қалайша көмектесуге болатынына байланысты туындаған мәселе.

Тұлға теорияларының көпшілігінде клиникалық немесе кеңес беруші аспектілер жеткілікті түрде мұқият жасалынған. Сондықтан да қанша теория болса, соншама психотерапевтік бағыттар бар екеніне таң қалуға болмайды.

Мінез-құлықты бақылауда басым факторлар ретінде қарастырылатын балалық шақта ұғынылмаған шиеленістер мен үйретудің тәжірибесіне бірінші дәрежелі мән беретін психодинамикалық теория бір полюсте орналасқан. Соған байланысты терапевтік ықпалдың психодинамикалық үлгісі, санадан ығыстырылған балалық шақтағы шиеленістердің бастауы мен себептерін анықтауға, көмек беруге және де сол шиеленістердің есейген шақта адамдардың өміріне қалайша әсер ететінін түсінуге шоғырланады. Мінез-құлық қоршаған ортамен және өмірлік жағдайлармен шарттанатыны жайлы көзқарасты ұстанатын бихевиористік теория басқа бір полюсте орналасқан. Осындай позициядағы теоретиктер, бейімделуі бұзылған адам өз уақытында күнделікті өмірдің талаптарына сай келуге қажет дағдыларды меңгере алмай қалған, не болмаса бекітудің кейбір формаларының ықпалымен жеткіліксіз немесе ақауы бар дағдыларды игерген деп пайымдайды. Соған орай, емдеудің бихевиориалды ықпалы адамдарда ескі, кемісті мінез-құлықтың орнына жаңа түрін үйренулеріне немесе мінез-құлықтың жеткілікті түрде бейімделмеген реакцияларынан арылтуға көмектесуді мақсат етіп қояды.

Терапевтік әсер арқылы адамда: өзі жайлы пікір, өзара қарым-қатынастардың стилі, танымдық процестер, эмоциялы реакциялар, құндылықтар, өмірлік мақсаттар, уақытты құрылымдау тәсілі, және т.б. осы сияқты тұлғасының және мінез-құлқының көптеген қырларын бағалап өзгертудің мүмкіндігі пайда болады.

Сонымен, тұлғаны түсінудің көптеген әрқилы теориялық тұрғылары бар. Олардың алуан түрлі болғанына қарамастан тұлға теориялары: құрылым, мотивация, даму, психопатология, психикалық денсаулық және терапевтік әсер арқылы тұлғаны өзгерту сияқты негізгі алты блоктан тұратын ортақ тұжырымды негізге ие. Осындай әр блокты түсіндіру мақсатында ұсынылған тұжырымдамалы мәселелерді шешу тәсілдері әрбір теориялық ұстанымның едәуір жалпы жетістіктерін түсінуге мүмкіндік береді.

55143

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. *Тұлға психологиясының зерттеу пәні не?*

2. *Тұлға психологиясындағы персонология термині нені көрсетеді, оны енгізген кім?*

3. *Тұлға терминіне деген түсініктерге анықтама беріп, оларды бір-бірімен салыстырыңдар. Белгілі шетел теоретиктерінің ұстанымдарына талдау жасап, салыстырмалы кесте құрыңыздар.*

4. *Тұлға теорияларының негізгі екі қызметін атаңыздар? Олар нені талқылайды?*

5. *Адамдарды мінез-бітістеріне қарай типтерге бөлген теоретиктердің тұжырымдамаларын атаңыздар.*

6. *Тұлғаның мінез-бітістерін зерттеуде Г.Оллпорт, Р.Кэттел және Г.Айзенктің тұжырымдамаларының ерекшеліктері неде?*

7. *Мотив, мотивация ұғымдарына түсінік беріңіздер.*

8. *Тұлға дамуы туралы теорияларға талдау (З.Фрейд, К.Роджерс, Э.Эриксон).*

9. *Патологиялық мінез-құлықты, психикалық денсаулықты түсіндірудегі түрлі тұрғыдағы теорияларға сипаттама беріңіздер.*

10. *Тұлға теорияларына ортақ негізгі блоктар қандай?*

2. Тұлға теориясын бағалаудың критерийлері (өлшемдері)

Тұлға теориясын жүйелі түрде бағалау үшін негізгі алты критерий қолданылады. Ғылыми қауымдастықта тұлға теориясын бағалауға қатысты келісім қабылданған: егерде ол төмендегі әрбір критерийлердің әрқайсысын қанағаттандырса, онда жағымды бағалануы мүмкін.

Верификациялық.

Бұл критерий тәуелсіз зерттеушілер үшін теорияның жағдайлары тексеруге қаншалықты мүмкін болса, сондай дәрежеде дұрыс болып есептеледі.

Теория, құрамындағы тұжырымдамалар, ұсыныстар мен болжамдар айқын анықталынып екі мағыналы болмай, бір-бірімен қисынды байланысқан тұрғыда құрылуы керек. Теория осылай баяндалатын болса, оның эмпирикалық қорытындылары логикалық тұрғыда оңай негізделіп, ресми зерттеуде жеңіл тексеріледі. Осы қағиданы көрсету үшін, Альфред Адлердің, дүниеге бірінші келген бала есейгенде, оның

жетістік мотивациясы санақ бойынша дүниеге екінші, үшінші келген балаларға қарағанда анығырақ байқалады деген көзқарасын негіздеп көрелік. Зерттеуде тексерілетін субъектілердің сәйкес тобын таңдау болжамды негіздеудің алғашқы сатысы болып табылады. Біз, әрбір зерттелушіден оның жанұяда дүниеге нешінші болып келгенін сұрауымыз қажет. Бәрінен де жетістік сияқты айнымалыны өлшеу қиын. Мәселен, біз зерттелушілерге академиялық үлгерімнің көрсеткіштері бойынша, олардың интеллектілі жетістіктерінің деңгейін бағалауды ұсынуымыз мүмкін. Немесе олардың оқу үрдісіндегі табысқа жету ұмтылысын бақылауымызға болады. Сонымен бірге, оларға жетістік мотивациясындағы даралық айырмашылықтарын бағалау мүмкіндігі ретіндегі өз-өзіне беретін есебін құруларын ұсынуға болады. Теория негұрлым дәлме-дәл, әрі нақты құрылса, осы шартты орындау соғұрлым оңай болады.

Жақсы теория феномендердің арасындағы өзара байланыстар жайлы тексерілетін болжамдарды қамтуы тиіс. Дәлелдеуге немесе жоққа шығаруға болмайтын теория, нашар деп есептелінеді. Ол кез келген практикалық мақсат үшін пайдасыз.

Эвристикалық құндылық.

Эмпирикалық бағыттағы психолог үшін теорияның ары қарай зерттеулер жүргізуге қандай дәрежеде итермелейтіні аса маңызды болып табылады.

Эрих Фроммның гуманистік теориясы және Джордж Келлидің жекедара конструктілер теориясы сияқты даулы тұлға анықтамаларының, психологиялық зерттеулер жүргізу әрекетіне итермелеуі мардымсыз. Жағдайдың осылайша болуы, теоретиктің өз тұжырымдамаларына жұмыс анықтамаларын дұрыс бере алмауының нәтижесінен туындайды, яғни ол қандай әрекеттердің көмегімен өлшене алатыны немесе олардың мінез-құлықтың бақыланатын қандай сипаттамаларына сәйкес келетіндігін анықтай алмағанының нәтижесі болып табылады.

Ішкі үйлесімдік.

Бұл критерий бойынша теория ішкі қарама-қайшылықтан боС, еркін болуы керек деген шарт орындалуы тиіс. Яғни, жақсы теория іштей қисынды әдісті ұстанып, бір-біріне ұқсамайтын феномендерді түсіндіруі керек. Назар аударуға лайықты теория, бір-бірімен бірыңғай үйлесетін жағдайлар мен анықтамалардан құрылуы қажет. Жалпы, тұлға теориялары осы стандартқа әбден сай келеді, ал бір-бірімен келіспейтін

пікірлер туындағанда олардың бастауларын зерттеушінің теорияның бастапқы тұрғыларын жете түсінбеуінен іздестіру керек. Адам табиғаты жайлы болжамдардың бірнешеуін иелене отырып, тұжырымдамалары мен жағдайлары өзара логикалық үйлесетін тұлға теориясын құру әбден мүмкін болады.

Үнемділік.

Теорияны, оның аумағының шегіндегі оқиғаларды суреттеу мен түсіндіруге қажет тұжырымдамалардың санымен де бағалауға болады.

Үнемділік принципі (қағидасы) бойынша, неғұрлым қарапайым және неғұрлым анық түсініктемелер едәуір күрделісіне қарағанда қолайлы. Басқаша айтқанда, қайсыбір феноменді түсіндіру үшін теорияға тұжырымдамалар мен болжамдардың неғұрлым аз саны қажет болса, ол соғұрлым жақсы деп есептелінеді. Және керісінше, ұсыныстар мен тұжырымдамалардың артық санынан тұратын теория сәтсіз деп саналады. Мәселен, көптеген бақылаулардың нәтижесінде адамдардың депрессия күйінде:

- *Әдетте өздерін жағымсыз бағалайтынын;*
- *Өз болашағын енжар бағалайтынын;*
- *Өз өмірлік тәжірибелерін жағымсыз деп талқылауға бейім болатынын қорытындыладық* дейік.

Бұл жерде біз өзін-өзі төмен бағалау депрессияның бастапқы себебі деген болжамды ұсына аламыз. Біздің болжамымыз депрессия күйіндегі адамдарды зерттеулердің көптеген нәтижелерін қысқаша жинақтайды. Бұл әдіс депрессиядан жапа шеккен адамдарды бақылаудан алынған нәтижелерді түсіндірудің тиімді жолы болып табылады. Дегенмен, теорияның үнемділігін бағалайтын қарапайым және бір мәнді ережелер жоқ.

Үнемділік – субъективті критерий, себебі тұлғаның түрлі қырлары жайлы қазіргі таңдағы білімдердің көлемі толық емес. Бірақ жақсы теория шектен шыққан теориялық тұрғыларды қамтымауы керек.

Қамту шегінің кеңдігі.

Бұл критерий теорияның қамтыған феномендерінің кеңдігі мен алуан түрлілігіне байланысты. Теория неғұрлым жан-жақты болса, ол соғұрлым мінез-құлықтағы көріністердің көбісіне таралады. Осылайша жан-жақты теорияның тағы да бір жетістігі оның экспериментте немесе бақылауда жасалынған жаңа, әрі жекеленген деректерді біріктіру мен жинақтау үшін логикалық тірек ретінде қолданыла алуында.

Осы кітапта еңбектері қарастырылатын персонологтар, адамның мінез-құлқын түсіндіруде биологиялық, генетикалық, эмоциялық, танымдық, әлеуметтік немесе мәдени факторларға аса көп көңіл бөледі. Тұлға жайлы осындай тұрғылардың әрқайсысы қамту шегінің кеңдігі критерийі бойынша теорияны шектеуге әкеледі.

Сырттай қарапайым көрінген мәселелер жайлы қазіргі таңдағы зерттеулер, болашақта ең батыл болжамдарды тудыруы мүмкін. Сондықтан да осы критерий бойынша өлшегенде, біз аса сақ болуымыз керек.

Функциялы мәнділік.

Жақсы теорияны анықтаудың ең соңғы критерийі оның адамдарға күнделікті өмірдегі мінез-құлықтарын түсінуге көмектесу қабілетінде. Теория да адамдардың проблемаларын шешуде көмектесуі қажет. Тұлғаны зерттеушілерден алынған ішкі және сыртқы заңдылықтар жайлы білімдер, адамдардың әрекетіндегі озгешеліктерді түсінуіміз бен бағалауымызды байыту мүмкін. Біз оқырмандардың осы кітапта ұсынылған әрбір теориялық бағыттан шынымен өзіне қажет маңызды нәрсені табатындарына үміттенеміз.

Верификациялық, эвристикалық құндылық, ішкі келісімділік, үнемділік, қамту шегінің кеңдігі, функциялық мәнділігі сияқты жоғарыда келтірілген критерийлер – тұлға теорияларының әрқайсысын бағалаудың негізін құрайды, сондай-ақ неліктен бір теорияның басқасына қарағанда артық көрінетінін түсінуге мүмкіндік береді. Теорияның жетістіктері мен кемшіліктерін салыстыруда екі мәселені шешіп алу қажет. Бірінші мәселе: салыстырылатын теорияларда бір ғана феномендер жайында сөз қозғала ма? Мінез-құлықтың бірдей түріне арналған екі теорияның әрқайсысы жоғарыда аталған алты критерийлермен бағалануы мүмкін. Сондай-ақ екеуі де өнімді ой-пікірлердің қайнар көзі болғандықтан біреуін таңдау шарт емес, өйткені екеуін де болашақта пайдалануымыз мүмкін. Екінші мәселе: салыстырылатын екі теория өз дамуында бірдей сатыда ма? Жаңа және әлі де дамып келе жатқан теория көптеген феномендерді түсіндіре алмауы мүмкін, ал ескі және неғұрлым тұрақты теория тұлғаны зерттеуде туындайтын көптеген мәселелерді шешуге қабілетті. Дегенмен, жаңа теория бұрын зерттелмеген салаларға елеулі үлесін қосып, болашақта едәуір жан-жақты бола түсуі де мүмкін.

Енді персонологтар сүйенетін көптеген бастапқы жағдайларды қарастырайық.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. *Тұлға теориясын жүйелі бағалаудағы негізгі критерийлерді атаңыздар. Әрқайсысына сипаттама беріп, өзіндік ерекшеліктеріне тоқталыңыздар.*

3. Адамның табиғатына қатысты негізгі тұрғылар

Ойлауға қабілетті адамдардың барлығында да адамның табиғаты жайлы өзіндік аксиомалық түсініктер бар. Тұлға теоретиктері де бұл ережеден ерекшелене қоймайды. Адамның табиғаты жайлы түсініктер, сірә, олардың дара тәжірибесінен бастау алуы мүмкін.

Бұл бөлімде біз адамның табиғатына қатысты әрбір негізгі тұрғыларды қарастырамыз.

Адамның табиғаты жайлы негізгі тұрғыларды төмендегідей қарама-қарсы (полярлы) түсініктермен ұсынуға болады:

1. *Еркіндік, бостандық*	*Детерминизм* (себептілік)
2. *Рационалдық (орындылық)*	*Иррационалдық*
3. *Холизм (тұтастық)*	*Элементализм* (элементтерге бөлу)
4. *Конституционализм*	*Инвайронментализм* (әлеуметтілік)
5. *Өзгергіштік*	*Өзгермеушілік*
6. *Субъективтілік*	*Объективтілік*
7. *Проактивтілік*	*Реактивтілік*
8. *Гомеостаз*	*Гетеростаз*
9. *Танымдылық*	*Танылмаушылық*

Жоғарыдағы тұрғылар салыстырмалы түрде тұрақты биполярлы қарама-қарсы шкалаларды білдіреді және кез келген персонолог өзінің ұстанымында сол шеткі аймақтардың арасындағы нақты нүктені белгілей алады. Басқа сөздермен айтқанда, әрбір тұрғы екі экстремумы бар континуум түрінде берілген.

Философия тұрғысынан, сол тұрғыларды құрайтын категорияларды континуумдар түрінде емес, бір-біріне қарама-қарсы кластар түрінде қарастырған жөн еді. Алайда, персонологтардың арасында әрбір бастапқы тұрғының адамды қандай дәрежеде сипаттайтынына қатысты үлкен айырмашылықтар болады. Мәселен, А. есімді ғалым Б. есімді

ғалымға қарағанда адамдарды біршама еркіндеу деп есептейді. Осылайша бастапқы тұрғыларды континуумдар түрінде қарастырған жөн, себебі соның негізінде теоретиктердің арасындағы маңызды айырмашылықтарды оңай ажыратуға болады. Ары қарай негізгі тұрғылардың әрқайсысы қысқаша талданады.

Еркіндік – Детерминизм.

Адамның табиғатына қатысты басты мәселелердің бірі – өз ойлары мен әрекеттерін бағыттау барысында таңдауындағы, сондай-ақ, өзінің мінез-құлқын бақылауды жүзеге асырудағы ішкі бостандығының дәрежесіне байланысты.

Тұлғаның жетекші теоретиктері адамның табиғаты жайлы еркіндік – детерминизм сияқты бастапқы тұрғыға қатысты бір-бірінен ерекшелінетіні сөзсіз. Мәселен, Карл Роджерс, «адам машинаның сипаттарын меңгеріп қана қоймаған, ол бейсаналы түрткілердің қыспағында ғана болмайды, ол өзін жасау үрдісіндегі тұлға, субъективті еркіндіктің дәрежесіндегі және өз өмірінің мәнін құрайтын тұлға» деп пайымдады. Ал, Скиннер, керісінше, «автономды (тәуелсіз) адам бұл – біз басқаша түсіндіре алмайтынды түсіндіруде қолдануға қажет нәрсе. Ол біздің білімсіздігіміздің арқасында пайда болды және біздің түсінігіміз ұлғайған сайын оның өзі шыққан материалы жоғала береді», – деді. Екеуін де әбден дұрыс дей алмаймыз. Сірә, бұл тұрғылар адамның табиғаты жайында философиялық ой-пікірлерді құрайтын болуы керек.

Егерде тұлға теоретигі өзінің интеллектілі дамуына ықпал еткен көптеген деректер мен жеке тәжірибесіне негіздей отырып, адамдар шынайы таңдаудың бостандығына ие деп шешсе, бұл оның теориясына мәнді түрде әсер етер еді. Бұл автор, адамдардың барлығы да өзінің әрекеттеріне о бастан-ақ жауапты деп қандай да бір дәрежеде айналасының әртүрлі факторларының ықпалын жеңуге қабілетті деп қарастыратын теорияны құрауы мүмкін еді. Ал детерминистік тұрғыда бағдарланған тұлғаның теориялары мінез-құлыққа әсер етуші факторлардың табиғатын түсіндіруде өзара біршама ерекшелінеді. Мәселен, адамның мінез-құлқы ұғынылмаған түрткілермен, өмірдің тәжірибелерімен, физиологиялық процестермен, сыртқы бекітулермен, генетикалық бейімділікпен, мәдени әсерлермен анықталуы мүмкін және осы факторлардың әрқайсысы да түрліше интерпретациялануы мүмкін. Дегенмен, аталған тұрғылардың арасындағы үйлесімдіктің негізгі бастауы – адамның мінез-құлқы детерминделген деуінде.

Персонологтың еркіндік-детерминизмге қатысты ұстанған позициясы – оның теориясының сипатына және одан туындаған адамның табиғаты жайлы қорытындыларына нақты әсер етеді. Бұл басқа да негізгі тұрғыларға қатысты тең дәрежеде дәл келеді. *Теоретиктің тұлға теориясы адамның табиғаты жайлы негізгі тұрғыларға қатысты ұстанымының конфигурациясын бейнелейді.*

Рационалдық – иррационалдық.

Рационалдық-иррационалдық өлшемінің негізінде, ақылымыздың қуаты қандай дәрежеде күнделікті мінез-құлқымызға әсер ететіні жайлы мәселе жатыр. Адамдар мәні бойынша – мінез-құлқы ақылмен басқарылатын рационалды тірі жандар ма, әлде оларды иррационалды күштер басқара ма?

Келли тұлға жайлы теориясында адамдардың қызмет етуіндегі рационалды процестерге ерекше көңіл бөледі. Ол әрбір тұлға – бұл «ғалым», зерттеуші және интеллектілі процестер адамның мінез-құлқын түсінуде бірінші дәрежелі мағынаға ие деп шамалады. Психикалық процестер негізінен сезілмейтін деген доктринадан тұратын Фрейдтің теориясы оған толықтай қарама-қарсы. Фрейд, «біз өзімізді жоғары бағалайтындықтан ғана, ақылымыздың иелегіне талассыз қожайын бола алмауымызды мойындаудан бас тартамыз», – деген пікірді ұстанды. Біз тағдырымыздың есті қожайынымыз ба, мінез-құлқымыздың басшысымыз ба, әлде өзімізге беймәлім тереңдегі иррационалды күштердің бақылауындамыз ба?

Осындай даулы мәселе бойынша персонологтың ұстанымы оның теориясындағы екпіндерді қоюға әсер етеді.Мәселен, егер теоретик, адамның ақыл-ойы – шамадан тыс қуатты күш деп санаса, оның тұлға жайлы теориясы көбінесе танымдық процестермен басқарылатын мінез-құлықты сипаттайтын болады. Егер ол персонолог, қарама-қарсы көзқарасты ұстанғысы келсе, оның теориясы тұлғаның өзі аздап немесе мүлдем ұғынбайтын, бастапқыдан-ақ, иррационалды күштермен оянатын мінез-құлықты суреттер еді.

«Рационалды-бағдарланған» және «иррационалды-бағдарланған» теоретиктер тұлғаның «рационалды» немесе «иррационалды» факторларының табиғаты жайлы көзқараста келіспеуі мүмкін болғандықтан, олардың арасындағы «рационалдық-иррационалдық» атты негізгі тұрғы бойынша айырмашылықтары адам жайлы қарама-қарсы пікірлерге әкеледі.

Холизм – элементализм.

Холистикалық тұрғыны жақтаушылар, адамның табиғаты мінез-құлықты: индивидті бірыңғай тұтастық ретінде зерттеу арқылы ғана түсіндіруге болатындай, – деп пайымдайды. Ал, элементалистикалық ұстаным, керісінше, адамның табиғаты және оның нәтижесі ретіндегі мінез-құлқын – тек мінез-құлықтың әрбір іргелі қырларын басқаларынан бөлек, тәуелсіз зерттеу жолымен ғана түсіндіруге боларын болжайды.

Холистикалық ықпал бойынша тұлғаны тұтастай негіз ретінде ғана түсінуге болады. Бұл ықпалды ұстанушылар, элементтерді түсіндіру, нәтижелеуші функциялық құрылымды (гештальтті) түсіндірмейді деп тұжырымдайды. Холистер: ағзаны көп фрагменттерге бөлшектеген сайын, біздің тірі адаммен емес, абстракциялармен жұмыс істеу мүмкіндігіміз арта түседі дейді.

Элементалистер ұзақ уақыт бойында мәні бойынша жалпы мінез-құлықтың деңгейінде түсініксіз және тексерілмейтін тұрғылар, едәуір қарапайым деңгейде тексеруге қолайлы деп пайымдап келген. Соған орай, олардың көзқарасы бойынша, тұлғаны зерттеуге бағытталған шынайы ғылыми ықпал нақты, оңай тексерілетін және элементалистикалық түсініктерге сүйенуі қажет. Тұлға теориясының аумағында элементалистер тұжырымдамалардың дәл осындай типін құрып зерттеуге тырысады.

Конституционализм – инвайронментализм.

Конституционализмнің психологиядағы (бітістердің тұқым қуалауы жайлы тұрғы) тарихы өте ұзақ. Гиппократ пен Галеннің өздері-ақ кезінде индивидуумның темпераменті ағзадағы төрт сөлдің бірегей арақатынасымен шарттанғандығын айтып кеткен болатын. Олардың пікірлестері – XX ғасырдың ғалымдары тұқымқуалаушылықтың диспозицияларға немесе темпераментке тигізетін әсерін анықтаудың күрделі әдістемелерін жасаған. Сонымен бірге, Кеттел мен Айзенк құрастырған теориялық бағыттарда тұлғаның негізгі бітістерінің дамуындағы генетикалық бейімділік пен дене конституциясының маңызы баса көрсетіледі.

Тұлғаның кейбір едәуір маңызды теорияларында да индивидуумның биологиялық субстраты маңызды фактор болып есептеледі. Индивидуумның конституциясында бекітілген, тұлғаның тұқым қуалаған негізгі компонентінің түрінде ұсынылған Фрейдтің «ид» тұжырымдамасының мысалы сол тектес.

Инвайроментализм(әлеуметтілік) де – психологиядағы жаңа идея емес. Уотсонның пікірінше, адамның мінез-құлқын қалыптастыруда қоршаған ортаның рөлі басым. Шындығында, үйрету процесіндегі зерттеулер, үйретудің маңыздылығын, үйретуді – қоршаған ортаның сол арқылы мінез-құлықты қалыптастырушы психологиялық процесс деп санауында. Осы көзқарасты көптеген белгілі психологтар ұстанған. Олардың (тұлға психологиясы үшін маңызды) негізгі тұжырымдары, әсіресе, үйретудің бихевиористік теориясында анық көрінеді, дегенмен инвайронментализмнің көріністерін тұлға теорияларының барлығынан дерлік байқауға болады. Осы екі қарама-қарсы бағытты ұстанған персонологтардың не істеуі мүмкін? Конституционализмге бейім теоретик, адам тұлғасын сыртқы факторлар емес, адамның ішкі күштерінің өнімі деп қарастырар еді. Ал, керісінше, инвайронментализмді ұстанатын теоретик, адам табиғаты қоршаған ортаның әсерлеріне анағұрлым тәуелді деп есептер еді, сонымен бірге үйрету процесіне көбірек көңіл бөлер еді.

Осы тұрғыдан қарағанда қазіргі заманғы психологтардың бәрі де *интеракционистік позицияны* ұстанатынын айта кетейік. Сонымен, адамның мінез-құлқы, конституция мен қоршаған ортаның өзара әсерінің нәтижесі деп қарастырылады. Демек, белгілі конституциялық фактор түрлі қоршаған ортада түрліше көрінсе, ал қоршаған ортаның әртүрлі ықпалы сол адамның конституциясына тәуелді. Дегенмен, біз әрбір теоретиктің үлесін талдау мақсатымен, бұл екеуін бөліп қарастырамыз.

Өзгергіштік – өзгермеушілік.

Бұл тұрғыдағы мәселенің мәні мынада: бүкіл өмір сүру басында индивидуумның түбегейлі өзгеруге қабілеттілігінің шегі қандай? Тереңінен өзгеру эволюцияның немесе тұлға дамуының қажетті компоненті ме?

Өзгерушілік – өзгермеушілік жағдайы: тұлға бүкіл өмірінде қаншалықты түбегейлі өзгерістерді басынан кешіруі мүмкін деген мәселеге ұласады. Персонологияда ғалымдардың осы мәселе бойынша ерекше келіспеушілігі бар екенін байқауға болады. Мәселен, тұлға теориясындағы психодинамикалық дәстүрді ұсынатын З. Фрейд те, Э.Эриксон да, осындай іргелі мәселеде бір-бірімен мүлдем келіспейді. Эриксон тұлғаның өзгергіштігі басым деп болжайды. Эриксон өмірдің (Фрейдке қарағанда) тұрақты өзгерістер екенін айта отырып, тұлға міндетті түрде дамуында әрқайсысы айрықша психологиялық-әлеуметтік

дағдарыспен ерекшеленетін нақты сатылардан өтеді деп сипаттайды. Ал, Фрейд адам мінезінің негізгі құрылымын балалық шақтағы күйзелістердің әсерінен қалыптасатын түрінде, мүлдем қарама-қарсы тұрғыда ұсынады. Фрейдтің көзқарасы бойынша, бүкіл өмір барысында адамның мінез-құлқындағы үстіртін өзгерістерге қарамастан, оның мінезінің негізгі құрылымы көбінде өзгермейді.

Адам тұлғасының өзгергіштігіне сенімді персонологтар да өз теорияларында оны түрліше анықтауы мүмкін. Мысалы, олардың теориялары:

– индивидуумның өмір сүру барысындағы сатылы дамуының тұжырымдамасынан тұруы мүмкін;

– мінез-құлықтағы өзгерістерді тудыратын күштерге шоғырлануы мүмкін;

– адамдардың өткен кезеңдерімен кездеспеулерін түсіндіретін болжамдарынан тұруы мүмкін;

– тұлғаның ары қарай даму мүмкіншіліктеріне баса көңіл бөлінетінін көрсетуі мүмкін.

Өзгермеушілік тұрғысын ұстанушы персонологтар, оны тұлғаның өзегін құрайтын және бүкіл өмірінде индивидуумның мінез-құлқын анықтаушы кейбір өзгермейтін құрылымдар жайлы теория түрінде бекітуі ықтимал.

Субъективтілік – объективтілік.

Адамдар өз тәжірибесінің жеке, субъективті әлемінде өмір сүреді, сол әлем олардың мінез-құлқына шешуші ықпал етеді деген пікір дұрыс па? Немесе олардың мінез-құлқына тек сыртқы, объективті факторлар ғана әсер етеді ме? Объективтілік пен субъективтілік жағдайының мәні осында.

Тұлға теориясындағы феномендік бағытты ұстанатын Карл Роджерс: «Сірә, индивидуумның ішкі әлемі оның мінез-құлқына сыртқы ортаның стимулдарынан гөрі көбірек әсер етеді», – деп пайымдаған.

Ал Скиннер бұған қарама-қарсы пікірді ұсынған. Бихевиоризмнің беделді өкілінің бірі Скиннер: «Ғылыми талдаудың міндеті – физикалық жүйе ретіндегі субъектінің мінез-құлқы адамның түр ретінде эволюцияланатын және индивидтің тіршілік ететін шарттарымен қалайша байланыстыратынын түсіндіруде» және «Біз мінез-құлық пен қоршаған ортаның арасындағы байланысты зерттеу арқылы биология мен физиканың жолын ұстануымыз мүмкін, әрі сананың аралық рөлі

жайындағы тұрғыны елемеуіміз мүмкін», – деп тұжырымдады. Скиннер үшін, адамның мінез-құлқы көбінде сыртқы, объективті факторлар ықпалының нәтижесі болып табылады, дәл осы ағзаның мінез-құлқы мен осындай факторлардың арасындағы заңды байланыстарды психология ғылымы зерттеуі керек.

Субъективтілігі басым персонологтың теориясы индивидуумның субъективті тәжірибесінің табиғатына қатысты болады. Ал, объективтілікке көбірек көңіл бөлетін персонолог, негізінен объективті мінез-құлықтық реакциялар мен заңдылықтарға негізделген теорияны ұсынады. Мұндай психолог үшін психология *шын мәніндегі мінез-құлықтық психология болып табылады, ал осындай жағдайда ол индивидуумның субъективті күйзелістеріне өте аз көңіл бөледі.*

Проактивтілік – Реактивтілік.

Проактивтілік – реактивтілік жайлы мәселе, адамның мінез-құлқын түсіндірудегі себептілікке тікелей қатысты. Басқаша айтқанда, адамның мінез-құлқының шынайы себептерін қайдан іздеген дұрыс? – деген сөз. Оны ішкі факторлар тудырады ма, әлде ол сыртқы стимулдарға бағытталған жауаптардың реакциясы ма? Проактивтілік көзқарасының мәні, мінез-құлықтың барлық түрлерінің бастаулары тұлғаның өзінде деген сенімде. Проактивтілік тұрғысын қабылдаған персонологтар, адамның мінез-құлқы ішкі факторлармен шарттанғанына сенімді. Маслоу адам жайлы проактивті көзқарасты: «Адамның болашағы оның өзінде және ол нақты осы уақытта динамикалық тұрғыда белсенді» – деп көрсетті. Реактивтілік позициясының тұрғысында мінез-құлық сыртқы әлемнің стимулдарына деген реакция ретінде интерпретацияланады. Мінез-құлықтың шынайы себептері субъектіге қатысты тек сыртқы деп қарастырылады. Реактивтілік тұрғысын Скиннер: «Адам денесінің ішінде не болып жатқаны маңызды емес; біз оны қаншалықты толық білетінімізге тәуелсіз адамның мінез-құлқын түсіндіре аламыз» – деп көрсеткен. Реактивтілік бағдарының персонологтары, стимул-жауап және мінез-құлық – қоршаған орта түріндегі өзара байланыстар сипатталған тұжырымдамаларды жоғары бағалайды. Олар адамның мінез-құлқының бастамалары сол мінез-құлық көрініс беретін қоршаған ортада деп болжайды.

Гомеостаз – Гетеростаз.

Гомеостаз – Гетеростаз тұрғысы негізінен адамның мотивациясына қатысты. Индивидуумды тек қысымды төмендету және ішкі тепе-теңдік

күйін сақтау қажеттігі билей ме? Немесе оның негізгі мотивациясы дамуға жаңа стимулдарды іздеуге және өзін-өзі жетілдіруге бағытталған ба? Осы мәселе бойынша түрлі пікірдегі персонологтар мінез-құлықтың мотивацияларының іргетасына қатысты мүлдем қарама-қарсы көзқарастарды ұсынады. Бюлердің пікірі бойынша: «Гомеостазға және соңғы мақсат ретіндегі өзін-өзі жетілдіруге сену қиын».

XX ғасырдың ортасында Джон Доллард пен Нил Миллер гомеостаз ұстанымын қорғаштады. Олар тұлғалық сипаттамалар әрдайым түрткі (мысалы, аштық) және бекіту (мысалы, тамақ, ас) факторларының арасындағы өзара байланысты болжайтын, үйрету арқылы ғана пайда болады деп тұжырымдаған. Доллард пен Миллердің теорияларына орай, бекіту әрқашан бастапқы түрткі стимулдың күшін төмендетіп отырады. Доллард пен Миллер бойынша мотивациялардың гомеостаздық негізінсіз тұлғаның дамуы мүмкін болмайды. Доллард пен Миллер алғаш рет гомеостаз ұстанымын негіздеген уақытта, Маслоу мен Роджерс адам мотивациясының мүлдем өзге тұжырымдамасын ұсынды. Гетеростаздың осындай теоретиктері, тұлғалық өсу мен өзін-өзі жетілдіруді үздіксіз іздестіру адамдар мотивациясының негізі болып табылады деп есептейді. Адам тек қажеттілік редукциясының арқасында ғана өмір сүрмейді. Мінез-құлқын қажеттілікті қанағаттандыруға, яғни қысымды төмендетуге бағыттаудың орнына, адамдар өз табиғатына сәйкес өзін-өзі жетілдіру үшін, күштерін сынау мақсатында үнемі жаңа стимулдар мен мүмкіндіктерді іздестіреді. Осындай мотивациялық бетбұрыс әсерінен тұлғаның дамуы іске асырылады.

Осындай негізгі тұрғы көптеген қисынды құрылымдарды тудырады.

Гомеостаздың сенімді жақтастары жасаған тұлға теориялары, зерттеу пәні ретінде адамның негізгі қажеттіліктерінің немесе оның инстинктерінің мазмұны мен алуандығын; индивидуумдарда қажеттіліктерден туындайтын қысымды бәсеңдету мақсатында жасалынатын әртүрлі жекедара механизмдерді, сондай-ақ қысымды төмендету механизмдерінің қалыптастыруын қамтамасыз ететін процестерді ұсына алады. Ал гетеростаз тұрғысындағы теорияларда адам мотивтерінің интеграциясы, адамдардың тұлғалық өсуі мен өзін-өзі жетілдіруге қажетті құралдары ұсынылады.

Танымдылық – Танылмаушылық.

Американдық психолог және философ Уильям Джеймс былай деп жазған: «Біздің ғылымымыз – тамшы, білмейтініміз теңіз». Танымдылық-

танылмаушылық мәселесінің адамның табиғатына қатысты мәні осында. Адамды ғылыми тұрғыда толықтай тануға бола ма, немесе оның табиғатында ғылыми танудан жоғары тұратын нәрсе бар ма?

Тұлға теоретиктерінің пікірлері танымдылық-танылмаушылық тұрғысында түбегейлі түрде ерекшеленеді. Бұндай келіспеушіліктер олардың басқа негізгі тұрғылар бойынша ұсынған позициясына біршама байланысты болады. Мәселен, детерминизм мен объективтілікті жақтаушы психолог – адам тұлғасын ғылыми танымға қолайлы деп қарастырады; негізінен бұл екі тұрғы адамның мінез-құлқын ғылыми талдаудың дәстүрлі аумағына орналастырады.

Егерде персонолог, индивидуумдардың әйтеуір ғылыми құралдар арқылы танылатынына сенімді болса, ол өз тұрғысының арқасында адамның табиғатын түсінетініне сеніп, өзінің теориясын әдіснамалық тұрғыда дамытып және тексеруді жалғастыра береді. Екінші жағынан, егер де теоретик индивидуумның ғылыми әдістермен танылмайтынын мойындаса, ол адамдарды түсіну тәсілдерін іздестіруде ғылыми көзқарастар шегінен шығуға бейім болады.

Негізгі тұрғылар жайлы бір ауыз сөз

Жоғарыда қарастырылған негізгі тұрғылардың терең талдануы, олардың тұжырымды тұрғыда қиылысатынын көрсетеді. Мәселен, объективтілікпен міндетті түрде қатынаспайтын реактивтіліксіз теоретикті елестету қиын. Дегенмен осындай негізгі тоғыз тұрғылар бір-бірінен жеткілікті түрде алшақ тұрады. Сол себептен оларды дербес бірліктер ретінде қарастырған орынды. Проактивтілік – адамдар өз мінез-құлқының жасаушысы ма? – деген мотивация жайлы мәселемен байланысты. Субъективтілік-субъективті тәжірибе адамдардың әрекетіне қалай әсер етеді деген тәжірибемен байланысты. Әрбір тұрғының әрқайсысына жеке-жеке тоқталудың негізі себебі – олардың көмегімен теоретиктердің арасындағы релевантты айырмашылықтарды анықтауға болатынында. Егерде персонологтың ұстанымы субъективтілік-объективтілік өстерінің бірінде нақты анықталмаса, бұл тұрғы оның теориялық тұрғызылуларында салыстырмалы түрде маңызды рөл ойнай қоймас. Келесі теоретик осы екі экстремумдардың біріне жақын позицияны ұстанса, субъективтілік-объективтілік факторы оның талдауларындағы тақырыптарында басымдау болады.

Сонымен, осындай негізгі тұрғылардың бастауларын анықтаған орынды. Олар ғалымның өз дүниетанымының бір қыры екеніне сенімдіміз. Оларда оның өз тұлғасының бітісі көрініс береді. Теоретиктің адамның табиғаты туралы болжамдары терең тамырланған, басқа да сенімдері мен негізге алатын құндылықтары және бағдарларының, оның жеке-даралығының ажырамас бөлігі. Осылайша теоретиктің бастапқы тұрғылары да теоретиктің әлем жайлы басқа да сенімдері сияқты қалыптасып дамиды.

Осындай пікірден өте терең қорытындылар туындайды. Негізінен адамның мінез-құлқы жайлы тұжырымдамалар персонологтың өзі және айналасындағылар туралы ойларын сипаттайды. Сондықтан да теорияларды талдау барысында біз олардың өзі және тұлға туралы көзқарастары тұрғысындағы көп жайттарды тани аламыз.

Түйін

Тұлға теориялары біз үшін адамның мінез-құлқын психологиялық тұрғыда түсінуімізге алға жылжудың әрекеттері болып табылады. Тұлға теориялары индивидуумның жалпы қызмет етуіне ғана емес, сонымен бірге адамдар арасындағы даралық айырмашылықтарына да қатысты.

Қазіргі таңда тұлға жайында жалпыға ортақ анықтама болмаса да, дегенмен көптеген теорияларда тұлға – даралық айырмашылықтардың ортақ идеясы, гипотетикалық құрылым, бүкіл өмір бойындағы даму үрдісі және мінез-құлықтың тұрақты түрлерін түсіндіретін негіз ретінде қарастырылады. Тұлға психологиясы көптеген теориялық бағыттарды, зерттеулерден алынған құнды материалдардың мәнді қорын, бағалаудың көптеген әдістері мен тәсілдерін, сондай-ақ патологиялық мінез-құлықты түсіну мен түзетудің принциптерін қамтитын академиялық психологияның бір бөлігі болып табылады.

Тұлға теориялары негізгі екі қызметті атқарады: біріншісі – өзара байланысты бақыланатын оқиғалардың әртүрлі топтарын түсіндіруге мүмкіндік беретін түсініктемелер негізін қамтамасыз ету; екіншісі әлі күнге дейін зерттелінбеген жайттар мен байланыстарды болжау.

Тұлға теориялары адамның табиғаты жайлы белгілі ой желістерімен негізделеді. Осы тарауда адам табиғатына қатысты негізгі тоғыз тұрғы анықталып талқыланды, атап айтқанда; еркіндік-детерминизм, рационалдық-иррационалдық, холизм-элементализм, консти-

туционализм-инвайронментализм, өзгергіштік-өзгермеушілік, субъективтілік-объективтілік, проактивтілік-реактивтілік, гомеостаз-гетеростаз, танымдылық-танылмаушылық.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. *Адамның табиғаты жайлы негізгі тұрғыларды қарастырудағы биполярлы түсініктерге сипаттама беріңіз.*

2. *Әр тұрғы бойынша адам жайлы қарама-қарсы пікірлерді жақтаушылардың ұстанымына талдау жасаңыз, өз көзқарастарыңызды ұсыныңыздар.*

3. *Биполярлы түсініктер негізінде глоссарий жасаңыздар.*

4. *Тұлға психологиясы: зерттеу және бағалау.*

Алдыңғы бөлімде тұлға теориясының құндылығын анықтаудың негізгі белгісі – оның зерттеуге түрткі болып, бағыттау дәрежесі болып табылатыны көрсетілді. Шын мәнісінде, жақсы теория эмпирикалық зерттеу арқылы жеңіл тексерілетін болжамды тудырады. Зерттеумен дәлелденбеген теория, ол құр болжамды ойлар ғана.

Теорияға негізделген зерттеу (толық немесе іргелі) нақты феномендердің арасында да, әрі олардың әрқайсысының ішінде өзара байланыстардың шын мәнінде бар-жоғын анықтауға мүмкіндік береді. Мәселен, психодинамикалық теория, сахналық әрекетте көрсетілген зорлықты көрген көрермендерде зорлықтың деңгейі төмендеуі тиіс деп болжамдайды. Оның себебі, бақылаушының тұншықтырылған агрессиялық энергиясының сыртқа шығуымен байланысты. Бұл құбылыс «катарсис» – «тазалану» деп аталады. Әлеуметтік үйрету теориясы, керісінше агрессиялық мінез-құлық үйретудің нәтижесінде пайда болатындықтан адамдар неғұрлым зорлықты көбірек бақыласа, соғұрлым солай жасаудың ықтималдылығы жоғары болады, – деп болжайды.

Болжам деп аталатын тексерілетін алғашқы жорамалдар нақты теория ұсынатын пікірлердің шынайылығы мен пайдалылығын бағалауға мүмкіндік береді. Теориялардың құндылығы сол теорияның өзін өңдеп кеңейтетін, тексерілетін болжамдарды тудыратыны *1.1.* суретте көрсетілген.

Адамның тұлғасын едәуір толық түсінудегі біздің негізгі бағытымыз теория мен зерттеу арасындағы байланыспен анықталады. Эксперимент

теорияны тексерудің индикаторы рөлін атқарады. Егер тексеруші зерттеудің нәтижелері теорияның постулаттарына сәйкес келмесе, біздің ондай теорияны қабылдауымыздың негізі азая түседі.



1.1. сурет. Теория тексерілуші болжамды ұсынады, содан кейін эмпирикалық зерттеу жүргізіліп, эмпирикалық мәліметтер жинақталады.

Эмпирикалық мәліметтер теорияны жоққа шығарады немесе өзгертеді. Теория сонымен қатар, зерттелінетін феномендерді реттеп түсіндіру үшін эмпирикалық мәліметтерді жалпылайды және ұйымдастырады.

Екінші жағынан, егерде эмпирикалық зерттеу нәтижелері теорияның тұрғыларымен сәйкес келсе, сірә, ол сенімді болғаны. Дегенмен, теорияларды ешқашан толығымен тексеруге болмайтынын ескерген жөн. Зерттеу жолымен теориядағы мақұлдаулардың ішіндегі жеке-дара болжамдар ғана тексеріледі. Соған сәйкесті, тұлға теориялары эмпирикалық қолдаудың түрлі деңгейлерінде болады. Эксперимент нәтижелері айтылған болжамды неғұрлым көп дәлелдеген түсіндірулер «мүлтіксіз» деп саналады. Теорияны дәлелдемейтін нәтижелер, теорияның аумағына енетін феномендерді түсіндіруде эксперименттің мүлтіксіз болу мүмкіндігін азайтады.

Тұлғаны зерттеудің ғылыми тұрғысын талдауда персонологтардың жиі пайдаланатын зерттеу тәсілдерін қарастырайық. Тұлғаны зерттеуде

бақылау немесе эксперимент жүргізу болсын, мінез-құлыққа қатысты күрделі мәселелерді шешуге көмектесетін ақпараттар мен деректерді жинақтаудың құралы болып табылады. Зерттеу мен теорияның арасындағы қатынас – үздіксіз өзара әрекеттестік процесі ретінде көрінеді. Теория – бір мезгілде эмпирикалық зерттеуді жүргізуге басшылық ететін ойлар ретінде және катализатор рөлінде байқалады. Ол мұқият сұрыпталынған зерттеу нәтижелерін, әрбір элементі оның ажырамас бөлігін құрайтын, ортақ үйлескен жүйеге ұластыруға көмектеседі.

Ғылыми әдістің негізі – идеяларды міндетті түрде эмпирикалық тексеру. Яғни, бұл мұқият жүргізілген бақылау немесе эксперимент нәтижесінде біз айнымалы арасындағы арақатынастар немесе нақты деректерді анықтайтынымызды білдіреді. Айнымалыларды зерттеуде қолданылатын процедуралардың өзі оларды басқа зерттеушілер тексере алатындай жүйелі түрде жүргізіліп сенімді болуы тиіс. Ғылыми тұрғыдан өзін-өзі түзетудің осы аспектісі зерттеу тәжірибесінің негізгі нәтижесі болып табылады. Өйткені ол біртіндеп қате мәліметтерден арылуға мүмкіндік беріледі, демек эмпирикалық тұрғыда алынған ақпараттардың сенімділігі мен нақтылығын арттыра түседі. Өте маңызды мәселелерді зерттеуде пайдаланылатын көптеген әдістер бар және олар кей жағдайларда қарама-қарсы нәтижелерді беруі де мүмкін. Сондай-ақ барлық мақсаттар мен ситуацияларға мүлтіксіз сәйкес келетін ортақ әдіс те жоқ.

Неліктен адамның мінез-құлқы жайлы теорияны эмпирикалық тексеруден гөрі, кездейсоқ бақылаулар мен интуитивті жорамалдарға сүйенген маңызды емес? Эмпирикалық тұрғының екі артықшылығы бар. Оның бірінші, әрі ең мәнді артықшылығы – қателік жібермеуге тырысушылық.

Тұлға психологиясымен айналысатын ғалымдар, өздерінің ғылыми күдікшілігімен бірге, өзінің және қызметтестерінің нәтижелерін де мұқият тексерудің дағдыларын меңгерген. Екі зерттеуде бір-бірімен салыстырылмайтын нәтижелер мен қорытындылар алынса, персонологтар оның неден туындағанын анықтау мақсатымен қосымша зерттеулерді жүргізеді. Міне, осының барлығы «адам туралы ғылымды» кездейсоқ бақылаулар немесе қандай да бір айтыла салған көзқарастан ерекшелейді.

Эмпирикалық тұрғының екінші артықшылығы – қайсыбір адамдарды және олардың мінез-құлықтарындағы реакцияларды суреттеудегі

түсініктердің нақтылығы мен айқындылығы. Шартты түрде ұсынылатын анықтамада зерттелінетін айнымалыларды құру немесе өлшеуге қажетті нақты әдістердің сипаттамалары да қамтылады.

Психологтардың адамдарды зерттеуде пайдаланылатын зерттеу стратегиясының негізгі үш түрі бар. Атап айтқанда: психологтардың клиникалық жағдайларды зерттеуі, корреляциялық талдау және формалды эксперименттер. Бұл стратегиялар арнайы әдістеріне қатысты бір-бірінен ерекшеленгенімен де, сыналушының айтқандарының немесе жасағандарының мұқият бақылануын болжайды. Бақылау кез келген пәндегідей, персонологияда да эмпирикалық зерттеудің іргелі сипаттамасы болып табылады. Сондықтан, нақты зерттеулерге кіріспес бұрын, зерттеуді ұйымдастыру барысындағы бақылаудың мәні мен мағынасына тоқталып өтейік.

Кез келген зерттеу – аурудың тарихын зерттеу, корреляциялық тәуелділікті анықтау немесе лабораториялық эксперимент болсын, бақылаусыз болмайды. Бақылау әдісінсіз тұлғаны зерттеуге қатысты ешбір тұрғы қарастырылмайды. Кей жағдайларда зерттеудің идеясы жүйелі бақылаудан басталады. Мысалы, біз, кездейсоқ түрде екі сыныптас қыздың оқытушының түрлі себептермен олардың бақылау жұмыстарына төмен баға қойғанына ренжіп жатқанын бақылауымыз мүмкін. Сонымен бірге, біз ол екеуінің өздерін төмен бағалайтынын немесе сәтсіз жауаптарына ұнжырғылары түсетінін байқауымыз да мүмкін. Соған орай, біз олардың өз-өзін жеткілікті бағалауларымен байланысты немесе ол өзгелерді өз сәтсіздіктеріне айыптау бет алысының себебі немесе сәтсіздіктері көңіл-күйінің түсуіне ұласады дей аламыз ба? Мұндай бақылаулар адамдардың мінез-құлықтарын неғұрлым нәзіктеу зерттеуге бастау болады.

Мінез-құлық жайлы білімдерді жинақтаудың басқа жолы – ол омірдегі жағдайлардың табиғи көріністерін бақылау және тіркеу. Бұл табиғи бақылау. Балалардың ойыны және достық қарым-қатынастарының үлгісі, жасөспірімдердің қоғамға қарсы бағытталған мінез-құлықтары, аса толық немесе салмағы қалыпты адамдардың тамақтану әдістері, бизнесте жетістікке жеткен менеджердің басқару стилі, сонымен бірге көптеген клиникалық құбылыстар да табиғи бақылау жолымен зерттелген.

Табиғи бақылау қаншама қарапайым көрінгенмен, оның да шектеулері бар. Негізгі қиындық бақылаушылардың, көбінесе толығымен

немесе мүлдем бақылай алмайтын күтпеген жағдайлардың жай ғана куәгері болуында. Бұған бақылаушының өз проблемалары да қосылады; оның теріс ұғымдары мен сенімдері, оның бақыланған жағдайлардың қандай қырларына ерекше назар аударатыны қай мезеттердің анық есте сақталуына әсер етуі мүмкін. Бұл әдіс бақылау нәтижелерінің бақыланушы объектілерінің (адамдардың немесе ситуациялардың) шектеулі санына байланысты сынға алынады. Тіпті кейде бақылаушылар тіркеп және бақылап отырған оқиғаларға байқаусыз араласып кетуі де ықтимал. Мәселен, бақылаушы шиеленісті шешудің стильдерін зерттеу мақсатында жанұядағы пікірталастың барысын бақылауда делік. Оның қатысуы, шиеленісті шешу тәсілін таңдауға елеусіз әсер ететін факторға айналмауы үшін, ол жанұя мүшелерінің арасында қандай дәрежеде сенімге ие болуы керек? Осы проблемаларға қарамастан, табиғи бақылаудың артықшылықтары анық байқалады; біз, адамдардың мінез-құлықтарының үлгілерін лабораториядағы жасанды ахуалда немесе интервью (сұхбаттасу) кезінде емес, күнделікті жағдайларында аламыз.

Табиғи бақылау зерттелушілерге бақылау ситуациясындағы айнымалыларды жүйелі бақылау мүмкіндігін қамтамасыз етпейтіндіктен, олар жағымды жағдай туындағанша күтуге мәжбүр болады. Кейбір зерттеушілер осындай проблемаларды шешу үшін, далалық бақылаулар жүргізеді. Зерттеушілер (Риган және серіктестері) кінә сезімінің адамның көмек беру ұмтылысына әсерін зерттеу мақсатында далалық эксперимент жүргізген. Экспериментшілердің көмекшісі көшедегі сатушы әйелдерге өзін дипломдық жұмысы үшін суретке түсіріп берулерін өтініп қымбат фотоаппаратты ұсынады. Ал фотоаппарат алдын ала қолдану барысында істен шығып қалатындай етіп реттелген. Әйелдердің жартысына өздерін кінәлі сезінуге мәжбүрлеп камераны дұрыс пайдаланбағандықтан бұздыңыз десе, қалған жартысына камера өз ақысын әлдеқашан өтеген, сіздің бұл жерде еш кінәңіз жоқ делінеді. Кейін экспериментшілердің көмекшісі зерттеуге қатысқандардың жанынан өтіп бара жатып сөмкесінен азық-түліктерді шашып ала береді. Жасырын бақылау келесі жағдайды көрсетті: бұған дейін өздерін кінәлі сезінгендердің 55% тоқтай қалып, сөмкеден түскен азық-түліктерді көтеруге көмектескен, ал бұған дейін кінәлі сезінбегендердің 15 % ғана көмек көрсеткен. Әрине, осы тектес зерттеулер мінез-құлықтың шынайы өмірде қарастырылуына байланысты сенімді нәтиже береді деп ойлауға болады.

Анамнез әдісі.

Белгілі бір адамның мінез-құлқын ұзақ уақыт мерзімінде тәптіштеп зерттеу *ауру тарихы* немесе *анамнезді зерттеу* деп аталады. Бұл әдіс психологиялық қиындықтары бар адамдарды диагностикалау және емдеу мақсатында клиникалық медицинада жиі қолданылады. Аурудың тарихын зерттеу әдісі, психотерапия процесінде немесе диагноз қоюда зерттелінетін психикалық тұрғыда ауру адамдармен жұмыс барысында пайдаланылады. Дәрігерлер ауру адамның естеліктерін, оны жақсы танитын адамдармен әңгімелесулерді, автобиографиялық және өмірбаянды құжатттарды және психологиялық тесттің нәтижесінде алынған ақпаратты қолданған пациенттің өмірдегі тәжірибесі мен кез келген мінез-құлқын түсінуге тырысады.

Дәрігерлердің пациенттің қиындықтарының себебін анықтау үшін жұмыс барысында құрастырған ауруларының тарихы кейбір тұлға теорияларын құруда, сондай-ақ, тұтастай клиникалық ойлаудың дамуында маңызды рөл атқарды. Мәселен, Фрейдтің психодинамикалық теориясы тек жекеленген клиникалық жағдайларды зерттеуге негізделген. Фрейд пен оның қызметтестері көп жылдар бойы мінез-құлықтың ерте балалық шақтағы естеліктерін, түс көру, қияли ауруларды, тән ауруларын махаббат – жек көру қатынасы сияқты көріністерді зерттеген. Фрейд, клиникалық зерттеулерді адам тұлғасының бірегейлігіне қатысты өнімді идеялардың пайда болуына ықпал ететіндіктен ғана пайдаланбаған, сонымен бірге олар оның негізгі теориялық тұрғыларын дәлелдеуге де көмектескен. Сол сияқты Карл Роджерс те тұлғаны зерттеудегі феноменологиялық тұрғысын құрастыруда психотерапиядан өткен пациенттердің клиникалық тарихына көп сүйенеді. Тек қана клиникалық жағдайдың зерттелінуінің өзі де адамның мінез-құлқындағы нақты заңдылықтарды түсінуге жол ашуы мүмкін. Алайда, бір ғана жағдайда мінез-құлықтың жалпы принциптерін суреттеуде жеткілікті болғанымен, кейде әдетте берік негізді қамтамасыз ете алмайды. Өлім жазасына кесілген 15 ер адамның аурулары тарихының құрастырылуын мысал ретінде алып көрейік. Олар кесілген сот шешімінің жақын арада орындалуына байланысты зерттеуге алынған. Таңғаларлығы, бас бостандығынан айырылған 15 адамның барлығының анамнезінде бас сүйегінің ауыр зақымы бар: 12-сінде бас миының зақымдануының белгілері және көпшілігінде интеллектілі дамулары орта деңгейден төмен екені тіркелген. Алынған деректер, сірә, неврологиялық

зақымдар мен өлімге ұласқан жанжал үшін жазаланудың арасында байланыстың болатынын меңзейді.

Анамнез әдісін дені сау адамның өмірін зерттеуге де қолдануға болады. Генри Мюррейдің Гарвардтың психологиялық ауруханасындағы тобы, адамның өмірін белгілі бір уақыт аралығында қарқынды түрде зерттеуге арналатын топтың үлгісі. Гарвард персонологтарының көздеген мақсаты колледж студенттерінің негізгі қажеттіліктерін, шиеленістерін, құндылықтарын, бағдарлар мен әлеуметтік өзара әрекеттерін зерттеу еді. Зерттеудің әдістемесі өзін-өзі бағалауға арналған жеке-дара сұрақнама мен проективті тесттерді қолданудан тұрады. Сонымен бірге, өмірбаяндық, және автобиографиялық мәліметтер көптеп жинақталды. Қысқа экспериментті процедуралар қолданылды. Сондай-ақ студенттерді ыңғайсыздандыратын сұрақтарға жауап беруге немесе өздерінің қымбат құндылықтарын қорғауға мәжбүр ететін стресс-интервьюлер де қолданылды. Соңында бақылаушылар сыналушылардың тұлғааралық өзара әрекеттесулерінің стилі жайлы түсінік алуына мүмкіндік беретін шағын топтар да тексерілді.

Мюррей мен оның қызметтестері қолданған әдіс, әрбір студент өмірінің көптеген қырларына бағытталды; олар әрбір сыналушыны негізінен табиғи жағдайда зерттеуге мүмкіндік берді. Мюррей әр студенттің ойларын, сезімдері мен әрекеттерін жақсырақ бағалау үшін, тәжірибелі психологтардың тобын ұйымдастырды. Олар «өндірістік жиналыста» немесе «диагностикалық кеңесте» әр студент жайлы пікірлерін айтып отырды. Осындай кеңестерде бір студентті зерттеген әртүрлі психологтар, сол адам жайлы клиникалық әсерлерін түрлі теориялық позициялар арқылы баяндады. Пікірталастың нәтижесінде оның тұлғасын қалайша жағымды сипаттауға болатыны жайлы қорытынды шығарылды.

Анамнез әдісінің бағалануы.

Зерттелінген феномендер мен зерттеуді жүргізудің ерекшеліктеріне байланысты, клиникалық жағдайларды зерттеудің де артықшылықтары мен кемшіліктері болады. Әдістің артықшылығы, оны зерттеудің басқа амалдарынан ерекшелеп, тұлғаның даралық бітістерінің қарама-қайшылығы мен күрделілігін есепке алуға мүмкіндік беруінде. Зерттеудің мақсаты бір немесе бірнеше индивидуумдардың өмірлік тәжірибеге қалай ие болатынын, күйзелістерді қалай бастан кешіретінін зерттеуде болса, клиникалық жағдайларды зерттеу әдісін таңдаған орынды. Сонымен

қатар, дара индивидуумды зерттеуде қоса жүретін қиындықтар мен шектеулерді де ұмытпаған жөн. Біріншіден, клиникалық жағдайларды зерттеудің басты кемшілігі зерттеушінің тапқан арақатынастарының себеп-салдары сипатының бар екеніне толығымен көзінің жетпеуінде. Екіншіден, бұл тұрғыда тек бір тұлға ғана зерттелінетіндіктен, жалпыланған қорытындылар жасау мүмкіндігі шектеулі болады. Үшіншіден, клиникалық жағдайларды зерттеудің нәтижесінде алынған мәліметтер шығу тегі бойынша ретроспективті немесе екінші реттегі болуы мүмкін, соған орай, мәліметтің біршама ескіруінен бұрмалануы да мүмкін. Аталған шектеулерге қарамастан, клиникалық жағдайлардың зерттелуі кейбір жеке-дара патологиялық феномендер жайлы ақпараттардың бай көзіне айналуы мүмкін.

Корреляциялық әдіс.

Тұлғаны зерттеушілер клиникалық жайлардың шектеулерін жеңу үшін, корреляциялық әдіс ретінде танымал альтернативті стратегияны жиі қолданады. Бұл әдіс жағдайлардың арасындағы және олардың ішіндегі өзара байланыстарды анықтауға арналған. Айнымалы – өлшеуге болатын және сандық көрсеткішті қайсыбір континуумның шегінде өзгеруі мүмкін кез келген шама. Мәселен, мазасыздану – айнымалы, себебі оны өлшеуге болады және адамдардың мазасыздануының көрінү дәрежесі әртүрлі. Бірнеше адамның мазасыздану деңгейін өлшеу арқылы немесе күрделі тапсырманы орындау барысындағы нақты әрекеттердің дәлдік деңгейін өлшеу арқылы да жүргізуге болады.

Тестілеуден алынған мәліметтер, демографиялық сипаттамалар (жасы, туу тәртібі, әлеуметті-нарықтық мәртебесі), өзін-өзі бағалау әдісі бойынша мінез бітістерін зерттеу нәтижелері, түрткілер, құндылықтар мен ішкі құрылымдар, физиологиялық реакциялар және мінез-құлық стильдері корреляциялық зерттеуде айнымалылар бола алады. Психологтар корреляциялық әдісті пайдалануда: жоғары білім болашақтағы кәсіби жетістікке әсер ете ме, өзін-өзі бағалау мен жалғыздық өзара байланысты ма? – деген арнайы сұрақтардың жауабын тапқысы келеді. Корреляциялық әдіс осындай сұрақтарға «иә» не «жоқ» деп жауап беріп қана қоймай, бір айнымалы мәнінің екінші айнымалының мәніне сәйкес келуін сан жүзінде бағалауға мүмкіндік береді. Психологтар, осы мәселені шешу үшін «корреляция коэффициенті» атты статистикалық индексті есептеп шығарады (Пирсон бойынша сызықтық корреляция коэффициенті ретінде де белгілі). *Корреляция коэффициенті* (r әрпімен

белгіленеді) бізге: 1) екі айнымалының тәуелділік дәрежесін және 2) сол тәуелділіктің бағытын (тура немесе кері тәуелділік) көрсетеді.

Корреляция коэффициентінің сандық мәні -1-ден (толықтай теріс немесе кері байланыс) 0 арқылы (байланыстың жоқтығы) +1-ге дейін (толықтай оң немесе тура тәуелділік) өзгереді. Мәні бойынша нөлге жақын коэффициент өлшенуші екі айнымалының мәнді түрде байланыспағанын білдіреді. Мысал ретінде, дене салмағы мен интеллектінің арасындағы байланысты қарастырып көрелік. Жалпы арықтау адамдарға қарағанда толықтау адамдардың интеллектісі біршама жоғары немесе төмен болмайды. Және керісінше, +1 немесе -1 есебіндегі корреляция коэффициенті екі айнымалының арасындағы айқын сәйкестікті білдіреді. Тұлғаның зерттелуінде ұ0,30 және ұ0,60 шегіндегі корреляция коэффициентінің мәні кеңінен таралған, әрі ғылыми болжамның тәжірибелі және теориялық құндылығын білдіреді. 0 және Ғ0,30 корреляция коэффициентіне сақтықпен қараған жөн, себебі, ғылыми болжам үшін оның құндылығы төмен.

Оң корреляция – бір айнымалының жоғары мәндері басқа айнымалының жоғары мәндерімен немесе бір айнымалының төмен мәндері келесі айнымалының төмен мәндерімен байланысты болуының бағытына ие екенін көрсетеді. Басқаша айтқанда, екі айнымалы бірге өсіп немесе төмендеп отырады. Балалардың теледидардағы бағдарламалардан көретін күш жұмсаудың көрінісі мен олардың өздерін агрессивті ұстауының бетбұрысының арасындағы байланыс оң корреляцияның мысалы бола алады. Балалар теледидардан күш жұмсалғанды неғұрлым жиі көрсе, олар агрессивті мінез-құлықты солғұрлым көп байқатады.

Теріс корреляция – бір айнымалының жоғары мәндерінің басқа бір айнымалының төмен мәндерімен және керісінше байланыста болатынын білдіреді.

Студенттердің сабаққа қатыспауларының жиілігі мен олардың емтиханды сәтті тапсыруларының арасындағы байланыс теріс корреляцияның мысалы бола алады. Сабақты көп қалдырмаған студенттер, емтиханда едәуір жоғары ұпайларды алған. Келесі мысал – жасқаншақтық пен мінез-құлықтың қайсарлығының арасындағы теріс корреляция. Жасқаншақтықтың төмен көрсеткішін жинағандар батылдықты, әрі қайсарлықты танытқан. Корреляциялардың коэффициенті +1-ге немесе -1-ге жақын болған сайын, зерттелінген екі

айнымалының арасындағы байланыс қуаттана түседі. Бірінші мысал оң тәуелділікті, ал екіншісі теріс тәуелділікті көрсетеді. -0,55-ге тең корреляция коэффициенті +0,35-ке тең корреляция коэффициентіне қарағанда едәуір күштірек тәуелділікті аңғартады. Корреляциялық статистиканың осындай қырлары жайлы түсінік осы тәріздес зерттеу нәтижелерін бағалауға көмектеседі.

Корреляциялық әдісті бағалау.

Корреляциялық әдістің кейбір бірегей артықшылықтары бар. Ең маңыздысы, оның экспериментті зерттеу арқылы тексерілмейтін айнымалылардың үлкен жиынтығын зерттеуге мүмкіндік беруінде. Мәселен, балалық шақтағы жыныстық зорлық пен өмірдің кемелді шақтарындағы эмоциялы проблемалардың арасындағы байланысты табу қажет болғанда, корреляциялық әдіс зерттеудің этикалық тұрғыда жалғыз қолайлы әдісі болуы мүмкін.

Корреляциялық әдістің екінші артықшылығы, тұлғаның көптеген қырларын шынайы өмірдің табиғи жағдайында зерттеуге мүмкіндік беруі. Мәселен, біз ата-ана ажырасуының баланың мектепке бейімделуі мен ондағы мінез-құлқына деген ықпалын бағалағымыз келсе, жүйелі түрде ажырасқан жанұядағы балалардың әлеуметтік және академиялық жетістіктерін нақты уақыт аралығында бақылауымыз керек. Осындай табиғи бақылаудың жүргізілуі күш пен уақытты қажет етсе де, ол күрделі мінез-құлықтың шынайы бағасын беруге жағдай жасайды. Корреляциялық әдістің үшінші артықшылығы, бір жағдайды біле тұра басқасын болжай алуда. Мәселен, зерттеуде жоғары сынып оқушыларының SAT (Scholastic Attitude Test – оқуға деген қабілеттерді бағалаудың бағдарламасы) бойынша алған бағалары мен олардың кейінірек колледжде алған бағаларының арасында қалыпты түрде жоғары оң корреляция алынды. Сондықтан, студенттердің SAT бойынша алған бағаларын біле отырып, колледждегі қабылдау комиссиясы олардың кейінгі үлгерімдерін алдын ала болжай алады. Мұндай болжамдар ешқашан мүлтіксіз болмайды, дегенмен көбінде жоғары оқу орындарына қабылдауда пайдалы болып отырады. Дегенмен, тұлғаны зерттеумен айналысатын зерттеушілердің барлығы бірауыздан бұл стратегияның екі кемшілігін мойындайды. Біріншіден, корреляциялық әдістің қолданылуы зерттеушілердің себеп-салдарлы қатынастарды анықтауларына мүмкіндік бермейді. Мәселе корреляциялық зерттеудің екі айнымалының себепті байланысқаны жайлы ақырғы қорытындыны

бере алмауында. Мәселен, көптеген корреляциялық зерттеулерде теледидардағы зорлықтың эпизодтары бар бағдарламаларды көру мен балалар мен ересек көрермендердің біраз бөлігінің агрессивті мінез-құлықтарының арасындағы байланыс бар екенін дәлелдейді. Бұл еңбектерден қандай қорытынды жасауға болады? Ықтималды қорытындылардың бірі мынадай: ұзақ уақыт бойы теледидардан зорлықтың көрсетілуі, көрермендердің агрессивті ниеттерінің өсуіне әкеледі. Алайда бұған қарама-қарсы қорытынды да ықтимал: мінез бітісі агрессивті субъектілер немесе агрессивті әрекеттерді жасағандар теледидардан зорлықтың көріністері бар бағдарламаларды көргенді қалайды. Өкінішке орай, корреляциялық әдіс екі түсініктің қайсысының дұрыс екенін анықтауға мүмкіндік бермейді.

Корреляциялық әдістің екінші бір кемшілігі – үшінші айнымалының әрекетінен туындаған былықтың пайда болу мүмкіндігі. Оны көрсету үшін жасөспірімдер мен олардың ана-аналарының есірткі пайдалануларындағы тәуелділікті қарастырамыз. Корреляциялық тәуелділіктің болуы, жасөспірімдердің ата-аналарының есірткіні қабылдайтынын көргеннен оны одан да көп пайдалана бастайтынын білдіре ме? Әлде, бұл, ата-аналардың өз балаларының есірткіні қабылдайтынын көргеннен пайда болған мазасыздықтан өздерінің де есірткі қабылдай бастауға мәжбүр болғанын білдіре ме? Не болмаса, басқа бір үшінші фактор балалар мен ересектерді есірткіні пайдалануға итермеледі ме? Мүмкін, жасөспірімдер мен олардың ата-аналары есірткіні тіршіліктеріндегі кедейшілікке мойынсыну үшін қабылдайтын шығар? Яғни, нашақорлықтың шынайы себебі, жанұялардың әлеуметтік-экономикалық мәртебесінде болуы да мүмкін.

Корреляциялық әдістің себеп-салдарлы байланыстың анықталуын болжамайтынынан, нақты жағдайлардың себеп-салдарлы қатынастары анықталмас деген қорытынды тумауы керек. Зерттеушілер ұзақ уақыт бойындағы клиникалық бақылаулардың негізінде созылмалы стресстің көптеген физиологиялық және психологиялық проблемеларының дамуына ықпал ететінін шамалаған. Стресстің (өзін-өзі бағалау шкаласы бойынша) күшін өлшеу жайындағы еңбектер, ол болжамдарды корреляциялық әдіспен тексеруге мүмкіндік берді.

Корреляциялық талдау, стресс – есірткіге тәуелділіктің, сексуалды бұзылыстардың, сондай-ақ, көптеген психикалық зақымдардың қалыптасуына ықпал етуі мүмкін екенін көрсетті. Дегенмен,

корреляциялық тұрғының сыншылары әділетті түрде, стресс пен аурудың арасындағы болжалды байланысты жасанды түрде күшейтетін басқа да факторлардың кездесуі мүмкін екенін ескертеді.

Экспериментті әдіс.

Эксперименттің жүргізілуі зерттеушінің себеп-салдарлы қатынастарды анықтауының жалғыз тәсілі болып табылады. Осыған байланысты, экспериментті әдісті тұлғаға қатысты маңызды мәселелерді зерттеудің мүлтіксіз амалы деп есептеуге болады.

Экспериментті әдісті және клиникалық жағдайларды зерттеу әдісі мен корреляциялық әдістің арасындағы негізгі айырмашылықты түсінудің кілті, біріншісінің зерттеушінің бір айнымалыны пайдалануына және оны қызықтырып отырған басқа айнымалыға тигізетін ықпалын бақылауға мүмкіндік береді. Өзгертіліп отыратын айнымалы – *тәуелсіз айнымалы* деп аталады.

Тәуелсіз айнымалы – бұл экспериментшінің оның басқа айнымалыға тигізетін ықпалын бағалау үшін жүйелі өзгертіп отыратын қайсыбір жағдайы. Тәуелсіз айнымалы өзгерісінің негізінде өзгеретін айнымалы – тәуелді айнымалы деп аталады.

Тәуелді айнымалы – бұл субьектінің мінез-құлқының тәуелсіз айнымалының әрекетіне (бақыланатын немесе өлшенетін) жауап ретіндегі кез келген қыры. Осылайша, тәуелді айнымалы тәуелсіз айнымалыдан туындайтын қызмет болып табылады; ол экспериментшінің тәуелсіз айнымалыға деген әсерінен туындаған өзгерістерге тәуелді. Жақсы ұйымдастырылған эксперимент нәтижелердің нақтылығына және ғылыми мәнділігіне әсер етуі мүмкін және көптеген факторларды есепке алуы тиіс. Тәжірибеде, бұл біздің өлшеп жатқанымызға әсер етуі мүмкін барлық айнымалылар мен жағдайларды (бізге қажетті тәуелсіз айнымалыдан басқа) жою, алып тастау керек немесе олар бүкіл эксперименттің барысында тұрақты деңгейде болуы керек дегенді көрсетеді. Тәуелді айнымалыға әсер ететін, бөгде айнымалыларды жоюдың тәсілдері көп. Оның едәуір кең таралған түрі объектілерді кездейсоқ үлгіде әртүрлі экспериментті жағдайларға немесе топтарға орналастыру болып табылады.

Кездейсоқ үлестіріліу – барлық объектілердің эксперименттегі кез келген жағдайға немесе топқа жатқызылуының тең мүмкіндіктерінің болатынына кепілдік етеді. Бұл жағдайда зерттеуші сыналушының экспериментке әсер етуі мүмкін кез келген сипаттамаларының (жасы,

интеллектісі, туу реті, т.б.), әртүрлі экспериментті жағдайларда немесе топтарда үлестірілуіндегі мүмкіндіктері тең екеніне сенімді бола алады. *Рандомизация* экспериментті әдісті анықтайтын сипаттама ретінде тәуелсіз айнымалының қатысуы немесе қатыспауы сияқты бір өлшемді қоспағанда, барлық субъектілер эксперименттің басында бірдей болатыны жайлы болжамға сүйенеді.

Ең қарапайым түрдегі эксперимент сыналушылардың ең аз дегенде екі тобының салыстырылуын талап етеді. Арнайы ықпалдарға түсетін сыналушылар – *экспериментті топ деп аталады. А*рнайы әсерге түспейтін топтар – *бақылау топтарын құрайды*.

2.1. кесте. **Екі топпен жүргізілетін эксперименттің схемасы**

Топтар	Тәуелсіз айнымалы	Тәуелді айнымалы
Экспериментті Бақылау	Қатысады қатыспайды	Өлшенеді Өлшенеді

2.1. кестеде бір тәуелсіз және бір тәуелді айнымалының қатысуымен жүргізілген эксперименттің схемасы көрсетілген. Екі топтың арасындағы жалғыз айырмашылық бір фактордың әрекетінде және сол фактор тәуелсіз айнымалы ретінде алынатыны өте маңызды.

Психолог Стенли Шахтер «Адамдар арасында өлім де қорқынышты емес» деген мәтелге қызығушылық білдірген. Сәйкес эмпирикалық әдебиеттерді шолудың нәтижесінде Шахтер, белгісіз ситуацияда ұшырауы мүмкін оқыс жағдайдан қауіптенетін адамдар, жалғыздықта болғаннан гөрі, бейтаныс болса да бір адамның болғанын қалайтындары жайлы қорытынды жасайды. Нақтырақ айтсақ, Шахтер: мазасыздану сезімінің үдеуі басқалардың жанында болу тілегін, психологтардың сөзімен айтсақ «аффиляцияға деген қажеттілікті» тудыруы мүмкін екенін болжайды. Шахтер бұл болжамды тексеру үшін, жоғары курстағы студент қыздарды шақырады. Сыналушылар тексерілуге келгенде оларды электр құралдардың арасында ақ халат киген экспериментші қарсы алады. Ол өзін неврология және психология бөліміндегі Зильштейн атты дәрігермін деп таныстырып, зерттеудің мақсаты – электр тогы соққысының жүректің жиырылу жиілігі мен артериялы қысымға

әсерін зерттеуде екенін түсіндіреді. Осыдан кейін эксперименттің әрбір қатысушысына олардың электр тогының бірнеше соққысын алатындары және сол мезетте тамырдың соққысы мен қан қысымның өлшенетіні хабарланады. Шахтер сыналушылардың мазасыздану деңгейін өзгерту үшін (тәуелсіз айнымалыны), электр тогы әрекетінің екі түрлі сипаттамасын қолданды.

«Жоғары мазасыздық» ситуациясын құру үшін, сыналушылардың жартысы қаһарлы үнмен айтылған: «Сіздерді не күтіп тұрғаны жайлы барлық шындықты айтайын. Токтың соққылары өте күшті, өте ауыр болады. Осы тектес зерттеулерде біз шынымен адамға көмектесетін нәрселердің барлығын зерттеуіміз керек, сондықтан, ток соққыларының қарқынды болғаны қажет» деген нұсқау алады. Шахтер сыналушылардың екінші бөлігіне: ток соққыларының қалыпты болатынын және ауыр болмайтынын айтады. Мысалы, «Сіздерді «соққы» сөзі қорқытпай-ақ қойсын.

Сіздердің эксперименттен рахат алатындарыңызға сенімдімін. Сезінетіндеріңіздің барлығының ауыр болмайтынына кепіл беремін. Ол жағымсыз бір нәрседен гөрі, қытықтауға немесе шымшылауға ұқсайтын болады» деген анықтама беріледі. Шын мәнінде, Шахтердің зерттеуінде ешқандай ток соққылары жоспарланбаған еді. Нұсқау сыналушылардағы мазасыздандудың түрлі деңгейлерін модельдеудің мақсатында айтылған.

Нұсқаудың негізінде сыналушылардың бойында мазасыздандудың жоғары немесе төмен деңгейі туған соң, экспериментші оларға аппаратты жөндеп алғанша 10 минут күтудің қажет екенін айтады. Ары қарай ол әркімнің өз қалауынша келесі бөлмедегі басқа адамдармен бірге немесе оңашада күтуге болатынын түсіндіреді. Осыдан кейін, әр студент қыздан сол 10 минутты қалай өткізгісі келетінін айта алар-алмасы, әлде ешқандай қалауының бар-жоқтығы сұралады. Кез келген өтініш (оңаша қалу, топпен бірге болу) – Шахтерді қызықтырған тәуелді айнымалы еді.

Шахтер экспериментінің нәтижелері *2.2. кестеде* берілген. Шамалағандай мазасыздану деңгейі жоғары сыналушыларда мазасыздану деңгейі төмендеріне қарағанда, басқалармен бірге болу сезімі басымдау екенін көрсетті. Басқалармен бірге күткісі келгендердің пайызы, мазасыздануы төмен ситуацияға қарағанда мазасыздану деңгейі жоғары ситуацияда екі есе жоғары болады.

2.2. кесте. **Мазасыздануды аффиляция қажеттілігіне әсері**

Шарт	Күтудің қалаулы түрі		
	Бірге	*Оңашада*	*Бәрібір*
Мазасыздығы жоғары	62,5% (N=20)	9,4% (N=3)	28,1% (N=9)
Мазасыздығы төмен	33,0 % (N= 10)	7,0% (N=2)	60,0% (N=18)

2.3. кесте. **Сол тектес ситуацияда болған немесе болмағандармен бірге болуды қалау**

Шарт	Күтудің қалаулы түрі		
	Бірге	*Оңашада*	*Бәрібір*
Сол эксперименттің басқа да мүшелері мен күте алатындар	60% (N=6)	0% (N=0)	40% (N=4)
Экспериментке қатыспайтын адамдар мен күте алатындар	0% (N=0)	0% (N=0)	100% (N=10)

Одан кейін Шахтер, адамдар мазасызданғанда, дәл сондай сезімдегі адамдармен ғана бірігетіндіктері жайлы жорамалды тексеру үшін басқа эксперимент жүргізеді.

Әйел адамдардың екі тобына, алдыңғы эксперименттегі «мазасыздануы жоғары» топтағыдай нұсқау беріледі. Бір топтың сыналушылары таңдаулары бойынша жалғыз немесе осы экспериментке қатысатын басқа да әйел адамдармен бірге күте алды. Екінші топтың сыналушылары эксперимент басталғанға дейін жалғыз немесе консультацияның басталуын күтіп тұрған студент қыздармен бірге күту мүмкіндігіне ие болды. Эксперименттің нәтижелері мазасызданған әйелдердің экспериментке қатысушылармен бірге күткенді қалағандары *2.3.-кестеде* көрсетілген.

Шахтер алынған нәтижелерді жалпылай отырып, «Бақытсыздықта жай ғана жолдас емес, қайғысы ортақ жолдас керек» деген қорытынды жасайды.

Эксперимент әдісін бағалау.

Экспериментті әдістің аса қуатты эмпирикалық тәсіл екені күмәнсіз. Басқа да қарастырылған тұрғыларға қарағанда эксперимент әдісі

зерттеушілердің нақты феномендерді тек бақылап, болжауын ғана емес, сонымен бірге оларды түсіндіруіне де мүмкіндік береді. Міне, экспериментті әдіс жайлы айтар сөз осы. Ол қай жерде қолданылса да, басқа әдістердің көмегімен алуға болмас ақпаратты алуға жағдай жасайды. Дегенмен, әсіресе, тұлға психологиясында экспериментті әдістің өзіндік шектеулері де бар. Біріншіден, кейбір проблемаларды экспериментті жолмен зерттеу оңай болса да, бұл әрекет кейде әдепке жата бермейді. Мәселен, психологтар сыналушылар үшін әдейі қауіпті жағдайларды ойластыра алмайды. Өте ұзаққа созылған жалғыздықтың өзін-өзі бағалауына және балалардағы сарыуайымның дамуына ықпалын зерттеуге ниеттенген зерттеушіні елестетіп көріңізші. Мұның эмпирикалық тұрғыда маңызды мәселе екені сөзсіз, бірақ ол айқын әдепсіздік, он жастағы жүздеген балаларды жинап, кездейсоқ ретте елуін іріктеп, айналасындағылармен жақын араласу мүмкіншілігі болмайтын экспериментті жағдайларға орналастыру әдептілікке жатпайды.

Әдепке қатысты басқа бір мәселе алдаумен және құлықпен байланысты – көбінесе сыналушыға эксперименттің шынайы мақсаттары айтылмайды немесе олар толығымен хабардар етілмейді. Шахтердің мазасызданудуы зерттегенін есіңізге алып, өзіңізді сол «аса мазасыз» топта қалай сезінетініңізді елестетіп көріңіз. Ақ халаттағы айбынды ер адам аздаған үзілістен кейін сіздің электр тогының ауыр соққысын алатыныңызды мәлімдейді. Осыдан кейін сіз өзіңіздің басқаларға қосылу-қосылмауыңыз жайлы ниетіңізді хабарлайтын анкетаны толтырасыз да оны зерттеушіге қайтарасыз, ал ол болса сізді токпен ұрмайтынын айтады. Осының барлығы ғылым үшін істелгенімен, сіз өзіңізді ақымақ еткен жағдайға түскендей сезінетініңіз күмәнсіз. Сіздің көкейіңізде ғылымдағы ой-пікірлер өтірікті ақтайтыны рас па? – деген сұрақ та туындауы мүмкін.

Ғылыми зерттеуде сыналушыны жаңылыстыру тәжірибесін жақтайтындар зерттеушілерге сыналушылардан зерттеудің шынайы мақсатын жасыруға тыйым салынса, адам мінез-құлқының көптеген қырларын экспериментті тұрғыда зерттеуге мүмкін болмайтынын ескертеді. Бір жағынан, кейбір психологтар осындай жасыру тәжірибесінің адамдардың психологиялық зерттеуге қатысты сенімін жоғалтуына әкеледі және зерттеудің шынайы мақсаты оны жүргізгеннен кейін бірден ашылғанымен, ол сыналушыларға біршама жағымсыз әсер етуі мүмкін деп есептейді.

Қазіргі кезде ғылымның заңды қажеттіліктері мен сыналушылардың толықтай үйлесімділігінің арасындағы теңдестікті қамтамасыз ете алатын ережелердің болатынына аса көп адам сене бермейді. Алайда, Американдық психологиялық ассоциация [American Psychological Associaton, 1981], экспериментшінің адамдармен жұмысында ұстанатын бірқатар принциптерін ұсынады. Олар төмендегідей:

1. Экспериментке қатысу – не қатыспау тілегі тәуелді болуы мүмкін зерттеудің қырлары, сыналушыларға алдын ала хабарлануы тиіс. Сонымен бірге, оларға кез келген уақытта қалауы бойынша эксперименткке қатысудан бас тартуына рұқсат етіледі. Индивидуум эксперименткке өз еркімен, әрі хабардарлық принципіне сәйкес қатысады.

2. Сыналушылар денсаулығына зиянды немесе қауіпті зерттеулерге қатыспауы тиіс. Алайда, сыналушы қалыпты психологиялық дискомфортты қамтитын процедуралар жайлы хабардар болған жағдайларда ғана оларды қолдануға болады.

3. Зерттеуге деген әдіснамалық талаптар міндетті түрде зерттелушінің денсаулығына төнетін қауіппен байланысы жоқ тапсырмадағы жалған түсіндірмелерді қамтуы мүмкін. Мұндай жағдайда зерттеуші сыналушының жете түсінбегенін түсіндіруге жауапты. Алдау (жасырын нұсқау) – зерттеу аяқтала салысымен-ақ бірінші кездесуде ашылуы тиіс.

4. Бүкіл зерттеудің барысында, сыналушы жайлы ақпарат мүлдем жасырын болуы тиіс; ол сыналушының рұқсатынсыз ешкімге жарияланбайды. Сыналушының жасырын қалу құқығы қол сұғудың немесе ымыраның объектісіне айналмауы тиіс.

Эксперименттің жасандылығын, әрі оның нәтижелерінің басқа жағдайлар мен ситуацияларға тарала алмайтынын персонологтар зерттеудің экспериментті тәсілінің екінші бір маңызды шектеуі деп қарастырады. Олар эксперименттердің лабораториялық жағдайларда жүргізілгендіктен, сыналушылар мінез-құлқының сипаттамасы, олардың өмірдің шынайы жағдайларындағы спонтанды қылықтары жайлы түсінік бермейтінін сынға алады. Сонымен бірге, лабораториялық зерттеу, әдетте біршама қысқа мерзімді феномендердің зерттелуімен шектелген, сондықтан қайсыбір маңызды процестердің ғалымдардың назарынан тыс қалып қоюының ықтималдығы тым жоғары. Мәселен, колледж студенттерінің 30 минуттың ішінде кішкентай, тар бөлмелерде жұмыс жасағандарының зерттелуінен алынған нәтижелер, тұрғындарының саны асып кеткен жерлердегі өмір сүру жағдайларының мінез-құлыққа

тигізетін ұзақ мерзімді ықпалымен еш байланысы жоқ. Сондықтан көптеген персонологтар үшін тұлғаны шынайы түсінудің жалғыз жолы адамдардың мінез-құлқын оларға үйреншікті әлеуметтік тұрғыдағы көріністерінде зерттеу болып табылады.

Дегенмен, экспериментті зерттеуге тән бақылаудың барлық мүмкіндіктеріне қарамастан жалпы лабораториялық жағдайларға сай келетін әдейі ойластырылған белгілі бір артефактілер орын алуы мүмкін екенін ұйғаруға болады. Мәселен, адамдар өздерінің эксперимент жағдайында екенін біле сала, олардың мінез-құлқы эксперименттің жағдайларына сәйкес тәуелсіз айнымалының өзгеруінен емес, олардың экспериментші бақылайтынын білетіндіктен өзгеруі мүмкін. Сондай-ақ сыналушының эксперимент жағдайларында экспериментшінің нақты болжамының бар екенін болжауға мәжбүрлеуі мүмкін жәйттарды байқап қалуы мүмкін. Розенталь сыналушылар зерттеушілердің үміттеріне сәйкес әрекет еткен жағдайларда зерттеушілер оларға байқаусызда жағымды вербалды емес белгілерді жіберетінін көрсететін бірнеше зерттеулер жүргізді. Осы тектес әсерлерге жол бермеу мақсатында қазіргі кездері көптеген еңбектер «қосарлы соқырлық» әдісін қолдануда. Мұндай тәсіл қолданылғанда сыналушылар да, экспериментшілер де, тап осы сәтте қай топ – экспериментті немесе бақылау тобы бағаланғанын білмейді. Эксперимент зерттеудің жетекші бағыты деп есептейтін психологтар, өздерінің ұстанымдарын – оның болжамдардың тексерілуін қамтамасыз ететін жалғыз тұрғы екендігімен түсіндіреді. Сонымен бірге, лабораториялық жағдайларда зерттелінетін белгілі бір феномендерді табиғи жағдайда зерттеу қиын екенін атап көрсетеді. Лабораториялық экспериментті жақтаушылар сыналушылар ырықты түрде өздерінің мінез-құлқымен ұсынылған жұмысшы болжамды нығайта түсетінінің қаупі эмпирикалық тұрғыда өте аз дәлелденеді, дейді, сірә, мұндай жағдайда сыналушылар экспериментшімен бірге әрекет еткеннен гөрі, негізінен негативизмді байқатуы мүмкін.

Зерттеудің қай тәсілі – ең жақсысы

Персонологтар қолданатын зерттеудің негізгі үш тәсілдерін қарастыра отырып, әрқайсысының өзіне тән артықшылығы мен кемшіліктері бар екенін көруге болады. Әрқайсысының артықшылықтары мен кемшіліктері *2.4. кестеде* ұсынылған.

2.4 кесте. **Тұлға психологиясында зерттеудің үш әдісін қолданумен байланысты кемшіліктер мен жетістіктердің салыстырмалы кестесі**

Зерттеу әдістері	Артықшылықтары	Кемшіліктері
Клиникалық жағдайларды зерттеу әдісі	1.Индивидуумның күрделілігі мен қайталанбастығын көрсетеді. 2.Жасанды және ойдан құрастырылған лабораторлы жағдайлардан еркін	1. Мінез-құлықтың жалпы ұстанымдарын қалыптастырудың сенімді негізін қамтамасыз етпейді; 2. Нәтижелері зерттеушінің қызығушылықтары мен жеке басына тән бейімділіктерін сипаттауы мүмкін. 3. Айнымалылардың арасындағы себеп-салдарлы қатынастардың ерекшеленуін қамтамасыз етпейді.
Корреляциялық әдіс	1.Даралық ерекшеліктерге жататын айнымалылардың кең ауқымын зерттеуге жағдай жасайды. 2.Айнымалыларды шынайы өмірдің табиғи жағдайларында зерттеуге жағдай жасайды. 3.Бір айнымалы жайлы ақпараттың болашақта екінші айнымалының пайда болуын алдын ала болжауға қолданылу ықтималдығын анықтауға мүмкіндік береді	1. Айнымалылардың себепті байланысқанын қорытындылауға мүмкіндік бермейді. 2. «Үшінші айнымалының» әрекетінен туындайтын келеңсіздіктер кездесуі мүмкін. 3. Өзін-өзі бағалау шкалаларының сенімділігі мен валидтылығы күдік тудыруы мүмкін.
Экспериментті әдіс	1. Кейбір айнымалыларды оқшаулап, олармен өз еркінше манипуляциялауға мүмкіндік береді. 2. Себеп-салдарлы байланыстарды орнатады; себептілігін қорытындылауға мүмкіндік береді. 3.Мәлі-меттердің жинақталуы, олар-дың тіркелуі мен талдануы объективтендірілген.	1. Лабораторияда зерттеуге болатын феномендердің аймағы әдептілік қағидаларына орай шектелген. 2. Жасанды лабораториялық жағдайлар эксперименттті ситуациядағы мінез-құлықтың заңдылықтарын, басқа тесттік емес жағдайлардағы мінез-құлыққа қолданудың мүмкіндіктерін шектейді. 3. Зерттелінген айнымалының өзгеруіне экспериментті артефактілер әсер етуі мүмкін.

Қайсыбір теориялық міндетті шешуге арналған әдісті сұрыптау және бейімдеу үлкен өнерді, тапқырлық пен шығармашылықты қажет етеді. Алайда, персонологтардың өздерін қызықтырған феномендерді қалай зерттеуге болатынына қатысты нақты қалауларының бар екенін мойындаған жөн. Соған орай, психодинамикалық бағыттың назарындағы құбылыстардың көбісі ғылыми эксперименттің барысында емес, клиникалық жағдайлардың әдісімен зерттелген. Тұлғаны зерттеудің мақсаты кең теориялық контекстте ойластыруға болатын деректер мен заңдылықтарды анықтау болса да, біз, сірә тек аздаған түсініктікке ғана ие шығармыз. Соған қарамастан, толықтай білімсіздіктің орнын алмастыратын аздаған түсінік те орынды мақсат болып табылады.

4. Тұлғаны бағалау

Адамдардың мінез-құлқы мен тәжірибесіндегі даралық айырмашылықтар тұлғаны зерттеуде кеңінен таралған мәселе болып табылады. Даралық айырмашылықтарды зерттеуде, персонологтар өзара байланысқан екі мәселеге жолығады.

Біріншіден, олар адамдарды бір-бірінен ерекшелейтін өлшемдердің жиынтығын сипаттауға ниеттенген. Бұл персонологтардың даралық айырмашылықтарды сипаттауда қолданатын көптеген теориялық тұжырымдамалармен дәлелденеді. *Бітіс, тип, тұрткі, құндылық, темперамент, мінез, сенім және фактор* сияқты терминдер, адам мінез-құлқының тұрақты қырларын сипаттаудың мақсатында қолданылған өлшемнің тұжырымды бірліктерінің жинағын құрайды.

Екіншіден, персонологтар даралық айырмашылықтарды өлшеу тәсілдерінің дамуына, яғни олардың бағалануына қызығушылық білдіруде. Осы бөлімдегі негізгі екінші мәселенің мәні, персонологтардың индивидуумның сипаттамаларын сандық бағалау үшін қолданатын психологиялық тесттердің қомақты санымен дәлелденеді. Мұндағы сандық интерпретация психологтардың өз өлшемдерінің нәтижесін сөзбен емес, сан түрінде көрсету мүмкіндігіне ие болған жағдайда жүзеге асады. Мәселен, «Ораз жасқаншақ адам ба?» – деген сұрақтың орнына психологтар «Басқалармен салыстырғанда Ораз қаншалықты жасқаншақ?» – деп сұрайды. Маман еместердің тұлғаны сипаттауларының бұлыңғырлығы, психологтардың бағаларымен айқын қайшылықта екені бірден көзге түседі. Мәселен, «елірген және

аңдаусыз тип» сияқты біреудің мінездемесін алайық. Мұндай сипаттама нені білдіреді? Бұндағы проблема, әртүрлі адамдардың осы мінездемені түрлі мағынада қарастыруында. Біреулер үшін бұл қауіпті және одан ойламаған әрекеттерді күтуге болатын адам, ал кей адамдар оны думанды кештердің ұйытқысы деп есептейді. Сондықтан тұлғаны ауызекі сипаттау қаншалықты нақты болса да, психологтардың берген бағасымен мүлдем үйлесе бермейді. Тұлғаның формалды бағалануы даралық айырмашылықтар жайлы маңызды да, нақты ақпараттарды берумен қатар, сол ақпаратты басқа адамдарға анық әрі бір мағынада жеткізуге мүмкіндік береді.

Тестілеу мен өлшеудің тұжырымдамалары

Тестілеудің көптеген маңызды тұжырымдамалары бар, ал біз оларды персонологтардың адамның қайсыбір мінездемелерін бағалағанын талқылау барысында келтіреміз. Тестілеудің қайсыбір тәсілі даралық айырмашылықтарды өлшеудің ғылыми тиімді әдісі ретінде есептелгенге дейін, ол арнайы төрт критериймен (өлшемдер) тексерілуі керек. Бұл критерийлер – стандарттау, нормалар, сенімділік және валидтілік.

Стандарттау.

Стандарттау тұлғалық сипаттамаларды өлшеудің шешуші аспектісі болып табылады. Ол тестті жүргізу мен нәтижелерді есептеу процедураларының тұтастығын болжайды. Мәселен, өзін-өзі бағалау шкаласын қолдануда экспериментші барлық сыналушылардың нұсқауды оқып түсінгендіктеріне, бір сұраққа жауап беріп жатқандарына, сонымен бірге берілген уақытта жасауға үлгеретіндіктеріне сенімді болуға бар күшін жұмсауы керек. Стандарттау тестіні қандай жағдайларда қолдануға не қолдануға болмайтыны, кімнің тестіленетіні не тестіленбейтіні жайлы ақпаратты қажет етеді.

Нормалар.

Тұлғалық тестісінің стандартталуы нақты «алғашқы жете өңделмеген бағалаудың» тесттің басқа да жете өңделмеген бағалауларына қарағанда төмен, жоғары немесе орташа екендігі жайлы ақпаратты да қамтиды. Тесттік нормалар деп аталатын осындай ақпарат, сыналушылардың бағалары салыстырылатын стандарт болып табылады. Мәселен, сіз отыз сұрақтан тұратын сарыуайым (депрессия) шкаласын қолдана отырып, сегізге тең алғашқы тест нәтижесін алдыңыз делік. Сіз тест нормаларына

жүгініп, нәтижеңіздің 75-ға сәйкес келетіндігіне көзіңізді жеткізбейінше, 18 деген көрсеткіштің еш мәні жоқ. Бұндай ақпарат нормативті топты құрайтын бұрын сыналған адамдардың іріктемелеріндегі 75% -на қарағанда, сіз көбірек дәрежеде басыңқы екендігіңізді білдіреді.

Сенімділік.

Тұлғаны бағалайтын барлық әдістерге қойылатын тағы бір талап, олардың сенімді болуында. Бұл бір тесттің екінші рет немесе оның басқа түрінің жүргізілуі неғұрлым ұқсас нәтижелерді беруі. Бағалау әдісінің сандық тұрақтылығы *ретестті сенімділіктің коэффициентімен анықталады.* Ретестті сенімділіктің коэффициенті тестті жүргізудің екі жағдайының әрқайсысындағы бір сыналушылардан алынған нәтижелердің арасындағы әдеттегі корреляцияға тең. Сенімділік коэффициентінің көлемі +1-ге жақындаған сайын, тесттің сенімділігі артады. Сенімділіктің екінші түрі тесттің параллельді түрлерін корреляциялау жолымен анықталады. Бұл үшін тестті көбіне салыстырмалы екі бөлікке бөледі (мәселен тақ және жұп пункттерге), содан соң әр жартының жиынтық ұпайларын есептейді де сыналушылардың ұпайлары бойынша екі қатардың арасында корреляцияның ықтималды коэффициенттерін есептейді. Осылайша алынған коэффициентті *ішкі үйлесімдіктің коэффициенті* деп атайды. Ішкі үйлесімдік тесттің ішкі тұрақтылығын анықтайды. Егер тесттің екі бөлігі тұлғаның бір қасиетін өлшейтін болса, тақ пункттер бойынша жоғары ұпай жинаған сыналушылар жұп пункттерден де жоғары ұпай жинауы керек, сол сияқты тақ пункттен аз ұпай алғандар жұп пункттен де аз ұпай жинауы тиіс.

Сенімділіктің үшінші түрі сыналушылардың бір тобына жүргізілген, бір тесттің салыстырмалы екі нұсқасының арасындағы корреляцияға негізделеді. Егер тесттің екі түрінде де шамамен бірдей бағалар алынса, тест *параллельді формалардың сенімділігіне ие*. Мұндай жағдайда өзара алмастырылатын формалардың арасындағы оң (жағымды) корреляция, тесттің екі нұсқасының пункттері бір нәрсені зерттейтінін білдіреді.

Сенімділік, бір тесттің нәтижесін есептеуде екі немесе одан да көп эксперттердің бір-бірлерімен қаншалықты өзара келісімде болатынына да қатысты. Сенімділіктің бұл түрінің мәні интервью, түстердің жорылуы сияқты кез келген сапалы әдістерге және де санмен бағаланбайтын еркін жауаптардың басқа формаларына қатысты тым төмен келеді. Алайда

эксперттер осы тектес мәліметтерді талдаудың нақты ережелері мен нұсқауларын қамтитын басшылықты пайдаланғанда үйлесімдік ұлғаяды.

Валидтілік.

Тест өзі өлшеуге тиістіні өлшей ме, сондай-ақ өзінің көмегімен болжануы қажеттіні болжай ма? Бұндай қиындық бағалау техникасының құндылығының маңызды белгісі – валидтілікке қатысты. Психологтар валидтіліктің үш типін:

1) *мазмұнды валидтілікті;*

2) *критерийлі валидтілікті;*

3) *конструктілі валидтілікті ажыратады.*

Мазмұнды валидтілік.

Бағалау әдісі валидті деп есептелуі үшін, мазмұны мінез-құлықтың өлшенетін аймағының репрезентативті іріктемесіне сәйкес келетін пункттерді қамтуы керек. Ұялшақтықты зерттейтін тестті алайық. Ол мазмұны бойынша валидті болу үшін, ұялшақтықтың жеке-дара қырларын (мәселен, «Ұялшақтық сіздің жеке басыңыздың үйлеспеуінің негізгі көзі ме?»), ұялшақтықтың әлеуметтік қырларын (мәселен, «Үлкен аудиторияның алдына шыққанға қысыласыз ба?»), және танымдық қырларын (мәселен, «Сіз айналадағы адамдардың сізді үнемі сынайтынына толық сенімдісіз бе?») ашатын сұрақтардан тұруы қажет. Ұялшақтықтың мазмұны бойынша валидты тест «ұялшақтық» түсінігіне енетін компоненттердің әрқайсысын бағалауы қажет.

Критерийлі валидтілік.

Әдетте тұлғаны бағалау, индивидуум мінез-құлқының нақты қырларын болжау үшін қолданылады. Мінез-құлықтың алдын ала болжануы аспирантурада табысты оқуға, терапевтік бағдарламаның тепе-теңдігіне, кәсіби сәттілікке (т.б.) қатысты болуы мүмкін.

Критерийлі валидтіліктің екі тармағы бар. Біріншісі *болжаушы валидтілік* деген атауға ие. Ол тесттің критерийіне сәйкес болашақтағы мінез-құлықты алдын-ала болжай алуымен анықталады. Екінші тармағы *ағымдағы валидтілік деп аталады.* Ол сол тест нәтижелерінің басқа да критерийлі бағалармен маңызды корреляциясының көлемімен анықталады. Мәселен, пациенттің параноидты бетбұрыстарын өлшейтін тест бойынша алынған бағалары клиникалық психологтардың берген параноидты бетбұрыстарының айқындылығының бағаларымен оң корреляцияда болса, біз ағымдағы валидтіліктің бар екенін айта аламыз. Әрине бұндай жағдайда клиницистер тесттің нәтижелерін күні бұрын

білмеуі тиіс. Әйтпесе, олардағы ақпарат өздері беретін бағаға әсер етуі мүмкін, бұл құбылыс – *критерийдің контаминациясы (уақиғаларды ауыстыру)* деп аталады.

Конструктілі валидтілік.

Тұлғаны тұтастай бағалауда өте маңызды валидтіліктің үшінші типі конструктілі валидтілік деп аталады. Конструктілі валидтеу – тесттің теориядан шығарылған нақты болжалды конструктіні өлшейтінінің дәлелін жинастыру үрдісі. Валидтеудің бір жолы – зерттелінген конструктінің тесттік бағалары мен шамамен сол конструктіні өлшейтін басқа бір тесттің көрсеткішімен корреляцияларды бекітуінде. Бұл процедура тәжірибеде *конвергентті валидтеу* деген атаумен белгілі. Бізде өзін-өзі бағалау конструктісін өлшейтін жаңа тест бар деп есептейік. Егер осы тест шынында да өзін-өзі бағалауды өлшейтін болса, өзін-өзі бағалауды өлшеудің валидті деп танылған басқа процедурасымен оң корреляциялануы тиіс.

Конструктілі валидтілікті анықтаудың тағы басқа жолы – қайта өңделген өлшеу процедурасының өлшеуге арналмаған көрсеткіштермен корреляцияланбайтынын көрсетуде. Валидтеудің бұл түрі *дивергентті валидтеу* деп аталады. Мысалы, біздің өзін-өзі бағалау тестіміз ондағы сапалардан ерекшелінетін басқа тесттердің мәндерімен корреляцияланбаса, біз дискриминантты валидтілікті көре аламыз.

Бағалау әдістерінің түрлері

Персонологтар адамдар жайлы мәліметтерді жинауда бағалаудың түрлі әдістерін қолданады. Оларға сұрақнамалар, сия дақтарының әдістері, жеке құжаттар, мінез-құлықты бағалау процедуралары, құрдастарының берген мінездемелері, өзі жайлы әңгімелері, т.б. жатады. Жауап алуына, мәліметтерді есептеу мен интерпретациялауға қарай әр әдістің артықшылықтары мен кемшіліктері де бар.

Интервью – бағалау әдісі ретінде.

Интервью (сұхбаттасу) – адамдар жайлы ақпарат жинаудың ең көне және кеңінен тараған әдісі. Белгілі бір нәтижеге жету үшін, интервьюер және респондент бетпе-бет диалог жүргізеді. Интервьюді жүргізу тәсілінің өзі қызығушылық тудырған тақырып немесе мақсатқа байланысты. Мәселен, жұмысқа қабылдаудың алдындағы интервьюдің мақсаты – тұлғаның сол іс-әрекетке қажет ерекшеліктерін бағалауда.

Интервью ғылыми зерттеудің әдісі ретінде арнайы бір тақырыптың аймағында тұлға жайлы ақпараттарды жинауға бағытталған. Клиникалық интервьюдің мақсаты – пациенттің проблемасын айқындауда және қойылған диагнозға едәуір тепе-тең келетін терапияны таңдауда. Интервьюдің түрлері көп болғанына қарамастан, олар *құрылымданған және құрылымданбаған* деп екі топқа бөлінеді. Құрастырылған интервьюде сұрақтар алдын ала құрастырылып, бірізді жүреді, мысалы:«Сіздің некелескеніңізге қанша уақыт болды?», « Сіздің және жұбайыңыздың қанша баласы бар?», «Балаларға қалағандарын істеуге рұқсат беру керек деп санайсыз ба?», «Егер сізде жасөспірім балаңыз болса, мектепті тастап жарты күндік жұмыс істеуге рұқсат етесіз бе?», т.б. Неғұрлым жеке әрі мазмұны бойынша қауіп төндіретін сұрақтар соңына қарай қойылады. Алдымен жалпы сипаттағы және зиянсыз сұрақтарды ұсынатын амалдың мәні неғұрлым сырлас ақпаратты алудың негізін даярлауда. Ол әңгімелесудің барысында респонденттің интервьюерге қатысты пайда болатын сенімінің негізінде ғана жүзеге асуы мүмкін.

Құрылымданбаған интервью кезінде сұрақтар керісінше респонденттің еркін түрде өз қалауынша жауап беруіне байланысты құрастырылады. Интервьюер: «Сіз жолдасыңыздың сізді шынымен кемсітетінін сезінесіз бе», әлде «Бұл сірә өте қиын күйзелістер болар?»– деп сұрауы мүмкін. Респондент осындай сұрақтарға беретін жауаптарын өзі таңдайды. Интервьюер өз кезегінде таңдалынған амалдың қажет ақпаратты бермей жатқанын байқаса, одан бас тартып, әңгімені басқа бағытта жүргізе алады.

Интервью әдісінің күшті және әлсіз жақтары.

Интервьюді тәжірибелі интервьюер жүргізсе индивидуумның тұлғасы мен оның өмірлік жағдайы жайлы пайдалы ақпараттарды алуға болады. Адамның басқалармен тиімді әңгімелесе алу қабілеті, мазасыздану деңгейі, болашаққа құрған жоспарлары және жұмысына қанағаттануы – сәтті жүргізілген интервьюдің көмегімен алуға болатын ақпараттың аздаған түрі. Жақсы жоспарланған интервью ғылыми болжамды тексергенде де пайдалы. Респонденттер өзінің өткен шағы мен болашағы жайлы айтатын тақырыптарды таңдауда еркіндік танытқан сәттерде, сенімділік пен валидтілікке қатысты қиындықтар туындауы мүмкін. Сұрақтардың құрастырылуы – интервьюде алынатын мәліметтердің сенімділігі мен валидтілігінің ұлғаюына әсерін тигізеді.

Міне, сондықтан да, терапевтік стратегияны анықтауда клиникалық психологтардың интервьюдің құрылымданған түрін қалайтыны осыған байланысты.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. *Адамның тұлғалық деңгейін зерттеудегі теория мен эмпирикалық тәжірибелік зерттеу арасындағы байланыстың маңыздылығының мәнін атаңыз.*

2. *Эмпирикалық тұрғының артықшылықтарына тоқталыңыз. Бірінші артықшылығының мәні неде? Екіншісі несімен ерекшеленеді?*

3. *Психологтардың зерттеу стратегиясының үш түрін атаңыз. Олардың бір-бірінен айырмашылықтары неде?*

4. *Анамнез әдісі қандай мақсатта қолданылады? З.Фрейд, К.Роджерс, Г.Мюррейдің осы әдісті қолдануларындағы ерекшеліктері.*

5. *Корреляциялық әдісті қолданудың ерекшелігі және оны бағалау. Басқа әдістерден артықшылығы.*

6. *Эксперимент әдісінің жоғарыда аталған әдістерден айырмашылығы, тиімділігі неде?*

7. *Тұлға психологиясында зерттеудің үш әдісін қолданумен байланысты кемшіліктері мен артықшылықтарының салыстырмалы кестесіне (2.4.-кесте) талдау жасаңыз.*

8. *Адамдардың мінез-құлқы мен тәжірибесіндегі даралық айырмашылықтарды зерттеуде персонологтар қандай мәселеге ерекше мән береді?*

9. *Даралық айырмашылықтарды өлшеу тәсілдерін атаңыз.*

10. *Тестілеу тәсілі және оның арнайы критерийлері қандай? Олардың әрқайсысына жүйелі түрде талдау жасаңыз. (Стандарттау, нормалар, сенімділік және валидтілік).*

11. *Адам жайлы мәліметтерді жинаудағы бағалаудың әдістеріне талдау жасаңыз, олардың артықшылығы мен кемшіліктерін табыңыз.*

5. Тұлға психологиясы: жаңа бағыттар

Тұлғаны зерттеу – психологияда аса толғандыратын, сондай-ақ ең күрделі мәселелердің бірі екені белгілі.

Адамның қалыпты күйіндегі және патологиядағы мінез-құлқының күрделілігі мен әртүрлілігін түсіндіруге тырысқан персонологтардың айрықша тұжырымдамалары мен құрастырмалары ауқымды болып

табылады. Осы кітапта қарастырылатын теориялық ағымдардың ешқайсысы бірін-бірі ығыстырмайды, әрқайсысы өзіне назар аудартып, құптауға лайықты. Әрбір ағым адам тұлғасының мәнін «неғұрлым толыққанды» түсінуде тұлға деген жалпы көрініске қосуға болатын құнды көзқарастарды қамтиды. Дегенмен, адамның мінез-құлқы жайлы түсінігімізді тереңдету үшін жаңа тұжырымдарды, үлгілерді құрастыру қажет. Олай болса, ұсынылып отырған оқулық осы саланың бүгінгі жағдайы мен болашағын бейнелеуге арналған.

Көне және неғұрлым жаңа қазіргі заманғы теорияларды жиынтығында қарастыру адам мінез-құлқының себептерін түсінудің негізгі іргетасын құрайды. Дегенмен, осы саланың алға жылжу қарқыны персонологтардың жаңа буынының адам тіршілігінің ерекше күрделілігін түсінуде неғұрлым бара-бар теориялық кеңістікті құрай алу қабілеттеріне байланысты сияқты. Осы бөлімде персонологиялық теориялар мен эмпирикалық зерттеулердің болашақта дамуына ықпал ететін бетбұрыстар мен қиындықтар анықталынады. Тұлға психологиясының болашақта қандай бағытта өрбитінін білу үшін барлық бетбұрыстар және сыни мезеттерді түсінген маңызды. Персонологияның дамуы мен өзгеруіне байланысты жаңа әрі даулы мәселелер әрқашан туындап отырады. Біздің жаңа бетбұрыстар мен сыни мезеттерді анықтаудағы әрекеттеріміз, тұлға теориясының ары қарайғы дамуы жайлы жорамалды құрастыруға ғана бағытталады. Сонымен бірге, осы кітапта қарастырылатын түрлі ағымдардың персонологиялық теориялар мен зерттеулердің дамуына қандай дәрежеде ықпал ететінін талқылауды да жөн көрдік.

Бірақ алдымен персонология бағыттарының зерттелуі мен салыстырылуы үшін қолданған тұрғының не бергенін біршама айтып кетейік. Біз адам табиғатына қатысты пәлсапалық тұрғылардың, тұлғаның қазіргі заманғы теорияларында орын алатын теориялық көзқарастарының кең ауқымын бағалауда дәлелді әрі пайдалы үлгісі болатынына сенімдіміз. Бұл тұрғылар тұлға психологиясының тұжырымдамалы негіздерін құрайды; олар психологтардың адамдардың мінез-құлықтарына, ойлауына, сезімдеріне қалайша теңбе-тең анықтама беруге тырысатынын түсінудің негізін қалыптастырады.

5.1. Персонология бағытының негізгі тұрғылары

Адам табиғаты жайлы негізгі тұрғылар тұлға психологиясындағы түрлі ағымдардың тұжырымдалып, және тексерілетін шектерін

анықтайтыны осы кітаптың орталық, біріктіруші тезисі болып табылады. Олар сондай-ақ тұлға теоретиктері келісетін не келіспейтін негізгі тұрғыларды көруге жағдай жасайды (5.1. суреттен осы кітапта талқыланған қайсыбір теоретиктердің қандай пәлсапалық көзқарасты ұстанғанын көре аламыз). Осы бөлімде кейбір жаңа мәселелер көтеріліп, сол негізгі тұрғылардың табиғаты жайлы, және олардың тұлға психологиясының осы шақ пен болашақтағы дамуындағы рөлі жайлы ой қозғалады. Алдымен, алдыңғы бөлімде көтерген негізгі мәселеге қайта оралайық. Авторлар, адамның табиғаты жайлы негізгі тұрғылардың теоретиктің өзіне тән жеке күйзелістерін бейнелейтінін болжайды. Қайсыбір персонологтың ұстанған тұрғысын түсіну үшін (олардың «қайдан алынғанын» түсіну үшін) оның діни және әлеуметтік-экономикалық дәрежесін, жанұя мүшелерінің санын және туған күндерінің ретін, оның ата-аналарымен қатынастарын, білімін және кәсіби тәжірибесін түсіну қажет. Біз өмірбаяндық очерктердің оқырманға теоретиктің жеке өмірінің жағдайлары оның бастапқы көзқарастарына және оның тұлға теориясына қалайша әсер ететінінің мәнін ашуда көмектесетініне сенімдіміз. Сонымен бірге, біз ғалымның өмір сүру жағдайлары (мерзімі, орны) оның негізгі тұрғыларына және одан туындайтын адамзат тұжырымдамасына біршама әсер ететінін де болжаймыз. Мәселен, Фрейдтің көзқарастары, тарихшылар Еуропаның викториан ғасыры деп атаған уақытта құрастырылған. Викториандық қоғам адамға қатысты ақылға қонымды және өнегелі көзқарасымен ерекшеленеді. Ол қоғамда сексуалдық адам табиғатын үрейлендіретін, әрі оның орынсыз қыры деп саналған. Фрейд адамдар нәрестелік шағында-ақ сексуалды және агрессивті ұмтылыстарымен ерекшелінеді дей отырып, өз заманының көптеген өкілдерін шошытып, үркітті. Сол заманның Шопенгауэр және Ницше сияқты ғұламалары да адамның мінез-құлқын қуатты, санадан тыс әрі ақылға қонымсыз күштер реттейді деп санаған. Абрахам Маслоу – көптеген американдық психологтардың назары экзистенциалды және феноменді бағыттарына ауған 1950-1960 жылдары, өз тұжырымдамалары мен тұрғыларын жасады. Оның көзқарастарына Еуропадағы ушыққан саяси жағдайларға байланысты АҚШ-қа қоныс аударған көрнекті персонологтармен танысты ықпал етті. Альфред Адлер, Эрих Фромм және Карен Хорни адамдағы саналыны, құндылықтарды баса көрсетіп, Маслоудың дүниетанымына біршама әсер етті. Егерде Фрейд, Маслоу немесе қандай да бір теоретик

басқа әлеуметтік, мәдени не тарихи ортада өмір сүрген болса, олардың адам табиғатына қатысты көзқарастары, бізге белгілі көзқарастарынан біршама басқаша болар ма еді?.

Екінші мәселе негізгі тұрғылардың теориялық жүйені қалыптастырудағы рөліне, яғни, теориялардың алғашқы сатыда қалыптасуына әсеріне қатысты. Біздің көзқарасымыз бойынша, теоретиктің адамның табиғаты жайлы пәлсапалық тұрғылары сол персонологтардың тұлғаға қатысты көзқарастарын бір мезетте тарылтады да, әрі кеңейтеді де. Мысал ретінде, бостандық-детерминизм тұрғысын қарастырып көрейік. Бостандық тұрғысын ұстанған кез келген теоретик, анықтама бойынша, адам қызметінің өз мінез-құлқын бақылауға қабілетті деп болжамдайтын қырларына баса назар аударады. Ары қарай бостандық тұрғысы теоретиктің шығармашылық ойымен бірігіп, оның адам табиғатының негізін түсіндіруге тырысатын қайсыбір жаңа бағыттарын ашуына көмектесуі мүмкін.Осылайша, бостандық тұрғысы теоретиктің тұлғаға қатысты көзқарастарын біршама кеңейтеді. Теоретик адамның қызмет етуінің белгілі бір бөлімдерін егжей-тегжейлі зерттеуге және оларды сипаттап, түсіндіру үшін теориялық тұжырымдамаларды ойлап табуға тырысады. Алайда сонымен бірге, адам мінез-құлқы мен күйзелістерінің тым күрделілігі келешектегі көзқарастарының тарылуы мүмкін екенін де болжайды. Теоретик адамның мінез-құлқының детерминизм терминдерінде жақсы түсіндірілетін қырларын көзге ілмейді немесе аз қарастырады. Мәселен, адамдар шексіз бостандыққа ие деген идеяны жария еткен теоретик, мінез-құлықтың физиологиялық, генетикалық және ситуациялық детерминанттарына онша мән бере қоймайды, не тіптен олардың маңызын жоққа шығаруы да мүмкін. Адам мінез-құлқының осы қырларын да түсіндіру қажет болғанымен, теоретик оларға аса көңіл бөлмейді немесе олардың рөлін төмендетеді. Демек, бостандық тұрғысы – персонологтың адам мінез-құлқының,сірә оның өзіне дейін қарастырылмаған қайсыбір қырларына көзін ашып, белгілі бір теориялық жолдарға бағыттайды, сондай-ақ адамның психологиялық кескінінің басқа құраушыларын мүлдем көрмеуге мәжбүр етеді. Әрине, мұның барлығы детерминизм тұрғысын ұстанатын ғалымға да қатысты. Осы тұрғы оның назарын адам мінез-құлқының ортаның әсерін көрсететін қырларына шоғырландырып, адамның еркін таңдауын сипаттайтын әрекеттеріне мән бермеуге, не аса көңіл бөлмеуге міндеттеп басқа теориялық жолдарға бағыттайды. Дегенмен, адам мінез-құлқының

5.1. кесте. **Жетекші теоретиктердің адамның табиғатына қатысты негізгі тұрғылары бойынша ұстанымдарына шолу**

	Қуаты	Қалыпты	Әлсіз	Орташа	Әлсіз	Қалыпты	Қуаты	Детерминизм
Бостандық (еркіндік)	Аллер, Маслоу Роджерс		Олпорт	Бандура Келли		Эриксон	Фрейд Скиннер	Детерминизм
Рационалдылық	Олпорт, Бандура Келли, Маслоу Роджерс	Аллер Эриксон					Фрейд	Иррационалдылық
Холизм	Аллер, Эриксон Маслоу, Роджерс	Фрейд Олпорт Келли				Бандура	Скиннер	Элементализм
Конституционализм		Фрейд Келли Маслоу Роджерс		Аллер Олпорт			Бандура Эриксон Скиннер	Инвайронментализм
Өзгерістік	Эриксон, Скиннер Бандура, Маслоу Роджерс			Олпорт		Келли	Фрейд Аллер	Өзгермеушілік
Субъективтілік	Аллер, Келли Маслоу, Роджерс		Фрейд Олпорт	Бандура		Эриксон	Скиннер	Объективтілік
Практивтілік	Аллер, Олпорт Маслоу, Роджерс	Фрейд Эриксон		Бандура			Скиннер	Реактивтілік
Гомеостаз	Фрейд					Эриксон	Аллер, Олпорт Маслоу, Роджерс	Гетеростаз
Танымдылық	Фрейд Скиннер Бандура	Эриксон Олпорт					Аллер Маслоу Роджерс	Танымсыздық

күрделілігі мен көп мағыналылығы бостандықтың да адамның сипаты екенін мойындауға мәжбүрлейді. Егер теоретик детерминизмді ғана қарастырса, нәтижесінде адамзаттың біржақты ғана көрінісі пайда болады. Сонымен, теоретиктің бұлжымас детерминист немесе еркін таңдаудың жақтасы екені анықталып, оның осы тұрғыға сәйкес ұстанымы белгілі бір мөлшерде адамның табиғаты жайлы түсінікті шектейді.

Бостандық-детерминизм тұрғысы – осы кітапта талданғандардың біреуі ғана. Біз негізгі тұрғылардың қалған сегізі тұлға теориясын құрастырып, өңдеуге де дәл солай әсер етеді деп ойлаймыз. Теоретиктің ойынша олардың әрқайсысы азды-көпті мағыналы болса да (мысалы, субъективтілік-объективтілік тұрғысы Роджерс пен Скиннер теориясында негізгі орынға ие болса, Олпорт пен Бандуралардың теорияларында шеткі болып табылады) персонолог теориясын құрастырғанда тоғыз тұрғы да оған әсер етеді. Бірде бір теоретик өз тұжырымдамасын вакуумда құрастырмайды, ол мәліметтерді жинастырып, пәлсапалық көзқарастың аумағында адамзаттың табиғаты жайлы ойлай бастайды. Негізгі тұрғылардың әртүрлі теоретиктердің адамның мінез-құлқын қабылдаудағы ерекшеліктерін бейнелейді деген деректен тұлғаны әртүрлі көзқарастардың тарапынан қарастыруға болады деген ой туады.

Үшінші мәселе: адамның табиғаты жайлы бастапқы тұрғылар тұлға теориясының құрылуына ықпал етуші жалғыз фактор ма? Әрине, жоқ! Персонологтың пәлсапалық көзқарастары теорияны құрастырып қайта құрудағы көптеген басқа да ықпалдардың әсеріне түседі. Негізгі тұрғылардан басқа теоретикке оның өзі тіршілік ететін тарихи кезең, психологиялық білімдердің көлемі, оның психология және басқа да пәндер жайлы білімдерінің көлемі, оның академиялық білімі және өзінің идеялар әлемі, қызметтестерімен қарым-қатынастары сияқты факторлар және де жалпы өмір тәжірибесі де әсер етеді. Алдыларында адамдар туралы теорияны құрастыру міндеті тұрған тұлғаны зерттеуші теоретиктердің өздерінің де адам екенін ешқашан ұмытуға болмайды. Барлығымыздағыдай олардың санасы да өмірдегі уақыт аралығындағы және әлеуметтік контекстегі көптеген жағдайлардың ықпалына түседі. Демек, тұлғаның әрбір теориясы қалайда осы теорияны құрастырушының өмірбаянын, әрі негізгі тұрғыларын бейнелейтінін естен шығармаған жөн.

Өзара әрекеттестіктің осындай нәтижесі ретінде бостандық-детерминизм тұрғысын қайта қарастырайық. Фрейд те, Скиннер де

табанды детерминистер болатын; олар адамдардың барлық әрекеті детерминделген және таңдау бостандығы деген мүмкіндіктің жоқ екеніне сенімді болды. Алайда адамның мінез-құлқын нақты не нәрсе анықтайды деген сұраққа ол екеуі әртүрлі жауап берді, өйткені детерминизм тұрғысы әрқайсысының өміріндегі басқа факторлармен өзара әрекеттескен. Мысалы, Фрейд сексуалдық тыйым салынған қоғамда өмір сүрген дәрігер оның пациенттерді емдеуі тіршілік етуінің көзі болып табылады. Демек ол мінез-құлықтың детерминанттарын адамның өзінен, оның биологиясынан, қандай да бір себептілік локусынан, пациенттердің күнделікті өмірлерінде ашып айта алмайтын, әрі күйзелдіретін ішкі жан дүниесінен іздеді. Бүкіл бейсаналылығындағы, иррационалдылығындағы және сексуалды күші мен даңқындағы – ИД – Фрейдтің мінез-құлықтың детерминанттарын іздеуінің соңғы нәтижесі еді.

Ал өмірінің жас шағынан-ақ механикалық құрылғыларды көңілі сүйетін А.Скиннер де, академиялық тұрғыда нақтылыққа, жануарларға деген қызығушылыққа, үйрету үрдісіне және американдық бихевиоризмдегі инвайронментализмде тәрбиеленген. Скиннер сыналушылармен, яғни адамдармен және жануарлармен жұмыс істеп, айрықша экспериментті құралдарды ойлап тауып, құрастырып, үйретуге қатысты эксперименттерді жүргізіп, ғылыми лабораторияларда жұмыс істеді. Скиннердің назарының мінез-құлықтың адамнан тыс орналасқан детерминанттарына ауғаны таңғаларлық жайт емес. Әрине, Скиннер оларды айналадағы өмірден тауып жетістікке жете білді. Жалпы, адамзат жайлы теорияларды құрудың өзі негізгі пәлсапалық ой-желістерге негізделген. Дегенмен, теоретиктердің көзқарастары мен тұжырымдамалары, олардың жеке тәжірибелерінің ерекшеліктеріне де байланысты. Болашақта тұлға теориясының негізгі жағдайларының рөлі қандай болмақ? – деген қорытынды мәселе ғана қалды. Біз олар адамзат атты негізгі мәселеге қатысты болғандықтан, олардың рөлі өзгермейді деп аса сақтықпен жауап бере аламыз. Адамның табиғатына қатысты негізгі ой-желістер, тұлға жайлы барлық теориялардың негізі болып қала бермек, ал тұлға психологиясын пән ретінде құрайтын болжамдар, теориялар, әдіснамалық және эмпирикалық зерттеулер өзгереді. Осы кітапта қарастырылған барлық ғалымдар, өздері өмір сүрген кезде басынан кешірген оқиғалардың әсерін сезінген. Фрейдтің агрессивтілік жайлы тұжырымдамасына бірінші дүниежүзілік соғыстың әсер еткені оның бір ғана мысалы.

5.2. Тұлға теорияларын бағалау

Біз бірінші бөлімде тұлға теорияларын бағалаудың алты критерийін келтірген едік. Енді Фрейд, Адлер, Эриксон, Бандура, Келли, Роджерс және басқалары ұсынған тұрғылардың осы критерийлермен қалай сәйкестенетінін қарастырайық.

5.2. Кесте. **Персонологтардың тұлға теорияларын бағалауға арналған негізгі алты критерийлерге байланысты ұстанымдары** *(жоғары, орташа, төмен деңгейлер теорияның талданған өлшемге қаншалықты сәйкес келетінін көрсетеді)*

	Төмен	*Орташа*	*Жоғары*
Верификация-ланушылық	Фрейд, Олпорт Адлер, Келли, Эриксон	Маслоу	Скиннер, Бандура Роджерс
Эвристикалық құндылық	Олпорт Келли	Адлер, Маслоу Эриксон	Фрейд, Бандура Скиннер, Роджерс
Ішкі келісімділік		Фрейд, Олпорт	Адлер, Эриксон Маслоу,Скиннер Роджерс,Бандура, Келли
Үнемділік		Фрейд	Адлер, Келли Эриксон, Маслоу Скиннер, Роджерс Бандура, Оллпорт
Ауқымының кеңдігі		Эриксон, Олпорт Скиннер, Келли Бандура, Маслоу	Фрейд,Адлер Роджерс
Функционалды маңызы	Олпорт, Келли	Адлер,Эриксон Бандура	Фрейд, Маслоу Скиннер, Роджерс

Біз негізгі алты критерий бойынша әрбір бағыттың үш деңгейлі бағасын пайдаланамыз. Жоғары деңгей – теорияның осы критерийге өте жақсы жауап беретінін, орташа деңгей – теорияның критерийді белгілі бір дәрежеде қанағаттандыратынын, төмен деңгейі –теорияның критерийге сәйкес келмейтінін білдіреді. Теорияның әрбір критерийі бойынша жиынтықты көрсеткіші 5.2. кестеде берілген.

Верификацияланушылық.

Верификацияланушылық критерийі, теорияның айқын әрі нақты анықталған, өзара қисынды байланысқан және эмпирикалық

тексерілетін тұжырымдамалардан құрылуын талап етеді. Осыған орай, бұл жерде: «теориялық тұжырымдамаларды эмпирикалық жолмен тексеруге бола ма?» – деген сұрақ туындайды.

Ұсынылған шектеулердің аясында Скиннер, Бандура және Роджерстің әсіресе Скиннердің верификацияланушылық бойынша бағыттарын жоғары деп бағалауға болады, өйткені олардың тұжырымдамалары және олардың арасындағы қатынастар нақты анықталған. Скиннердің ой-пікірін тексеру үшін көптеген зерттеулер жүргізілді және деректі мәліметтер жиналды. Ал күрделі феномендердің қатарын түсіндіру үшін теориялық тұжырымдамаларды Роджерс құрастырған. Ол тұжырымдамалар да өз кезегінде эмпирикалық тұрғыда бірнеше қайтара тексерілген және дәлелденген. Маслоудың гуманистік теориясы верификацияланушылық критерийін шағын, орташа деңгейде қанағаттандырады. Оның теорияларын қолдауға жүргізілген эмпирикалық дәлелдерді маңызды деп айтуға болмайды.

Фрейд, Адлер, Эриксон, Олпорт пен Келлидің бағыттары верификацияланушылық критерийін аз деңгейде қанағаттандырады деуге болады.

Эвристикалық құндылық.

Эвристикалық құндылық критерийі теорияның тікелей зерттеулер жүргізуге қандай дәрежеде түрткі болуына байланысты. Теорияның эвристикалық құндылығы, оның тұлғаны зерттеудің кең аумағының шегіндегі зерттеу іс-әрекетіне итермелеу қабілеті.

Фрейд, Скиннер, Бандура мен Роджерстің теориялары эвристикалық құндылық критерийін жақсы қанағаттандырады. Бірақ Фрейдтің психодинамикалық теориясына қатысты зерттеу, оның тұжырымдамасын мүлтіксіз дәлелдей алмады, дегенмен мінез-құлық жайлы біздің біліміміздің толықтыру үшін ол зерттеуді қай бағытта жүргізу қажет екенін көрсете отырып, өз шәкірттеріне дем берді. Скиннердің оперантты үйрету жайлы тұжырымдамасы нақты түрде анықталған. Скиннер көптеген ғалымдардың зерттеушілік іс-әрекеттеріне зор әсер етті. Бандураның теориясы да (сыналушылардың тобы түрлі жастағы адамдардан құралса да) психологияның түрлі салаларымен айналысқан ғалымдардың еңбектеріне әсер етті. Роджерстің теориясы, әсіресе психотерапия саласында белсенді іс-әрекет етуге негіз болды, әрі Роджерстің өзі осы салада бірінші болып тәжірибе жүргізген.

Адлер,Эриксон және Маслоу теорияларының осы критерий бойынша орташа бағаға ие болатынын айта аламыз. Туу ретінің тұлғаның

қалыптасуына әсер ететіні жайлы идеяны тексеруге және әлеуметтік мүддені өлшеудің сенімді де валидті бірлігін жасау әрекетіне байланысты қызығушылықтың артуына орай, Адлердің теориясы да назарға ілікті. Эриксонның эгоның даму сатылары, бірдейлік пен сырластық (интимдік) жайлы терең тұжырымдамасы кейбір эмпирикалық зерттеулерге дем берді. Маслоудың теориясы тек персонологияның саласындағы зерттеулерге ғана емес, сонымен бірге білім беру, денсаулық сақтау және менеджмент саласындағы зерттеулердің дамуына да үлесін қосты. Біз Маслоу еңбектерінің эвристикалық құндылығын мақтан тұтсақ та, кейбір дәлелдер оның көптеген тұжырымдамаларының дұрыс анықталмағандығын және тексерілуі аса қиын екенін айғақтап береді. Олпорт пен Келлидің теориялары эвристикалық құндылық критерийіне онша сәйкес келмейді. Дегенмен бұл теориялардың өзіндік маңызы болды. Мысалы, Олпортты оқығанда өзіміздің басқаларды қалайша сипаттайтынымыз туралы ойланамыз, не Келлиді оқығанда өзіміздің ойлау процесіміз жайлы (конструктілер) ойланбау қиын. Бұған қоса, Олпорттың тұлғаны зерттеудегі идеографиялық ықпалға баса назар аударуы мен Келлидің жеке конструктілерді бағалауға арналған Рептестті өңдеуі, персонология саласындағы көптеген ғалымдардың еңбектеріне зор әсерін тигізді.

Ішкі үйлесімдік.

Ішкі үйлесімдік – теория өзінің ауқымында қарастырған феномендерді бірізділікпен қисынды түрде түсіндіруге міндетті екенін анықтайды. Тұлға теорияларының көбісінің осы талапқа сай келетінін бірінші бөлімде атап өткен болатынбыз. Ішкі үйлесімдік тұрғысында, Адлер, Эриксон, Скиннер, Бандура, Келли, Маслоу мен Роджерстің теориялары жоғары бағаны иеленді. Осы теоретиктердің әрқайсысының адамның табиғаты жайлы негізгі тұрғылар бойынша ұстанған бағыты, оларға адамның мінез-құлқын ойға қонымды түрде түсіндіретін теориялық тұжырымдамалардың жүйесін құруға мүмкіндік берді.

Осы кітапта берілген теориялардың ішінен Фрейд пен Олпорттың теориялары бұл критерийге сәйкес келе бермейді, оларды ішкі үйлесімділігін тек қалыпты деп қарастыруға болады. Мысалы, Фрейдке тоқталсақ, өзіңіздің аналитигіңізге уақытында қаралып тұруыңыз терапевтік үрдістегі жақсы мотивацияның белгісі ме немесе бұл анальды даму сатысындағы компульсивтіліктің белгісі ме екен? Міне, түсіндірмелердің осындай шашыраңқылығы ішкі үйлесімдіктің керемет

мысалы бола алмайды. Олпорттың идеографиялық ықпалға баса назар аударуына тоқталсақ, ол дегенмен де адамның мінез-құлқын түсіндіруде жалпы бітістердің жинағын нақтылаудың міндетті екенін көрсетеді. Дегенмен бұл критерий бойынша еш теория әлі жеткілікті түрде мұлтіксіз емес екенін ескертеміз, шындығында – осы кітапта ұсынылған барлық бағыттар ішкі үйлесімділігіне қарай қанағаттанарлық деп саналуы мүмкін.

Үнемділік.

Үнемділік идеясының мәні – психикалық құбылыстардың теориялық түсіндірмесі неғұрлым аз тұжырымдамаларды талап етуінде, яғни неғұрлым тұжырымдамалар аз болса, соғұрлым теория үнемді болады және де теориялық түсіндірме неғұрлым қарапайым болса, теория соғұрлым үнемді келеді. Құбылыстардың табиғаты мен күрделілігін ескерсек, тұлға теоретиктерінің теорияларының көбісі бұл критерийге өте жақсы сәйкес келетінін көруге болады.

Адлер, Эриксон, Скиннер, Бандура, Олпорт, Келли, Маслоу мен Роджерстің тұрғылары үнемділік критерийін жақсы қанағаттандырады деп бағалауға болады. Адлердің теориясы – іргелі тұжырымдамаларының шектеулі санының бүкіл теориялық жүйесіне арқау болуымен үнемді. Бұл Эриксонға да қатысты: тұлға психологиялық-әлеуметтік дағдарыстар терминдерінде және эго дамуының негізгі сегіз сатысында суреттелген. Скиннерде бақыланатын мінез-құлыққа шоғырланған тұжырымдамалардың саны аз болса, Бандураның теориясында да салыстырмалы түрде тұжырымдамалар аз, әрі олардың көбісі танымдық-әлеуметтік үйрету феноменімен байланысты. Олпорттың теориясында да проприумнан басқа, адамның қызмет етуін суреттеуде аса күрделі көрінбейтін тұжырымдамалар аздау. Негізгі тұжырымдамасы танымдық сферамен жақсы үйлесетін конструктіге байланысты Келлидің теориясы да тиімді болып табылады. Маслоуда да солай – оның қажеттіліктердің иерархиясы жайлы тұжырымдамасы деңгейлерінің шектеулі болғанына қарамастан, адам мотивациясы жайлы мәселенің күрделілігіне сәйкес келеді және өте абстрактілі де емес. Роджерстің теориясы да барлық түрткілерді бір ғана жетістікке жету түрткісінің ішіне ендіріп және барлық ықтималды сақтандыру стратегияларын қорғанудың екі негізгі түріне біріктіріп, ең үнемді теория болып шыға келеді.

Фрейдтің теориясы бұл критерийді орташа деңгейде қанағаттандырады – деп бағаланады. Оның ұсынатын тұжырымдамаларының санына қатысты қиындық туындағанымен,

алайда олардың кейбіреулері тиімді және тұлғаның динамикасын өте нақты түсіндіреді. Мәселен, адам шиеленісінің көп қырларын – ид-эго-суперэго сияқты үш терминмен түсіндіруге болады. Секс пен агрессияны мінез-құлықты итермелейтін жалғыз күш деп қарастырып, теория өзіне қатты назар аудартады. Осыған орай бұл теория үнемділігі жетіспейтін теория есебіне ілінді.

Ауқымының кеңдігі.

Ауқымының кеңдігі – теорияның қамтыған құбылыстарының алуан түрлілігі мен диапазонына қатысты болып келеді. Тұлға теориясы неғұрлым жан-жақты болса, ол мінез-құлықтың соғұрлым көп қырларын қарастырады.

Фрейд мінез-құлық феномендерінің алуан түрлілігі мен кең ауқымын қамти отырып, осы критерийді толығымен қанағаттандыратын теориялық жүйені құрастырған болатын. Психикалық ауруларды, түс көруді, инцестті, әзілді, мотивацияны, өлімді, аңыз бен ертегіні, соғыс пен әлеуметтік тыйым салуды – психоанализ аумағында түсіндіруге болады. Әрине, оның теориясы ең жан-жақты қамтылған тұжырымды жүйе болып есептеледі. Адлердің теориясы да тұлғаның дамуына әсер ететін психикалық аурулардың этиологиясы, жанұядағы қарым-қатынастар, психикалық денсаулық сияқты құбылыстардың кең ауқымын және де саяси, діни, білім беру институттарының әсерін анықтайтын әдістерді қамти отырып, Фрейдпен қатарласа жүреді. Алайда, фрейдизм іспеттес Адлердің бағыты да өзінің мотивациялық негізіне қарай шектеулі. Роджерс теориясының қайнар көзі, оның психотерапевтік тәжірибесіне байланысты болды. Ол патологиялық мінез-құлықтың шығу тегін түсіндіретін және оны емдеудің терапевтік жағдайын ұсынатын бағытты құрды. Алайда, оның теориясы мәдени факторлардың тұлғаның қалыпты не аномальды дамуына тигізер әсерін толық түсіндіре алмауына орай шектеулі болып табылады.

Осы кітапта талданған қалған алты теориялық бағыттарды жан-жақтылық критерийіне қалыпты түрде сәйкес келеді деп бағалауға болады. Мысалы, Скиннер мінез-құлықтың қарапайым элементтеріне әдейі баса назар аударған. Алайда жылдар өткен сайын Скиннер өз тұжырымдамасын дамытып, адам мінез-құлқының едәуір кең қырларына таратты. Бандураның теориясы агрессиялы мінез-құлықты сақтауға, модификациялауға және игеруге жауапты әлеуметтік-танымдық айнымалылардың толық талдамасын ұсынады. Келлидің теориясы

бастапқыдан-ақ танымдық түрде бағдарланған, соның нәтижесінде тұлғаны біржақты қарастырады.

Функционалды маңыздылығы.

Академиялық психологияның негізгі ағымдарынан тыс тұрған адамдар үшін, персонологиялық бағытты бағалаудың ең мәнді тәсілі – теориялардың тәжірибелік мұқтаждықтар тұрғысынан бағалануы. Егер теория адамдарға өз қиындықтарын түсінуге және оны жеңуге көмектесетін болса, ол әдетте басқа мамандық иелерінің арасында танымал болып, теорияның психологиядағы және басқа салалардағы құнын арттырады.

Фрейд, Скиннер, Маслоу және Роджерс теорияларының қолданбалы құндылығы зор. Психодинамикалық тұжырымдамалар әрбір білімдар адамның сөздік қорының бір бөлігіне айналды. Қысқасы, психодинамикалық теория функционалды түрде аса маңызды. Маслоудың гуманистік ойлары қазіргі таңда жеке-дара жетілу мен креативтілікке деген қызығушылықтың артуына зор әсер етті. Оның ой-пікірлері қазіргі заманға сәйкес тәрбиелеу мен білім беру бағдарламаларында, сонымен қатар менеджмент бойынша түрлі бағдарламаларда кеңінен қолданылуда. Роджерстің теориясы да құндылығының арқасында аудиториялық білім беру, басқару, нәсілдік қарым-қатынас, жанұялық қарым-қатынас және саясат сияқты түрлі салаларда кеңінен қолданылуда.

Адлер, Эриксон және Бандураның ұстанымдары да функционалды тұрғыда қалыпты мәнге ие. Адлер тұлғаның өте тиімді теориясын құрса да, оның тұжырымдамалары психотерапия, білім беру және ата-ана мен баланың қарым-қатынасы сияқты салалардан тыс аса маңызды бола қоймады. Олпорт пен Келлидің ұстанған бағыттары функционалды маңыздылық критерийін шамалы ғана қанағаттандырады деуге болады. Олпорттың кейбір тұжырымдамалары өте «қолданбалы» көрінсе де, психологиядан тыс салаларда қолданылмайды.

Енді, болашақтағы тұлға психологиясының қандай бағытта жүретінін, қандай эмпирикалық мәселелердің зор назар аударғатынын және адамның мінез-құлқын зерттеуде қандай тәсілдердің қолданылатынын қарастырып көрейік.

Персонология дәуірінің орнауы

Нақты ғылыми пән ретінде персонология XX ғасырда дами бастады. Жиырмасыншы ғасырдың басында қалыптасқан Фрейдтің, Адлердің теорияларын және психодинамикалық бағыттағы бірнеше ұлы теорияларды (Юнг,Фромм) есептемегенде, тұлғаның өмір сүруінің негізгі үлгілері сол ғасырдың орта тұсында ғана пайда болды.

5.3. кесте. **Тұлға теориялары құрастырылған тарихи кезең**

Тұлға теоретиктері	1890 1930 1940 1950 1960 1970 1980 1990	
Фрейд	(1890-1939)	Психодинамикалық теория
Адлер	(1907-1937)	Жеке-даралық психология теориясы
Юнг	(1913-1961)	Аналитикалық психология теориясы
Эриксон	(1950-1975)	Психологиялық-әлеуметтік теория
Фромм	(1941-1965)	Гуманистік психоаналитикалық теория
Хорни	(1937-1973)	Әлеуметтік-мәдени психоаналитикалық теория
Олпорт	(1937-1961)	Тұлғаның бітістері жайлы теория
Кеттел	(1946-1990)	Тұлға бітістерінің құрылымдық теориясы
Айзенк	(1947-1990)	Тұлға типтері жайлы теория
Скиннер	(1938-1985)	Бихевиоралды-үйрету теориясы
Бандура	(1959-1990)	Үйретудің әлеуметтік-танымдық теориясы
Роттер	(1947-1982)	Әлеуметтік үйрету теориясы
Келли	(1955-1965)	Танымдық теория
Маслоу	(1950-1970)	Гуманистік теория
Роджерс	(1951-1975)	Феноменологиялық теория

Осы кітапта көзқарастары қарастырылған теоретиктердің кейбіреулері әлі де болса, адам мінез-құлқын зерттеуде. Демек, тұлға психологиясы зерттеудің ең жас аймағы деп сенімді түрде айтуға болады.

Баламалы бағыттардың құндылығы.

Түрлі теориялық бағыттардың қарапайым кемшіліктері болса да, біз олардағы тақырыптардың, зерттеу жаңалықтарының болашақта адам мінез-құлқы жайлы тұжырымдамаларға әсер етуі мүмкін деп болжаймыз.

Басқаша айтқанда, *тұлға саласындағы теориялық және эмпирикалық прогресс персонологтардың өткендегі және қазіргі жетістіктеріне негізделеді.*Әрине, біздің тұлға жайлы меңгерген білімдерімізді ешбір теория бара-бар түсіндіре алмайды. Адам мінез-құлқы соншалықты күрделі болғандықтан, оны арнайы теориямен немесе терминдермен түсіндіру өте қиын. Біз әртүрлі теориялар әралуан проблемаларды қарастыруда пайдалы деп есептейміз. Эклектизм атты бағыт әртүрлі көзқарастарға ашық, оларды қарастыруға қабілеттілікті анықтайды. Сондай-ақ, эклектикалық бағдарлану, тек бір теорияны ұстанбай, тұрғыларды, әдістерді, тұжырымдамаларды әр қырынан қарастыру қажет екенін нұсқайды.

Эмпирикалық зерттеулерді негіздеу.

Бұл кітапта біз эмпирикалық тексеруге қатысы бар тұлғаның түрлі бағыттарын зерттеулерді қарастырдық. Көздеген мақсат – теорияның ең маңызды ғылыми қызметі – жаңа зерттеулерге себепші болу екеніне тұлға психологиясын зерттейтін студенттердің көздерін жеткізу. Оның жүзеге асуы үшін теория жинақталған деректерді түсіндіріп қана қоймай, білімімізді кеңейтетін болжамның өнімді қайнар көзі болуы керек. Дәл осы жағдай адам туралы қазіргі заманғы тұрғылардың тұлға психологиясы ұсынатын негізгі ғылыми маңызын анықтайтын болады. Теорияны оның аумағында жаңа эмпирикалық мәліметтерді сәйкестендіріп, біріктіруге болатындай етіп құрастыру қажет.

Қазіргі кездегі теориялардың маңыздылығын түсінсек те, тұлға психологиясы, ерте ме кеш пе адамды тұтастай қарастыратын теориялық конструктілердің жиынтығын жасайтынына үміт артуға болады.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмаларында аталған теоретиктердің төмендегі сұрақтарға қалай жауап беретінін талдаңыздар.

1. *Адам тұлғасы қалай дамиды?*

2. *Адам мінез-құлқына не түрткі болады?*

3. *Адам өзі және қоршаған адамдар туралы ойлану мен білуге қандай жолдармен келеді?*

4. *Адамның әлеуметтік өмірінің табиғаты қандай?*

5. *Адамның бірегейлігін қалай түсіндіруге болады?*

6. *Тұлғалық бұзылыс (ауытқушылықтардың) негізгі детерминанттары қандай?*

7. *Психикалық тұрғыда дені сау ересекті анықтайтын негізгі сипаттамалар қандай?*

8. *Неліктен біреулер біліктілік пен кемелдену, ал басқа біреулер біліксіздік пен жетілмегендік бағытында қозғалады?*

Студенттер бір немесе бірнеше сұрақ бойынша өз ой-пікірлерін жазбаша (реферат) түрде тапсыруларына болады.

6. Адамның тұлғасын зерттеулердің жаңа бағыттары

Болашақтағы персонологтардың назарын қандай қиындықтар мен мәселелер аударуы мүмкін? Біздің ойымызша бес проблемды саладағы зерттеулер басымды болады. Егер біз адам жайлы түсінігімізді байытқымыз келсе әр сала күрделі шығармашылық пен сынды талап етеді.

1. ***Таным процестерінің зерттелуі және олардың психологиялық қызмет етудің басқа қырларымен өзара байланысы.***

Фрейд адамның барлық мінез-құлқын инстинктивті қажеттіліктер, балалық шақтағы күйзелістермен, санасыз мотивация сияқты терминдермен түсіндіруге болатынын айтқан. Адлер, Юнг, Хорни, Эриксон, Фромм, Олпорт, Кеттел, Айзенк және Маслоу интрапсихикалық процестердің маңызын мойындағанымен де олардың ешқайсысы адамдар қоршаған ортадан алынған ақпаратты өздеріне қалай бейімдеп сіңіреді, оны есте сақтап, қолдану үшін қалайша қайта жаңғыртатыны жайлы негізгі мәселені тікелей қарастырмаған.

Джордж Келли қазіргі заманғы персонологиядағы танымдық бағытты қалыптастыруда шешуші рөл атқарды. Ал адамның танымдық іс-әрекетін баса көрсететін тұлға бағыттары, клиникалық психологияда маңызды ықпалы болғандықтан «танымдық терапия» танымалдылығы бойынша бірінші орын иеленетіні таңғаларлық жағдай емес. Қазіргі заманғы персонологтардың назарында адамдардың әлеуметтік ақпаратты және сол процестердің адам психикасының басқа қырларымен өзара қатынастарын өңдейтін әртүрлі әдістері болуы тиіс. Схема тұжырымдамасы тұлғаны зерттеушілердің ерекше қызығушылығын тудырып отыр. *Схема,* бұл – жеке объект, тұжырымдамалар немесе оқиғалардың бірізділігі жайлы білімдердің ұйымдасқан құрылымы. Сонымен бірге, когнитивті психологтар әрбір адамның әлемді түсінуі үшін схемалардың күрделі де үлкен жиынтығын қолданатынын көрсетті. Мен-схемалары бұрынғы тәжірибеден алынған өзіндік «Мен» туралы мәліметтердің өңделуін бақылап, ұйымдастыратын жалпыланған

құрылымдар болып табылады. Мен-схемасы «Менді» анықтайтын қасиеттерден тұрады. Бұл мәселен, біздің есіміміз, дене бітімдеріміз, өзімізге маңызды адамдармен қарым-қатынастарымыз сияқты ерекше мәнді қырларымыз, тұлғалық саналы бітістер, түрткілер, құндылықтар мен мақсаттар сияқты біз жайлы маңызды мәліметтерді қамтиды.

Соңғы он жылдық персонологиядағы танымдық тұрғыға деген қызығушылықтың артуымен ерекшелінеді. Зерттеушілер тарапынан танымдық әсердің мүмкін екендігін талдамаған адамның мінез-құлқының ешбір саласы қалмады.

2. ***Жағдайлық факторлар мен тұлғалық айнымалылардың өзара әрекеттестігін зерттеу және олардың мінез-құлықтағы ықтималды үлесі.***

Персонологтардың көпшілігі мінез-құлықты әрқилы түсіндіріп суреттесе де, олар ішкі нышандардың адамның мінез-құлқына жауапты екенін және оны бара-бар түсіндіре алатынын болжайды. Басқаша айтқанда, тұлға психологиясының басты тезисі – сыртқы мінез-құлықтың көрінуі, соның негізінде жатқан уақыт пен жағдайға қатысты салыстырмалы түрде тұрақты себепші факторлардың әрекетін бейнелеуінде. Фрейдтің адамға бағдарланған психодинамикалық теориясы – осы көзқарастың жүзеге асқанының жақсы мысалы бола алады.Бір-біріне ұқсамайтын персонологтар Юнг, Хорни, Келли, Роджерс мінез-құлықтың қалыптасуы мен модификациялануында жағдайға сай әсердің қосалқы рөлді иеленетіні жайлы тұрғыда мәмлеге келеді. Эриксонның теориясы да өзінділік пен ортаның өзара байланысын қарастырады, алайда ол адамның ішкі жан дүниесіне баса назар аударады. Скиннердің ұстанымы инвайронментализмнің жоғары дәрежесін көрсетеді. Дегенмен қоршаған ортаның адамдарға қалай әсер ететіні персонологтарды қызықтыра бастағаны анық.

Адамды зерттеуге қабілетті кез келген тұрғы бір мезгілде ситуациядан тыс жүрсе де олардың ықпалын ескеруі қажет. Басқаша айтқанда, мінез-құлық адамдағы өзгерістермен, жағдаймен және олардың бір-біріне тигізетін өзара әсерімен анықталады. Мінез-құлық адам мен қоршаған ортаның өзара әрекеттестігінен пайда болған қызметінің туындысы деген тезис тұлға психологиясында одан ары танымал болуда. Әдетте, *интеракционистік* деп сипатталатын тұрғы Бандураның өзара детерминизм жайлы тұжырымдамасында айқын көрінеді. Бандураның интеракционизм жайлы идеясына сәйкес, адам, ситуация және мінез-

құлық себептер мен салдарлардың өзара байланысқан және динамикалық жүйесіне енеді.

Интеракционизм тұрғысында тұлға – әрбір индивидтің өз өмірінің ситуацияларына бейімділігін сипаттайтын мінез-құлықтың ерекше түрлеріне жататын болжалды конструкт ретінде түсіндіріледі. Адам мен оның ортасының бір-біріне ылғи да тұрақты түрде қалай әсер ететінін түсіндіретін динамикалық тұрғы да, мінез-құлықтың күрделілігін түсіндіреді.

Интеракционизмнің көптеген түрлері бар. Дегенмен, зерттеушілердің көпшілігі тұлғаның интеракциялы үлгісінің адамның мінез-құлқын бара-бар түсіндірудің ең тиімді жүйесін ұсынатынына келісе бастады. Негізінен, бұл тұрғы күрделі мінез-құлықтың қандай дәрежеде ситуациялық айнымалылар мен нышандарға тәуелді интеракциялармен реттелетінін анықтауда қолданылады.

Интеракционистік бағыт адамның жалпы экологиялық жағдайын барынша тепе-тең сипаттайтын теориялық конструктілердің дамуына ықпал етуі керек. Мәселен, «рөлдік нышандар», «интерперсоналды реактивті жүйелер», «ситуациялық типті тұлғалар» сияқты терминдер персонологтардың сөз қорына ене бастады. Сонымен бірге, біз болашақта адам мен қоршаған ортаны қарастыратын бағыттардың өзара шешім арқылы үйлесімдікке келетініне сенеміз.

3. *Тұлғаның нейрофизиологиялық, биохимиялық және генетикалық негіздерін зерттеу.*

Ғылымның қазіргі дамуы биология ғасыры ретінде және мінез-құлықтық генетиканың, биохимия мен нейрофизиологияның жетістіктері психологиялық зерттеудің әдістері мен теориялық конструктілерінің маңызды, әрі шешуші өзгерістеріне әсер еткен кезең ретінде белгіленуі мүмкін. Дегенмен, Фрейд, Кеттел, Айзенк, Маслоу және Роджерстен өзге (кітапта есімдері аталған осы бесеуі ғана мінез-құлықтың биологиялық негізін мойындаған) персонологтар дәстүрлі түрде, тек сөз жүзінде ғана адам мінез-құлқының нейрофизиологиялық, биохимиялық және генетикалық компоненттерін зерттеуді мойындайды. Бүгінгі заманда персонологтардың басым көпшілігі даралық айырмашылықтардың биологиялық процестерде және генетикалық бейімділікте тамырланатынын мойындайтыны қуантады. Мінез-құлықтың биологиялық негіздері жайлы біліміміздің көбеюі және психикалық процестердің күрделі зерттеу жобаларымен үйлесе дамуы, тұлғаны

биология және генетика терминдерінде түсінуге қарсылықты жоятын сияқты. Жаңа ғана аталған бетбұрыстарға сәйкес, біз генетикалық факторлардың даралық айырмашылықтардың қомақты бөлігін түсіндіруге қабілетті деп болжауға міндеттейтін мәліметтерді көптеп алып жатырмыз. Соңғы кезде, тұлға ерекшеліктерінің тұқым қуалайтынын зерттеуге арналған еңбектердің саны көбеюде. Бұл зерттеулердің көбісі тұлға ерекшеліктерінің (сезімталдық, ашықтық, белсенділік және албырттық) тұқым қуалайтынын дәлелдейді. Сонымен қатар, әлеуметтік мінез-құлықтың биологиялық негіздерін қарастыратын жаңа теорияны жасау талпыныстары сезіледі.

Психолог Роберт Хоганның *әлеуметтік-аналитикалық теориясы* назар саларлықтай мысал болып табылады. Ол әлеуметтік биологияны, психоаналитикалық теорияны және символды интеракционизмді біріктіре отырып, адам эволюциясының таңғаларлық екі ерекшелігі бар деп тұжырымдайды. Біріншісі – адамдар әрқашан әлеуметтік топтарда өмір сүрген. Екіншісі – бұл топтар әрқашан иерархиялық тұрғыда ұйымдасқан. Сонымен қатар, Хоганның ойынша адамдар, генетикалық жағынан, бірлесіп өмір сүріп, бірге иерархиялық құрылымды қалыптастыруға және сақтауға бейімделген. Хоганның әлеуметтік-аналитикалық теориясы – биологиямен бірлескен тұлға психологиясында жасалынған шығармашылық жетістіктердің бірі ғана.

Болашақтағы персонолог-зерттеушілер тұлғаның көптеген көріністерінің биологиялық және генетикалық факторлармен байланысты екенін болжайтын мәліметтерді жоққа шығара қоймас. Біз тұлғаның ерекшеліктерін жүйке жүйесінің қызметімен байланыстыруға тырысатын зерттеулердің (электрофизиологиялық және басқа да әдістемелер қолданылуы мүмкін) осы саладағы жетістіктерге жетуге себепші болатынын айтамыз. Негізінен, биохимиялық және нейрофизиологиялық процестерді психологиялық қызметпен (таным, эмоция, сезім) байланыстыратын зерттеулерге жете назар аударылуы тиіс. Сонымен қатар, зерттеушілер биологиялық механизмдердің адамның дамуындағы, мінез-құлқы мен тәжірибесіндегі маңызын сатылы түрде түсіндірулері тиіс.

Сонымен, тұлғаны зерттеудегі жетістік екі бағытта жүзеге асырылады: 1) мінез-құлықтың биохимиялық және генетикалық негіздерін эмпирикалық зерттеу; 2) индивидтің биологиялық мұрасын және оның әдетте тұлғамен (мысалы, агрессия, құштарлық, альтруизм, темперамент

және ми қабілеттері) байланыстырылатын мінез-құлқының әртүрлі формаларына қалай ықпал ететінін едәуір тепе-тең түсіндіретін тұжырымды схемалардың дамуы.

Әрине, осы бағыттағы қайсыбір жетістік Айзенктің жеке-дара сипаттамаларды мидың қызметімен немесе айрықша құрылымдарымен байланыстыру әрекеттерінің нәтижесінде жүзеге асты. Оның тұлғаның биологиялық негіздерін түсіндіруі, адамның мінез-құлқындағы биохимия мен генетиканың рөлін түсінудегі тағы бір қадамды көрсетеді.

4. *Тұлғаның орта және ересек жаста дамуының зерттелуі.*

Шамамен біздің өміріміздің төрттен бір бөлігі (1/4) есеюге, төрттен үші (3/4) қартаюға жұмсалады. Сондықтан, персонологтардың балалық шақ пен жастық шаққа көп көңіл бөлетіні қызық. Бала мен жасөспірімнің дамуын зерттеудегі осы екпіннің негізінде оны түсіндіретін де екі тұрғы бар:

1. Есейген адамдардың мінез-құлқы балалық шағында қалыптасады;

2. Ата-ананың бала өмірінің ерте кезеңдеріндегі қарым-қатынастары тұлға қалыптасуының негізгі факторы болып табылады. Осы тұрғының екеуінде де фрейдтік психосексуалды теорияның әсері көрінеді. Персонологияның ересектер өмірінің негізі балалық шақта қаланып, ата-ана мен бала қарым-қатынасына негізделетіні баса айтылатын басқа да бағыттары бар. Адлер, Хорни, Фромм және Роджерс – барлығы осы көзқарасты құптайды. Балалар мен жасөспірімдердің қолайлы сыналушылар екені белгілі, ересектерге қарағанда балалармен жұмыс жасаған жеңіл, мысалы, 45 жастағы бизнесмендерді сынақтан өткізгеннен гөрі колледждің 1-курс студенттерін жинап, тест алған әлдеқайда жеңілдеу. Эриксон тұлғаның дамуында көптеген кедергілердің кездесетінін бізге мойындатты. Оның адам өмірінің барлық кезеңдеріне тән психологиялық әлеуметтік дағдарыстар жайлы тұжырымдамасы психологтардың жеке-дара өсу мен ересек өмірдегі өзгерістерге қатысты қалыптасқан ойларын қайта қарауға итермелейді.

Соңғы екі онжылдықта қартаю процесімен байланысты өзгерістерді зерттеуге деген қызығушылық күрт өсті. Негізінен, жас ерекшелігіне байланысты физикалық, сенсорлық, гормоналдық және танымдық өзгерістерге қатысты зерттеулер пайда болды. Сонымен бірге, көптеген психологтар неке мен жанұя, жұмыс және достықтың түрлеріне байланысты өзгерістерге назар аудара бастады. Ересек адамның жас шамасының үрдістері теориялық және тәжірибелік мақсаттарға қызмет

етеді. Орта және жоғары буын өкілдерінің өспелі пропорциясы ересектердің дамуын зерттеуді жалғастыруға себепші екені анық. «Адам дамуы тарихының» қалай аяқталатынының толыққанды сипаттамасын алуға мүмкіндік беретіндіктен, бұл зерттеулерді одан әрі жалғастырған жөн.

Адам өмірі жайлы повестің қорытынды тарауы біз әлі күнге дейін түсіне қоймаған психологиялық-әлеуметтік мәселелерді қояды.

Болашақтағы тұлғаның іргелі зерттеулері түрлі ұлттарды, этникалық топтарды, әлеуметтік топтарды және адамдардың аналитикалық зерттелуін қамтып, өз ізденістерінің аумағын күшейтетіні анық. Мәні бойынша өмірбаяндық және жеке құжаттармен толықтырылған бұл зерттеулер, тарихи оқиғалар жағдайында тіршілік етуші адамдар мен әлеуметтік жүйелердің өзара күрделі әрекетін жақсы түсінуге көмектеседі. Адамның дамуы жайлы аса күрделі және көп қырлы тұжырымдамалар, болашақ теоретиктер үшін өзекті міндетке айналуын күтуге болады.

5. *Адамның тәжірибелі іс-әрекетіне қатысты мәселелердің зерттелуі.*

Тұлғаны формалды зерттеудің қырлары Фрейдтің патологиялық мінез-құлықтың себептері мен оны емдеу жолдарына деген қызығушылығынан-ақ бастама алды. Яғни, персонологиялық ізденістердің тарихы мінез-құлықтың психотерапевтік жағдайларда жақсы бақыланатын феномендеріне баса назар аударады. Бұл бағдар әсіресе, Адлер, Хорни мен Юнгте және қандай да бір дәрежеде Эриксонға да тән. Уақыт өткен сайын тұлға психологиясының тақырыптары мен екпіндері де өзгеруде. Осындай бұлтартпас өзгерістердің ең қолайлы мысалы, персонологтардың шынайы дүниенің әлеуметтік мәселелерін осыдан жиырма жыл бұрынғыдан қазіргі кезде неғұрлым тиімдірек зерттеп, шеше алуында.

Өткен ғасырда орын алған көптеген оқиғалар адамзаттың болашағына қауіп төндіретін *әлеуметтік мәселелерді* персонологиялық тұрғыдан зерттеу жайлы ойлануға мәжбүрлейді. Қайда қарасаң да, ойға қонбайтын жылдамдықпен өзгеріп жатқан әлемді көресің, онымен қатар адамның әдеттері, дәстүрі мен құндылықтары да өзгеруде. Шынымен, қазіргі күннің басты мәселелерінің бірі – неге сеніп, қалай өмір сүру керек екеніне деген сенімсіздік. Жастар, құндылықты, идеологияны және өмір сүру салтын еркін таңдау мүмкіншілігінің алдында қатты қобалжиды.

Сірә, психология адамдарға өмірді өнімдірек, әрі мағыналы етуге көмектесуде шешуші рөл ойнайтын болар. Бандура: «Ғылымды – оны

қолданудың әлеуметтік салдарлары қызықтыратындықтан, психология өз жаңалықтарының адамзаттың пайдасына орай пайдаланылатынына кепілдік етіп, әлеуметтік саясатқа қатысты психологиялық мәселелерді түсінуге жәрдемдесуі қажет» – деді.

Адам істерінің нақты әлеміне көбірек енудің ықтималды бетбұрысының нәтижесінде, тұлға теорияларының бағыттары мен тұжырымдамалары қазіргісінен күрделі де эклективті болуы мүмкін. Келесі бір ықтималды нәтиже – персонологтардың әлеуметтік психологтармен, әлеуметтанушылармен, антропологтармен және этологтармен өзара көбірек әрекет жасайтындарында. Демек, тұлға проблемалары саласында пәнаралық тұрғы қолданылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тұлғаның зерттелуі күрделі бас қатырғышты құрастыруға ұқсайды. Осы кітапта талданған әртүрлі бағыттар, бізге сол жұмбақтардың көптеген бөліктерін ашуға мүмкіндік береді. Кейбір бөліктері қажетсіз болып, алынып тасталынса, қалған бөліктері сақталуы мүмкін. Анық әрі нақты бейне пайда болған сәтте, тұлға жайлы әртүрлі теориялардың элементтері де оның бөлігі ретінде енеді деп пайымдаймыз. Сондықтан да, біз сіздерге тұлға теоретиктері ұсынған әрбір бағыт жайлы көбірек білуді ұсынамыз. Әр бағытты оқып болған соң ғана, сіз адамның тұлғалылығының табиғаты жайлы өз ой-пікіріңізді дамытуға дайын боласыз. Бұл кітаптың басты идеясы, адамның табиғаты жайлы негізгі тұрғылар тұлға жайлы көзқарастардың модельденіп, тексерілетін іргетасын қалауында. Негізгі тұрғылар теоретиктің тұлғаға деген көзқарасын бір уақытта кеңейтіп, тарылтады да. Мысалы, адамның еріктілігі мүмкіндігін қабылдаушы теоретиктің, адамның еркін тірі жан ретінде әрекет жасауына қабілетті екенін білдіретін, адамның қызмет ету қырларына екпіндетіп зейін қояры анық. Сонымен қатар, ол детерминизм бағытымен адамның мінез-құлқы өте жеңіл түсіндірілетін қырларын елемеуге тырысуы да мүмкін.

Негізгі тұрғылар персонологтың теориялық бағытының қалыптасуында көптеген факторлармен үнемі өзара әрекеттесіп отырады.

Адамзат деген не? – деген сұраққа қатысты болғасын, персонологтар үшін бұл негізгі тұрғылардың мәні болашақта да төмендемейді. Соған орай, адам табиғаты жайлы пәлсапалық тұрғылар де болашақтағы тұлғаға қатысты барлық ықпалдардың іргетасын құрайтыны анық.

Тұлға теориясын негізгі тұрғыларға қарай емес, сонымен бірге, басқа да критерийлерге сәйкес салыстыруға болады. Бұл жерде біз тұлға теориясының басты бағыттарын верификацияланушылық, эвристикалық құндылық, ішкі үйлесімдік, үнемділік, ауқымының кеңдігі және функционалды маңыздылық сияқты шешуші алты критерийдің тұрғысынан бағаладық. Тұлға психологиясы зерттеудің өте жас аймағы, бұл саладағы нақты, әрі өмірге бейімді бағыттар өткен ғасырдың соңында ғана пайда болды. Болашақты шығармашылықпен зерттеушілер, өздерінен бұрынғылардың интеллектілі қазынасына сүйенетін болады.

Адамға қатысты негізгі ғылыми ықпалдардың мәні, олардың жаңа зерттеулерге қаншалықты дәрежеде дем беруімен байланысты болады. Сонымен бірге, өзінің ғылыми мәнін жойып алмау үшін, тұлға теориялары жаңа эмпирикалық мәліметтердің жиналуына қарай түзетіліп тұруы керек.

Осы қорытынды бөлімде адамның тұлғасына қатысты жаңа зерттеулердің негізгі бес бағыт бойынша жүзеге асатынын болжауға болады:

1. Танымдық процестерді және олардың психологиялық қызметтің басқа қырларымен өзара әрекеттестігін зерттеу;

2. Жағдайға сай туатын факторлар мен жеке айнымалылардың өзара әрекеттестігі мен олардың мінез-құлыққа қосқан үлесін зерттеу;

3. Тұлғаның нейрофизиологиялық, биохимиялық және генетикалық негіздерін зерттеу;

4. Орта және ересек жас шамасындағы тұлғаның дамуын зерттеу;

5. Адамның тәжірибелі іс-әрекетіне қатысты проблемаларды зерттеу.

Жыл өткен сайын бұл салаларда қызықты, әрі сынды зерттеулердің саны өсуде, ол біздің адамның табиғаты жайлы түсінігімізді тереңдетуге және байытуға мүмкіндік береді.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. *Адамды зерттеуде персонологтардың ұстанатын мәселелеріне сипаттама.*

2. *Танымдық процестердің зерттелуі және олардың психологиялық қызмет етудің басқа қырларымен өзара байланысы мәселесінің мәні.*

3. *Персонологиядағы танымдық бағытты қалыптастырудағы Дж.Келлидің орны.*

4. *Адам мінез-құлқының көрінуі уақыт пен жағдайға қатысты салыстырмалы түрде болатындығы туралы персонологтардың көзқарастарына талдау жасаңыздар (К.Юнг, К.Хорни, Дж.Келли, К.Роджерс, З.Фрейд, Скиннер).*

II. ТҰЛҒА ТЕОРИЯЛАРЫ

Барлығымыз да тұлға ұғымы туралы азды-көпті білеміз. Көбінесе тұлға танымдылық, көпшілік алдындағы «имидж», ырық күші, өзіне деген жоғары дәрежедегі сенімділік және өзіндік санасының дамуымен ұштастырылады. Бір адамдарда бұл сапалар айқын, ал енді біреулерде айқын болмайды. Неге бұлай болады екен деп қай-қайсымыздың да ойланған уақытымыз болған шығар? Мәселен, басқаларға қарағанда біреулердің агрессивтілігі неге күштілеу? Неліктен, бір адамдар қандай жағдайда болса да өздерін салмақты түрде ұстаса, енді біреулер өздерін үнемі қысым жағдайында сезінеді? Осы бөлімде осы тәріздес сұрақтарға жауаптар қарастырылады.

Қазіргі кездегі психологияда тұлғаны зерттеуде негізгі жеті тұрғыны атауға болады. Әр тұрғының өз теориясы, тұлғаның қасиеті мен құрылымы туралы өз пікірі, зерттеудегі өзіндік әдістері бар. Сондықтан да сызба-нұсқа түрінде тек төмендегідей анықтаманы ұсынуға болады:

Тұлға дегеніміз, бұл – адам мінез-құлқының уақыт және жағдайға байланысты тұрақтылығын, дара өзінділігін қамтамасыз ететін психологиялық сипаттамаларының көп өлшемді және көп деңгейлі жүйесі.

Тұлға теориясы – тұлғаның даму механизмі мен табиғаты туралы жорамалдарының немесе болжамдарының жиынтығы. Тұлға теориясы адамның мінез-құлқын түсіндіріп қана қоймай, сонымен бірге, күні бұрын болжауға да тырысады. Сонымен тұлға теориясы негізінен мынандай сұрақтарға жауап іздестіреді:

1. Тұлға дамуы бастауларының сипаты қандай, туа біткен немесе жүре пайда болған ба?

2. Тұлға қалыптасуында қай жас кезеңі маңыздырақ?

3. Тұлға құрылымында қандай үрдістер (процесстер) басымдық көрсетеді, саналы ма (рационалды) немесе санасыз ба (иррационалды?)

4. Тұлға ырық бостандығын меңгерген бе және адам өз мінез-құлқын бақылауды қай дәрежеде жүзеге асыра алады?

5. Адамның дербес (ішкі) әлемі субъективті ме немесе объективті болып және объективті әдістер арқылы анықталады ма?

Осы сұрақтарға әр психологтың өзі ұстанатын жауаптары бар. Тұлға туралы ғылымда осындай жауаптардың тұрақты жеті комбинациясы немесе тұлға теориялары құрылған. Тұлға теориялары – психодинамикалық, аналитикалық, гуманистік, когнитивтік, мінез-құлықтық, іс-әрекеттік және диспозициялы болып бөлінеді.

Тұлғаны психологиялық құрылым ретінде талдаудың үш деңгейі бар:

а) тұлғаның бөлек «элементтерінің» қасиеттері;

ә) тұлға компоненттерінің (блоктары) жүйесі;

б) біртұтас тұлғаның қасиеттері.

Тұлғаның осы үш деңгейінің қасиеттері мен компоненттерінің арақатынасы тұлғаның құрылымы деп аталады. Кейбір теориялар, кейде бір теорияның шегінде түрлі авторлар да бәріне емес, бір ғана деңгейге назар аударады. Осыған орай, тұлғаның элементтері мен блоктарының атауы өзгеріп отырады. Жеке-дара қасиеттерді көбіне – тұлғаның мінездемелері, бітістері, диспозициялары, мінез ерекшеліктері, сапалары, димензиялары, факторлары деп атаса, блоктарды – компоненттер, сфера, инстанциялар, аспектілер, құрылымшалар деп атайды.

Әрбір теория тұлғаның бір немесе бірнеше құрылымды үлгісін құрастыруға мүмкіндік береді. Үлгілердің көбісі ойша құрастырылған, тек кейбіреулері ғана, негізінен, диспозициялы, қазіргі математикалық әдістерді пайдаланып құрастырылған.

Енді әрбір тұрғыны жеке қарастырайық.

2.1. Тұлғаның психодинамикалық теориясы

Тұлғаның психодинамикалық теориясының немесе классикалық психоанализ деген атпен танымал теорияның негізін салушы австрия ғалымы З.Фрейд (1856-1939).

Зигмунд Фрейд 1856 жылы Австрияда дүниеге келді. Ол отбасындағы тұңғыш сәби еді, өзінен кейін алты бауыр қарындастары ізіне ілесті. Өзінің балалық шақтағы өмір белесін еске ала отырып Фрейд мынандай тың пікір айтқан: «Егер ер бала сәби шағында анасының мейіріміне және сүйіспеншілігіне мол кенелсе, кейін ересек тартқан шақта да осы мейірім нұры оның өмірін шуақтандырып, ер адам тұлғалы, батыр жүрек, жеңіске құштар, жолы болғыш келеді» деген. Бала кезінде Фрейд даңқты

қолбасшы, не министр болуды армандайды, алайда ол еврей болғандықтан, бұл бағыттағы жол ол үшін шектеулі еді. Сондықтан ол медицинаға бет бұрды. Студент медик шағында (1873-1880) оған сол кездің белгілі физиологы Эрнст Брюккенің зор ықпалы болды. Брюкке тірі организмдерді – физика заңдылықтары бойынша реттелетін динамикалық физиологиялық жүйе ретінде қарастыру идеясын ұсынды. Бұл физиологиялық процестердің қызметі жайлы көзқарас Фрейдтің психологиялық функция жайлы динамикалық теориясына негіз болады.

Фрейд медициналық қызметкер дәрежесін алған соң неврология саласы бойынша ғылыми-зерттеулер жүргізіп және тәжірибелік жұмыстармен айналысты. Ол ертеректе жүргізілген зерттеу жұмыстарында ересек және эмбрион миларын салыстырды. Ол мидың бастапқы құрылымы, кейінгі ересек шақта да өз қалпын толығымен жоймай сақтайтындығына көз жеткізді, кейін бұл зерттеулер Фрейдтің тұлға жайлы іліміне де ықпал етті. Фрейдтің 3 ұлы және 3 қызы болды. 1886 жылы Фрейд жүйкесі тозған адамдарды гипноз көмегімен емдеу арқылы біршама табыстарға жеткен француз психиатры Жан Шаркомен бірлесіп қызмет істейді. Фрейд гипноз нәтижелерін толық қолдамағанымен, оны Шарконың идеялары қызықтырады. Фрейдтің алғашқы биографы Эрнст Джонс осы кезең жайлы: «Осы жұмыстармен айналысу арқылы Фрейд кейін өте білгір невролог маман дәрежесіне жетті» – деген.

1897 жылы оның әкесі қайтыс болған жыл еді, осы кезеңде ол өзіндік талдау жұмыстарын бастады. Ол көбіне ой тұңғиығына батып кетсе де өзінің ойларын жүйелеп, зерделеп, талдау арқылы өз санасын ашып отырды. 1890 жылдан бастап Фрейд өз емделушілеріне Шарконың жүйесін қолданып, гипноздың әсер ету жолымен емдей бастайды. Ол емделушінің басына алақанын тигізіп, есте қалдырғандарын айтқызуға тырысты. Осы кезеңде ол веналық дәрігер Иосиф Брейермен де қызметтес болды. Одан катарсис әдісін үйренді. Бұл әдісте психотерапевпен әңгімелесу барысында пациент өз эмоцияларынан арылып, жеңілдейді. Онымен бірлесе отырып, «Жүйке тозуын зерттеу» кітабын жазды. Бұл уақытта оның жасы қырықтан асса да әлі танымал еңбектері шықпаған еді.

Фрейдтің өмірінде, оның теориялық және тәжірибелік қызметінде елеулі бетбұрыс болған кезең 1896 жылдан бастап емделушілерімен клиникалық жұмысында ерікті ассоциациялар әдісін қолдана бастауымен тығыз байланысты. 1900 жылы осы әдістің негізінде «Түс көрулерді жору» атты еңбек жазды, бұл кітап бүгінге дейін Фрейдтің құнды еңбегі

саналды. Ол еңбегінде Фрейд өзінің психоанализ теориясын жасауды бастады. 1902 жылы Психоаналитикалық қоғам құрылды. Оның мүшелері, кейін ұлы психоаналитиктер ретінде танылған: Альфред Адлер, Пауль Федерн, Отто Ранк, Шандор Ференци. Фрейд өз теориясын жетілдіріп, еңбектері көбейген сайын, оның қарсыластарының саны да арта түсті. 1904 жылы Фрейд «Тұрмыстың психопатологиясы» атты, ал 1905 жылы «Жыныстық теориясының үш этюды» атты еңбектерін жазды. Соңғы еңбектерінде ол балалардағы жыныстық даму мен жүйке байланысын алып қарастырды, осы пікірлері үшін оны лас, бейпіл пікір ұстанымды адам ретінде жан-жақты айыптай бастайды.

Кеңестік кезеңде Фрейдтің оқулықтары көп уақыт бойы коммунистік дүниетанаммен үйлеспейді деген пікірмен алысталып, тыйым салынды.1909 жылы американ психологы Г.Стенли Холл Фрейдті Масачусетс штатына Уорчестердегі Кларк Университетіне дәріс оқуға шақырды. Онда Фрейд бала ой-қиялының теориясы, даму теориясы тақырыптары бойынша жұмыс істеп, психоаналитикалық процесс жайлы, психиканың қызметінің принциптері жайлы ой-пікірлерін барынша дамытты. Бұл кезде оның аты елге таралып, оған келушілер алдын ала кезекке тіркелетін еді.

Фрейдтің жеке өмірінде қиыншылықтар болды. 1919 жылы ол өзінің барлық жинақталған қаржысынан (I дүниежүзілік соғыс салдарынан) айырылып қалды. 1920 жылы 26 жастағы қызы қайтыс болды,Фрейд әсіресе, сол кезде соғыста жүрген 2 ұлы үшін күйзелісте жүрді. 1920 жылы ол өмір инстинктіне (тіршілік ниеті) кереғар пікір өлімге ұмтылу инстинкті жайлы теориясын жазды.

30-жылдардың басында өршіп тұрған антисемитизм де оның шығармашылығы мен Фрейд өміріндегі соғыс ықпалының елеулі болуына себепші болды. 1932 жылы Германияда нацистер оның еңбектерін халық алдында өртеді. Осыдан соң ол «Моисей және сонотеизм» атты еңбегін жазды. Онда ол Моисейдің бастапқыда белгілі египеттік болғанын, кейін еврейлерге қосылып, дінді уағыздағаны жайлы жазды. Фрейд антисемитизмді еврейлердің қатаң моральдық кодекстеріне қарсылық білдіруі дей отырып кодексті еврей емес, египеттіктер ойлап тапқан деп жазды.

Фрейд 1939 жылы 23 қыркүйекте 83 жасында дүние салды. Ол өз өмірінің ақырына дейін күнбе-күн өзін-өзі талдауын жазып, өз еңбектерімен шұғылданып өтті. Оның өмірінің соңғы 20 жылы аса өнімді

еңбек жазған жылдары және жеке басының қайратын танытқан кезең деп айта аламыз. Өйткені өзінің көптеген ізбасар шәкірттерінен айырылып және нацистердің қыспағында бола тұра ғылыммен айналысуы ерлік іс еді. Сонымен қатар жеке денсаулығының төмендігімен санаспай қажырлы еңбек етті, ол жақ сүйегінің рагі бар деген аурумен 33 рет операция жасатты. Аса бай болмаса да ғылымдық жолы мен ғылымдық атағына нұқсан келтіретін, ақшалы ұсыныстардан үнемі бас тартып отырды.

Фрейд теориясының негізі болып табылатын еңбектер осы соңғы 20 жылда жазылды. Оның жеке басының адамгершілік қасиеттерін кейбіреулер ұлы тұлға, данышпан, елгезек деп таныса, ал енді бірі өзгелердің пікірімен санаспайтын есерсоқ деп таныды. Алайда, басым көпшілігі оның шыншыл, адал, еңбекқор болғанын жоққа шығармайды, сонымен қатар психоанализдік қозғалыс теориясының дамуындағы ірі тұлға болғандығын айтады.

З.Фрейдтің тұлға теориясы «тереңдегі» психологияның психоанализдік бағыты болып табылады. Фрейд адам белсенділігінің тереңдегі бастауларына үңіліп, оның қуаттылығының табиғаты, қақтығыстары мен әуестіктерін ашуға ұмтылды. Оның теориясы тұлғаның мынандай қырларын қарастырады: **1)** құрылымын (мен, ол, жоғарғы мен); **2)** динамикасын (өзгергіштігі); **3)** дамуын; **4)**типологиясын.Фрейдтің пікірі бойынша, тұлға дамуының қайнар көздері – туа біткен биологиялық факторлар (инстинктер), нақтырақ айтқанда, жалпы биологиялық энергия – либидо (латыншадан: либидо– құштарлық) болып табылады. Бұл энергия біріншіден, тегін жалғастыруға (жыныстық құштарлық) және екіншіден, жоюға (агрессивті құштарлық) бағытталған (З.Фрейд., 1989). Тұлға өмірдің алғашқы алты жылында қалыптасады. Тұлға құрылымында санасыздық басымдық танытады. Либидоның жартылай негізін құрап тұратын жыныстық және агрессивті құштарлықтарды адам өзі ұғына бермейді.

Фрейд бойынша тұлға ешқандай ырықты бостандықты меңгермеген. Адамның мінез-құлқы, оның жыныстық және агрессивті түрткілерімен толықтай анықталады, оларды Фрейд ид (ол-оно) деп атады. Ал тұлғаның ішкі әлемі болса осы тұрғы шегінде толығымен субъективті. Адам өз ішкі әлемінің тұтқыны, түрткінің (мотив) шынайы мазмұны мінез-құлықтың қасбетінің (фасад) артында жатыр. Тек адамның тұлғалылығы туралы неғұрлым нақты мағлұматтарды кейбір суреттемелер, түс көрулер және арнайы әдістер ғана бере алады.

1923 жылы Фрейд психоанализдің ерекше үлгісін ұсынды, оның негізіне: Ол (Id), Мен (Ego) және Жоғары-Мен (Supereregо) алынды. Бұл теорияда «Ол» барлық қозғау салушы қуаттың көзі ретінде қарастырылады. «Ол» өз қызметінде қозу, ширығу және қуат шамасын жеңілдетуді мақсат етеді.

Оған қарама-қарсы қызмет атқарушы «Жоғары-Мен». «Жоғары-мен» тіршілік мазмұнының адамгершілік жағын қарастырды. Адам баласы мақсұт тұтатын биік мақсаттар мен идеалдар осыған жатады. Ал «Мен» жүйесі – шындық пен шынайылықты білдіреді.

Кездейсоқ салдарлар және «Ол» жайлы жан-жақты зерттесе де Фрейд «Мен»-ді талдауға аз көңіл бөлді. Ол «Мен» жүйесі өте әлсіз, бір мезгілде үш әміршіге бірдей қызмет етеді, ол әміршілер – Ол, шынайылық және Жоғары-Мен деп санады.

Сонымен Фрейдтің ұғымындағы «Мен» тұлғаның «жетекші мүшесі» дегенмен «Оның» жүйрік атына мінген салтанаттың рөлін ғана атқарады. Тек өмірінің соңғы жылдарында ғана ол тұлға құрылымында «Мен» қаншалықты маңызды екендігіне көңіл бөлді. Кейін бұл тақырыпты оның қызы Анна Фрейд одан әрі дамытты, оның еңбектері: «Мен психологиясына» (ego-psichology) негіз болды. Бастапқы «Мен» жайлы ұғымдарда «Меннің» жеке қуаты жоқ, «Ол» қайда бұрса солай қарай бұрыла салады деп танылса, кейініректегі түсініктерде «Мен» психологиясында айтылғандай, «Меннің» өзіндік қуат көзі барлығы қоршаған ортаны танып-білуде өз қуатын пайдаланатыны анықталды. Бұл тұжырымдама компоненттіктің мотивациясы ұғымымен тығыз байланысты, оны Р.У.Уайт ұсынған. Тұлғаға сипаттама беруде бұл тұжырымдама бойынша, әсіресе, адамдардың қоршаған ортаның қыры мен сырын белсендірек тануына ықпал ететін әдістерге көбірек көңіл бөлінді.

Психологтар «Меннің» қызметінің көптеген жекелеген тұстарын ашуға мән берді. Мен-Күш (Barron Blok) Мен-даму (Lowinger), Мен-бақылау, Мен-тітіркену (Blok, Finder және Blok).

З.Фрейд тұлғаның жеке «элементтерін» негізгі психологиялық қасиеттерін көбіне мінез бітістері деп атайды (З.Фрейд., 1989). Бұл қасиеттер адамда ерте балалық кезеңде қалыптасады.Бірінші, «оральды» даму сатысында (туғанынан 1,5 жасқа дейін) ананың баласын емізуден

(қатал, әрі тұрпайы түрде) бас тартуы баланың бойында сенімнің жоғалуы, шамадан тыс дербестік, тым жоғары белсенділікті қалыптастырса, ал ұзақ уақыт бойы емізуі (1,5 жастан да ұзақ) өте сенгіш, енжар және тәуелді тұлғаның қалыптасуына алып келеді.

Екінші, «анальды» сатысында дәретханалық дағдыларға үйрету процесінде баланы дөрекі түрде жазалау мінез-құлықтың сараңдық, ұқыптылық және нақтылық, дәлдік сияқты «анальды» қасиеттерін тудырады. Дәретханалық дағдыларға үйрету барысында ата-ананың балаға көз жұмбай қарым-қатынасы, ұқыпсыз, жомарт тіпті шығармашылық тұлғаның қалыптасуына әкелуі мүмкін.

Бала дамуының ең маңызды «фаллистік» яғни, үшінші сатысында ұлдарда «Эдип кешені» 3-тен 6 жасқа дейін, қыз балаларда «Электра кешенінің» қалыптасуы жүреді. Эдип кешені, өзіне қарсы жыныстағы адамға (анасына) деген алғашқы жыныстық құштарлығына «бөгет болғандықтан» ұл баланың өз әкесін жек көруінен байқалады.Жаңұя және әлеуметтік шарттардың символы ретіндегі әкесін қабылдамауымен байланысты заңға бағынбайтын мінез-құлық пен агрессивті мінез осыдан келіп шығады. Электра кешені (әкесіне ұмтылу және анасын жақтырмау) қыздың бойында анасы екеуінің арасындағы қарым-қатынаста алшақтықтың пайда болуын қалыптастырады.

Фрейд тұлғаның негізгі үш тұжырымдамалы жүйесін немесе сатысын бөліп көрсетеді:

1) *Ид (ол) – санасыз талаптардың (жыныстық және агрессивті) жиынтығынан тұратын жеке тұлғаның басты құрылымы. Ид қанағаттану принципіне сәйкес қызмет жасайды.*

2) *Эго (мен) – ақиқат дүние туралы білімді білдіретін, психиканың адаммен тікелей ұғынылатын танымдық және орындаушы қызметінің жиынтығы; эго – бұл идке қызмет етуге бағытталған құрылым, ол шынайылық принципіне сәйкес қызмет етеді және ид пен суперэго арасындағы өзара әрекетті реттей отырып, олардың арасындағы үздіксіз күрестің алаңы ретінде жүреді;*

3) *Супер эго – (жоғары Мен) – адам өмір сүретін ортадағы әлеуметтік нормалар, құндылықтар мен адамгершілік құндылықтарынан тұратын құрылым.*

Ид (ол) – Фрейдтің теориясындағы тұлғаның бір жағы (қыры), ол либидолық қуаттың жинақталған жері, өте қарапайым, хайуандыққа жақындататын, инстинктивті элемент; психика дамуында «меннен» бұрын

болатын генетикалық тұрғыда айқындалғандардың бәрі. «Ол» деген сөзді Фрейд, тұлғаның ішкі дүниесінде «Мен-ге белгісіз және бағынбайтын қайсыбір тылсым күштердің бар екенін көрсету үшін қолданады, мәселен «оған менің әлім келмейді, бұл менен күштірек» дегенде. «Ол» идеясын Фрейд Ницшеден алған. Ницшенің айтуынша, ол: «... адам табиғатындағы барлық өзіндігі жоқтар».

Ид – тұлғаның бастапқы жүйесі, одан екі бөлігі – Эго және Супер Эго туындап, бөлініп шығады. Ид, сонымен қатар, тұлға динамикасын тұтастай шарттайтын, психикалық энергияның алғашқы бастауы да болады. Ид тәндегі процестермен тығыз байланысты, солардан қуат алады және де «Мен» мен «Жоғары Мен-ге» қарама-қайшылықта болады. «Ол» әуестіктер қуатының «таусылмас бастауы» ретінде көрінеді. «Меннің» пайдаланатын қуаты осы ортақ бастаудан алынады да, сублимацияланған, жыныстықтан босатылған – белсенділік ретінде қолданылады.

Ид-ке кіретіннің көбісі (инстинктерді қоса), туа біткен болып табылады. Оның кейбір элементтері ығыстырылу нәтижесінде құрылады. Ид-тің мазмұны санасыз. Фрейд Ид-ті объективті болмыспен қатынассыз және тек субъективті күйзелістерді бейнелейтін болғандықтан «шынайы психикалық болмыс» деп атады.

«Ол» – ұйымдаспаған, «Мен-ге» тән ұйымдасу тәсіліне қарсы тұратын бірегей ерікті тудырмайтын «хаос». Ұйымдаспағандығы «қарама-қарсы бағытталған еліктеулердің бір-бірін жоққа шығармай және әлсіретпей қатар жүруінде» – көрінеді. Ид-тің негізінде «қанағаттану принципі (қағидасы)» жатыр, ол ауырсынудан қашу мен қанағат алуға бағытталған. Ид аздаған ішкі күштенумен сипатталатын, қандай да бір аса ыңғайлылық күйіне ұмтылады. Ағзаның күштену деңгейі жоғарылағанда не сыртқы әсерлер нәтижесінде, немесе ішкі қозушылық арқылы Ид бірден осы күштенуді жойып, ағзаны ыңғайлы энергетикалық деңгейге қайта әкелуге тырысады. Оған Ид екі түрлі тәсілмен қол жеткізеді: рефлекторлы әрекет және де «алғашқы» деп аталатын процеспен. Рефлекторлы әрекет, бұл – туа біткен түшкіру немесе жыпылықтау секілді автоматты реакция, олар бірден күштенуді жояды. Алғашқы процесс, объектінің бейнесін құрастырады, соған байланысты күштену (энергия) басқаға ауысады. Мәселен, қарны аш адамда тағамның бейнесі пайда болады. Галлюцинация, түс көрулер, аутистік ойлау, осылардың бәрі – алғашқы процестің функциясы. Осындай

тілектерді орындайтын бейнелер, Ид-ке белгілі, жалғыз шынайылық қана болып табылады. Әрине, өздігінен мұндай алғашқы процесс күштенуді, мәселен, аштықты жоюға қабілетті болмайды. Міндетті түрде, жаңа, екінші қатардағы психикалық процесс пайда болуы керек, сонымен байланысты «тұлғаның екінші жүйесі – Эго «Мен» қалыптаса бастайды. Эго («Мен»), бұл – болмысқа сәйкес келетін танымдық процестердің және де қорғаныс механизмдерінің жиынтығы. Фрейд тұжырымдамасындағы Эго – «Мен» Ид арасындағы негізгі айырмашылық, Ид тек қана ішкі болмысты білсе, Эго ішкіні де, сыртқыны да ажыратады. Эго, бұл – Ид-тің ұйымдасқан бөлігі және де ол Ид-тен күш ала отырып, соның мақсаттарына бағыну үшін пайда болады. «Мен» ішкі психиканың жалғыз көрінісі болып табылмайды. Психиканың «жарықшақтануына» байланысты оның жекеленген бөліктері көріне бастайды, мәселен, сыни инстанция мен моральдық сана, сонда «Менің» бір бөлігі екіншісіне қарсы тұрып, оны сыни тұрғыда бағалап, оны объект ретінде есептейді.

«Мен» толығымен саналы емес. «Меннің» құрамында өзін ығыстырылғандай көрсететін, яғни күшті ықпал ететін және оны түсінуге ерекше еңбекті қажет ететін, санасыздық (бейсаналық) анықталды. «Меннің» қызметтері әртүрлі: қабылдау мен қозғалысты бақылау, болмысты зерттеу, алдын алу, психикалық процестерді уақыт мезгілімен реттеу және т.б. Сонымен қатар, «Мен-ге» айқын нәрседен бас тарту, тұрақты түсінбестік, рационализация, еліктеулерден қорғаныс сияқты процесстер де тән. «Мен» тұтастай тұлға мүдделерін қорғағанымен де, оның дербестігі тек салыстырмалы түрде. «Мен» көбінесе қарама-қарсы талаптарды мәмлеге келтіретін арашашы түрінде көрінеді. «Мен», бұл – «... үш әміршінің құлы, ол үш жақтан қауіп-қатерге тап болады – коршаған болмыс, «Оның» ниеттері және де қатал «Жоғары Мен «тарапынан» әлем мен «Оның» арасындағы қатынастарды үйлестіру, «Оның» талаптарын сыртқы әлем талаптарына сәйкестендіруге – әлемді «Оның» тілектерімен сәйкестендіруге ұмтылады. «Мен» ең алдымен болмысқа бейімдеу мен реттестіру құралы ретінде көрінеді.

«Эго-ны» – тұлғаның атқарушы органы деп атайды, өйткені ол қандай инстинкт және қалай қанағаттанатынын шешеді. Осы функцияларды орындай отырып Эго-Ид, Супер-Эго және сыртқы әлемнен келетін, кейде қарама-қарсы бұйыруларды біріктіруге тырысады. Бұл Эго-ны күштенуге мәжбүр ететін, күрделі мәселе. Келеңсіз аффектіге жауап ретінде Эго қорғаныс механизмдерін ұсынады.

Супер-Эго («Жоғары-Мен») – тұлғаның ата-ана талаптары мен тыйым салулардың нәтижесінде қалыптасып, құрылатын үшінші бөлігі.

«Жоғары – Мен» (немесе «меннен жоғары») адамгершілік санасезім, өзін-өзі бақылау және идеалдарды қалыптастыруға жауапты. Бұл бөлік «Мен-нен» бөлініп шыққан, бірақ адам сынау мен кінәлау объектісіне айналғанда оған басшылық етеді. «Мен-ге» қатысты «Жоғары-Мен» сот және бақылаушы рөлін атқарады, бір мезгілде тыйым салуды да, идеалды да қамтиды. «Жоғары-Мен» санасыз әрекет етуі мүмкін. Фрейд «Жоғары – Мен-ді» екі жүйешеге: ар-ұят және Эго-идеал деп бөледі. Ар-ұят ата-ананың «тіл алмайтын мінез-құлықты» жазалауының нәтижесінде игеріледі. Ар-ұят сыни тұрғыдан өзін-өзі бағалау, моральдық тыйым салулар мен бала істеуі керек нәрсені істемегенде пайда болатын кінәсін түсінуге қабілеттілікті қамтиды. «Жоғары-Меннің» мадақтаушылық аспектісі – эго-идеал. Оның құрамына ата-ананың құптайтыны немесе жоғары бағалайтындары кіреді. Эго-идеал жоғары дербес стандартты бекітуге мүмкіндік береді.

«Жоғары-Меннің» қалыптасуы Эдип кешенінің сөне бастауымен байланысты: бала тыйым салынған тілектерді орындауынан бас тартып, өзін ата-анасымен теңдестіреді. Кейінірек «Жоғары-Мен» әлеуметтік (діни, адамгершілік) нормалармен байытылады. Фрейдтің ізбасарлары «Жоғары-Мен» қалыптасуының үш негізгі алғышарттарын бөліп көрсетеді: сыртқы денелік әрекеттер, басқа адамдармен өздерін теңдестіру арқасында жұлқынып сөйлеуді меңгеру және де ең маңыздысы өзін агрессормен теңестіру.

Ата-ана бақылауы өзін-өзі бақылаумен ауыстырылғанда «Жоғары-Мен» толық қалыптасты деп саналады. Дегенмен өзіндік бақылаудың бұл принципі шынайылық мақсаттарына қызмет етпейді. «Жоғары-Мен» Ид-тің қоғамдық импульстерін тежеуге тырысып, адамды кінәлі санайтын ойлары мен сөздерін, қылықтарын да абсолютті мінсіздікке бағыттауға ұмтылады. Қысқаша айтқанда, ол эго-ны идеалды мақсаттар шынайыдан артық деп сендіруге тырысады.

Тұлға теориясының өзінің қозғаушы күші, бастау көздері және адам белсенділігінің формалары, яғни тұлғаның динамикасы болуы керек. Фрейд моделі тұлға динамикасын екі күштердің өзара әрекеттесуі түрінде көрсетеді: итермелегіш (катексис) және тежегіш (антикатексис). Бүкіл ішкі кикілжіңдер осы екі күштің бір-біріне қарсы тұруына әкелуі мүмкін.

Фрейд ұсынған инстинктер теориясы бойынша, инстинктінің қайнар көздері мен мақсаты өмір бойында өзгермейді; тек дененің жетілуіне қатысты өзгерістері мүмкін. Ал объект, немесе қанағаттандыру құралдары өмір барысында өзгеріп отыруы мүмкін. Психикалық энергия *ауыстырылуға* қабілетті. Егерде қандай да бір объектіге қол жетпесе, онда энергия басқа объектіге жұмсалады. Объектілер ауыстырылуы мүмкін, ал инстинкт пен мақсат олай болмайды.Энергияның бір объектіден екіншіге ауысуы – тұлға динамикасының ең маңызды сипаттамасы. Ол адам табиғатының өзгергіштігі мен мінез-құлқының сан жетпейтіндей түрлілігін түсіндіреді. Шын мәнінде ересек адамның бүкіл қызығулары, таңдаулары, әдеттері, мәнерлері, инстинктивті объект – энергияның ауыстырулары болып табылады. Олардың бәрі дерлік инстинктіден туындаған.

Фрейдтің мотивация теориясы инстинктілер, бұл – адам мінез-құлқының бірегей қайнар көзі дегенге негізделген.Фрейд барлық инстинктілерді: «өмір инстинктілері» мен «өлім инстинктілері» деп екі үлкен топқа біріктіреді. Өмір инстинктілері (аштық, құмарлық, жыныстық) индивидтің және адам затының тірі қалу мақсатына қызмет етеді. Өмір инстинктерімен байланысты энергияның формасы – *либидо* деп аталады. Жыныстық инстинктіге Фрейд көбірек көңіл бөледі.

Өлім инстинктілері («танатос») немесе қиратушы инстинктілер адамның ажалдылығына негізделген. Агрессивтілік – сырт жаққа және ауыстыратын объектілерге бағытталған өзін-өзі күйрету, өлім инстинктісінің туындысы болып табылады. 1914-1918 ж.ж. соғыс Фрейдтің, агрессияда – жыныстық сияқты маңызды мотив екеніне сенуіне ықпал етті.

Тұлға динамикасы Ид, Эго және Супер Эго тарапынан психикалық энергияны бөлісу және пайдалану тәсілдерімен анықталады. Энергияның жалпы мөлшері шектеулі болғандықтан, бұл үш жүйе өзара бәсекелестікте болады. Бір жүйе күшейгенде, қалған екеуі әлсірейді.Он жасқа дейінгі кезеңде энергия бір жүйеден екіншісіне жиі ауысады. Осындай ауысулар тұлғаны динамикалық жағдайда ұстайды.Эго-ның өзіне тән иемденген қайнар көздері жоқ, ол энергияны Ид-тен иемденеді. Бұл процесс теңдестіру, бірдейленудің (идентификация) көмегімен іске асырылады. Бірдейлену дегеніміз – ішкі бейне мен сыртқы болмысты теңдестіру. Идентификация нәтижесінде энергия Ид-тің субъективті психикалық процестерінен аулақтап, Эго-ның объективті, логикалық процестеріне ауысады. Идентификацияның әсерінен алғашқы процесс

екіншісімен ауыстырылады. Екінші процесс ширығуды анағұрлым тиімділеу алып тастайтындықтан, Эго бірте-бірте психикалық энергияны өзі ғана меншіктене бастайды. Дегенмен инстинктілерді қанағаттандыруда Эго сәтсіздікке ұшыраса, билікті Ид иеленеді.Эго энергияны түрліше қолданады. Энергияның бір бөлігі қабылдау, ес, ойлау процестерін неғұрлым жоғары деңгейге өткізуге жұмсалса, екінші бір бөлігі Ид-тің импульсивті иррационалды белсенділігін ауыздықтауға жұмсалады. Және де Эго атқарушы орган ретінде энергияны тұлғаның үш жүйесін біріктіру, ортамен өзара әрекетті тиімді етуге қажетті ішкі үйлесімді жасауға пайдаланады.

Идентификация механизмі Супер Эго-ны да энергиямен қамтамасыз етеді. Оның Ид энергиясының таусылмас көзіне бас ұруы, баланың өзін ата-анасымен идентификациялауымен байланысты, ал баланың қажеттіліктерін қанағаттандыруының өзі де дәл соған тәуелді. Ата-ана идеалдары баланың эго-идеалына, ал тыйым салулары ар-ұятына айналады.

Супер Эго-ның қызметі әрдайым болмаса да, көбінесе Ид импульстеріне қарсы бағытталған.

Тұлғаны даналықпен басқару үшін Эго, Ид пен Супер Эго-ны бақылауы қажет және оның сыртқы әлеммен қатынас жасауы үшін де жеткілікті энергиясы қалуы керек. Егер Ид-тің энергияны бақылауы басымдау болса, адамның мінез-құлқы импульсивті және қарапайым болады. Ал енді Супер Эго бақылауы көбірек болса, онда мінез-құлық болмыс емес, моральдық тыйымдармен реттеледі.

Тұлғаның динамикасы, көбінесе қажеттіліктерді қанағаттандыруға қызмет ететін, сыртқы әлеммен өзара әрекетімен анықталады. Бірақ сыртқы әлемде қауіп-қатер де бар. Ол ауырсындырып ширықтыруы да мүмкін. Индивидтің өзі жеңе алмайтын қатерге деген әдеттегі реакциясы қорқыныш болып табылады. Бақылай алмайтын, стимуляциямен басылған Эго мазасыздыққа толады. Мазасыздық – ширығу жағдайы, ол аштық немесе жыныстық құштарлық сияқты, бірақ ол ішкі әлемде емес, сыртқы себептермен байланысты болады. Жоғарылай түскен мазасыздық адамды әрекетке итермелейді. Ол қауіпті жерден кетуі, импульсті тоқтатуы, ар-ұятқа жүгінуі мүмкін. Мазасыздық функциясы Эго-ны жақындап қалған қауіп-қатерден сақтандыру. Фрейд мазасыздықтың үш түрін бөліп қарастырады: нақты, неврозды және моральды немесе кінә сезімі. Негізгі түрі – сыртқы әлемнің нақты

қатерлерінен қорқыныш, яғни нақты мазасыздық. Неврозды мазасыздық инстинкт бақылаудан шығып, адамды жазалауға дейін апаратын бір нәрсе жасатуға итермелеу қорқынышы. Неврозды мазасыздық, бұл – әлеумет қабылдамайтын елігулерді қанағаттандырғаннан кейінгі жазалану қорқынышы. Моральды мазасыздық – ар-ұят қорқынышы. Жақсы дамытылған Супер Эго-сы бар адамдар, моральдық тыйымдарға қарсы қандай да бір нәрсені жасағанда өздерін кінәлі сезінеді. Тіпті ол туралы ойлағанда да олар мазасызданады.

Рационалды түрде жеңе алмайтын қорқыныш – жарақатты деп аталады. Ол адамды дәрменсіздік жағдайына әкеледі. Мазасыздықтың бір формасы – туу жарақаты. Жаңа туған нәрестеге сыртқы әлем қорқынышты ,ол әлі де болса бейімделе алмайтын және оған дайын емес стимулдарды ұсынады. Егерде Эго мазасыздықты жеңе алмаса, ол қорғаныс механизмдеріне жүгінуге мәжбүр болады.

Эго-ның қорғаныс механизмдері, бұл – шектен тыс шыдатпайтын мазасыздықты төмендету үшін Эго қабылдауға мәжбүр болатын арнайы тәсілдері.Қорғаныс механизмдеріне – ығыстыру, проекция, реакцияны қалыптастыру, фиксация, регрессия және т.б. жатады. Осы механизмдердің барлығында екі ортақ сипаттама бар: 1) олар болмысты жоққа шығарады немесе бұрмалайды; 2) олар санасыз түрде әрекет етеді.

Ығыстыру – санадан күйзелетін бейнелер, еске түсірулер мен сезімдерді Ид аумағына ауыстыру. Ығыстырылған мазмұн адамның қалыпты психикалық және физикалық қызметін бұзуы мүмкін.

Проекция – индивидиуумның өзінің қолайсыз ойлары, сезімдері мен қылықтарын басқаларға немесе қоршағандарға телуі. Мәселен, адам теріс күйзелістерден қорғану үшін оны басқаларға телиді. «Мен оны «жек көремін» деудің орнына «ол мені жек көреді» немесе «ар-ұятым жібермейді» деудің орнына «Ол менің, соңыма түсті» дейді.

Реактивті құрылым, бұл – санадағы күйзелтетін сезім немесе құштарлықтан туған мазасызданды қарама-қарсы күйзеліспен алмастыру. Мәселен, шектен тыс жеккөрушілік сүйіспеншілікпен алмастырылады (бүркемеленеді). Реактивті сезімдердің шынайыдан ерекшелігі, олардың төтенше формада болуы: олар экстравагантты, өздерін көрсетуге даяр. Реактивті құрылым мысалы, анасы баланы шектен тыс жақсы көріп, назар аударғанда болуы мүмкін. Бұл қорғаныс механизмі дамудың ерте кезеңдерінде болады.

Регрессия – тұлғаның жарақатты күйзеліс салдарынан дамудың ертерек кезеңіне оралуы. Адам осыдан бұрын бекітілген кезеңіне кері кетуге бейім. Қорыққан ересектің инфантильді (балаға тән) мінез-құлқы регрессияның көрінуі.

Фрейдтің тұлға теориясында қомақты орын алатын ерте балалық шақ кезеңі. Оның ойынша бес жастың аяғына таман адам тұлғасының қалыптасуы тамамдалып, кейінгі өсу тек соларды өзгерту болып табылады. Фрейд «бала – ересектің әкесі» деп сенген.Тұлға төрт негізгі бастау кезеңдерінен дамиды: 1) физиологиялық өсу; 2) фрустрациялар; 3) қақтығыстар және 4) қауіп-қатерлер. Осы процестердің барлығына күйзелістердің дамуы тән. Тұлғаның дамуы күйзелістерді редукциялаудың (ауыздықтау) жаңа тәсілдерін меңгерудің нәтижесі болып табылады. Күйзелулерді ауыздықтаудың негізгі тәсілдері, яғни даму механизмдері – идентификация (теңдестіру) және ығыстыру. Теңдестірілу тұлға дамуының механизмі ретінде басқа адамның кейбір қасиеттерін қабылдап өз тұлғасының бір бөлігіне айналдыруы болып табылады. Үлгі ретінде неғұрлым табысты адамдар алынады. Бала, ата-аналары өзіне аса құдіретті көрінгендіктен өзін солармен теңдестіреді. Әрбір жас кезеңінің өзіне тән теңдестірушілік фигуралары бар. Қиялдағы кейіпкерлер, топтар, идея және заттармен де теңдестірілуге болады. Тіпті өмірден өткен адамдар да теңдестіру нысаны бола алады. Ата-аналары бас тартқан балалар сүйіспеншілігін қайтару үмітімен өздерін солармен теңдестіруге бейім болады. Қорқыныштың әсерінен теңдестірілу де мүмкін. Бала ата-анасының жазалауынан құтылу үшін олардың тыйым салуларымен теңдестіріледі. Теңдестірілудің осы түрі – Супер Эго қалыптасуының негізі болып табылады. Көбінесе теңдестірілу санасыз түрде болып, түрлі сынаулар мен қателіктер арқылы іске асырылады. Нәтижелік көрсеткіші күйзелістің әлсіреуі болып саналады.

Жылжыту (ығыстыру) – тұлға дамуының екінші механизмі – қажеттілікті қанағаттандыратын, бірақ қандай да бір себептермен қол жеткізбейтін объектіні ауыстыру. Күйзелісті жоятын объект табылғанша осы процесс жалғаса береді.Осындай жылжулар сериясы, инстинкттің бастау көздері мен мақсаты емес, тек объект өзгергенімен де, тұлға дамуына әкеледі. Орнын басатын объектінің күйзелісті төмендетуі нағыз объектінің өзіндей болмайды, сондықтан бірнеше жылжулардан соң күйзелістер жинақталып мінез-құлықты тұрақты түрде мотивациялайтын фактор ретінде болады. Адам неғұрлым күйзелісті жоққа шығарудың

жаңа және жақсы тәсілдерін іздестіреді. Егделенген сайын инстинкт, Эго және Супер Эго арасында қандай да бір тұрақтылық, ымыраға келушілік орын ала түседі. Жоғары мәдени жетістіктерге жетелейтін жылжуды *сублимация* деп атайды.

Фрейд көркемөнерлік, шығармашылық, ғылыми жетістіктер және бірлікке ұмтылуды сублимациямен түсіндірді. Сублимация толық қанағаттануға әкелмейді, сондықтан қандай да бір қалдық күйзеліс орын алады. Олар – жетістікке қол жеткізудің «ақысы» ретіндегі беймазалық немесе тыныштсыздық түрінде көрінеді. Объектілерді ауыстыруға қабілеттілік, бұл – тұлға дамуының ең күшті механизмі. Ересектің қызығулары, құндылықтары және бауырмашылдығының бүкіл жүйесі жылжудың арқасында қалыптасады. Егерде адамда осы механизм болмаса, оған рефлексті әсер ететін факторлар шегінен шықпас еді. Қоғам жылжулардың біреуін мадақтап, енді бірін жазғырып оларды басқаруға тырысады.

Тұлғаның дамуы бірнеше кезеңдерге бөлінеді. Өмірінің алғашқы 5 жылында бала 3 кезеңнен өтеді, сонан соң бес-алты жылға созылатын латентті (неғұрлым тұрақты) кезең болады. Жасөспірімдік кезеңде динамикасының өсуі, ал неғұрлым егделену барысында төмендеуі байқалады.

Шамамен бір жылға созылатын бірінші кезеңде дамудың қайнар көзі ауыз маңайымен байланысты. Бұл оральды кезең.

Екіншісі – анальды, екі жастағы кезең, одан кейінгісі фалликалық. Осы үшеуі де прегенитальды деп аталады. Біршама тыныш уақыттан кейін генитальды деген кезең басталады.

Адамның мінезін даму кезеңдерімен байланыстырып анықтайды. Психоаналитиктердің айтуынша, мінез-құлық дегеніміз – бұл эго-ның сыртқы әлем, Ид және Супер Эго-ға бейімделу тәсілі және де осы тәсілдер жиынтығының ерекше типі. Мінездің калыптасуына аса зор әсер ететін қоршаған әлем. Сонымен қатар оған СуперЭго-да өз үлесін қосады. Мінездің қандай да бір тұрақтылығы үш құрамдас бөліктермен: Эго-ның тұқымқуалаушылық бөлігі және инстинктердің табиғатымен, ал негізгісі, қоршаған әлем қысымына байланысты арнаулы бағдарға негізделгенімен анықталады.

Фрейд бойынша, адамның көптеген қасиеттері дамудың бір сатысының бекітілуімен байланысты. Бекітілу (аялдау) белгілі кезеңге сәйкесті қақтығыстың шешілмеуінің салдары. Мінездің кейбір қасиеттері

баланың ерте даму шағында байқалғандарының жалғасы болып табылады.

Психоанализдік әдебиетте мінездің төрт типін – оральды, анальды, фалликалық және генитальды типін суреттеу өте жиі кездеседі.

Ид, эго және суперэго либидо көлемінің шектеулі болуына байланысты психикалық энергия үшін үнемі күресте (талас-тартыста) болады. Қатты шиеленістер адамды психологиялық күрделі мәселелер мен ауруларға ұшыратуы мүмкін. Осы шиеленістердің күштенуін жою үшін жеке адам санадан тыс қызмет ететін және мінез-құлық түрткілерінің шынайы мазмұнын жасырып тұратын арнайы «қорғаныс механизмдерін» жасап шығарады. Қорғаныс механизмдері тұлғаның біртұтас қасиеттері болып келеді. Олардың ішіндегі кейбіреулері жоғарыда көрсетілгендей, мыналар: ығыстыру (қиналыс тудыратын ойлар мен сезімдерді сананың астына ауыстыру); проекция (өзінің кемшіліктері мен мүлт кету, оларға жүктейтін, тиімсіз ойлары мен сезімдерін басқа адамдарға жаза салу); орнын баса тұру (өте қауіп төндіретін объектіден аз қауіп төндіретін объектіге агрессияның бағытын өзгертеді); реактивті құрылым (тиімсіз талаптарды) басу және мінез-құлықта оларды қарама-қарсы талаптармен алмастыру; сублимация (бейімделу мақсатында қолайсыз жыныстық және агрессивті талаптануды мінез-құлықтың әлеуметті қолайлы түрімен алмастыру).

Әр адамда өзінің балалық шағында қалыптасқан қорғаныс механизмдерінің жинағы болады.

Соған орай, психодинамикалық теория шегі бойынша, тұлға, бір жағынан: жыныстық және агрессивті түрткілердің жүйесі, екіншіден, қорғаныс механизмдерінің жүйесі болып шығады. Ал, тұлғаның құрылымы арнайы қасиеттер, арнайы бірлестіктердің (сатылардың) және қорғаныс механизмдерінің әртүрлі дара арақатынасын білдіреді.

Фрейдтің адам және қоғам жайлы пікірлері

Фрейд өзінің ғылыми еңбектері мен ой-пікірлері қоғамдық ахуалдарға қатыссыз дегенімен де психоанализдік теорияда Еуропадағы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қоғамдық ой-пікірлер көрініс тапты. Фрейдтің теориясы викториандық дәуірдегі адамдардың орта және жоғары топтағы өкілдерінің өмірін бақылау нәтижесінде пайда болды.

Адам жайлы психоаналитикалық ілімнің басты назар аударатын тұсы ол, «адам-қуат» жүйесінің көзі деп тануында. Адамды – бойында қуаты еркін ағында болатын, не белгілі ізбен жүретін, немесе бөгеттердегі судай тежелген күйдегі деп айырады. Қуат мөлшері шектеулі болады, егер, белгілі бір бағытқа көп мөлшерде жұмсалса, екінші бағытқа аз қалады деп саналады. Осы қуат үлгісінің адам табиғатына әсері қанша деген сауалға тоқталсақ: сол кездегі қуат динамикасын ашып, ғалымдар назары сонда ауған болатын. Мысалы: XIX ғасырдың физигі Гельмгольцтың пайымдауынша, энергияның сақталу заңы – материя мен энергия жоғалып кетпейді, бір күйден еекінші күйге ауысады. Тек физиктер ғана емес өзге ғылымдардың өкілдері де белгілі бір жүйедегі энергияның өзгерісінің күйімен шұғылдана бастады. Біз медициналық мектепте оқып жүрген шағында Фрейдке физиолог Брюккенің зор ықпалы болғанын айтқан болатынбыз.Брюкке адам – энергиясының сақталу заңына негізделген қозғалыс күйі арқылы әрекет жасайды деп көрсеткен, Брюккенің осы пікірі Фрейдтің мінез-құлықтың психологиялық зерттеулеріне түрткі болды. Энергетика және динамика ғасыры ғалымдардың адам жайлы жаңа тұжырымдамалар жасауына негіз болды.

Мотивтендірілген кездейсоқтықтар

(санасыз әрекеттер)

Психоаналитикалық теория өз арнасын адамның мінез-құлқын мотивтендіру теориясынан бастайды. Психоанализдік теория тұрғысынан қарағанда біздің әрекетіміздің көпшілігі жан-жақты болатын санасыз ықпалдар нәтижесінде туындайды. Егер ойымызды саналы түрде талдасақ, бұл бізге ауыртпалық, не жайсыздық әкеледі. Мысалы: өткен өмірдегі ауыртпалықты еске алсақ бұл көңілімізді алай-дүлей етер еді. Осылайша, біздер өзімізді орынсыз қобалжытпас үшін саналы түрде ауыр естеліктерді ойға алмауға тырысамыз. Алайда бұл келеңсіздіктер ұқсас жайттар болғанда, кездейсоқ қабылдау кезінде ойға түсуі мүмкін, психоанализ – осындай кездейсоқ құбылыстарды зерттеуге бағытталады.

Релевантты психоаналитикалық зерттеулер

Кездейсоқтықтарды ешқашан алдын ала болжай алмаймыз. Кездейсоқ санасыз құбылыстар тұжырымдамасы жайлы айтқанда нелерді негізге алуға болады? Фрейдтің бақылауларын мысал ретінде

алып көрелік. Кездейсоқ ықпал әсерін Фрейд гипноздық феномен әсерін бақылау барысында байқады. Гипноздық күш адамдарға күнделікті өмірде мүлде ескермейтін, ұмыт болған жағдаяттарды еске түсіруге әсер ететіні белгілі, сонымен қатар гипноз барысындағы әрекетін адам белгілі ықпал күшімен емес, өз еркіммен саналы түрде әсерленіп әрекет жасадым деп ойлайды.

Фрейд гипноз әдісінен бас тартып, өз терапевтік тәжірибесін жалғастырған кезде, емделушілердің өткен өміріндегі ұмыт болуға арналған жағдайларды да еске алатындығын байқады. Бұл жағдайлар өте терең эмоциялар күйінде өткен, яғни емделуші әлдебір оқиғаны еске алған кезде еңіреп ашу-ызаға бұрылып, тіпті талып қалатын да жағдайлар болған. Міне, осындай терең күйзеліс қалпындағы емделушілерді бақылай отырып, Фрейд санасыз кездейсоқтың біздің ойымыз бен тілектерімізді жоғалтпай, есімізден, жадымыздан шығармай «сақтап» тұратыны жайлы ойды айтты. Ал осы бақылаулар тәжірибеде қалай дәлелденген деген пікірге келсек, XX ғасырдың 60-70 жылдары, бірқатар эксперименттік зерттеулер жүргізіліп, санасыз түрде қабылдау процесі бақыланды. Адам беймәлім зат жайлы білмесе де, алдын ала сезеді ме? Мысалы, зерттеушілерді екі топшаға бөліп, мынандай тапсырмалар берілді. Бірінші топқа – контуры ағаш бұтақтарымен жабылған үйрек бейнесі бар сурет көрсетіледі, ал екінші топқа – үйрек бейнесі жоқ, бірақ осыған ұқсас сурет жоғары шапшаңдықпен сырғымалы түрде көрсетіледі. Көрсеткен соң зерттелушілерден ойша елестету арқылы не көргендері сұралады. Көпшілігіне үйректі көрсетсе де (үйрек, су, құстар, қауырсын сияқты) суреттен үйрек бейнесін көрдік деп ешкім айтқан жоқ, тіпті суретті қайтадан көрсеткен кезде де үйректі ажырата алмайды. Сонымен, ықпал етуші бейне саналы түрде қабылданбаса да, бәрібір ойлану мен қиялдауға әсерін тигізеді деп айтуға болар ма екен?

Адамдардың ықпал етуші күштерді байқамай тұрып та оны қабылдауын психодинамикалық, не мотивациялық күштердің ықпалының нәтижесі деп айтуға болмайды. Ал, бұл күштер әсер ететіндігі жайлы не айтуға болады? Бұл жерде зерттеудегі екі релеванттық бағытты атап кетуге болады. Алғашқы зерттелетін құбылыс:перцептивтік қорғаныш деп аталады. Тахистоскоп арқылы зерттелушілерге 2 топшаға бөліп сөздер көрсетіледі. Бірінші топшада –бейтарап сөздер – алма, би, сәби, ал екінші топшада – эмоционалды сезім тудыратын – зорлау, сайқал, жыныс мүшесі сөздері көрсетіледі. Сөздер алдында тез-тез көрсетіледі.

Зерттелушілер бейтарап сөздерден гөрі әсерлендіретін сөздерді мұқият оқып, көңіл бөлгені байқалады. Сонымен, негізінен эмоционалды әсер етуші ықпал санаға әсер ететіндігі байқалады.

Келесі зерттелетін құбылыс табалдырық асты психодинамикалық активация деп аталады. Бұл зерттеулерде санасыз түрдегі тілектерге түрткі, қозғау салу мақсат етіп алынады. Эксперимент барысында, әдеттегідей, тахистоскоп қолданылады, зерттелушілерге тілек, армандауға қатысты қозғаушы материал ұсынылып, тиімді нәтиже күтіледі. «Мен анамды жоғалтуым мүмкін» деген сөз оны жадыратпасы сөзсіз. Зерттеу барысында Сильверман және оның әріптестері эксперимент барысында табалдырық асты психодинамикалық активация нәтижесіне қол жеткізуге болатындығын анықтаған.

Кездейсоқтық (санасыз әрекет) ұғымының бүгінгі кейпі

Мотивтендірілген кездейсоқтық ұғымына психоаналитикалық теорияда аса маңызды мән беріледі. Бүгінде аналитик болсын, болмасын барлық психологтар дерлік санаға бағынышсыз процестердің біздің зейініміз бен сезімімізге ырықсыз түрде әсер ететіндігіне келіседі дей аламыз. Психоаналитика теориясының көшіне ілеспесе де кездейсоқ салдарлар себебін зерттеуші танымал ғалым Джокоби осы турасындағы өз ой-пікірін былайша түйіндейді: « Кәдуілгі адамдар үшін біздің пікіріміз оғаш көрінуі де мүмкін, алайда кездейсоқ себеп-салдарлар біздің көп әрекетімізге тікелей әсер етеді. Әдетте біз алдымен саналы түрде белгілі жоспарды құрып, соған орай әрекет етеміз деп жатамыз, дегенмен, кездейсоқ салдарлар әсерінен біз көбіне санасыз әрекет жасап аламыз да, кейін оны түсіндіру үшін ақталуға себеп ойлап табамыз».

Психоанализді талдау

Психоанализді тұлғаны зерттеуші теория тұрғысынан қарастыра отырып, ондағы көптеген компоненттердің жекелеген маңызына тоқталмай кетуге болмайды. Психоанализ күрделі теория, ондағы ұғымдар біржақты ғана мазмұнды құрамайды. Мысалы: тұлғаның қалыптасуын ерте бастан тәжірибе жүргізе отырып бақылау маңызды болып табылады. Психоанализді сонымен қатар терапевтік әдіс деп шеңберін тарылтуға да болмайды.

Психоанализдің басты ерекшеліктері.

Психоанализ теориясының тұлға теориясы ретіндегі маңыздылығы бар ма? – деген сауал қойсақ, әрине, бар. Фрейд өз теориясы арқылы

психологияға қомақты үлес қосты. Психоанализ арқылы көптеген жаңашыл техникалар еркін ассоциация, түс жору, т.б. енді. Тұлғаның психодиагностикасына арналған арнаулы тесттер жүйесі жасалынып жүргізілді. Әсіресе психоанализдің басты екі маңызына тоқталған жөн:

Біріншіден,психоанализ жаңа феномендерді ашып, оны зерттеуде өзіндік маңызға ие болды.

Клиникалық практикадағы Фрейдтің бақылау үлгісіне қарап, адам мінез-құлқының басты сипатын аңғара аламыз. Фрейд ұсынған бақылау жүйесінің ерекшелігі, ол бақылау кезінде адамның мінез-құлқындағы елеусіз жайттарға шейін ескеріп, үлкен маңыз берді. Екіншіден, теорияның көлемі ұлан-ғайыр болғанымен, Фрейд адамның жан-табиғатын түгел алып қарастырған жоқ.

Теорияның әлсіз тұстары.

Фрейдтің ғылымда орны бар үлкен ғалым екендігін теріске шығару әбестік болар еді, алайда, психоанализдің ғылымилығы және адам жайлы психоаналитикалық ұғым мәселелері әлде де талас пікірлер тудырады.

Психологиялық талдау тарихына зер салсақ, көбіне антагонистік бағыттағы мектептер мен топтардың ой-пікірлерінің басым болғандығын байқаймыз. Фрейд бірқатар психоаналитикалық теориялардың қырларын жан-жақты қарастырды, сонымен қатар оның пікірлері мен көзқарастарын қабылдап, жолын жалғастырушылар да болды.

Психоанализді, кей жағдайда, діни немесе саяси қозғалыс сипатында болды деп те айтуға болады. Бұл дәстүрді ұстанушылар қатарында негізінен шынайы нанымдағылар болды, ал негізгі принциптерден бас тартқандар қозғалыс қатарынан шеттетілді, бұл жүйе Фрейдтің кезінде, кейін ол көз жұмғасын да осылайша қалыптасты. Мысалы, Эрик Эриксон сынды теоретикті дәстүрлі аналитиктердің көпшілігі жоғары бағаласа, ал кейбір психоанализдің көрнекі өкілдері оның ой-пікірлерін жоққа шығарады. Көп жағдайда, белгілі бір ғалымның еңбегінің қай тұсы бағаланатыны түсініксіз болып жатады. Дегенмен, Фрейдтік психоанализ ұстанымындағы теоретиктен, ең алдымен, мына ұғымдардағы пікір бірлігі: жыныстық және агрессиялық инстинктер, санаға бағынышсыз даму кезеңдері сияқты ұғымдарды анықтаудағы бірлік талап етіледі.

Ал, төменде аты аталатын аналитиктер бұл ұғымдарды өзге де қырларынан зерттеп, жалпы адам табиғатын түсінуде қалыптасқан ұғымдардан мүлдем тысқары тұрғыда қарастырды.

Фрейдтен қол үзген алғашқы аналитиктердің қатарында Альфред Адлер мен Карл Г.Юнгты атауға болады. Олар Фрейдтің теориясынан бас тарта отырып, өздерінің теориялық мектептерін құрды.

Бастапқыда, олар Фрейд тілімен насихаттаушылардың алдыңғы қатарынан бой көрсетті, Адлер – Венадағы психоанализ қоғамының президенті, ал Юнг – Халықаралық психоаналитика қоғамының президенті болды. Олардың Фрейд ілімінен бас тартуының басты себебі, оның теориясында жыныстық инстинктерге жөнсіз, шамадан тыс көңіл аударылған деп санауында еді.

Альфред Адлер он жылға жуық Венадағы психоаналитика орталығының белсенді мүшесі болды. 1911 ж. ол өзінің жеке көзқарастары жайлы баяндау барысында қоғамның өзге мүшелерінің қарсы пікірлеріне тап болып, қоғамнан мүлде қол үзді, сөйтіп өзінің дербес психология мектебін құрды. Оның көзқарастары психоаналитиктердің дәстүрлі ұғымдарына кереғар болған. Адлердің теориясының басты бағыттары қандай еді? – деген заңды сауал туындауы сөзсіз. Әрине, біз Адлердің барлық теориясын жан-жақты талдамаймыз, дегенмен психоаналистік теориядан мүлде өзге бағыттағы пікірлеріне тоқталып өтеміз.

Фрейдтік ағымға мүлде сәйкес келмейтін пікір түрлері, бұлар: инстинктік жыныстық бітістер, әлеуметтік ортаға сай бейімделу және таным. Адлер ерте кезден бастап-ақ дене кемістігі бар адамдардағы даму ерекшеліктері, құбылыстарына айрықша көңіл бөлді. Егер, адамның белгілі бір дене мүшесі қалыптағыдай дамымаса не ауытқушылық болса, адам бүкіл сана-түйсігін осы өз бойындағы олқылықтың орнын толтырып, оны өзгелерге байқатпауға тырысады немесе басқа бір сезім мүшесіне ерекше зер салып, әлгі олқы мүше қызметінің орнын толтырғандай болады. Мысалы: бала кезінде тілінің кекештігі бар адам есейе келе көркемсөз шебері, шешен болуға талаптануы мүмкін, ал көзінде мүкістігі бар адам, ең әлсіз дыбыстарды да ажырата білу қабілетін меңгеруі мүмкін. Адлер бастапқыда адам бойындағы дене кемістігін ғана зерттеумен шектелсе, кейін өзін мүгедек сезіну және оның орнын толтыру сезімдерінің психологиясын зерттеуге ден қойды. Адлер бұл сезімдерді мүгедек адамдардың өмірлік қағидасы тұрғысында қарастырып, олардың тұлғаларының бастапқы көрінісі ретінде зерттеді. Бұл ұғымдарды биологиялық тұрғыда емес, әлеуметтік тұрғыда қарастыруға көңіл бөлді.

Адлер өз теориясында жеке адамның үстемдікке деген, билік жүргізуге деген ынтасы жайлы, әлеуметтік қызығушылықтары жайлы мәселелерді жан-жақты зерттеді. Сонымен қатар, адамның өзіне бағытталған сезімдерге деген әрекеті, мақсатқа жетуге бағытталған әрекеттері, психологиялық дамуға өмірге келу кезегінің әсері сияқты құбылыстарды зерттеді. Әсіресе, осы соңғы құбылыстар жайлы психологтар арасында мынадай тенденция қалыптасты: отбасындағы тұңғыш ұл, не жалғыз ұлдар жасы кіші ұлдарға қарағанда өмірде, қызметте үлкен жетістіктер мен табыстарға қол жеткізеді.

Мысалы, 23 американдық астронавтардың 21-і отбасында тұңғыш, не жалғыз ұл екен. Адлердің идеяларының көпшілігі қоғамдық таным деңгейінде бағаланып, кейінгі буын теоретиктердің пікірлерінде ескеріліп жатса да, ол құрған тұлға психологиясын жан-жақты зерттеу мектебі, жалпы жеке адамның табиғатын зерттеуі және оның теориясы айтарлықтай үлес қосты деп айта алмаймыз.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. *З.Фрейдтің пікірінше тұлға дамуының психодинамикалық теориясының негізгі қайнар көзі неде?*

2. *Ол, МЕН және жоғары МЕН ұғымдарына түсінік беріңіз.*

3. *Бала дамуындағы «оральды», «анальды», «фаллистік» сатыларына талдау жасаңыз.*

4. *Психоанализдің басты ерекшеліктері қандай және теорияның әлсіз тұстарын көрсетіңіз.*

2.2. Тұлғаның аналитикалық теориясы

Түп-тамырында ортақтықтың көп болуына қатысты, тұлғаның аналитикалық теориясы классикалық психоанализ теориясына жақындау. Осы бағыттың көптеген өкілдері З. Фрейдтің шәкірттері болған. Алайда, аналитикалық теория классикалық психоанализдің дамуындағы жаңа, әрі жақсы жетілген сатысы екенін айтпай кетуіміз дұрыс болмайды. Бұл жаңа теориялық жағдайлар қатарына негізделген сапалы жаңа ықпал. Осы бағыттың өте көрнекті өкілі швейцар зерттеушісі К.Юнг болып табылады (1875-1961).

Юнг тұлға дамуындағы негізгі қайнар көздер туа біткен психологиялық факторлар деп есептейді. Адам өз ата-анасынан тұқым

қуалау бойынша дайын алғашқы идеялар (ойлар) – «архетиптерді» алады. Кейбір, архетиптер өте әмбебап болады, мәселен, барлық халықтарға тән Құдай, қайырымдылық пен зұлымдық идеялары. Бірақ, бұлардан басқа да мәдени-дара-ерекше архетиптер де болады. Юнг архетиптер түс көруде, қиялда бейнеленеді және көркемөнер, көркем әдебиет, архитектура (сәулет өнері) мен дінде қолданылатын белгілер түрінде жиі кездеседі деп шамалайды. (Юнг К., 1994).

Әрбір адам өмірінің мағынасы – туа біткен архетиптерді нақты мазмұнмен толықтыру.

Юнгтің ойынша тұлға өмір бойына қалыптасады. Тұлғаның құрылымында барлық туа біткен архетиптердің жиынтығы болып келетін «ұжымдық бейсаналылықты» құрап тұратын санадан тыс негізгі бөлігі басымдық көрсетеді. Тұлғаның ырық бостандығы шектелген. Адамның мінез-құлқы оның туа біткен архетиптеріне немесе ұжымдық бейсаналылыққа бағынышты болады. Осы теория шеңбері аумағында адамның ішкі әлемі толықтай субъективті. Өз әлемін тұлға түс көрулер және мәдениет пен өнер белгілеріне қатысты аша алады. Тұлғаның шынайы мазмұны бақылаушының көзінен жасырын болады, тұлғаның негізгі элементтері – сол адамның жүзеге асырған арнайы архетиптерінің психологиялық қасиеттері болып саналады. Бұл қасиеттерді мінездің белгілері деп те атайды (Юнг К., 1994). Мысалы, «персона» (маска, бет-перде – архетипінің қасиеті, бұл – өзіміз сыртқа байқататын психологиялық сипаттамалар мен рөлдер; ал «көлеңке» архетипінің қасиеті, бұл – басқа адамдардан жасыратын біздің шынайы психологиялық сезімдеріміз; «анимус» (рух) архетипінің қасиеті – қайратты, қатал, батыл болу, қорғау, күзету, т.б. болып табылса, «анима» архетипінің қасиеті (жан) – нәзіктік, жұмсақтық, қамқоршылық.

Аналитикалық үлгіде тұлғаның негізгі үш тұжырымдамалы бөлігін немесе аймағын (сферасын) бөліп қарастырады:

1. *Ұжымдық бейсаналылық* – адам психикасында мұраланған архетиптер ретінде ұсынылатын адамзаттың бүкіл мәдени-тарихи тәжірибесі шоғырланған тұлғаның негізгі құрылымы.

2. *Дара бейсаналылық* – санадан ығыстырылған эмоциямен айшықталған ойлар мен сезімдер немесе «кешендердің» жиынтығы. Кешеннің мысалы ретінде «билік кешенін» алуға болады. Адам өзі оны саналы түрде ұғынбаса да өзінің бүкіл психикалық энергиясын билікпен тікелей немесе жанамалы түрде байланысты іс-әрекетке жұмсауы.

3. *Дара саналылық* – өзіндік сана-сезімнің негізі және өзіміздің саналы іс-әрекеттерімізді реттеуге көмектесетін ойлар, сезімдер, еске түсірулер мен түйсінулерді қосып алатын құрылым. Сол арқылы біз өзімізді де ұғына аламыз.

«Өзіндік» (самость) архетипінің әрекеті есебінен тұлғаның тұтастығына қол жеткізуге болады. Бұл архетиптің басты мақсаты – адамның жеке дараланууы («индивидуация») немесе ұжымдық бейсаналылықтан шығуы. Бұл «өзіндік» (самость) архетипі адам психикасындағы барлық құрылымдарды біртұтастыққа ұйымдастырып, үйлестіреді, интегралдап әрбір жеке адам өмірін қайталанбастай және бірегей етіп құрады. Өзіндікте осындай интеграцияның екі тәсілі, екі бағдары бар:

– экстраверсия – туа біткен архетиптерді сырттан келетін мәліметтермен толтыру бағдары (объектіге бағытталу);

– интроверсия – ішкі әлем, өз күйзелістеріне бағдарлау (субъектіге).

Әрбір адам бір мезетте экстраверт те, интроверт те. Алайда, олардың көрініу дәрежелері әртүрлі болуы мүмкін.

Сонымен қатар, Юнг ақпаратты өңдеудің 4 тармағын бөліп көрсетті: ойшыл, сезімтал, сезінуші және интуитивті. Олардың біреуінің басымдау болуы адамның экстроверттік немесе интроверттік бағдарлануына өзіндік ерекшелік береді. Соған орай, Юнгтің типологиясынан тұлғаның 8 типтік тармағын бөліп алуға болады. Мысал ретінде тұлға типінің екі түрінің сипаттамасын келтіреміз:

1. *Ойшыл-экстраверт* – сыртқы әлемді зерттеуге шоғырланған, құнтты, деректер алуға қызығушылығы мол, логикалы, жақсы ғалым.

2. *Ойшыл-интроверт* – өз ойларын түсінуге ұмтылады, парасатты, философиялық мәселелермен айналысады, тыныштық таппай, өз өмірінің мәнін іздестіреді, басқа адамдардан өзін алшақ ұстайды.

Аналитикалық теория бойынша, *тұлға* дегеніміз – туа біткен және жүзеге асырылған архетиптердің жиынтығы. Ал, тұлға құрылымы архетиптердің жеке қасиеттері, бейсаналылық пен саналылықтың жеке бөліктерінің, тұлғаның экстравертті және интровертті бағдарларының арақатынастарының өзіндік дара ерекшелігі ретінде анықталады.

Юнгтың теориясындағы маңызды қыр – адам өз ішіндегі екіұдай ой-пікір таластарды қалай жеңеді деген мәселе болатын. Біз, әдетте, өзге адамдармен қарым-қатынаста шынайы ішкі ойларымызды білдірмей, бет-пердемізді ғана көрсетеміз. Алайда, нағыз шын пікірімізді сездірмей,

сыпайы жасандылық ой-пікірге ере берсек, онда шынайы адами тұрғымыздан да қол үзуіміз мүмкін. Дегенмен қоғамдық орта, әлеуметтік рөлдеріміз, орнымыз, бізді көбіне өзіндік нағыз ой-сезімдерімізді бүркемелеп, жасанды қарым-қатынас жасауға мәжбүр етеді.

Юнг теориясындағы тағы бір қарама-қайшылыққа толы мәселе, бұл– интроверсия және экстраверсия. Бұл мәселелер, негізінен, адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасына негізделген. Интроверсияда адам көбіне ішінен ойланады, іштей толғанады. Интровертивтік типке рефлексті, өз байламына тұрақсыз, жалтарғыш, сақ адамдар жатады.

Ал, экстраверсияда адам қоғамдағы болмыс, қарым-қатынаска көп көңіл бөледі. Экстравертивті типке белсенді, әлеуметтік қарым-қатынаста көрінетін, өз пікір байламына берік адамдар жатады. Әрбір адам, алдымен, өзін танып, ішкі әлемдегі үйлесімділікке қол жеткізеді. Юнгтың пікірінше, өмірдегі ең маңызды нәрсе – әр адамның ішкі табиғатының гармониясы (үйлесімділігі).

Біз Юнг теориясындағы жекелеген, айрықша көңіл аударатын тұстарына ғана тоқталдық. Юнг, замандастарының пікірінше, біздің ғасырымыздағы ұлы, аса дарынды көркем ой шеберлері санатынан орын алады, психология ғылымынан өзге де ғылым мен мәдениет салаларында оның теориясына ерекше көңіл бөлінеді. Ал, психология ғылымындағы Юнг теориясы мен идеялары әлі де тереңірек зерттелері сөзсіз.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

К.Юнг тұлға дамуының қайнар көзі ретінде қандай факторларға сүйенеді?

1. *«Архетиптер» ұғымына түсінік беріңіз.*

2. *Ұжымдық бейсаналық, дара бейсаналық, дара саналылық – тұлғаның негізі үш тұжырымдамалы бөлігіне сипаттама жасаңыз.*

3. *«Өзіндік» архетипінің екі тәсілі ретіндегі экстраверсия, интроверсия және олардың адамдарда көрінуі дәрежелеріне тоқталыңыз.*

2.3. Тұлғаның гуманистік теориясы

Тұлғаның гуманистік теориясында екі бағыт бар. Біріншісі, «клиникалық» (клиникаға тікелей бағытталған) американ психологы

К.Роджерстің көзқарастарында ұсынылған. Екіншісі, «мотивациялы» бағыттың негізін салушы американдық зерттеушісі А. Маслоу болып табылады. Осы екі бағыт арасындағы айырмашылықтарға қарамастан, оларды көптеген ортақ ойлар біріктіреді.

Гуманистік психология өкілдері тұлғаның дамуының негізгі қайнар көзі өзін-өзі кемелдендіруге деген туа біткен бетбұрысты санайды. Осы туа біткен тенденцияларды жою – тұлғаның дамуы деген сөз. К.Роджерс бойынша, адам психикасында екі туа біткен тенденция бар. «Өздігінен өзектіленуге бетбұрыс» деп аталатын бірінші бетбұрыста адамның болашақ тұлғалық қасиеттері басынан-ақ бүктеулі түрде бар болады деген ұстаным. Екіншісі – «ағзаның ізімен жүретін үрдіс» тұлға дамуын бақылайтын механизм болып табылады. Осы бетбұрыстар негізінде адамда даму барысында «идеалды Мен» және «реалды (нақты) Менді» қосып алатын ерекше жеке «Мен» құрылымы пайда болады. «Мен» құрылымы осы құрылымшалармен толық үйлесімділіктен (конгруэнттік) толық үйлесімсіздікке дейінгі күрделі қатынаста болады (Роджерс К., 1994).

К. Роджерс бойынша, өмірдің мақсаты – өзінің бүкіл өмірлік әлеуетін жүзеге асыру, толығымен іс-әрекетпен айналысатын тұлға, яғни өзінің бүкіл дарыны мен қабілетін пайдаланатын адам болу, өзінің әлеуетін жүзеге асырып, шынайы табиғатына сай өзінің күйзелістерін, өзін толық тануға қадам басу болып табылады.

Карл Роджерстің (феномендік) теориясы (1902-1987)

Бастапқыда бұл теория-тұлға теориясы ретінде емес психотерапиялық тұжырымдама, не тұлға өзгерістерінің тұжырымдамасы ретінде қарастырылды. Роджерс теориясы тұлғаның өзінде МЕН (self) ұғымын және осы МЕН ұғымына байланысты тәжірибелерді жан-жақты зерттеуге бағытталған. Карл Р.Роджерс өзінің «Адамның қалыптасуы» атты кітабының «МЕН» деп аталатын тарауын мынадай сөздермен бастайды: «Өзім бастан кешірген жеке тәжірибелеріммен және жеке өз біліміме сүйене отырып, МЕН айтамын». Бұл «МЕН» тарауы – Роджерстің жеке философиясы және кәсіби идеялары, ой-толғамдарынан бастау алып, өрбуі жайлы толғана сыр шерткен ой толғаулары. Роджерс бұл тарауда өзінің әрекеті және әрекет барысындағы сезім күйлерін баяндайды.

Карл Р.Роджерс 1902 ж. 8 қаңтар Илинойс штатының Оук Парк аймағында өмірге келді. Ол өте қатал, діни наным ұстанған, адами

қасиеттер жоғары бағаланған ортада өсті. Оның ата-анасы балаларының қамсыз болашағы жайлы үнемі ойланып, балаларын жастай ауыр еңбекке баулып өсірді. Әсіресе, моральдық және этикалық қарым-қатынастарын берік ұстануға және жаратылыстану ғылымдарына ден қойып оқуға тәрбиеледі. Оның әкесі ғылыми негізде ферма ұйымдастыруға бел буып, Роджерстің де ауыл шаруашылығы тақырыбындағы ғылыми еңбектерге зер салуын қадағалады. Роджерс білім жолын Висконсин университетінің ауыл шаруашылығына мамандану саласынан бастады, алайда екі жылдан соң кәсібін өзгертіп жантану ғылымдарымен әуестене бастады. 1922 ж. Азияға саяхат сапары кезінде кездестірген басқа халық өкілдерінің бір діни доктринаға деген жеккөру сезімдерін бақылай отырып, осы тақырыпқа көп көңіл бөлді. Соның ақырында, либеральды теологиялық семинарға қатысып, Юнионистік теологиялық семинарияға түсіп, (Нью-Йорк) діни сауаттану мәселесімен айналысуға мүмкіндік алды. Алайда Роджерс белгілі бір діни сенімдердің, діни нанымдардың нағыз ақиқат пікір, даусыз шындық екеніне күмәндана бастады.Сондықтан, балаларға психологиялық жәрдем беру мақсатымен клиникалық психология мамандығын да атқарады. 1931 ж. Колумбия университетінің педагогика колледжінің аспирантурасын бітіріп, философия докторы ғылым дәрежесіне ие болды. Ол өзінің білім алу тәжірибесі жайлы баяндағанда Фрейдтің динамикалық теориясы мен ғылыми, объективті психологияны қатар меңгергені жайлы айтатын. Роджерс осы екі тенденцияны байланыстырғысы келді. Ол өзінің ғылыми жұмыстарын дінмен сабақтастырып, интуитивті білімдерді объективті білімдермен ұштастырғысы келді, клиникалық зерттеулер мен статистикалық зерттеулерді қатар жүргізуге ұмтылды. 1968 ж. Роджерс пен оның гуманистік ғылымға бет бұрған әріптестері адамды зерттеу орталығын ұйымдастырды. Бұл Роджерстің ғылыми жұмыстарының танылуына әсер етті.

1946-1947 жылдары ол Америка психология ассоциациясының президенті болды. 1956 ж. ғылымға қосқан ерен үлесі үшін сыйлыққа ие болды, ал 1972 ж. кәсіби шеберлігі үшін сыйлық алды. Өмірінің соңғы жылдары (1986 ж.) Москвада болып, орыс психологтары мен психотерапевтерінің батыс әріптестерімен қарым-қатынастарының түбегейлі жаңа кезеңдерінің басталуына әсер етті.

Роджерстің ғылымға, теорияға көзқарастары және эмпирикалық зерттеулері туралы.

Роджерстің теориясы мен оның зерттеу әдістерінің өзіндік түрі уақыт өте келе түрлі өзгерістерге ұшырағанымен, феноменологиялық болып қала берді. Оның феноменологиялық позициясы тұрғысынан қарастырсақ, әрбір индивидтің қоршаған ортаны тануы өзінше бір сырлы әлем сияқты. Осындай қабылдауды индивидтің феноменальды алаңы деп атады. Индивидтің феноменальды алаңы саналы қабылдау, санасыз қабылдаудан тұрады. Алайда ойлау қалыпты адамның мінез-құлығындағы маңызды тұсы, сонымен ол психоанализдегі саналы мен санасыздық ұғымының жігін ашады. Феноменальды алаң-индивидтің өзгелерден, сырт көзден жасырын ішкі әлемі саналғанымен, біз индивидті өз ойлауы тұрғысынан қарастырып, оның әрекетін бақылай отырып, әлемді, ортаны тануын зерттейміз.

Роджерс феноменологияны – адамды зерттеу ғылымының базисы ретінде қарастырды. Роджерс психология саласындағы зерттеулер жүйелі ұйымдастырылып, субъективті тәжірибенің ішкі мазмұнын анықтауға бағытталуы тиіс деді. Ол зерттеу ешуақытта компьютерлік анықтау не зертханада болмауы тиіс. Терапия нәтижесінде алынған клиникалық материалдар феноменологиялық деректер үшін аса маңызды құралдар бола алады деп санады.

Роджерс адам табиғатын түсінуге арналған зерттеулерін барлық уақытта алдымен клиникалық бақылау жүргізуден бастады. Өзінің мамандық деңгейі барысында Роджерс әр уақытта субъективті және объективті құбылыстарды үйлестіруге ұмтылды.

Карл Роджерс (негізін салған) тұлға теориясы

Роджерс, әсіресе, психотерапия процесін дамытуға баса көңіл бөлді, ал оның тұлға теориясы өз бастауын терапия теориясынан алды деп айтуға болады.

Бұл теорияның психоанализден басты ерекшелігі, психоанализде инстинкт, саналы қабылдау, мінез-құлық нышандары, т.с.с. көбірек талданса, ал феноменологиялық мәселеде негізінен бейне, сезім, өзіндік таным, суъективті ойлау, өзгеру процестері талданады.

МЕН құрылымы (self)

Роджерстік тұлға теориясының негізгі құрылымының өзегі МЕН ұғымы. Роджерстің пікірінше, индивид қоршаған ортаны объективті түрде қабылдайды және өзіндік ішкі тәжірибесіне орай, өзінше мән-

мағынамен қорытады. Осы өзіндік бейнелеу, мән-мағына беру индивидтің феноменальды өрісін құрайды. Феноменальды өрістің «өзім», «менің» немесе «МЕН» деген құрылымдары, МЕН немесе «МЕН»-тұжырымдаманы бейнелейді, бұл екі терминді Роджерс балама терминдер ретінде қарастырады. МЕН тұжырымдамасы ұйымдастырылған және үйлесімді қабылдаудың паттерні. МЕН – тұжырымдамасы өзгерген жағдайда да ондағы негізгі құрылым, тұтастық, жүйелілік сақталып қалады.

Роджерстегі МЕН ұғымына байланысты тағы да төмендегі екі қыр туындайды. МЕН – бұл әрқайсымыздың ішімізде отырған кішкентай жанды қуыршақ емес. «МЕН» ешнәрсе «істемейді». Индивидтегі МЕН оның мінез-құлық, іс-әрекетін басқарып реттеп отыра алмайды. Роджерстің ойынша, МЕН – бұл мақсатты қабылдаулардың жиынтығы. Екіншіден, қабылдаған бейнелер мен бастан кешірген түрлі ахуалдар паттерні негізінде МЕН ұғымы қалыптасады, яғни бұл саналы түрде туындайтын ұғым. Осыған (туыс) ұқсас ұғым – идеалды МЕН ұғымы. Идеалды МЕН ұғымы бұл – МЕН тұжырымдамасы, ол әр индивид игеруге ұмтылатын ұғым.

МЕН-тұжырымдамасын өлшеу әдістері.

Роджерс өз зерттеулерін МЕН ұғымын зерттеп танудан бастаған жоқ. Ол бастапқы кезде МЕН ұғымы түсініксіз, әрі мағынасыз деп санады. Әрбір клиенттің өзі жайлы айтқан әңгімелері Роджерске белгілі бір дәрежеде ықпал еткенімен, Роджерс осы «МЕН» ұғымын өз алдына зерттеп, зерттеу құралын ойластыруды қолға алды.

Q – сұрыптау техникасы. Ол өз зерттеуінде бірнеше әңгімелерді алдын ала жазып алып, «МЕН» сөзі бар сөйлемдерді анықтаудан бастады. Стефенсон жасаған Q – сұрыптау әдісін қолданды. Ол үшін бақылауға алынған адамға 100-ге жуық карточка үлестіріледі. Карточкаларда «Адамдардың тез сеніміне кіре алады, достасады, өз ашуын білдіре алмайды», т.б. тұжырымдар осылайша қысқаша жазылған. Эксперимент жүргізуші бақылауға алынған адамнан осы тұжырымдардың қайсысы өз бойындағы мінез-құлық сипатына тура келеді, қайсысы сәйкес келмейтінін саралап, бірнеше топшаға бөлек-бөлек жинап қоюды ұсынады. Мысалы, карточка 100 болса, оны 11 топшаға 2-4-8-11-16-18-16-11-8-4 жүйесімен орналастыру ұсынылады. Осылайша, Q – сұрыптау арқылы бақылауға алынған адамға тән басты мінез белгісін анықтауға болады. Алайда, бұл индивидтің феноменалды өрісін толық

анықтауға мүмкіндік бере алмайды, өйткені тұжырымдарды жүргізуші ұсынады, ол зерттеушіге тән тұжырым болмауы да мүмкін.

Сындық бітістер және Семантикалық дифференциал.

«МЕН» ұғымы жайлы субъективті мәліметтер алу үшін басқа да әдістер пайдаланылады. Мысалы: зерттеуші өзіне тән сын есім атауларын іріктеп алады және «Семантикалық дифференциал» қолданылады. Семантикалық дифференциал бланкісін толтыру барысында белгілі бір алынған нақты ұғымның анықтамасын 7 баллдық шкаламен белгілейді. Осылайша, зерттелуші «МЕН өзім», «Меннің» идеалды МЕН бойынша өз түсініктерін биополярлық шкала бойынша белгілейді. Сондай жағдайда берілген ұғым бойынша нақты ойын анықтауға мүмкіндік болады.

Q – сұрыптау сияқты, «Семантикалық дифференциалда» да эксперимент жүргізуші ұсынған ұғымдарды ғана нақты анықтап және биологиялық шкаланы қолданып саралайды. Семантикалық дифференциалдың қабылданған стандарты жоқ. Әке, шеше, дәрігер сияқты ұғымдардың субъективті мәнін анықтау үшін сан алуан шкалалар ұсынуға болады. Мысал ретінде «МЕН өзім» және «Менің колледжім» деген ұғымдарды анықтап, бағалауды алсақ, мұнда либеральды – консервативті, формалды емес, әдепті-әуесқой, қызық-құмар – ұғымдары бойынша шкалалармен белгілеуге болады.Сіз қандай дәрежеде өз колледжіңізге ұқсайсыз? Осы колледждегі студенттік өміріңізге қанағаттанасыз ба? – деген сауалдар ұсынылып, соның нәтижесінде студенттер өз колледжіне ұқсамаса, «қанағаттанбау сезімдері басым болатыны және «колледжден шығып кету мүмкіндігі көбірек болатындығы анықталған.

Q сұрыптау, сындық белгілер және семантикалық дифференциалдар феноменологиялық анықтаудағы роджерстік идеяларға сәйкес келеді. Өйткені, алынған мәліметтер статистикалық сенімді және теориялық тұрғыдан негізделген. Роджерс бұл көрсеткіштер пайдалы нәтижелерге қол жеткізеді деп кәміл сенді.

Фрейд тұлғаны зерттеуге ондағы құрылымдардың тұрақты, тыңғылықтылығын негізге алса, Роджерс негізінен құрылымдардағы өзгерістерге көңіл бөлді.

Гуманистік бағыттың тағы бір өкілі – *А.Маслоу*.

Абрахам Маслоу (1968-1971) адам тенденциялары жөніндегі қозғалыстың көрнекі өкілдері қатарынан саналады. Ол осы қозғалыстағы

бағытқа америка психологиясының «үшінші күші» деген баға берді. Психоанализ бен бихевиоризмді басқа бағыттар деп санады. Олардың пікіріне мүлде қосылмастан Маслоу адамның табиғи жаратылысы о бастан қайырымдылыққа құштар, ал зұлымдық пен бейтараптық адам организмінде (ағзасында) сырт жағдайлардың әсерімен туындайды деп жазды. Жалпы адамзат, қоғамдағы келіспеушіліктер мен күйзелістердің нәтижесін көбіне адамның ішкі құбылыстарымен тікелей сабақтастықта алып қарастырып, қателесіп жатады, ал бұның орнына, осы күйзелістерді қалпына келтіру жағдайларын көбірек ойланған тиімді болар деді.

Маслоу идеяларына қатысты тағы да басты екі ерекшелік бар: алғашқысы – ол адамға тән биологиялық қажеттіліктер болып табылатын: тамақтану, ұйқы және шөлдеу және басқа да психологиялық қажеттіліктерге жататын өзін-өзі бағалау, сүйіспеншілік сезімі, бой үйретушілік сияқты қасиеттердің аражігін айқындайтын мотивация теориясын ұсынуы. Маслоудың пікірінше, психологтар мотивация теориясында, көбіне адамдардың жеткіліксіз бұйымдарға көбірек көңіл бөлуі, өз бойындағы қамкөңілдіктен арылу жолдарын іздестіру, т.б. биологиялық қажеттіліктеріне ерекше көңіл аударады. Маслоу ондай мотивацияның маңыздылығын қостай отырып, дегенмен мотивацияның ішкі қажеттіліктердің туындауына өзек болатын тағы бір негізі – бұл творчествомен (шығармашылықпен) айналысатын адамдардың өз қолтаңбасын айқындау жолындағы әрекеті деп ұғындырады.

Маслоу зерттеулерінің ішіндегі тағы бір құнды тұсы, ол – Маслоудың дені сау беделді, айшықты тұлғаларды тереңірек зерттеуі. Ол осындай адамдарды өткен заманнан да, өз замандастары қатарынан да алып қарастырады. Маслоу зерттеу нәтижесінде мынадай басты ерекшеліктерді тұжырымдады: бұл адамдар өздерін және өзгелерді қалай жаратылған, сол қалыпта қабылдайды: олар кейде күйректікке салынуы мүмкін, алайда өзгелердің де тілегі мен қажеттіліктерін өзінікіндей терең сезініп қабылдай алады; олар өзіне тән шешімге келгіш және творчестволық тұлғалар, олар өз шешімін табанды түрде дәлелдей алады.Бұл адамдар кімдер? Мысалы: олардың қатарына Линкольн, Тор, Эйнштейн, Рузвельтті жатқызуға болады. Бұлар ерекше тұлғалар, ұлы адамдар болғаны даусыз. Әрқайсымыз жоғарыда аталған адам қасиеттерінің барлығы да өз бойымыздан табылады деп айта алмаймыз, дей тұрғанмен осы қасиеттерді бойымызда дамытып, қалыптастыруға мүмкіндіктеріміз бар деп санауымызға болады.

Маслоудың жеке адам әлеуеті жөніндегі кейбір ойларын діни не мессиондық ұғымдар деп ойлап қалуға болады. Алайда, бұл ұғымдар адамзатты толғандыратын мәселелерге тереңірек үңіліп, адам организмі (ағзасы) сыртқы және ішкі әсерлерге толығымен тәуелді деп санайтын пікірлерді жоққа шығарады.

А. Маслоу тұлға дамуы негізінде жатқан екі қажеттіліктер түрін көрсетеді: қанағаттандырылған соң тоқтайтын «дефицитарлы» және керісінше, жүзеге асқан соң да күшейе түсетін «өсетін» қажеттіліктер. Маслоу бойынша мотивацияның бес деңгейі бар:

1. *Физиологиялық (тамақ, ұйқы қажеттіктері);*

2. *Қауіпсіздік қажеттіліктері (үй, жұмыс қажеттілігі);*

3. *Бір адамның екінші адамға қажеттілігін бейнелейтін тиістілік қажеттіліктері (мысалы, жанұя құру қажеттілігі);*

4. *Өзін-өзі бағалау деңгейі (өзін сыйлауға, құзырлыққа, абыройға, жетістікке қажеттілік);*

5. *Өзін-өзі кемелдендіруге (шығармашылыққа, сұлулыққа, тұтастыққа және т.б. деген мета - қажеттіліктер).*

Қажеттіліктердің алғашқы екі деңгейі дефицитарлы, үшінші деңгейі аралық, ал төртінші және бесінші деңгейлері өспелі қажеттіліктерге жатады.

Маслоу мотивация дамуының алға басушылық заңдылығын құрастырды, ол заңдылық бойынша адамның мотивациясы үдемелі түрде дамиды: төмен деңгейдегі қажеттіліктер қанағаттандырылғанда ғана жоғары деңгейге қозғалыс басталады. Басқа сөзбен айтқанда, егер адам аш, әрі тұрғылықты қоныстайтын үйі жоқ болса, онда оған жанұя құру, одан қалса өзіне деген сыйластықты сезіну немесе шығармашылық жұмыспен айналысу қиынға соғады.

Адам үшін ең маңыздысы өзін-өзі кемелдендіру қажеттілігі. Өзін-өзі өзектілеу адамның жетілуінің соңғы күйі емес. Барлық түрткілерін (мотивтерін) лақтырып тастау үшін ешбір адам соншалықты кемелденген болмайды. Әрбір адамда одан ары қарай даму үшін дарындылықтар қалады. Бесінші деңгейге жеткен адам «психикалық тұрғыда сау тұлға» деп аталады (Маслоу А., 1999). Гуманистердің пікірінше, шешуші жас кезеңі болмайды, тұлға бүкіл өмір бойында қалыптасып дамып отырады. Алайда, өмірдің ерте кезеңдері (балалық шақ пен жасөспірімдік) тұлғаның дамуында ерекше рөл атқарады. Тұлғада өзін-өзі кемелдендіру процесі қандай да бір себептермен қамалып (жабылып) қалған сәтте

ғана бейсаналылық уақытша пайда болады, тиімді рационалды процестер басымдылық көрсетеді. Гуманистер тұлға ерік (ырық) бостандығын меңгерген деп санайды. Адам өзін, өзінің әрекетін ұғынады, жоспар құрып, өмірдің мәнін (мағынасын) іздейді. Адам – өзінің тұлғасы мен өз бақытын өзі жаратушы (творец).

Адамның ішкі әлемі, оның ойлары, сезімдері мен эмоциялары гуманистер бойынша ақиқат дүниенің тікелей бейнесі емес. Адамның ішкі дүниесі толық түрде тек адамның өзіне ғана түсінікті. Адам әрекетінің негізін субъективті қабылдау мен субъективті күйзелістер құрайды. Әрбір адам болмысты өзінің субъективті қабылдауына байланысты тұжырымдайды. Тек субъективті тәжірибе ғана нақты адамның мінез-құлқын түсінуде шешуші бола алады.

Тұлғаның гуманистік үлгісінде негізгі тұжырымдамалы «бірліктер» ретінде мыналар көрінеді:

«Шынайы (нақты) Мен» – ойлар, сезімдер, «осы жерде және тап қазір», күйзелістердің жиынтығы. (К. Роджерс., 1994)

«Идеалды Мен» – адам өзінің жеке мүмкіндігін жүзеге асыру үшін игергісі келген ойлар, сезімдер мен күйзелістердің жиынтығы.

Өзін-өзі кемелдендіру қажеттілігі – тұлғаның өсуі мен дамуын анықтайтын туа біткен қажеттіліктер (Маслоу., 1997).

«Шынайы Мен» мен «идеалды Мен » соншалықты анық түсініктер болмаса да, олардың конгруэнттілігін (сәйкес келуін) өлшейтін тәсіл бар. Конгруэнттіліктің жоғары көрсеткіші «Шынайы Мен» мен «идеалды Мен» арасындағы салыстырмалы үйлесімділікті білдіреді (өзін-өзі жоғары бағалау). Конгруэнттілік көрсеткішінің төмен болуы (өзін-өзі төмен бағалау) жоғары мазасыздану деңгейі мен депрессияның белгілерін көрсетеді.

Дүниеге келген кезде «Мен» құрылымының екі құрылымды тармақтары толығымен конгруэнтті, сондықтан адам әуелден қайырымды және бақытты. Кейінірек қоршаған ортамен өзара әрекет ету және «шынайы Мен» мен «идеалды Мен» арасындағы айырмашылықтар (ажырау) салдары, К. Роджерстің терминологиясы бойынша, ақиқат дүниені бұрмалап қабылдауға, яғни субцепцияға алып келуі мүмкін. «Шынайы Мен» мен «идеалды Мен» арасындағы ұзаққа созылатын айырмашылықтар психологиялық мәселелерді тудыруы мүмкін.

Өзін-өзі бағалауы жоғары студенттер сәтсіздік жағдайында (мысалы, сынақтан сүрінсе) ұстазбен байланыс орнатып сүрінген пәнін тағы да

тапсырып көруге тырысады. Олар екінші рет әрекеттенгенде көрсеткіштері жақсара түседі. Ал, өзін-өзі бағалауы төмен студенттер сынақты қайтадан тапсыру әрекетінен бас тартады, қиындығын асырып айтады, өзін көрсететін жағдайдан қашқақтап, көбінесе өздері жалғыз қиналады.

Бұл теорияда тұлғаның бөліктері ретінде А. Маслоу бойынша адам қажеттіліктерінің бес деңгейі тұрады. «Шынайы Мен» мен «идеалды Мен» арасындағы конгруэнттілік бірлікке жақындаған кезде тұлға тұтастығына қол жеткізуге болады. Тұлға тұтастығы – бұл «толығымен қызмет етуші тұлғаның» негізгі сапасы. Тұлғаны түзету мен тәрбиелеудің мағынасы тұлға тұтастығын дамыту болып табылады.

Тұтас тұлға, біріншіден, өзінің туыстары және достарымен жақсы психологиялық байланыс орнатуға тырысады және оларға өзінің жасырын эмоциялары мен құпияларын ашуға тырысады; екіншіден, өзінің кім екенін («Шынайы Мен») және кім болғысы келетінін («идеалды Мен») нақты біледі; үшіншіден, жаңа тәжірибе үшін толық ашық (дайын) және өмірді «осы жерде және тап қазір» сол күйінде қабылдайды; төртіншіден, барлық адамдарға жағымды қарым-қатынасты жүзеге асырады; бесіншіден, өзінде басқа адамдарға деген эмпатияны шыңдайды, яғни басқа адамның ішкі әлемін түсінуге және оған сол адамның көзімен қарауға тырысады.

Тұтас тұлғаны мыналар сипаттайды:

– ақиқат дүниені тиімді қабылдау;

– мінез-құлықтың аяқастылығы, қарапайымдылығы және табиғилығы;

– мәселені, істі шешуге бағытталу;

– қабылдаудағы үнемі «балалық»

– «шыңына жеткен» сезімдерді, экстазды басынан жиі кешіру;

– барлық адамзат баласына көмектесуге деген шынайы ниет;

– терең тұлғааралық қатынастар;

– жоғары адамгершілік өлшеуіштері (стандарттары).

Сонымен, гуманистік тұрғы шеңбері аймағында *тұлға* дегеніміз- бұл өзін-өзі кемелдендірудің нәтижесі ретіндегі адам «Менінің» ішкі әлемі, ал тұлға құрылымы – бұл «шынайы Мен» мен «идеалды Мен» арасындағы дара арақатынастар мен өзін-өзі кемелдендірудегі қажеттіліктер дамуының дара деңгейі.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. *Гуманистік теориясының өкілдері К.Роджерс пен А.Маслоудың тұжырымдамаларына сипаттама.*

2. *«Клиникалық» және «мотивациялық» бағыттарына түсінік.*

3. *К.Роджерс теориясының психоанализден айырмашылығын атаңыз.*

4. *К.Роджерстік «МЕН» құрылымына түсінік және оны өлшеу әдістері.*

5. *А.Маслоу идеяларының басты ерекшеліктері неде?*

6. *А.Маслоу бойынша мотивация деңгейлеріне талдау жасаңыз.*

7. *«Өзін-өзі кемелдендіру» қажеттілігінің адам үшін маңызы.*

2.4. Тұлғаның когнитивті (танымдық) теориясы

Тұлғаның когнитивті теориясы гуманистік теорияға жақындау, дегенмен мұнда бірқатар айырмашылықтар да бар. Бұл тұрғының негізін қалаушы американ психологы Дж. Келли (1905-1967). Оның ойынша, адамның өмірде білгісі келетін бір ғана нәрсесі – оның өз өмірінде не болды және болашақта не болады? Келлидің пікірінше, тұлға дамуының қайнар көзі қоршаған орта мен әлеуметтік орта болып табылады. Тұлғаның когнитивті теориясы интеллектілі процестердің адамның мінез-құлқына тигізетін әсерін баса көрсетеді. Бұл теорияда әрбір адам заттардың табиғаты туралы жорамалдарды тексеретін және болашақтағы жағдайлар туралы болжамдар жасайтын ғалыммен теңдестіріледі. Кез келген жағдайды бірнеше мәрте интерпретациялауға болады. Бұл бағыттағы басты ұғым «конструкт» (ағылшынша: construct – құрастыру, құру) болып табылады. Бұл ұғымның құрамында барлық белгілі танымдық процестерінің ерекшеліктері жинақталған (қабылдау, ес, ойлау және сөйлеу). Осы конструкттердің арқасында адам дүниені танып қана қоймай, тұлғааралық қатынастарды да орнатады. Осы қатынастар негізінде жатқан конструкттерді – тұлғалық конструкттер деп атайды. Конструкт, бұл – өзіміз бен басқа адамдарды қабылдаудың ерекше жіктеуші – қалыбы.

Келли жеке конструктердің басты қызмет ету механизмдерін ашып суреттеді, сонымен қоса, негізін құрайтын жорамал мен постулат 11 себеп-салдарларды құрастырды. Постулат бойынша, жеке процестер адамға болғалы тұрған жағдайды болжау мүмкіндігін қамтамасыз ету

үшін психологиялық тұрғыда өзектелінген. Қалған себеп-салдарлар осы негізгі жорамалды айқындайды.

Келлидің көзқарасы бойынша, әр адам болжам құрып оны тексереді, адамның спортқа жақын әлде алыс, әнші немесе әншілік қабілеті жоқ, зиялы немесе зиялы емес, т.б. сияқты мәселені шешеді. Әр конструкттің «дихотомиясы» (2 өрісі) болады: «спортқа жақын – спорттан алыс», «әнші- әнші емес» т.б., бір сөзбен айтқанда, сәйкес келетін конструктерді (классификаторларды) қолдана отырып, Адам дихотомиялық конструкттің жағдайды жақсылап суреттейтін, жақсы болжағыш құндылығына ие өрісін ырықты түрде таңдайды. Бір конструкттер шағын оқиға мен жағдайларды суреттеуге, ал енді біреулері кең көлемді жағдайларды суреттеуге жарамды. Мәселен, «ақылды-ақымақ» конструкті: ауа райын болжауға сірә келмейді, ал «жақсы-жаман» конструкті өмірдегі барлық жағдайларды суреттеуге сәйкес келе береді.

Адамдарда конструкттердің саны ғана емес, сонымен қатар, олардың орналасуы да әртүрлі болады. Санада тез өзектелінетін конструкттер – суперординантты, ал баяуырақ өзектелінетіндері – субординантты деп аталады. Мәселен, бір адамды алдымен ол «ақылды немесе ақымақ» деп, содан кейін ғана оны «қайырымды әлде зұлым» деген тұрғыда бағалайтын болсаңыз, онда сіздің «ақылды-ақымақ» конструктіңіз суперординантты да, «қайырымды-зұлым» конструктіңіз – субординантты болып табылады.

Адамдарда ұқсас конструкттер болғанда ғана, достық, махаббат, тіпті өзара қалыпты байланыс болуы мүмкін. Шынында да, біреуінде «адамгершілікті-адамгершіліксіз» конструкті бар, ал басқа адамда ол болмаса осындай екі адамның бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болу ситуациясын көз алдымызға елестету қиынырақ болады.

Конструктті жүйе статикалық құрылым емес, ол тәжірибе әсерінен үнемі өзгеріс үстінде болады, яғни тұлға бүкіл өмір бойы қалыптасып дамып отырады. Жеке тұлғада көбіне «саналылық» басымдық танытады. Бейсаналылық адам қабылдаған оқиғаларды интерпретациялау барысында сирек қолданылатын оқшау (субординатты) конструкттерге жатады.

Келлидің пікірінше, тұлғаның ырық (ерік) бостандығы шектеулі. Өмір жолында адамда қалыптасқан конструктті жүйеде белгілі бір шектеулер болады. Дегенмен ол адамның барлық өмірі толығымен себептеледі деп есептеген жоқ. Қандай ситуацияда болмасын адам альтернативті (балама)

болжамдар құрастыра алуға қабілетті. Сыртқы әлем – қайырымды да, зұлым да емес, біз оны өз басымызда қалай құрастырамыз, сондай болып келеді. Сайып келгенде когнитивистердің пікірінше, адамның тағдыры (оның) өз қолында. Адамның ішкі әлемі субъективті және когнитивистердің көзқарасы бойынша оның өзі тудырғанының нәтижесі болып табылады. Әр адам сыртқы шынайылықты өзінің ішкі әлемі арқылы қабылдайды және интерпретациялайды.

Негізгі жүйеленген элемент «тұлғалық конструкт» болып саналады. Әр адамда жеке конструктілердің өзіндік жүйесі болады және олар екі деңгейге (бөлікке) бөлінеді:

1. *«Өзекті» конструкттер бөлігі – конструкттер жүйесінің ұшар шыңындағы 50 шақты негізгі конструкттер, яғни олар үнемі оперативті сана фокусында болады. Адам басқа адамдармен өзара әрекетке түскенде осы конструкттерді жиі қолданады.*

2. *Шеткі аймақтық конструктілер одағы – бұл басқа қалған конструктілер. Бұл конструктілер саны өте индивидуалды және жүзден бірнеше мыңға дейін өзгеріп отыруы мүмкін.*

Тұлғаның біртұтастық қасиеттері екі бөліктің, барлық конструкттердің бірлесіп қызмет жасауының нәтижесі болып табылады. Біртұтас тұлғаның екі типі болады: когнитивті күрделі тұлға (конструкттер саны көп тұлға) және когнитивті қарапайым тұлға (конструкттер саны көп емес тұлға).

Когнитивті күрделі тұлға когнитивті қарапайым тұлғадан мынадай сипаттарымен ерекшелінеді:

– психикалық денсаулығы өте жақсы;
– стресске жақсы қарсы тұра алады;
– өзін-өзі бағалауы жоғары деңгейде;
– жаңа ситуацияларға бейімделгіштеу.

Жеке конструкттерді (сапасы мен санын) бағалауға арналған арнайы әдістер бар. Солардың ішіндегі ең танымалы «репертуарлы тор тесті» болып келеді.

Зерттелуші бір мезгілде салыстырылатын үшеудің екеуінде бар, үшіншісінде жоқ психологиялық сипаттамаларын анықтау мақсатымен триадаларды өзара салыстырады (триадалардың тізімі мен реті, алдын ала, зерттелушінің өткен және қазіргі өмірінде маңызды рөл атқаратындардан құрастырылады).Мәселен, сізге өзіңізге ұнайтын мұғалімді, әйеліңіз (еріңіз) бен өзіңізді салыстыру керек. Сіз бен ұстазыңызда тез тіл табысушылық сияқты психологиялық қасиет бар

деп, ал әйеліңізде мұндай қасиет жоқ деп санайсыз. Демек, сіздің конструктті жүйеңізде «тіл табысқыш- томағатұйық» деген конструкт бар деген сөз. Осылайша өзіңізбен басқа адамдарды салыстыра отырып, жеке конструкттеріңіздің жүйесін аша түсесіз.

Тұлғаның когнитивті теориясы бойынша *тұлға*, бұл – адамның жеке тәжірибесі өңделіп отыратын (қабылданады және интерпретацияланады) ұйымдастырылған тұлғалық конструкттер жүйесі. Бұл тұрғыда тұлға құрылымы конструкттердің дара өзіндік иерархиясы ретінде қарастырылады.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. *Тұлғаның когнитивті теориясының гуманистік теориясынан айырмашылығы мен ұқсастығына сипаттама беріңіз.*

2. *Дж.Келлидің пікірінше тұлға дамуының қайнар көзі неде?*

3. *«Конструкт» ұғымын қалай түсінесіз?*

4. *Когнитивті күрделі тұлға мен когнитивті қарапайым тұлғалардың өзара айырмашылығын ажыратыңыз.*

5. *Жеке конструкттерді бағалауға арналған арнайы әдістің мақсаты қандай?*

2.5. Тұлғаның мінез-құлықтық теориясы

Тұлғаның мінез-құлықтық теориясының – «үйретілетін» деген басқа да атауы бар, өйткені бұл теорияның басты тезисі: «біздің тұлғамыз үйретілудің өнімі».

Тұлғаның мінез-құлықтық теориясында екі бағыт бар: рефлекторлық және әлеуметтік. *Рефлекторлық бағыт* белгілі американ бихевиористері Дж. Уотсон мен Б. Скиннердің еңбектерінде ұсынылған. Ал, әлеуметтік бағыттың негізін салушылар американдық зерттеушілер А.Бандура мен Дж. Роттер болып табылады. Екі бағыт бойынша да тұлға дамуының қайнар көзі – аса кең мағынадағы орта болып саналады. Тұлғада ешқандай генетикалық және психологиялық мұралану жоқ. Тұлға үйретілу өнімі (жемісі), ал оның қасиеттері – жалпыланған мінез-құлықтық рефлекстер мен әлеуметтік дағдылар. Бихевиористердің көзқарастары бойынша, тұлғаның қандай да болмасын типін еңбекқор немесе бұзақыны, саудагерді немесе ақынды тапсырыс бойынша қалыптастыруға болады. Мәселен, Уотсон адамның эмоциялы

реакциялары мен иттегі сілекей бөлінетін рефлексті өңдеудің арасында ешқандай айырмашылықтар жасаған жоқ, себебі ол тұлғаның эмоциялы қасиеттерінің барлығы (қорқыныш, мазасыздану, қуаныш, ашу, т.б.) классикалық шартты рефлекстерді өңдеудің нәтижесі болып келеді деп пайымдады. Скиннер болса, тұлға – оперантты үйретудің нәтижесінде қалыптасып құрылған әлеуметті дағдылардың жиынтығы деп бекітті. Скиннер қандай да бір моторлы акттың нәтижесінен болған ортадағы әрбір өзгерісті оперант деп атады. Адам, артынан бекітілу жүретін операнттарды орындауға ұмтылады да, артынан жазалау жүретін операнттарды жасаудан қашқақтайды. Міне, осылайша бекітулер мен жазалаулардың арнайы жүйесінің нәтижесінде адам жаңа әлеуметтік дағдыларды иеленеді және соған орайлас қайырымдылық немесе шыншылдық, агрессивтілік немесе альтруизм сияқты тұлғаның жаңа қасиеттеріне де қол жеткізеді.

Екінші бағыттың өкілдерінің пікірінше, тұлғаның дамуында маңызды рөлді сыртқы емес, күту, мақсат, маңыздылық, т.б. сияқты ішкі факторлар атқарады. Бандура адамның ішкі факторларымен себептелген мінез-құлқын, өзіндік реттелу деп атады. Өзіндік реттелудің негізгі міндеті – өзіндік тиімділікті қамтамасыз ету, яғни әрбір белгілі мезетте ішкі факторларға сүйене отырып, адамның жүзеге асыра алатын мінез-құлық түрлерін ғана іске асыруы. Өткен тәжірибеде еліктеу арқылы үйренудің нәтижесінде пайда болса да, ішкі факторлар өзінің ішкі заңдылықтары бойынша әрекет етеді. Роттер Бандурадан да өткен когнитивист. Адамның мінез-құлқын түсіндіру үшін, Роттер белгілі бір ситуацияда адамның қандай да мінез-құлық көрсету мүмкіндігінің шамасын білдіретін «мінез-құлықтық әлеует» деген арнайы ұғымды енгізеді. Мінез-құлықтың әлеуеті екі сыңардан (компоненттен) құрылады: нақты мінез-құлықты бекітудің субьективті маңыздылығы (болайын деп тұрған бекітілу адам үшін қаншалықты маңызды, құнды) және де сол бекітілуге қол жеткізу мүмкіндігі (болайын деп тұрған бекіту осы ситуацияда қаншалықты түрде жүзеге асады). Бихевиористер, тұлға бүкіл өмір бойына әлеуметтену, тәрбиелеу және үйретілу деңгейіне сәйкес қалыптасып дамып отырады деп есептейді. Дегенмен, адамның өмірінің бастапқы жылдарын өте маңызды деп қарастырады. Олардың пікірінше, қандай да болмасын білімдер, қабілеттер, соның ішінде шығармашылық және рухани білімдердің негізі балалық шақта қалыптасады. Тұлғада рационалды және иррационалды процестер тепе-

тең берілген. Оларды қарама-қарсы қою да мағынасыз. Барлығы да мінез-құлықтың түрі мен күрделілігіне тәуелді. Бір жағдайларда адам өзінің мінез-құлқы мен әрекеттерін анық ұғына алады, енді бір жағдайларда ұғынбайды.

Тұлғаның мінез-құлықтық теориясына сәйкес, адам ырық бостандығынан мүлдем айырылған. Біздің мінез-құлқымыз сыртқы жағдайлармен себептелген. Біз өзімізді көбінесе жанды қуыршақтар (марионетка) сияқты ұстаймыз және мінез-құлқымыздың неге апарып соғарын ұғынбаймыз, себебі үйренген әлеуметтік дағдылар мен рефлекстер ұзақ қолданудан автоматтанып кеткен. Адамның ішкі әлемі объективті. Ондағының бәрі де ортадан алынған. Тұлға толығымен мінез-құлықтық көрінулерінде объективтелінеді. Ешқандай да «қасбет» жоқ. Біздің мінез-құлқымыздың өзі-ақ тұлға. Тұлғаның мінез-құлықтық белгілерін операционализациялап, объективті өлшеуге болады.

Тұлғаның бихевиористік теориясында тұлғаның элементтері ретінде рефлекстер немесе әлеуметтік дағдылар жүреді. Нақты адамға тән әлеуметтік дағдыларының тізімі (яғни, қасиеттер, мінездемелер, тұлға белгілері) оның әлеуметтік тәжірибесімен (үйренгендері) анықталады деп бекітіледі. Тұлғаның қасиеттері мен адамды әлеуметтік қоршаған ортаның талабы сәйкес болады. Егер сіз қайырымды, жанға жайлы жанұяда тәрбиеленсеңіз және сізді салмақтылығыңыз бен қайырымдылығыңыз үшін мадақтап отырған болса, онда сізде салмақты және қайырымды адамның қасиеттері болады. Ал, егерде сіз мұңды және қайғылы адам болсаңыз, бұл жерде сіздің кінәңіз жоқ, сіз – қоғам мен тәрбиенің өнімісіз.

Бихевиористерде бекіту мәселесінің тек ас ішуге әкеп тірелмейтінін баса айтып кеткен жөн. Бұл бағыттың өкілдерінің пікірінше адам үшін бекітулердің өзінің экологиялық тұрғыдан валидті иерархиясы болады. Бала үшін ас ішудің бекітілуінен кейінгі бекітілудің күштісі, аса белсенділікті бекітілу (теледидар, видео көру), содан кейін манипулятивті (ойнау, сурет салу), одан соң поссесиалды (ағылшынша: possess – иемдену) бекітілу (әкесінің орнында отыра тұру, анасының көйлегін кию), ең ақыр соңында, әлеуметтік бекітілу (мадақтау, құшақтау, мақұлдау, т.б.) болып табылады.

Егерде мінез-құлықтық теорияның рефлекторлы бағытындағылар тұлғаның арнайы бөліктері болатындығын мүлдем жоққа шығарса, әлеуметтік-үйретілетін бағыттың өкілдері осындай бөліктердің болуы әбден мүмкін деп есептейді.

Мінез-құлықтық үлгіде тұлғаның негізгі *үш (3) тұжырымдамалы бөлігін анықтайды: Негізгі бөлік-* «жасай аламын-жасай алмаймын» когнитивті конструктісі ретіндегі, өзіндік тиімділік. А. Бандура бұл құрылымды болашақтағы бекітіле алуды күту, соған сену, көзі жету деп анықтайды. Бұл бөлік белгілі бір мінез-құлықтың табысты орындалуын немесе жаңа әлеуметтік дағдылардың табысты игерілуін себептейді. Егерде адам «жасай аламын» деп шешім қабылдаса, онда ол арнайы бір әрекетті орындауға кіріседі, ал егер «жасай алмаймын» деген шешім қабылдаса, онда соған байланысты әрекетті орындаудан немесе оны меңгеруден бас тартады. Мәселен, егер сіз қытай тілін үйрене алмаймын деп шешшеңіз, онда ешқандай күш сізді оны жасауға итермелей алмайды. Ал, егер мұны қалайда орындай аламын деп шешшеңіз, онда ерте ме, кеш пе үйренесіз.

Бандураның пікірінше, адамның нені жасай алып, нені жасай алмайтынына байланысты сенімділігінің қалыптасуын анықтайтын төрт негізгі шарт бар:

1. *Өткен тәжірибесі (білім, дағдылар); мәселен, егер бұрын жасай алса, қазір де жасай алады;*

2. *Өзіндік нұсқау (самоинструкция); мысалы «Мен мұны жасай аламын!»;*

3. *Көтеріңкі эмоциялық көңіл-күй (алкоголь, әуен, махаббат);*

4. *Ең басты шарт, басқа адамдардың мінез-құлқына еліктеу, бақылау, үлгілеу (шынайы өмір үстінде бақылау, кинофильмдер көру, кітап оқу, т.б.); мәселен, «Егер басқалар істей алса, мен де жасай аламын!*

Дж. Роттер тұлғаның негізгі ішкі екі бөлігін айқындайды: субъективті маңыздылығы (алдағы бекітуді бағалайтын құрылым) және қол жетерлік (өткен тәжірибе негізінде бекітіле алуды күтумен байланысты құрылым). Бұл бөліктер жеке-дара бөлек қызмет жасамайды, олар мінез-құлықтық әлеует немесе когнитивті мотивация бөлігі деп аталатын жалпы бөлікті құрайды.

Тұлғаның біртұтастық қасиеттері субъективті маңыздылық пен қол жетерлік бөліктері әрекетінің бірлігінде байқалады. Роттердің пікірінше, өз мінез-құлқы мен (өз күштері, өз әрекеттері) оның нәтижесі (бекітулер) арасындағы байланысты байқамайтын (немесе әлсіз байланысты ғана көретін) адамдарда сыртқы немесе экстерналды «бақылау локусы» болады. «Экстерналдар» – ситуацияны басқара алмай, өмірінде

ықтималдыққа сенім артатын адамдар. Өзінің мінез-құлқы мен оның нәтижесі арасындағы байланысты анық көре білетін адамдарда ішкі немесе интерналды «бақылау локусы» болады. «Интерналдар» – бұлар ситуацияны басқарып, бақылай алатын және сол ситуацияға оңай қол жеткізе алатын адамдар.

Осыған орай, бұл тұрғы бойынша, *тұлға* дегеніміз – бір жағынан әлеуметтік дағдылар мен шартты рефлекстердің жүйесі, екіншіден, өзіндік тиімділік, субъективті маңыздылық пен қол жетерлік сияқты ішкі факторлардың жүйесі. Тұлғаның мінез-құлықтық теориясына сәйкес, тұлғаның құрылымы – өзіндік тиімділік, субъективті маңыздылық пен қол жетерлік жетекші рөл атқаратын рефлекстер мен әлеуметтік дағдылардың күрделі ұйымдасқан иерархиясы.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. *Тұлғаның мінез-құлық теориясының қайнар көзі ретінде осы теорияның өкілдері неге сүйенеді?*

2. *Тұлғаның мінез-құлық теориясының өкілдерін атаңыз және олардың ұстанған бағыттарын салыстырыңыз.*

3. *А.Бандураның адамның сенімділігін қалыптасуын анықтайтын негізгі төрт шартына сипаттама беріңіз.*

4. *Дж.Роттер бойынша «бақылау локустеріне» (экстерналдар мен интерналдар) түсінік беріңіз, олардың бір-бірінен айырмашылығы қандай?*

5. *Осы тұрғы өкілдерінің «тұлға» ұғымына берген анықтамасы және тұлғаның құрылымы қандай қасиеттерді қамтыған.*

2.6. Тұлғаның іс-әрекеттік теориясы

Тұлғаның іс-әрекеттік теориясы кеңестік психологияда кеңінен таралған еді. Осы теорияның дамуына ең қомақты үлес қосқан зерттеушілердің арасынан ең алдымен С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, К.А. Абульханова-Славская және А.В.Брушлинскийді атап көрсеткен жөн. Бұл теорияның тұлғаның мінез-құлықтық теориясымен, әсіресе оның әлеуметтік-үйретілетін бағытымен, сонымен қатар, гуманистік және когнитивті теориялармен ортақ белгілері бар.

Бұл тұрғыда тұлғалық қасиеттерді биологиялық, әсіресе психологиялық мұралану жоққа шығарылады. Осы теория бойынша

тұлғаның дамуының қайнар көзі – іс-әрекет болып табылады. Іс-әрекет тұлғаның қасиеттері қалыптасатын, субъектінің (белсенді адамның) әлеммен (қоғам, ортамен) өзара әрекетінің күрделі динамикалық жүйесі ретіндегі үрдіс деп түсініледі (Леонтьев А.Н., 1975). Қалыптасқан тұлға (іштей) ары қарай сыртқының адамға әсерін жанамалаушы тізбекке айналады (Рубинштейн С.Л., 1997).

Іс-әрекеттік теорияның мінез-құлықтық теориядан ең негізгі айырмашылығы, үйрету құралы ретінде бұл жерде рефлекс емес, тарихи-қоғамдық тәжірибенің меңгерілуіне көмектесетін интериоризацияның ерекше механизмі жүруінде. Іс-әрекеттің негізгі сипаттамалары заттылық пен субъектілік болып табылады. Заттылықтың өзіндік ерекшелігі – сыртқы әлемнің объектілері субъектіге тікелей емес, іс-әрекет процесінің барысында өзгертілген күйінде әсер етуінде.

Заттылық, бұл – адамның іс-әрекетіне ғана тән және ең алдымен тіл, әлеуметтік рөлдер, құндылықтар ұғымдарында көрінуден байқалатын сипаттама. А.Н.Леонтьевке қарағанда, С.Л.Рубинштейн мен оның ізбасарлары тұлғаның іс-әрекеті (тұлғаның өзі де) психикалық белсенділіктің ерекше бір түрі ретінде емес, нақты адамның шынайы, объективті түрде бақыланатын практикалық (белгілік емес) шығармашылық, өзінше дербес іс-әрекеті ретінде түсінілетінін баса көрсетеді. (Абульханова-Славская К.А., 1980; Брушлинский А.В., 1994).

Субъектілік дегеніміз – адамның өзі белсенділігінің, сыртқы әлемді, ақиқат дүниені өзгертудің қайнар көзі екендігін білдіреді. Субъектілік іс-әрекеттің тұлғалық мағынадағы бағыттылығы мен таңдаулылығын анықтайтын (яғни адамның өзіне іс-әрекеттің маңыздылығын) пейілдер, қажеттіліктер, түрткілер, бағдары, қатынастарынан және мақсаттарынан байқалады.

Іс-әрекеттік тұрғының өкілдері, тұлға адамның әлеуметтік рөлді қаншалықты игеруіне, әлеуметтік іс-әрекетке қаншалықты қосылуына байланысты өмір бойына қалыптасып дамиды деп есептейді. Адам енжар бақылаушы емес, ол әлеуметтік өзгерістердің белсенді қатысушысы, тәрбие мен оқытудың белсенді субъектісі болып табылады. Дегенмен, балалық шақ пен жастық шақ бұл теорияда тұлға қалыптасуында неғұрлым маңызды деп қарастырылады. Бұл теорияның өкілдері әлеуметтік ілгерілеушілікке байланысты адамның тұлғасындағы оң өзгерістерге сенеді.

Осы тұрғы өкілдерінің пікірінше, тұлғада негізгі орынды сана иеленеді, бірақ сананың құрылымы адамға бастапқыда берілмейді, ол

ерте балалық шақта қарым-қатынас пен іс-әрекет процесінде қалыптасады. Бейсаналылық автоматтанған әрекеттер жағдайында ғана орын алады. Тұлғаның санасы қоғамдық тұрмысқа, өзінің іс-әрекетіне, қоғамдық қарым-қатынастар мен өзі кіріктірілген нақты жағдайларға толық тәуелді. Адамда сананың әлеуметті игерілген қасиеттері мүмкіндік беретіндей мөлшерде ғана ырық бостандығы болады, мәселен, рефлексия, ішкі диалогизм. Бостандық, бұл – ұғынылған қажеттілік. Адамның ішкі әлемі бір мезетте субъективті, әрі объективті де. Барлығы субъектінің нақты іс-әрекетке кіріктірілу деңгейіне байланысты. Тұлғаның жеке аспектілері мен қасиеттері мінез-құлықтық көрінулерінде объективтенілуі мүмкін және оларды бөлек әрекеттерге жіктеп те объективті өлшеуге болады.

Тұлғаның элементтері ретінде, іс-әрекеттік тұрғыда тұлғаның жекеленген қасиеттері немесе тұлға бітістері көрінеді, нақты қоғамдық-тарихи контексте, іс-әрекет нәтижесінде қалыптасады деп есептелінеді (Леонтьев А.Н., 1975). Осы орайда, тұлғаның қасиеттері әлеуметтік тұрғыдан себептелінген деп қарастырылады. Мысалы, табандылық, субъектінің дербестік пен тәуелсіздік байқататын іс-әрекет түрлерінде қалыптасады. Табанды адам батыл, белсенді әрекет жасай отырып, дербестілікке өз хақын сақтайды және басқалардан осыны мойындауларын талап етеді. Тұлға қасиеттерінің тізімі шексіз және ол адамның субъект түрінде кіріктірілген іс-әрекеттерінің көптүрлілігімен анықталады (Абульханова-Славская К.А., 1980).

Негізінен тұлға бөліктерінің саны мен мазмұны авторлардың теориялық көзқарастарына аса тәуелді. Кейбір авторлар, мәселен, Л.И. Божович (1997) тұлғада бір ғана орталық бөлікті – тұлғаның мотивациялық сферасын бөліп көрсетеді. Басқалары тұлғаның құрылымына басқа тұрғылар шегінде, мысалы, мінез-құлықтық және диспозициялық тұрғыларда қарастырылатын қасиеттерді де қосады. К.К.Платонов (1986) тұлғаның құрылымына оқыту жолымен тәжірибеде иеленген білім, дағды сияқты бөліктерді қосады (бұл құрылымша тармағы әдетте мінез-құлықтық тұрғыға тән), сонымен бірге, диспозициялы тұрғы аясындағы тұлғаның маңызды бөліктері ретінде қарастырылатын «темперамент» бөлігін қосады.

Іс-әрекеттік тұрғыдағы ең танымалы негізгі құрылымды бөліктер ретіндегі *бағыттылық, қабілеттер, мінез бен өзін-өзі бақылаудан* тұратын тұлғаның төрт компонентті үлгісі болып табылады.

Бағыттылық, бұл – тұлға мінез-құлқының негізгі бетбұрыстарын көрсететін, тұлғаның тұрақты талғамы мен түрткілерінің (қызығушылықтар, идеалдар, бағдарлар) жүйесі. Бағыттылығы айқын адам еңбекқор, алға қойған мақсатына ұмтылғыш болып келеді.

Қабілеттер – іс-әрекеттің табыстылығын қамтамасыз ететін жекеде-даралық-психологиялық қасиеттер. Қабілеттер жалпы және арнайы (әншілік, математикалық т.б.) болып бөлінеді. Қабілеттер өзара байланысты. Бір қабілет жетекші рөл, басқалары көмекші рөлді атқарады. Адамдар бір-бірінен жалпы қабілеттерінің деңгейімен ғана емес, сонымен қатар, арнайы қабілеттерінің үйлесімділігімен де ерекшелінеді. Мәселен, бір адамның әншілік қабілеті жақсы болып, ал математикалық қабілеті нашар болуы мүмкін (немесе керісінше).

Мінез – адамның адамгершіліктік - өнегелі және ырықты қасиеттерінің жиынтығы. Адамгершілік қасиеттеріне адамдарға қатысты, сезімталдық немесе қатыгездік, ал қоғамдық міндеттерге қатысты жауапкершілік, қарапайымдылық жатады. Адамгершілік - өнегелі қасиеттер тұлғаның дағды, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарда бекітілген адамның негізгі нормативті әрекеттері туралы түсініктерін бейнелейді. Ырық сапаларына мінез-құлықтың белгілі бір стилі мен практикалық тапсырмалардың шешілу тәсілін қамтамасыз ететін табандылық, тұрақтылық және өзін ұстай білу қасиеттері де жатады.

Адамның адамгершілік және ырықты қасиеттерінің айқындығы негізінде мінездің мынадай түрлері болады: моральды - ырықты, аморальды - ырықты, моральды-абулиялық (абулия-еріксіз), аморальды-абулиялық.

Моральды-ырықты мінезді адам әлеуметті белсенді, әлеуметтік нормаларды үнемі сақтайды және оларды орындап жүру үшін ырық күшін жұмсайды. Мұндай адамдарды шешімді, табанды, тұрақты, шыншыл, қайратты адамдар деп атайды.

Мінезі аморальды-ырықты адамдар әлеуметтік нормаларды мойындамайды және барлық ырық күшін өзінің мақсаттарын қанағаттандыруға жұмсайды. Мінезі моральды – абулиялық адамдар әлеуметтік нормалардың пайдалы әрі маңыздылығын мойындайды, алайда, ырықсыздығына орай, өздері соны тілемесе де жағдайларға байланысты анти-әлеуметтік әрекеттерге баруы мүмкін. Мінезі аморальды – абулиялық типтегі адамдар әлеуметтік нормаларға енжар және оларды орындауға ешқандай күш жұмсамайды.

Өзін-өзі бақылау – бұл өзін тұлға ретінде ұғынуымен байланысты өзін-өзі реттестіру қасиеттерінің жиынтығы. Осы бөлік басқа бөліктерден жоғары тұрады және олардың үстінен бақылау жасайды: іс-әрекетті күшейту немесе әлсірету, әрекеттер мен қылықтарды түзету, іс-әрекеттің алдын алу және жоспарлау, т.б. (Ковалев А.Г., 1965).

Жеке адамның барлық бөліктері өзара байланысты әрекет етеді және тұтас, жүйелі қасиеттерді құрайды. Олардың ішінен аса маңызды орынды тұлғаның экзистенциялы- болмыстық қасиеттері иеленеді. Бұл қасиеттер тұлғаның өзі туралы (өзіне деген қатынасы), өзінің «Мені», болмыстың мәні, жауапкершілігі, осы әлемдегі орны туралы тұтастай түсініктерімен байланысты. Тұтастылық қасиеттері тұлғаны ақылды, мақсатты ете түседі. Экзистенциялы- болмыстық қасиеттері айқын тұлға рухани әлемі бай, бүтін және дана болып табылады.

Сонымен, іс-әрекеттік тұрғы бойынша *тұлға*, бұл – қоғамда арнайы бір орынды иеленетін, әлеуметтік қоғамға пайдалы рөл атқаратын саналы субъект. Тұлғаның құрылымы, бұл – жеке қасиеттердің, бөліктердің және тұлғаның жүйелі экзистенциялы- болмыстық қасиеттерінің күрделі ұйымдасқан иерархиясы.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. *Іс-әрекеттік теориясының мінез-құлықтық теориядан айырмашылығы неде?*

2. *Іс-әрекеттің негізгі сипаттамалары (заттылығы, субъектілігі)*

3. *Іс-әрекеттік теориясының негізгі сүйенетін қайнар көзі?*

4. *Іс-әрекеттік теориядағы тұлғаның құрылымы қандай?*

2.7. Тұлғаның диспозициялық теориясы

Диспозициялы (ағылшынша: disposition- алдын ала ниеттелінген) теория негізгі үш бағытқа бөлінеді: «қатаң», «жұмсақ» және аралық – формальды (ресми) - динамикалық.

Осы тұрғыға орай, тұлға дамуының негізгі қайнар көзі гендік-орталық өзара әрекеттесу факторлары болып табылады деп саналады және де бір бағыттағыларда генетика тұрғысындағы тікелей әсер, ал басқаларында ортаның әсері баса көрсетіледі.

«Қатаң» бағыт, бір жағынан, дене бітімі қасиеттері, жүйке жүйесі мен ми сияқты адамның белгілі бір қатаң биологиялық құрылымдары

арасындағы қатал үйлесімділікті және екіншіден, белгілі бір жеке қасиеттер арасындағы үйлесімділікті табуға тырысады. Сонымен қоса, бұл жерде қатаң биологиялық құрылымдар да, олармен байланысты жеке құрылымдар да жалпы генетикалық факторларға тәуелді екендігі бекітіледі. Неміс зерттеушісі Э.Кречмер дене бітімі құрылымы мен мінез типі және дене құрылымы мен белгілі бір психикалық ауруға бейімділігі арасындағы байланысты бекітті (Кречмер Э., 1924).Мәселен, дене құрылысы астеник адамдар (арық, қол-аяғы ұзын) басқа типтерге қарағанда жиі «шизоид» мінезді (тұйық) және шизофрениямен жиі ауырады. Дене бітімі пикник адамдар (өте толық, қарны үлкен) басқаларға қарағанда көбіне «циклотимдік» мінезді болады (көңіл-күйі аса көтеріңкі жақсы күйден қайғылыға жылдам өзгереді) және көбіне маникальды-депрессивті психозбен ауырады.

Ағылшын зерттеушісі Г.Айзенк «интроверсия-экстраверсия» сияқты тұлғаның бітімі (тұйықтық-ашықтық) мидың ерекше құрылымы – ретикулярлы формация қызметімен шартталынған деп болжамдайды. Интроверттердің ретикулярлы формациясы қабықшаның жоғары тонусын қамтамасыз етеді және осыған сәйкес олар сыртқы әлеммен байланысқа түсуден қашады, оларға артық сенсорлық стимуляция қажет емес. Экстраверттер болса сыртқы сенсорлы стимуляцияға қарай ұмтылады (адамдарға, ащы тамаққа, т.б.), себебі, олардың қабықшасының (қабығы) тонусы төмен, олардың ретикулярлы формациясы мидың қабықша құрылымын қабықша белсенділігінің қажет деңгейімен қамтамасыз етпейді.

Диспозициялы теорияның «жұмсақ» бағыты жеке ерекшеліктердің адам ағзасының биологиялық қасиеттеріне тәуелді екендігін мойындайды, алайда соның ішінде, қандай қасиеттерге тәуелді екендігі және қаншалықты тәуелді екендігі олардың зерттеу аясына кірмейді.

Осы бағыттағы зерттеушілер ішінен ең танымалы – адам бітістері теориясының негізін салушы Г.Олпорт болып саналады. *Бітіс,* ол - әртүрлі уақыт пен әртүрлі ситуацияларда адамның өзін ұқсас кейіпте ұстауына бейімді болуы. Мәселен, үйінде де, жұмыста да өзін ашық ұстайтын адамда «тіл табысқыштық» бітісі айқын көрінеді деп айтуға болады. Олпорттың ойынша бітістердің тұрақтылығы адамның психофизиологиялық сипаттамаларының белгілі жиынтығымен шартталынған. Олпорт бітістен де басқа, адамдағы ерекше тұлғадан жоғары құрылым-проприумды да (латынша: proprium - негізінде «мен

өзім») бөліп көрсетті. Проприум түсінігі гуманистік психологиядағы «Мен» түсінігіне жақындау болып келеді. Оның құрамына адамның адамгершілікті бағдарлары, жоғары мақсаттар, мағыналар енеді. Проприумның дамуында Олпорт негізгі рөлді қоғамға берді, алайда ол бітістердің проприумның қандай да бір ерекшеліктерінің қалыптасуына жанама түрде әсері болады деп есептеді. Проприумы дамыған адамды Олпорт кемелденген тұлға деп атады.

Формалды – динамикалық бағытты негізінен кеңестік психологтар Б.М.Теплов пен В.Д. Небылицын өз еңбектерінде қарастырған. Бұл бағыттың бір ерекшелігі, адамның тұлғасында екі деңгей, жеке қасиеттердің екі түрлі аспектілері – формалды – динамикалық және мазмұнды аспектісі болады деген пікірі болды. Тұлғаның мазмұнды қасиеті проприум түсінігіне жақындау келеді. Олар тәрбие, үйрету, іс-әрекеттің өнімі болып келеді және білім, ептілік, дағдыны ғана емес, сонымен қатар ақыл-ой, мінез, мағына, бағыт, мақсат, т.б. сияқты адамның ішкі әлемінің байлықтарын қамтиды.

Диспозиционалистердің пікірінше, тұлға бүкіл өмір бойында дамып отырады. Соның ішінде өмірінің алғашқы жылдары, жыныстық жетілу жылдары ең маңызды кезең болып саналады. Бұл теория бойынша адамдардың мінез-құлық құрылымдарында үнемі өзгерістер болуына қарамастан, негізінде олар біртұтас белгілі бір тұрақты ішкі сапаларды иегерген деп болжайды (темперамент, бітістер). Диспозиционалистер тұлғада саналылық та, бейсаналылық та бар деп есептейді. Осы орайда, рационалды процестер тұлғаның жоғары құрылымдарына, ал иррационалды процестері төменгі құрылымы – темпераменттерге тән деп есептелінеді. Диспозициялық теория бойынша адамның ерік бостандығы шектеулі. Адамның мінез-құлқы қандай да бір деңгейде эмоциялық және генетикалық факторлармен, сол сияқты темпераментпен, бітістермен себептелінген.

Адамның ішкі әлемі, соның ішінде темперамент пен бітістер, тікелей объективті және обьективті өлшеу мүмкіндігі бар әдістермен қандай да болмасын физиологиялық көрінулер, сондай-ақ электроэнцефалограмма, сөздік реакциялар, т.б., темперамент пен бітістің түрлі қасиеттерін көрсетеді. Осы жағдай – тұлғаның биологиялық негіздері мен жеке-даралық, психологиялық ерекшеліктерін зерттейтін арнайы ғылыми бағыт – дифференциалды психофизиологияның құрылуына негіз болды (Теплов Б., 1990; Небылицын В.Д., 1990).

«Қатаң» құрылымды үлгілер арасынан жеке қасиеттерді темпераменттің қасиеттерімен теңестіретін Г.Айзенктің тұлға үлгісі ең танымалы болып табылады. Ол ұсынған үлгіде тұлғаның үш іргелі қасиеттері немесе димензиялары берілген, олар: интроверсия-экстраверсия, нейротизм (эмоциялы тұрақсыздық) – эмоциялы тұрақтылық, психотизм.

Нейротизм, бұл – тұлғаның тым ашушаңдығы мен және қозғыштығымен байланысты қасиеттері. Эмоциялық тұрғыдан тұрақты адамдар салмақты, байсалды болса, невротиктер (нейротизмі жоғары адамдар) тез үрейленгіш, қызба (тез қозғыш), мазасыз болып келеді.

Психотизм – басқа адамдарға деген немқұрайлы, қызығушылығы жоқтық және әлеуметтік нормаларды қабылдамауды бейнелейтін тұлғалық қасиеттерді біріктіреді.

«Жұмсақ» бағыттың өкілдері, соның ішінде Г.Олпорт бітістердің үш түрін бөліп көрсетеді:

1. *Ең басты (кардиналды) бітіс* тек бір адамға ғана тән және бір адамды келесі бір адамдармен салыстыруға жол бермейді. Осындай басты белгінің адамға тән екендігі соншалықты, тіпті оның барлық әрекеттері осы бітісінен туындауы мүмкін. Осындай, аса маңызды бітістері бар адамдар онша көп кездеспейді. Мәселен, қайырымды Тереза шешейде (мать Тереза) осындай бітіс болды, ол – рақымды, басқа адамдардың қайғысына ортақтаса алатын еді.

2. Жалпы бітістер – осы мәдениет аумағындағы көптеген адамдарға тән болады. Жалпы бітістер ішінен: тез тіл табысушылық, нақтылық, ұқыптылық, адал ниеттілік, т.б. сияқтыларды атауға болады. Олпорттың пікірінше, адамда осындай белгілердің саны оннан (10) аспайды.

3. Жалпыларға қарағанда, қосымша белгілер тұрақты емес. Бұларға тағам, киімдегі, т.б. қалаулар жатады.

Олпорттың ізбасарлары түрлі математикалық тәсілдерді, соның ішінде факторлы талдауды қолдана отырып, адамдағы жалпы белгілердің санын анықтауға тырысты.

Клиникалық мәліметтер негізінде анықталынған белгілер мен факторлы талдаудың көмегімен нормадан алынған белгілердің сәйкес келуі туралы мәселе, арнайы ғылыми-зерттеулерді талап етеді (Мельников В.М., Ямпольский Л.Т., 1985).

Ресми-динамикалық бағыттың өкілдері тұлғаның негізгі элементі ретінде төрт формалды-динамикалық қасиеттерді бөліп көрсетеді:

1. Жігерлілік – психикалық кернеулену деңгейі, төзімділік;

2. Ырғақтылық – мінез-құлық бағдарламасының біреуінен басқасына жеңіл ауысу;

3. Шапшаңдық – мінез-құлықтың жекедаралық қарқындылығы;

4. Эмоциялы табалдырық – кері байланыс, шынайы және жоспарланған мінез-құлыққа сәйкес келмеуге сезімталдық.

Осы қасиеттердің әрқайсысын: психомоторлы, интеллектілі және қарым-қатынастық сияқты адам мінез-құлқының үш аумағында бөліп көрсетуге болады. Негізінен әрбір адамда барлығы 12 ресми-динамикалық қасиетті айқындайды. Осы негізгі төрт қасиеттерге бұл бағытта өзіндік ерекшелігі жоқ және іс-әрекеттік тұрғыдағы қасиеттермен (білім, іскерлік, дағды, мінез, мағына, ішкі құрылымдар, мақсаттар т.б.) сәйкес келетін тұлғаның маңызды деп аталатын қасиеттері (Русалов В.М., 1979) де қосылады. Диспозициялы тұрғы аясында тұлғаның негізгі блогы – темперамент. Жоғарыда атап өткендей, кейбір авторлар, мысалы: Г.Айзенк тұлға мен темпераментті теңестіреді. Темперамент қасиеттерінің белгілі арақатынасы темперамент типтерін құрайды.Г.Айзенк темпераменттің мынадай түрлерін береді:

Холерик – эмоциялы тұрақсыз экстраверт. Ашуланшақ, тынымсыз, агрессивті, тез қозғыш, өзгермелі, импульсивті, белсенді, оптимист.

Меланхолик – эмоциялы тұрақсыз интроверт. Көңіл күйі бойынша өзгермелі, енжар.

2.8. Кейбір басқа тұлға теориялары туралы

Экзистенциализм. Экзистенциалистік көзқарас психология (жан-тану) ғылымы үшін айтарлықтай жаңалық емес, академиялық психологияда жалпыға мәлім және тыңғылықты ұғым ретінде қарастырылады деп ішінара айтуға болады. Көптеген адамдар бұл көзқарасты жан-жақты қарастырғанымен, нақты қағидаларға құралған теориялық бағыт ұстанымды айта алмаймыз. Діни бағыттағы және дінге қарсы экзистенциалистер, сонымен қатар атеистер де бар. Олардың бірқатары адамның жаратылысындағы өмірлік ұстанымдарындағы үміт пен оптимизмге баса назар аударса, енді біреулері торығу мен күдер үзуді ғана таниды. Бірқатары экзистенциализмнің философиялық түп-тамырын тереңірек зерттесе, екіншілері – бұны клиникалық тәсіл деп қана таниды.

Осындай сан тарау, жан-жақты пікірталастарды салыстыра отырып, олардың барлығына не нәрсе ортақ деген сауалға жауап іздеп көрелік. Ол адамзаттың жаратылысындағы адамның жеке тұрмысына, яғни экзистенциализмнің ең негізгі анықтаушы элементі болып табылатын экзистенцияға деген қызығушылық болуы да ғажап емес. Экзистенцияның мазмұнын («шынайы болмыс») көптеген экзистенциалистер әртүрлі түсіндіреді. Дегенмен, олардың барлығы дерлік біздің тұрмысымыздың негізгі өзегі – өміршеңдік мәні зор нақты бір мәселелерге келіп тірелетінін жоққа шығармайды.

Экзистенциалистік ұғымдардың тағы бір маңызды қыры – индивидтің болмысының мағыналығы. Философ Кьеркрегор үшін жалғыз ғана экзистенциалдық мәселе – ол индивидтің тұлғаға лайық өмір сүруі болып табылады.

Раймонд Б.Кэттелл (1905-1998)

Раймонд Б.Кэттелл 1905ж. Англияның Девоншир елді мекенінде дүниеге келді. 1924 ж. Лондон университетін химия пәнінің бакалавры дәрежесінде аяқтап шықты. Кейін ол психологиямен айналысып, сол университеттен 1929 жылы психология саласының докторы дәрежесін алды. Ол балалар орталығына жетекшілік ете жүріп, тұлғаны зерттеу жұмыстарын жүргізіп, клиникалық тәжірибе жинақтады. 1927 жылы АҚШ-қа ауысты. Мұнда қоныс аударған соң Гарвардтағы Колумбия университетінде Кларк және Дьюк университеттерінде қызмет істеді. Жиырма жыл Иллинойс университетінде тұлғаны психодиагностикалық зерттеу зертханасына жетекшілік етіп, зерттеуші – профессор ретінде қызмет атқарды. Кәсіптік өрлеу кезеңінде 200-ден астам мақала мен 15 ғылыми еңбегін жариялайды. Кэттеллдің өмірі мен қызметіне тікелей әсер еткен факторлардың барлығы мәлім болмағанымен, кейбір жекелеген маңызды мәселелерге көз жеткізуге болады. Ең алдымен, Кэттеллдің тұлғаны жан-жақты зерттеуде факторлық анализды қолдануға мән бергендігі және жекелеген тұлғалар тобының иерархиялық теориясын жасауға талпынуы. Айзенкке де әсері болған екі ағылшын психологы Спирмен және Берта есімдерімен байланысты болуы мүмкін. Кэттеллдің мотивация бағытындағы көзқарастарының қалыптасуына Британ психологы – Уильям Мак – Даугаллдың әсері болады. Балалар клиникасында жұмыс істеген жылдарының да ғылыммен айналысуында мәні болды. 1869 ж. Дмитрий Менделеев химияда периодтық жүйе жасап, ғылымда зор орасан жаңалық ашты. Кэттелл де осы негізде

тұлғаны зерттеулердің психологиядағы жүйесін жасағысы келді, ол үшін факторлық талдауды қолданды.

Кэттелл тұлғаны зерттеудің үш негізгі әдісін ұсынды: бивариантты қ, мультивариантты қ және клиникалық. Бивариантты қ эксперимент –тәуелді және тәуелсіз өзгертулер нәтижелеріне негізделеді. Мультивариантты қ бірнеше өзгерістердің қатар келгендігі нәтижесіне негізделеді, ал клиникалық әдіс те осы мультивариантты қ сияқты, бірақ ғылыми негізде алып қарастырылмайды.

Кэттелл ұсынған жеке адамды жан-жақты зерттеу теориясы адамның сыртқы және ішкі әрекетінің сипатына негізделеді. Осы сипаттарды жүйелеген кезде, басты екеуіне айрықша тоқталуға болады: біріншіден қабілет бітістері, темперамент бітістері және динамикалық бітістер ескерілсе, екіншіден – көзге көрініп, анықталып тұрған сыртқы бітістер және терең зерттеп, анықтауды қажет ететін ішкі бітістер көрінеді.

Қабілетке тән бітістерге дағдылар мен индивидтің жемісті еңбегін қамтамасыз ететін қабілетін жатқызуға болады. Мысал ретінде интеллектіні айта аламыз. Темперамент бітістеріне адамның эмоционалдық күйін және мінез-құлқының жекелеген қалыптасқан тұстарын жатқызамыз. Динамикалық бітістеріне – индивидтің өміріндегі ұстанымдарын, алға ұмтылушылықтарын, мақсатын айтамыз. Кэттелл осы аталған қабілет, темперамент және динамикалық бітістер тұлғаның бойындағы басты тұрақты элементтер болып табылады деп санайды. Ал, көзге айқын бітістер мен ішкі белгілерді мінез-құлықты бақылау нәтижесінде анықтауға болады.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. *Тұлғаның диспозициялы теориясының ұстанған бағыты және олар тұлға дамуының қайнар көзі ретінде нені басты мәселе деп қарайды?*

2. *Э.Кречмер, Г.Айзенк, Г.Оллпорт және кеңестік психологтар Б.М.Теплов, В.Д.Небылицын тұлға бітімінің тұлға дамуындағы рөлі туралы болжамдарына салыстырмалы түрде түсінік беріңіз.*

2- тарау бойынша қорытынды бақылау сұрақтары:

1. *Психологияда тұлғаны зерттеуде қандай тұрғылар қолданылады? Олардың ортақ белгілерін атаңыз.*

2. *Тұлға теориясының қарастыратын негізгі мәселесі.*

3. *Тұлғаның құрылымы дегеніміз не? Оны талдаудың үш деңгейін атаңыз.*

4. *Тұлға туралы теориялардың негізін салушы өкілдері, теориясының негізі, қайнар көзі, бағыты және оның басты ерекшеліктері мен кемшіліктерін жүйелеп, кестеге түсіріңіз, салыстырыңыз.*

III. КЕҢЕСТІК ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ ТҰЛҒА ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ

Тұлға психологиясы XX ғасырдың басында Вундтік психологияның дағдарысынан кейін дами бастады. 1931 ж. Л.С.Выготский «психологияның түйінді және жоғарғы мәселесі – тұлға мен оның даму мәселесі осы уақытқа дейін жабулы» деген болатын. 1937 ж. Гордон Олпорт өзінің «Тұлға: психологиялық талқылау» кітабында тұлғаның 50 түрлі анықтамасын келтіреді. Оларды жинақтау әрекеті сәтсіздікке ұшырап, Олпорт «адам – бұл объективті ақиқат» дегенді ғана мойындап, тұлға анықтамасынан бас тартуға мәжбүр болды.

Жарты ғасырдан кейін танымал кеңес әдіскері П.Г. Щедровицкий көп жағдайларда тұлға психологиясы мәселесі тек сипаттаушы психология деңгейінде қалып қойғандығын айтады. Шетелде және кеңес психологиясы үшін де тұлға мәселесі аса қиын проблема болды. Кеңес психологиясындағы марксистік философия түріндегі біріктіруші идеологияның өзі де тұлға мен оның табиғатын бір мағынада талқылауға түрткі бола алмады.

Қалай болса да, К.К.Платонов кеңес психологиясында 1917 жыл мен 1970 жылдар аралығында үстем болған тұлғаның 4 түрлі негізгі теорияларын бөліп көрсетуге болатынын айтады:

1917-1936 жж. – тұлға психикалық бітістер профилі ретінде.

1936-1950 жж. – тұлға адам тәжірибесі ретінде.

1950-1962 жж. – тұлға темперамент және жас ерекшелігі ретінде.

1962-1970 жж. – тұлға бағыттылықта көрінетін қатынастардың жиынтығы ретінде.

Басқа бір белгілі автор - А.В.Петровский де кеңес психологиясында тұлғаны түсінудегі түрлі көзқарастардың бар екендігін сөз етеді. Мәселен, ол – 50-60-жылдарда тұлға адам психикасының ерекшеліктерінің,

қасиеттерінің, күйлерінің, сипаттамаларының жиыны ретінде танылады – деп тұжырымдады.

60-жылдар ортасынан бастап тұлғаның жалпы құрылымын анықтау әрекеттері жасалына бастады. Ал 1969 жылы тұлға мәселелері бойынша бүкілодақтық симпозиумда тұлғаны биосоциалды тіршілік иесі және құрылымдық көзқарас тұрғысында түсінуге тырысулар болады. Бұл көзқарас кейін сынға ұшырады.

70-жылдардың соңына қарай құрылымдық көзқарасқа бағытталған бағдар, тұлғаның жүйені құрастырушы белгілерін бөліп алуды талап ететін жүйелік көзқарасқа ауысады.

Шетел психологтарының тұлға жайлы көзқарастары тіптен көптүрлі. Л.Хьелл мен Д.Зиглер өздерінің танымал монографияларында тұлға теориясында ең аз дегенде 9 бағытты бөліп көрсетеді.Оларға, біз алдыңғы тарауларда кеңірек тоқталғанбыз.Олар – психодинамикалық (З.Фрейд) және осы бағыттың А.Адлер мен К.Юнг қарастырған нұсқасы, диспозициялық (Г.Олпорт, Р.Кеттел) бихевиористік (Б.Скиннер), әлеуметтік – когнитивті (А.Бандура), когнитивті (Дж.Келли), гуманистік (А.Маслоу), феноменологиялық (К.Роджерс) және эго-психологиялық (Э.Эриксон, Э.Фромм, К.Хорни).

Л.Хьелл мен Д.Зиглер осы және басқа да авторлардың тұлға жайлы тұжырымдамалары бір-біріне ұқсамайтындығын ескертеді. Алайда осы тұжырымдамаларды талдай отырып, ортақ мәселелерді бөліп алуға болады.

1. Анықтамалардың көпшілігінде тұлға қандай да бір гипотетикалық құрылым немесе ұйым ретінде көрінеді. Адамның мінез-құлқы тұлға деңгейінде ұйымдасады да интеграцияланады.

2. Анықтамалардың көпшілігінде адамдар арасындағы даралық айырмашылықтардың мәні қарастырылады.

3. Анықтамалардың көбінде тұлға генетикалық және биологиялық алғышартты, әлеуметтік тәжірибе мен динамикалық сыртқы ортаны қамти келе, сыртқы және ішкі факторлардың әсерінің субъектісі ретінде эволюциялық процесте сипатталады.

4. Көп анықтамаларда нақты тұлға мінез-құлықтың тұрақтылығына «жауап береді». Нақты тұлғаның өзі адамның белгілі бір уақытта және қоршаған ортадағы үздіксіздік сезімін қамтамасыз етеді.

Кеңес және шетел психологтарының жалпыланған көзқарастарын салыстыра келіп, олардың тұлғаға қатысты ұқсастығын анықтауға

болады. Сонымен әртүрлі елдерде, түрлі зерттеушілердің тұлға мәселесімен көптеп айналысуы – аса күрделі проблема екендігін айғақтайды. Енді кеңес психологтарының негізгі тұлға тұжырымдамаларына тоқталып өтейік.

3.1. А.Ф.Лазурскийдің тұлға тұжырымдамасы

Осы тұжырымдамада ең бірінші рет тұлғаның өзегін анықтайтын тұлғаның қатынастары қарастырылады.

А.Ф.Лазурскийдің тұлғаның табиғаты мен құрылымы жайлы көзқарастары В.М. Бехтерев идеяларының тікелей әсерінде қалыптасады.

В.М. Бехтеревтің ойынша «тұлға бір-бірімен тығыз байланысты іздердің жиынтығын анықтайды, олардың бірі органикалық сферамен тығыз байланыста, келесісі әлеуметтік сферамен тығыз байланыста». Олардың арасындағы өзара қатынастардың сипатын қарастыра келіп, В.М. Бехтерев «әлеуметтік сфера органикалық сфераның негізінде дами отырып, органикалық әсерлерді төмендетіп, оны өмірдің әлеуметтік міндеттеріне байланысты әлеуметтік қатынастардың өткен тәжірибесімен және әлеуметтік әсерлермен алмастыратын дәрежеге дейін кеңейтеді»,– деп көрсетеді.

В.М. Бехтерев тұлға құрылымында «қоғамдық өмірдің негізінде пайда болатын және қандай да бір органикалық реакцияларды тірілтетін психорефлекстердің барлық іздерін біріктіруші және қоздырушы болып табылатын» әлеуметтік сфераның рөлін қарастырады.

А.Ф. Лазурский тұжырымдамасын В.М.Бехтерев идеяларымен салыстыра отырып, соңғылары А.Ф.Лазурский үшін тұлға тұжырымдамасының өзінде теориялық және эмпирикалық тұрғыда қарастырылған негізгі концептуалды көзқарас іспеттес болғандығын болжауға болады. А.Ф. Лазурскийдің ойынша тұлғаның негізгі міндеті – ең кең мағынадағы қоршаған ортаға (табиғат, заттар, адамдар, адамдардың өзара қатынастары, идеялары, эстетикалық, моральды, діни көзқарастары) бейімделу (адаптация). Тұлғаның қоршаған ортаға бейімделу белсенділігінің өлшемі (дәрежесі) әртүрлі болуы мүмкін, ол– төменгі, ортаңғы және жоғары үш психикалық деңгейлерде өз бейнесін табады. Осы деңгейлер адамның психикалық даму процесін анықтайды.

А.Ф. Лазурский ұғымындағы тұлға, бұл – екі психологиялық механизмнің бірлігі. Бір жағынан, бұл – *эндопсихика*, зейін, ес, қиял

және ойлау, ерік күшіне қабілетті болу, эмоциялы, импульстік сияқты негізгі психикалық функцияларда көрінеді.

А.Ф. Лазурский бойынша эндоқылықтар тума. Солай болғанның өзінде ол оларды мүлдем тума деп есептемейді. Оның ойынша эндопсихика адам тұлғасының өзегін, басты негізін құрайды.

Мазмұны тұлғаның сыртқы объектілерге, ортаға қатынасымен анықталатын *экзопсихика* тұлғаның келесі бір маңызды жағын құрайды. Экзопсихикалық көріністер үнемі адамның айналасындағы, сыртқы жағдайларды бейнелейді. Осы екі бөліктер өзара байланысты және бір-біріне әсер етіп отырады.

А.Ф.Лазурский тұлғаның бейімделу процесі табысты болуына байланысты үш психикалық деңгейді бөліп қарастырады. Осы деңгейлердің сипаттамасына көшпес бұрын, психикалық деңгейді жоғарылататын белгілерге тоқталып кетейік.

1. Жекеленген психикалық көріністердің көптүрлілігімен және күрделілігімен (немесе керісінше анайылығымен, кедейлігімен, біржақтылығымен) сырттай көрінетін психикалық өнімнің жалпы мөлшерін білдіретін тұлғалық қасиеттерінің байлығы.

2. Жеке психикалық көріністердің күші, ашықтығы, қарқындылығы. Осы көріністер неғұрлым күшті болған сайын, психикалық деңгейді жоғарылататын мүмкіндіктері соғұрлым көбейеді.

3. Психикалық көріністердің саналылығы мен идеялылығы. Адамның рухани негізі неғұрлым жоғары болса, ол соншалықты бай және қарқынды рухани өмір сүреді. Нәтижесінде адам адами, әлеуметтік, т.с.с. принциптердің жүйесін жасай бастайды.

4. Жиынтығында адамның тұлғасын құрайтын психикалық элементтердің үйлестігі. Осы элементтердің үйлестірілуі мен интеграциялануына деген бетбұрыс неғұрлым жоғары болса, психикалық даму деңгейі соғұрлым жоғары болады.

Сыртқы ортаның адам психикасына неғұрлым көп дәрежедегі әсері төмен деңгейді сипаттайды. Орта осындай адамды оның эндоерекшеліктерімен санаспай бағындыратындай болады. Соның әсерінен адамның мүмкіншіліктері мен оның меңгерген білікті дағдыларының арасында қайшылықтар пайда болады. Сондықтан да адам өзі дербес және тәуелсіз жағдайда істей алатын нәрсесін де жасай алмайды. Ортаңғы деңгей қоршаған ортаға бейімделуге, өз орнын табуға көбірек мүмкіндік береді. Саналы, еңбекқорлар өздерінің бейімділіктері

мен нышандарына қатысты істерді таңдап алады. Оларды бейімделгендер деп атауға болады.

Психикалық дамудың жоғарғы деңгейінде бейімделу процесі қиындай түседі. Рухани өмірдің қарқындылығы қоршаған ортаға бейімделуге мәжбүр етумен қатар,оны өзінің құмарлықтары мен қажеттіліктеріне қатысты өзгертуге, өңдеуге итермелейді. Басқа сөзбен айтқанда, бұл жерде біз шығармашылық процесімен жолығуымыз мүмкін.

Сонымен, төменгі деңгей нашар және төмен деңгейде бейімделген адамдарды, ортаңғы деңгей бейімделгендерді, ал жоғарғысы – бейімделушілерді көрсетеді.

Тұлғаның екі сипаттамаларының үйлесуінің, бір жағынан, оның психикалық дамудың қандай да бір деңгейіне жатқызылуы, екінші жағынан тұлғаның әрбір деңгей ішіндегі мәнді психологиялық сипаттамасы негізінде А.Ф.Лазурский нақты эвристикалық типологияны құрастыруға мүмкіндік алды.

Психикалық дамудың төменгі деңгейіндегі бөліну – басым психофизиологиялық функциялардың негізінде жүреді (эндопсихикалық кешен ішіндегі типология): *парасатты, аффективтілер* – «қозғалмалы», «сезімтал», «арманшыл» және *«белсенділер»*-қуаттылар, ымырашыл-әрекетшілдер және қырсықтар. Психикалық дамудың ортаңғы деңгейіндегі бөліну – эндо-және экзопсихикаға сәйкесті психологиялық-әлеуметтік кешендер бойынша жүреді. Бұған қоса, А.Ф.Лазурский ортаңғы деңгейдің барлық таза типтерін оларда – идеалистік немесе практикалық-реалистік тенденциялардың басымдылығына қатысты екі топқа бөледі: *идеалистер*, *теоретик-реалистер* - ғалымдар, суретшілер, діни қызметкерлер және *практик-реалистер* – адамдарды сүюші (альтруистер), қоғамшылдар, билікшілер, шаруақорлар.

Психикалық дамудың жоғарғы деңгейінде рухани өмірдің кеңдігіне, жан күйзелістерінің саналылығына қатысты экзопсихика өте жоғарғы деңгейде дамиды, эндопсихика оның табиғи негізін құрайды. Сондықтан да, бөлініс экзопсихикалық категориялар бойынша, нақтырақ айтқанда аса мәнді, жалпы адами идеялар және олардың түрлері бойынша жасалынады.

А.Ф.Лазурский бойынша олардың ішінде ең маңыздылары: альтруизм, білім, әдемілік, дін, қоғам, сыртқы іс-әрекет, жүйе, билік.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. *Кеңес психологиясындағы тұлға мәселелерінің зерттелінуі жағдайлары.*

2. *А.Ф.Лазурскийдің пікірінше тұлға дамуының негізі ретіндегі әлеуметтік ортаның әсері.*

3. *«Эндопсихика» және «экзопсихика» механизмдеріне түсінік.*

3.2. В.Н.Мясищевтің тұлға тұжырымдамасы

В.Н.Мясищев алғаш рет тұлға құрылымы жайлы мәселені ашық қойғандардың бірі. Оның ойынша тұлға құрамында тұлғаның барлық психикалық сипаттамаларын қамтитын қатынас бар. Дәл осы қатынас осы күйлердің интеграторлары болып табылады да тұлғаның мінез-құлқының бүтіндігін, тұрақтылығын, тереңдігін және жүйелілігін қамтамасыз етеді. Бұл тұрғыда К.К.Платонов В.Н.Мясищевті бағыттылық, темперамент және эмоциялықты тұлға құрылымының шегінен шығарып тастағаны үшін сынайды.

В.Н.Мясищевтің ойынша бағыттылық «басым қатынасты немесе оның интегралын анықтайды». Эмоциялық та қатынастың өзінің құрылымындағы компоненттердің бірі. Ал құрылым ретіндегі элемент – темпераментті функционалды құрылым ретінде тұлғаға енгізуі К.К.Платонов көрсеткендей мүлдем логикаға қарсы.

Мясищев А.Ф.Лазурскийдің дәстүрін жалғастырады. Оның тұлға қатынастары жайлы идеяларын дамыта отырып, В.Н.Мясищев орталық элементі «қатынас» ұғымы болып табылатын тұлғаның тұжырымдамасын жасайды.

Тұлғаның қатынасы – бұл тұлғаның тәжірибеге сүйенген ақиқаттың түрлі жақтарымен белсенді, саналы, интегралды, таңдамалы байланысы.

В.Н.Мясищев ойынша қатынас, бұл – қатынастардың жүйесі ретінде көрінетін тұлға жүйесін құрастырушы элементі. Тұлға қатынастарының өзі тұлға бүтіндей қоршаған әлеммен және жеке қоғаммен байланысты қоғамдық қатынастар әсерінде қалыптасады.

Шынымен де, адам туғаннан бастап қоғамдық қатынастарға енуге мәжбүр болады (алдымен анасымен тікелей эмоциялы қатынас, кейін ойын, оқу, қоғамдық және еңбек іс-әрекеттері түрінде оны қоршаған жақындарымен, құрбыларымен, тәрбиешілерімен, педагогтармен, қызметтестермен қатынасы). Осы қатынастар бүтіндей тұлғаны

анықтайды да, адамның ішкі әлеуетін құрайды. Дәл осылар адамға өзінен жасырын, көрінбейтін мүмкіндіктерін тауып береді де, жаңаларының пайда болуына түрткі болады. Автор адамның мінез-құлқындағы қатынастардың реттегіш рөлін бөліп көрсетеді.

Қатынастың құрылымы. В.Н.Мясищев қатынастардағы «эмоциялы», «бағалаушы»(когнитивті, танымдық) және конативті (мінез-құлықтық) жақтарын қарастырады. Қатынастардың әр жағы тұлғаның заттық қатынастан идеялы қарым-қатынасқа дейінгі түрлі мезеттерін қамтитын қоршаған орта мен адамдардың өмірлік өзара қатынастарының сипатымен анықталады. Эмоциялы компонент тұлғаның қоршаған орта объектілеріне, адамдарға және өз-өзіне эмоциялы қатынастарының қалыптасуына ықпал етеді.

Танымдық (бағалаушы) қоршаған орта объектілерін, адамдарды және өз-өзін қабылдауы мен бағалауына ықпал етеді.

Мінез-құлықтық (конативті) компонент – тұлғаның өзіне мәнді (құнды) ортаның объектілеріне, адамдарға және өз-өзіне қатынасы бойынша мінез-құлықтың стратегиялары мен тактикаларын таңдауын жүзеге асыруға ықпал етеді.

Қатынастардың түрлері. Эмоциялы және рационалды бағалау тұрғысынан қатынастар, ең алдымен, жағымды және жағымсыз деп екіге бөлінеді.

Қатынастардың мінез-құлықтық жағы қажеттіліктер арқылы анықталады, өйткені қажеттіліктің өзі өз затына нұсқап, осы затқа қол жеткізу тәсілдеріне жанама түрде нұсқайды. Қатынастардың эмоциялы жағы махаббат, ұнатып қалу және сезім белгісі бойынша, керісінше – жек көру, өштесу, ұнамау арқылы көрінеді.

Қатынастардың танымдық немесе бағалаушылық жағы тұлғаның өзі қабылдаған моральды құндылықтарда, жылдар бойында орныққан сезімдерде, бейімділіктерде, идеалдарда көрінеді.

Қатынастардың дамуы. Егерде тұлға өз қатынастарының жүйесі болса, тұлғаның даму процесі өз қатынастарының даму барысымен міндеттеледі. В.Н.Мясищев бойынша, адам мінез-құлқы таңдамалылығы артуының алғашқы кезеңі сана элементі қатыспайтын қатынастың алдымен сипатталады. Адамның өзі байқамайтын (сезбейтін) нәрсе оны іс-әрекетке итермелейді (мінез-құлықтың бейсаналы мотивациясы).

Кейін 2-3 жастағы балада ата-анасына, тәрбиешілеріне, құрдастарына айқын таңдамалы қатынасы дамиды.

Мектеп жасында қатынастардың саны ұлғаяды, отбасынан тыс міндеттер, оқу еңбегі, өз мінез-құлқын ерікті түрде басшылыққа алу міндеттері пайда болады.

Жоғарғы мектеп жасында принциптер, сенімдер, идеалдар қалыптасады.

Қатынас және бағдар. Осы екі психологиялық ұғымдарды өзара салыстыру қажеттілігі, олардың әрқайсысының бәрін тегіс қамтитын психологиялық категория рөліне үміттенуімен байланысты. Тіпті 1970ж. бағдар мен қатынастың медициналық психологиядағы рөлі мен орнын анықтауға арналған арнайы симпозиум да жүргізіледі.

Қатынастарды да, бағдарларды да В.Н.Мясищев даралық тәжірибе процесінде қалыптасатын интегралды психикалық құрылымдар ретінде қарастырады. Қатынас таңдамалылықпен, ал ішкі бағдар дайындықпен сипатталады.

Сонымен, қатынастар мен бағдарлар бір-бірінен ерекше психикалық құрылымдар болып табылады. Қатынас ұғымы басқа психикалық категорияларға жатқызылмайтындықтан (бағдар, қажеттіліктер, мотивтер, қызығушылықтарға және т.с.с.), психикалық ұғымдардың дербес тобын құрайды.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. *В.Н.Мясищевтің тұлға туралы тұжырымдамасының ерекшелігі қандай?*

2. *Тұлғаның жан-жақты қалыптасуындағы қоғамдық қатынастардың әсері.*

3. *Қатынастардың түрлері және оның дамуы*

4. *Қатынас және бағдар сияқты психологиялық ұғымдардың адам дамуындағы рөлі.*

3.3. А.Г.Ковалевтің тұлға тұжырымдамасы

А.Г.Ковалев еңбектеріндегі тұлға психикалық процестер, психикалық күйлер және психологиялық қасиеттердің интегралды құрылымы ретінде көрінеді. Психологиялық процестер адамның психикалық өмірінің іргетасын құрайды. Психикалық процестер психикалық іс-әрекеттің функционалды деңгейін сипаттайтын психикалық күйлерін қалыптастырады. Күйлер тұрақты психикалық қасиеттері құрылғанға

дейін баланың (ерке бала, тыныш, аффективті, байсалды т.с.с.) дамушы тұлғасын толығымен сипаттайды. Күйлерінің ауысуы бала тұлғасының бет-бейнесін өзгертеді. Нақты жағдайларда күйлердің бірі орнығып, оның мінезінің (қозғыш, жасқаншақ, депрессивті, т.с.с.) кейбір ерекшеліктерін анықтауы мүмкін. Психикалық қасиеттер психикалық күйлердің негізінде қызмет ететін психикалық процестерден құрылады. Психикалық қасиеттер нақты адамға тиесілі белсенділіктің орнықты, салыстырмалы түрде тұрақты деңгейін сипаттайды. Өз кезегінде белсенділік деңгейі тұлғаның қандай да бір әлеуметтік құндылығын анықтайды да, адам дамуының ішкі субъективті жағдайларын құрайды. Даму процесінде психикалық қасиеттер бір-бірімен белгілі түрде байланысады , сонан соң күрделі құрылымдар түзіледі.

Осындай күрделі құрылымдар ретінде А.Г.Ковалев темпераментті (адамның табиғи қасиеттерінің жүйесі), бағыттылықты (қажеттіліктер, қызығушылықтар және идеалдар жүйесі), қабілеттерді (ақыл-ой, еріктік және эмоциялық қасиеттер), мінезді (қатынастар мен мінез-құлық тәсілдерінің жүйесі) қарастырады. Автордың айтуынша, «осы құрылымдардың бөлініп алынуы қандайда дәрежеде шартты, өйткені бір ғана қасиеттер тек бағыттылықты ғана емес, мінезді де сипаттайды, қабілеттердің көрінуіне әсер етеді. Алайда осы құрылымдарды салыстырмалы түрде автономды деп қарастыру қажет, өйткені бір ғана қасиет, мысалы бағыттылық байқалғанда адамдар қабілеттері, темпераменті және мінезі бойынша бір-бірінен ерекшеленуі мүмкін.

А.Г. Ковалевтің тұлға құрылымы жайлы көзқарастары аса өзгере қоймады. 1981 ж. жалпы психология оқулығында тұлғаға арналған тарауда, ол – тұлға құрылымындағы бірінші компонент бағыттылық, екіншісі – қабілеттер, үшіншісі – мінез, төртіншісі – «мен» ұғымымен белгіленген басқару жүйесі, ал бесіншісі – психикалық процестер деп жазды. Тұлғаның өзі жоғарыда аталған құрылымдардың синтезі болып табылады. Мінез-құлықтың еріктілігі, тәуелсіздік және адам тұлғасының кемелденуі осы синтезбен қамтамасыз етіледі.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. *А.Г. Ковалевтің тұлға дамуына негіз болатын психологиялық процестердің, психологиялық күйлердің, психологиялық қасиеттердің ерекшелігі туралы пікіріне түсінік.*

2. *А.Г. Ковалев бойынша күрделі құрылымдар.*

4. *В.С. Мерлиннің тұлға тұжырымдамасы*

В.С. Мерлин – Пермьдік психология мектебінің негізін қалаушы және басшысы. В.С.Мерлиннің позициясы ленинградтық психологтардың позицияларына ұқсас. Бұл ең алдымен тұлға қасиеттерінің өзін түсінуге деген көзқарасы.

Біріншіден, В.С.Мерлин психикалық қасиеттер ретінде «адамды қоғамдық еңбек іс-әрекет субъектісі ретінде сипаттайтын қасиеттерді» таниды.

В.С.Мерлин көзқарастарының келесі аспектісі – осы қасиеттердің психологиялық мазмұны. Адамды іс-әрекет субъектісі ретінде сипаттау үшін, – дейді автор – оның іс-әрекет объектісіне қатынасын сипаттау қажет және жеткілікті де… Тұлғаның әрбір психикалық қасиеті ақиқатқа қатынасын анықтайды. Осылайша, В.С.Мерлин тұжырымдамасындағы қатынас ұғымы жоғарыдағы тұжырымдамалардағы сияқты орталық және жетекші рөлді иеленеді. Дегенмен автор, тұлға қасиеттерін сипаттайтын қатынас адамның қатынасын сипаттайтын басқа психикалық қасиеттер мен құбылыстардан ерекшелінетінін атап кетеді.

Біріншіден, тұлға қасиеттерін анықтайтын қатынастар, сананың жеке жақтарының емес, бүтіндей сана ретіндегі қатынастары. Мысалы, байқампаздық, эмоциялық, зейінділік – сананың жеке жақтарының қасиеттері.

Екіншіден, тұлға қасиеттерін сипаттайтын қатынастар «қандай да бір объектіге, санадан тыс нәрсеге қатынасын – еңбекке, адамдарға, ұжымға, заттарға, т.б. қатынасын анықтайды».

Үшіншіден, тұлға қатынастары «жоғарғы дәрежеде қоғамдық – еңбек іс-әрекетінде ерекше мәнге ие, ақиқаттың нақты жағына арналған жоғары деңгейде жалпыланған қатынастарын анықтайды».

Тұлға қасиеттерінде көрінетін қатынастардың соңғы ерекшелігі олардың орнықтылығы мен тұрақтылығында. Дәл осының арқасында тұлға орта әсерлеріне қарсы тұра алады, сыртқы жағдайлардың кедергілерін жеңе алады, өз мақсаттары мен ойларын жүзеге асыра алады.

В.С.Мерлиннің ойынша, тұлға құрылымын темперамент, мінез, қабілеттер және бағыттылық сияқты психикалық қасиеттердің түрлі топтарынан құрылатын жүйе ретінде сипаттауға болмайды. Бұл ғалымның басқалардан бөлек, өзіндік ұстанымы.

Біріншіден, В.С.Мерлиннің көзқарасы бойынша, темперамент қасиеттері тұлғаның қасиеттеріне жатпайды, өйткені ол дара тұлғаның (индивидтің) қасиеттері. Ал екіншіден, мінез, қабілеттер және бағыттылық жүйенің түрлі тармақтары емес (жүйешелер), тұлғаның бір ғана қасиеттерінің түрлі функциялары. Шынымен де, тұлғаның қасиеттері сананың ары қарай тармақталмайтын, жалпыланған тұрақты қатынастары болғандықтан, олар (қатынастар) бағыттылықты да, мінезді де, қабілеттерді де анықтайды. Осылайша, тұлға құрылымы тұлға қасиеттерінің ұйымдасуы мен өзара байланыстарының көп деңгейлі жүйесі түрінде көрінеді. Дәл осы байланыстар негізінде, *тұлға қасиеттерінің симптомокомплексі* қалыптасады.

В.С.Мерлин – *тұлға қасиеттері арасындағы мүмкін байланыстарды қасиеттердің симптомокомплексі* деп атайды. (негізінен бұл Р.Кеттелдің факторлары). Тұлғаның салыстырмалы түрде тәуелсіз қатынастары қанша болса, қасиеттердің симптомокомплексі де сонша болады. Біртұтас симптомокомплексті құрайтын қасиеттер тұлғаның типін сипаттайды.

Симптомокомплекстің қасиеттері:

· *көлемі мен кеңдігі* – симптомокомплекске енетін жеке қасиеттердің саны. Олардың мөлшері бойынша симптомокомплекстің дәрежесін білуге болады.

· тұлғаның симптомокомплексінің негізінде жатқан қатынастарының *күші мен белсенділігі.*

· *тұрақтылығы* – тұлға қатынастарының иілгіштігі.

Тұлға қатынастары қасиеттердің барлық осы үш формаларының жоғарғы дәрежесіне ие болса, ол солғұрлым тұлғаның бұтіндей психологиялық сипаттамасын детерминациялайды.

В.С.Мерлиннің тұлға құрылымы жайлы көзқарастарындағы *байланыстар жүйесінің* орны ерекше болғандықтан, олардың *түрлері мен ұйымдасу деңгейлерін* анықтап алған жөн.

В.С.Мерлин көп-көпмәнді байланыстар жайлы болжамын ұсынды. Осының негізінде биологиялықты әлеуметтікпен және керісінше әлеуметтікті биологиялықпен тікелей ұштастыру мүмкін емес.

Осылайша В.С.Мерлин біріншіден, жүйе тармақтарының ішіндегі *инвариантты функционалды тәуелділіктерді,* екіншіден, түрлі деңгейдегі қасиеттердің арасындағы *көп-коп мәнді байланыстарды* қарастырады.

Бұған қоса, В.С.Мерлин биологиялық пен әлеуметтіктің ішіндегі интегралды даралық жүйелерінің *күрделі иерархиясын* бөліп көрсетеді.

Соның негізінде В.С.Мерлин бір-бірінен тәуелсіз зерттелген заңдылықтарды біріктіріп зерттеу мүмкіндігіне ие болды.

Ұйымдасудың түрлі деңгейлерінің арасында үнемі жанама түйінділер болады, сондықтан да интегралды зерттеудің міндеті бір деңгейдің қасиетін басқасының қасиетімен жанамалау процесін жүзеге асырып, осы жанамаланулардың өзгерістерін онтогенез процесінде қарастыру.

Көп-көп мәнді байланыстар мен иерархиялық құрылым принциптерін біріктіру В.С.Мерлинге тұлғаның өзіндік динамикалық құрылымын құрастыруға мүмкіндік берді.

I. Ағзаның биохимиялық, жалпысоматикалық, жүйке жүйе қасиеттері (нейродинамикалық) жүйешелерінен құрылатын даралық қасиеттерінің жүйесі.

II. Жеке-даралық психикалық қасиеттердің:

· *психодинамикалық қасиеттері (темперамент),*

· *тұлғаның психикалық қасиетті жүйешелерінен тұратын жүйесі.*

III. Топ пен ұжымда орындалатын әлеуметтік рөлдері мен әлеуметтік-тарихи қауымдастықтарда орындалатын әлеуметтік рөлдері жүйешелерінен тұратын дара әлеуметтік-психологиялық қасиеттерінің жүйесі.

Тұлғаның даму процесі даралықтың құрылуының түрлі деңгейлеріне қатысты қасиеттердің арасындағы байланыстарды ұлғайтуға және осы байланыстардың көп-көп мәнділігін кеңейтуге байланысты.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. *В.С.Мерлин тұлғаның қалыптасуындағы психологиялық қасиеттер ретінде қандай қасиеттерді ұстанады?*

2. *В.С.Мерлин бойынша тұлға қасиеттерін сипаттайтын қатынас басқа қатынас сипаттарынан қандай өзгешеліктерімен ерекшеленеді?*

3. *В.С.Мерлин тұлғаның типін сипаттайтын біртұтас симптомокомплекстің қандай қасиеттерін ұсынады?*

4. *Тұлғаның өзіндік динамикалық құрылымын В.С.Мерлин қалайша құрастырады?*

3.5. К.К.Платоновтың жеке тұлға тұжырымдамасы

Бұл тұжырымдама тұлғаға деген құрылымдық көзқарастың идеяларын жүзеге асырудың айқын үлгісі. К.К.Платонов тұлғаны динамикалық жүйе ретінде, яғни уақыт ағымында өзгеріп отыратын, оның құрамындағы қызметтерін сақтап қалған элементтер мен олардың арасындағы байланыстардың құрамын өзгертетін жүйе ретінде қарастырады.

Осы жүйеде автор тұлғаның төрт құрылымын бөліп көрсетеді. ***Құрылымдардың бөліну деңгейі төмендегідей:***

- *биологиялық пен әлеуметтіктің тума мен өмір жағдайында пайда болғанның, процессуалды мен мазмұндылықтың қатынасы;*
- *тұлғаның әрбір құрылымшасына енетін қасиеттерінің іштей жақындастығы;*
- *әрбір құрылымша қалыптастырудың өзі үшін негізгі ерекше құралына ие (тәрбие, оқыту, жаттықтыру, жаттығу);*
- *құрылымшалардың объективті түрдегі иерархиялық тәуелділігі;*

тұлға мәнділігін түсінуде пайдаланылатын тарихи өлшемдер:

- *тұлға психикалық қасиеттердің жиынтығы ретінде;*
- *тұлға адамның тәжірибесі ретінде*
- *тұлғаның биологизациясы;*
- *тұлғаның әлеуметтенуі;*

Тұлғаны талдауда осы өлшемдерді пайдаланып автор оның құрамында төмендегі негізгі құрылымшаларды бөліп көрсетеді.

1. Тұлғаның моральды бітістері түрінде көрінетін бағыттылық пен қатынастарының құрылымшасы. Оларда тума нышандар болмайды және тәрбие жолымен қалыптасады. Сондықтан да осы құрылым әлеуметтік міндеттелген деп аталуы мүмкін. Ол қызығушылықтарды, құмарлықтарды, бейімділіктерді, ұмтылыстарды, идеалдарды, сенімдерді, дүниетанымды қамтиды. Бұның барлығы – тұлғаның қатынастары көрініс табатын бағыттылықтың көріну формалары. К.К.Платонов бойынша осы құрылымның өлшемдерін әлеуметтік–психологиялық деңгейде қарастыру керек.

2. Тұлға қасиеттерінің биологиялық, тіпті генетикалық тұрғыда міндеттелген әсері бар оқыту жолымен алынған білім, дағдылар, іскерліктер және әдеттерді біріктіретін тәжірибе құрылымшасы. Осы

құрылымша сапалары дамуының жетекші формасы – оқыту, оның талдау деңгейінің психологиялық-педагогикалық екенінде шарттайды.

3. Психикалық процестердің даралық ерекшеліктерінің немесе эмоциялар, түйсінулер, ойлаудың, қабылдаудың, сезімдердің, ерік қызметтерінің құрылымшасы.Бұл жерде психологиялық процестер мен қызметтердің биологиялық және генетикалық шартталуына көңіл аударылады. *Әсіресе ес процесі физиологиялық және генетикалық негізде қалыптасатын* психикалық процестердің даралық ерекшеліктерінің қалыптасуы мен даму процесі, ол жаттығу жолымен жүзеге асырылады,сондықтан ол негізінен даралық–психологиялық деңгейде зерттеледі.

4. Тұлғаның жыныстық және жас ерекшелік қасиеттері мен типологиялық қасиеттері (темперамент) енетін биопсихикалық қасиеттерінің құрылымшасы. Осы құрылымшаның қасиеттерінің қалыптасу процесі, анығырақ айтқанда, олардың өңделуі жаттықтыру жолымен жүзеге асады. Тұлғаның «осы құрылымшасына кіретін қасиеттері мидың физиологиялық ерекшеліктеріне тәуелді, ал әлеуметтік әсерлер оларды тек субординациялайды және орнын толтырады». Осы құрылымның белсенділігі жүйке жүйесінің күшімен анықталатындықтан, ол психофизиологиялық және нейропсихологиялық тіпті молекулярлық деңгейге дейін деңгейде де зерттелуі тиіс.

Сонымен, К.К.Платоновтың ойынша осы құрылымшаларға тұлғаның барлық белгілі қасиеттері енуі мүмкін. Осы қасиеттердің біразын негізінен бір ғана құрылымшаға жатқызады, мысалы сенімділік пен қызығушылық – біріншіге, оқымыстылық пен іскерлік – екіншісіне, тез шешімге келе алушылық пен тапқырлық – үшіншісіне, қажу мен қозғыштық – төртіншісіне қатысты.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. *К.К.Платонов ұсынған тұлғаның құрылымдық деңгейлерін атаңыз.*

2. *К.К.Платоновтың теориясының өзіндік ерекшелігі неде?*

3.6. А.Н.Леонтьевтің тұлға тұжырымдамасы

Тұлға тұжырымдамаларының ішіндегі осы көзқарас абстрактіліктің жоғары деңгейімен ерекшеленеді.

Леонтьевтің тұжырымдамасында бірінші орынды субъектінің іс-әрекет категориясы иеленеді, «тұлғаны психологиялық талдаудың бастапқы бірлігі, оның әрекеті,немесе операциясы, не осы функциялардың блогы емес, дәл осы субъектінің іс-әрекеті болып табылады; соңғылары тұлға емес, іс-әрекетті сипаттайды».

Біріншіден, Леонтьев дара тұлға (индивид) мен тұлға ұғымдарын бөліп көрсетеді. Егер дара тұлға – өзінің дара ерекшеліктері бар, бөлінбейтін, бүтін генотиптік құрылым болса, тұлға да бүтін, бірақ көптеген заттық іс-әрекеттердің нәтижесінде пайда болған, жасалынған құрылым. Сонымен, іс-әрекетті тұлғаны психологиялық талдаудың бірлігі ретіндегі көзқарасы, бұл – А.Н.Леонтьевтің 1-ші маңызды теориялық постулаты.

С.Л. Рубинштейннің ішкі жағдайлар арқылы әрекет ететін сыртқы жайлы көзқарасы А.Н.Леонтьевтің екінші, соншалықты маңызды постулаты. А.Н.Леонтьев бойынша егер өмір субъектісі «реакцияның дербес күшіне ие болса «басқаша айтқанда белсенділік,онда ішкі (субъект) сыртқы арқылы әрекет етеді де өз-өзін өзгертеді». Сонымен, тұлғаның дамуы, бір-бірімен иерархиялық қатынастарға түсетін, көптеген іс-әрекеттердің өзара әрекеттілік процесі түрінде көрінеді. Тұлға іс-әрекеттердің иерархиялық қатынастарының жиынтығы ретінде көрінеді. «Іс-әрекеттік иерархияны» психологиялық тұрғыда түсіндіру үшін А.Н.Леонтьев «қажеттілік», «мотив», «эмоция», «мағына», «мән» ұғымдарын қолданады. Шын мәнінде қажеттілік мотивпен алмастырылады.

Субъектінің қоршаған ортаның заттары және құбылыстарымен өзара әрекеті процесінде ғана оған олардың объективті мағынасы ашылады. Мағына дегеніміз, ақиқаттың жалпылануы болғандықтан, «ең алдымен ол объективті – тарихи құбылыстар әлеміне жатады. Осылайша, іс-әрекеттер иерархиясы көз алдымызда мотивтердің иерархиясына айналады. Алайда мотивтер әртүрлі болады. Сондықтан да А.Н.Леонтьев осы мәселені тереңінен түсіну үшін эмоциялар категорияларын талдауға жүгінеді. Іс-әрекеттік көзқарастың шеңберінде, эмоциялар өзіне іс-әрекетті бағындырмайды, керісінше, оның нәтижесі және әрекетінің «механизмі» болып табылады. А.Н.Леонтьев бойынша эмоциялардың ерекшелігі, олардың мотивтер, қажеттіліктер және жетістіктер арасындағы қатынасты бейнелеуінде. Эмоциялар субъект өз іс-әрекетін рационалды түрде бағалағанға дейін, мотивтердің өзектелуінен кейін пайда болады.

Осылайша эмоция адам іс-әрекет мотивінің жүзеге асу-аспауы ситуациясына күйзелуін тудырады. Рационалды бағалау осы күйзелуден соң жүріп, оған нақты мән беріп, мотивті іс-әрекет мақсатымен салыстырып және, сәйкестендіріп ұғыну процесін аяқтайды. Осылайша, қарапайым мотивтің орнын *мотив – мақсат* ұғымы басады.

Сонымен, мағына болашақ тұлғаның құрылымдық элементі ретінде А.Н.Леонтьев енгізген мағына құрушы қызметі жоқ,кейде эмоциялы түрткі болатын мотив-стимулдар және іс-әрекетке тұлғалық мағына беретін, оған түрткі болатын мағына құрушы мотив - мақсаттар болады. Осы мотивтердің иерархиясы тұлғаның мотивациялық сферасын құрайды, бұл А.Н.Леонтьевтің тұлға құрылымының негізі.

Осының негізінде, А.Н.Леонтьев тұлғаның негізгі үш көрсеткішін бөліп көрсетеді:

· *адамның әлеммен байланыстарының кеңдігі (өз іс-әрекетінің көмегімен);*

· *мотив-мақсаттардың иерархиясына айналған осы байланыстардың иерархиялану дәрежесі;*

· *осы байланыстардың, нақтылағанда мотив-мақсаттардың жалпы құрылымы,;*

А.Н.Леонтьев бойынша тұлғаның қалыптасу процесі тұлғалық мағыналардың байланыстырушы жүйесі қалыптасуының процесі.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. *А.Н.Леонтьевтің тұлға теориясының маңызы.*

2. *«Мағына», «мән» ұғымдарына түсінік беріңіз. Тұлғаның мотивациялық сферасы.*

3. *А.Н.Леонтьевтің тұлға құрылымының 3 негізгі көрсеткішіне талдау жасаңыз.*

3.7. Л.И. Божовичтің тұлға тұжырымдамасы

Л.И. Божович тұлға құрылымының жүйені құрастырушы белгісі ретінде тұлғаның ішкі ұстанымын немесе оның бағыттылығын қарастырады. Бағыттылықтың негізін өмір сүру барысында пайда болатын «негізгі, жетекші мотивтердің басқаларын бағындыра отырып, адамның мотивациялық сферасының құрылымын сипаттайтын тұрақты түрдегі басым жүйесі» құрайды. Осындай

иерархиялы жүйе, тұлғаның өте жоғары дәрежедегі тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Тұлғаның барлық ерекшеліктері: қызығушылықтар, ұмтылыстар, күйзелістер, мінез бітістері дәл осы тұлға бағыттылығының мазмұнына байланысты болады. Л.И.Божовичтің ойынша, тұлғаның бағыттылығына оның бойындағы қасиеттерінің жиынтығы ғана емес, олардың әрқайсысының құрылымы да тәуелді болады.

Сонымен, аффективті-қажеттілікті – мотивациялы сфера Л.И.Божовичтің тұлға құрылымындағы жетекші сфера екені анық болып тұр. Әрбір жас кезеңі өзіне тиісті мотивтердің «констелляциясымен» және иерархиялық құрылымының ерекшелігімен сипатталады.Ерте балалық шақта баланың өмірі мен мінез-құлқы ситуацияға байланысты бала санасынан тыс туындайтын тікелей аффективті тенденциялардың бір-біріне уақытша бағынуымен анықталады, кейін, салыстырмалы түрде тұрақты басым қажеттіліктер негізінде, мотивтердің тұрақтырақ иерархиясы құрылады. Мотивтердің иерархиялық жүйесі өзінің соңғы сатысында субъектінің дербес көзқарастары мен сенімдеріне сүйенгендіктен жоғары дәрежедегі тұрақтылық пен сыртқы әсерлерден еркіндікке ие болады.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. *Л.И. Божович бойынша тұлға құрылымы неге байланысты?*

2. *Өзіңіздің өмірлік ұстанымыңыз бар ма? Өмірлік бағыттылығыңыз қандай сипатта деп ойлайсыз?*

3.8. С.Л. Рубинштейннің тұлға тұжырымдамасы

С.Л. Рубинштейн тұлғаны сипаттамас бұрын психикалық процестердің тұлғаға тәуелділігін қарастырады. Автордың ойынша бұл жағдай біріншіден, адамдар арасындағы даралық-дифференциалды айырмашылықтарда көрінеді. Әртүрлі адамдардың даралық, яғни жеке басының ерекшеліктеріне қатысты қабылдауы, есі, зейіні, ақыл-ой, іс-әрекетінің стилі әртүрлі.

Екіншіден, психикалық процестердің тұлғалық тәуелділігі сол психикалық процестердің даму барысының тұлғаның жалпы дамуына тәуелділігінде көрінеді.

Үшіншіден, психикалық процестер дербес дамушы процесс емес, саналы түрде реттелетін операцияларға, яғни тұлғаның психикалық

функциясына айналатындығында. Автордың тұлғаның психологиялық тұжырымдамасы үшін кез келген сыртқы әсер, дара тұлғаға ішкі жағдайлар арқылы әсер етеді деген көзқарасы маңызды. Психикалық процестердің кез келген түрі тұлға өмірінде өз рөлін атқара отырып, іс-әрекет барысында тұлға қасиеттеріне айналады. Сондықтан да тұлғаның психикалық қасиеттері туғаннан берілмейді, іс-әрекет барысында қалыптасып дамиды. Сонымен, С.Л.Рубинштейннің пайымдауынша тұлға психологиясын түсіну үшін мына жайттар маңызды болады:

1) *тұлғаның мінез-құлықтарында, әрекеттері мен қылықтарындағы психикалық қасиеттері бір мезгілде әрі көрінеді, әрі қалыптасады.*

2) *тұлғаның психикалық бет-бейнесі өз қасиеттерінің көптүрлілігінде шынайы болмыспен, өмір салтымен анықталады да, нақты іс-әрекетте қалыптасады.*

3) *Тұлғаның психикалық бет-бейнесінің зерттелуі үш мәселені: тұлға нені қалайды, тұлға не істей алады, тұлға кім? шешуімен байланысты.*

Тұлғаның психикалық бет-бейнесінің осы аспектілері өзара байланысады және өзара міндеттеледі, нақты іс-әрекетте олар бір бүтінге сабақтасады. Тұлғаның бағыттылығы, оның бағдарлары бір текті ситуацияларда нақты қылықтарды туындатып мінезге өтеді де, сол жерде қасиеттер түрінде бекиді. Іс-әрекеттің нақты саласына қызығушылықтары осы бағыттағы қабілеттердің дамуына ықпал етеді, ал қабілеттер сәтті іс-әрекетті міндеттеп, оған деген қызығушылықты тудырады.

Қабілеттер мен мінез де өзара тығыз байланысты. Адамның бойындағы қабілеттер өз-өзіне сенімділікті, шешімге келгіштікті және табандылықты, немесе керісінше, өзін жоғары ұстау мен өмірге деген жеңіл көзқарасты туындатады. Осы сияқты мінез қасиеттері де қабілеттердің дамуын міндеттейді, өйткені қабілеттер олардың жүзеге асуы арқасында дамиды, ал бұның өзі өз кезеңінде мінез бітістеріне табандылық пен мақсатқа ұмтылушылыққа, т.б. байланысты. Осылайша тұлғаның психологиялық бет-бейнесінің аспектілері шынайы өмірде бір-бірімен алмасып, бөлінбейтін бүтінді құрайды.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. *С.Л. Рубинштейннің психикалық процестерінің тұлғаға тәуелділігі туралы пікіріне талдау жасаңыз.*

2. *Сыртқы әсерлерге сіздің ішкі жан-дүниеңіздің жауабы, оны қалай қабылдайсыз, қалайша сезінесіз және іс-жүзіне асыра аласыз ба?*

3. *«Тұлғаның психикалық бет-бейнесі» дегенді қалай түсінесіз?*

3.9. Д.Н. Узнадзенің тұлға тұжырымдамасы

Д.Н. Узнадзе бағдар теориясының авторы. Ол әртүрлі иллюзияларды (жалған сезім) эксперименталды тұрғыда зерттеп, олардың бағдардың арқасында пайда болатындығына көзін жеткізген. Оның ойынша бағдар бұл «субъектінің бүтіндей күйі» оның нақты бағытқа, нақты белсенділікке бүтіндей бағыттылығы. Узнадзенің тұжырымдамасы бойынша қандай да бір қажеттілік пайда болып, оны қанағаттандыру ситуациясында субъектіде өзекті қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған бейімділік, бағыттылық, нақты іс-әрекетті орындауға дайындық ретінде сипаттауға болатын ерекше күй пайда болады. Осылайша, бағдар адамның белсенділікке дайындығын көрсетеді, мінез-құлқының бағыттылығы мен таңдамалылығын анықтайды. Бағдар динамикалық күй ретінде мотивацияның мезеті мен бағыттылық мезетін де қамтиды.

Д.Н. Узнадзенің ойынша, бағдар мінез-құлықты, психикалық белсенділіктің санасыз және саналы деңгейлерін реттейді. Адамның мінез-құлқы санасыз немесе импульсивті деңгейде, индивидтің бір жағынан ситуация, екінші жағынан, өзектелінген қажеттілік импульстерінің әсерінен пайда болатын біртұтас жағдайының практикалық мінез-құлқын импульсивті бағдарлау негізінде жүзеге асады. Ал саналы деңгейіндегі ситуация субъектінің таным затына айналады. Бұл процесті Д.Н.Узнадзе *объективтілену* деп атайды. Жағдай өзгеріп, өзекті қажеттіліктің қанағаттандырылуы кешігетіндіктен субъект мінез-құлық бағдарламасын өзгертуге мәжбүр болады. Мұндағы жетекші рөл бағдардан «объективизация негізінде белсендірілген ойлауға» ауысады. Басқа сөзбен айтқанда, дара тұлғаның алдында пайда болған күрделі ойландыратын жағдай (проблемалы ситуация) оны тану (объективизация) қажеттілігін талап етеді. Субъектінің теориялық, танымдық іс-әрекетінің негізін құрайтын теориялық мінез-құлықтың бағдары немесе танымның бағдары объективизацияның нәтижесі болып табылады.

Узнадзенің шәкірті Ш.А. Надирашвили тұлға деңгейінде жүзеге асатын психикалық белсенділіктің әлеуметтік деңгейін бөліп көрсетеді. Әлеуметтік қажеттіліктер мен ойдан туындаған сәйкес мінез-құлықтың негізінде қалыптасатын әлеуметтік бағдарлар тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқының бастауы болып табылады. Әлеуметтік бағдарлар тұлғаның өзіндік санасында белгіленеді.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. *Д.Н. Узнадзенің бағдар теориясының тұлға дамуындағы маңызы.*

2. *Д.Н. Узнадзе бойынша «обьективтілену» ұғымының мәні қандай?*

3. *Адамның бағдары, ұмтылысы белсенділікті тудыра ала ма! Сізде қандай?*

3.10. В.А.Ядовтың тұлға тұжырымдамасы

Бұл әлеуметтік-психологиялық тұжырымдамада тұлға құрылымының жалпы психологиялық ерекшеліктері және осы тұлға қалыптасатын нақты әлеуметтік жағдайлар қарастырылады.

Тұжырымдаманың негізінде тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқын реттеудің диспозициялық механизмдері жатыр. Яғни тұлғаның мінез-құлқы оның диспозициялы жүйесімен реттеледі. Алайда әрбір нақты ситуацияда оның мақсатына байланысты диспозицияның белгілі бір деңгейі басым орынды иеленеді. Диспозиция қажеттілік негізінде оған сәйкес келетін ситуацияда ғана қалыптасатындықтан, диспозициялардың иерархиясына бір жағынан қажеттіліктер иерархиясы, екінші жағынан ситуация иерархиясы сәйкес келеді.

Қажеттіліктер иерархиясын, В.А.Ядов, адамдардың қажеттіліктерінің заттық бағыттылық принципі бойынша дене және әлеуметтік қажеттіліктері ретінде топтастырады. Осылай топтастыру автордың ойынша биогенді және социогенді қажеттіліктердің негізінде болуы керек. Соның негізінде қажеттіліктердің төмендегідей түрлерін қарастыруға болады.

- *психофизиологиялық, өмірлік (витальді) қажеттіліктер;*
- *жақын отбасылық қажеттіліктер;*
- *көптеген кіші топтар мен ұжымдарға ену қажеттіліктері;*
- *біртұтас әлеуметтік жүйеге ену қажеттіліктері.*

Осы қажеттіліктер жүзеге асатын ситуациялар немесе іс-әрекет жағдайлары да иерархиялық құрылымды құрайды. Ситуацияның тұрақтылығын автор топтастыру негізі ретінде ұсынады.

Бұл құрылымның төменгі деңгейін ең тұрақсыздау «заттық ситуациялар» құрайды. Қысқа мерзімнің ішінде адам бір ситуациядан екіншісіне ауысады.

Келесі деңгей, бұл – «топтық қарым-қатынас жағдайы». Бұл ситуациялар неғұрлым тұрақты, өйткені топтың негізгі талаптары «топтық мінез-құлық нормаларында» бекітілген, ұзақ уақыт бойында өзгеріссіз сақталады. Мерзімі бойында бұдан да тұрақтысы адамның қандай да бір әлеуметтік сферадағы іс-әрекет жағдайлары – еңбек, демалыс, отбасылық өмір, экономикалық, саяси, мәдени. Мұндай жағдайлар «тарихи уақыт шеңберінде» әбден тұрақтылары, адамның өмір әрекетінің әлеуметтік жағдайлары - күрделі өзгерістерге ұшырайды.

Тұлғаның диспозициялары қажеттіліктер қанағаттандырылатын ситуациялар мен қажеттіліктердің «қақтығысуларының» өнімі болғандықтан, диспозициялардың сәйкес иерархиясы (жүйесі) қалыптасады.

Бірінші төменгі деңгейді бекітілген қарапайым бағдарлар құрайды. Олар физикалық тұрғыда тіршілік ететін қажеттіліктер мен заттық ситуациялар негізінде қалыптасады. Бұндай бағдарлардың модальдылығы жоқ және олар ұғынылмайды. Олар тек саналы процестердің негізінде жатады.

Диспозициялы жүйенің екінші деңгейі әлеуметтік бекітілген бағдарлар немесе әлеуметтік бағдарларды құрайды. Тұлғаның алғашқы топтарға енуімен байланысты қажеттіліктері мен оларға сәйкес келетін әлеуметтік ситуациялары олардың қалыптасуының жетекші факторлары болып табылады. Әлеуметтік бағдарлар жекеленген әлеуметтік объектілерді бағалаумен әлеуметтік жеке ситуациялар негізінде құрылады. Негізіне келгенде бұл В.Н.Мясищевтің «тұлға қатынастары».

Жүйенің үшінші деңгейін *тұлға қызығушылықтарының жалпы (үстем) бағыттылығы* құрайды. Ол неғұрлым жоғары әлеуметтік қажеттіліктердің негізінде қалыптасады да, әлеуметтік іс-әрекеттің қандай да бір саласымен ұқсастығына алғышарт ретінде көрінеді.

Диспозициялы жүйенің жоғарғы деңгейін тіршілік әрекетінің мақсаттары мен оларға қол жеткізу құралдарына деген *құндылық бағдарлардың жүйесі* құрайды. Олар тұлғаның ең жоғарғы әлеуметтік

қажеттіліктерінің негізінде және тұлғаның әлеуметтік және даралық құндылықтары жүзеге аса алатын өмір салтына сәйкес қалыптасады. Мінез-құлықтың өз-өзін реттеуде осы деңгей шешуші рөл атқарады.

Диспозициялы жүйенің барлық элементтері мен деңгейлері бір-бірімен тығыз байланысады, ал өзара байланыстың механизмін В.А.Ядовтың ойынша, «тұлғаның мінез-құлқын мақсатты түрде басшылыққа алу және өзін реттеу қабілетін қамтамасыз ететін мотивация механизмі» ретінде қарастыру қажет.

Тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқын реттеудегі диспозициялы жүйенің маңызы өте зор. Мінез-құлықтың өзі сатылы орналасқан бірнеше деңгейлері бар күрделі құрылым.

Бірінші деңгей, бұл – мінез-құлық актілері, субъектінің өзекті заттық ситуацияға реакциялары. Олардың мақсаттылығы қорытылмаған орта мен дара тұлға арасындағы адаптивті қатынастарды орнықтыру қажеттілігімен детерминацияланады.

Мінез-құлықтың келесі деңгейі, бұл – бірқатар мінез-құлық актілерінен қалыптасатын үйреншікті әрекет немесе қылық. Қылық – бұл мінез-құлықтың қарапайым әлеуметтік маңызы бар бірлігі. Оның мақсаты әлеуметтік ситуация мен әлеуметтік қажеттілік арасындағы сәйкестілікті орнықтыруында.

Қылықтардың мақсатты реті адам үшін өте маңызды іс-әрекеттің қандай да бір сферадағы мінез-құлқын құрайды. Мысалы, кәсіби іс-әрекет стилінде жүзеге асатын, айқын көрінетін білікті мінез-құлық.

Сонымен адам өмірінің түрлі сфераларындағы мінез-құлықтың біртұтастылығы шын мәнінде, іс-әрекеттің бүкіл көлемінде көрінуі болып табылады.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. *В.А.Ядов бойынша тұлға құрылымы неге тәуелді?*

2. *В.А.Ядовтың теориясы негізінде қандай қажеттіліктер іріктелініп алынған? Осы тұрғыда қажеттіліктерді қалайша топтастырған?*

3. *В.А.Ядовтың пікірінше мінез-құлық бірнеше деңгейлі күрделі құрылым деп қарастырылады.*

Олай болса, осы деңгейлерді атаңыз.

3.11. Б.Г.Ананьевтің адам жайлы ілімі

Б.Г. Ананьевтің адамдардың дамуының құрылымындағы табиғилық пен қоғамдықтың бірлігі жайлы идеясы аса маңызды. Басқа сөзбен айтқанда, психология, бұл – адам жайлы ғылым, ал мұндағы психика филогенездің, онтогенездің, әлеуметтену және адамзат тарихының интеграциясы ретінде көрінеді.

Б.Г. Ананьевтің ойынша адамдағы биологиялық пен әлеуметтіктің бірлігін, оның дара тұлға (индивид), тұлға, субъект және даралық (индивидуальность) сияқты макросипаттамаларының бірлігі қамтамасыз етеді.

Адамның бойындағы биологиялықты индивид иеленеді. Адам дара тұлға ретінде, нәтижесінде адамның биологиялық кемелденуі жүзеге асатын, онтогенезде дамитын табиғи, генетикалық міндеттелген қасиеттерінің жиынтығын анықтайды. Адамды дара тұлға ретінде және оның онтогенездегі дамуын жалпы, дифференциалды, жас ерекшелік психологиясы, психофизиология, онтопсихофизиология зерттейді.

Адамдағы әлеуметтілік тұлға мен іс-әрекет субъектісі ретінде көрінеді. Әрбір адам тұлға ретінде дара тұлғаның әлеуметтенуі жүретін және оның әлеуметтік кемелденуі қалыптасатын өз өмір жолын өтеді. Адам тұлға ретінде экономикалық, саяси, құқықтық сияқты қоғамдық қатынастардың жиынтығын анықтайды. Адамды тұлға ретінде жалпы, дифференциалды, салыстырмалы психология, психолингвистика, қатынастар психологиясы, мотивация жайлы психологиялық ілім зерттейді.

Алайда адам, бұл – тек дара тұлға және тұлға ғана емес, сананы иеленуші, материалды және рухани құндылықтарды өндіруші іс-әрекет субъектісі. Адам субъект ретіндегі оның ішкі, психикалық өмірінде, психикалық құбылыстарды иеленуші ретінде көрінеді. Адамның іс-әрекет субъектісі ретінде құрылымы іс-әрекеттің заты мен құралдарына сәйкес келетін дара тұлға мен тұлғаның нақты қасиеттерінің негізінде құрылады. Адамның заттық іс-әрекетінің негізін еңбек құрайтындықтан, ол еңбек субъектісі ретінде көрінеді. Теориялық және танымдық іс-әрекеттің негізін таным процестері құрайды, сондықтан да адам таным субъектісі ретінде көрінеді. Коммуникативті іс-әрекет негізінде қарым-қатынас жатқандықтан адамды қарым-қатынас субъектісі ретінде қарастыруға болады. Адамның субъект ретіндегі іс-әрекеттің әрқилы түрлерін жүзеге

асыру нәтижесі психикалық кемелденуге қол жеткізуі болады. Адамды іс-әрекет субъектісі ретінде таным, өнер, еңбек психологиялары, жалпы және генетикалық психологиялар зерттейді.

Алайда адамдар бір-бірінен өзінің темпераменттері, мінездері, іс-әрекет пен мінез-құлық стильдері бойынша ерекшеленеді. Сондықтан да дара тұлға, тұлға және субъект ұғымдарынан басқа даралық ұғымы да қолданылады. Даралық, бұл – психиканың жоғарыда аталған құрылымдарынан адамның бет-бейнесінің қайталанбас үйлесуі. Адам дара тұлға, тұлға және іс-әрекет субъектісі ретінде нақты таптарға, топтарға және түрлерге жатқызылуы мүмкін. Бірақ даралық ретінде ол жекеше түрде тіршілік етеді және адамзат тарихында қайталанбайды.

Осылайша адамды психологиялық тұрғыда сипаттамас бұрын адамның дара тұлға, тұлға, іс-әрекет субъектісі және даралық ретінде психологиялық сипаттамасын беру қажет.

Субъектінің қасиеттері – іс-әрекеттердің жиынтығы және олардың өнімділігінің мөлшері.

Субъектінің дамуының негізгі формасы – адамның өндірістік іс-әрекетінің тарихы, оның білікті іс-әрекетінің қалыптасу тарихы.

Субъектінің дамуының нәтижесі психикалық кемелдену болып табылады.



Жеке тұлғаның қасиеттері- қоғамдық қатынастардың жиынтығы.

Дара тұлғаның қасиеттері- табиғи қасиеттерінің жиынтығы.

Жеке тұлғаның дамуының негізгі формасы нәтижесі әлеуметтік кемелдену болып табылатын өмірлік жол.

Дара тұлғаның дамуының негізгі формасы – биологиялық кемелдену болып табылатын онтогенез.

HOMO SAPIENS

1-сурет. Адамның жалпы құрылымының және оның қасиеттерінің дамуының сызбасы (Б.Г.Ананьев бойынша).

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. *Б.Г.Ананьевтің адам жайлы теориясына түсінік беріңіз.*
2. *Б.Г.Ананьев бойынша биологиялық пен әлеуметтіктің бірлігі ұғымдарына талдау жасаңыз.*

IV. ТҰЛҒАНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Тұлғаның эмпирикалық психологиялық сипаттамасына көшпес бұрын, талдаудың негізгі бағытын құрастырып алған жөн. Мұндай қажеттілік тікелей объектінің күрделілігі және қарама-қарсылығымен қамтамасыз етіледі.

Б.Г.Ананьев бойынша тұлғаны дұрыс түсіну үшін тұлғаның дамуының, оның дәрежесі мен әлеуметтік позициясының әлеуметтік жағдайының талдауы қажет. Шынымен де тұлға іс-әрекетте қалыптасатындығын мойындайтын болсақ, іс-әрекет нақты әлеуметтік жағдайда қалыптасады. Бірақ, кез келген адам онда әрекет етіп, қоғамдық қатынастардың құрастырылған жүйесімен ұсынылған нақты дәрежені иеленеді. Тұлғаның дәрежесі объективті болғандықтан оны тұлға бірдей немесе әртүрлі, белсенді немесе енжар ұғынуы мүмкін.

Ол тұлғаның социумдағы (адамды тікелей қоршаған ортасы) орнын анықтайды. Мысалы, отбасының әлеуметтік жағдайында бірі әке, екіншісі баланың дәрежесіне ие. Әрбір адам тұлғаның дәрежесімен қатар оның қандай да бір әлеуметтік құрылымдағы субъективті, әрекетшіл жағын сипаттайтын нақты позицияға (ұстанымға) ие болады. Позицияның деңгейі мен мазмұны тұлға іс-әрекетінің мазмұнымен жете түсіндіріледі.

Тұлғаның позициясы өз дәрежесінің әрекетшіл, субъективті жағы ретінде өзі басшылыққа алатын тұлға қатынастарының жүйесін, ішкі сенімдері мен мотивтерін және осы әрекет бағдарланған мақсаттарды, құндылықтарды анықтайды. Қасиеттердің осындай күрделі жүйесі дамудың әлеуметтік жағдайларындағы тұлғаның рөлдерімен жүзеге асады. Осылайша, тұлғаның динамикалық тенденцияларын – оның қажеттіліктерін, мотивтерін, қызығушылықтарын, тілектерін, ішкі сенімдерін, құнды бағдарларын, идеалдарын, бағыттылығын зерттеп, оның әлеуметтік рөлдерінің дәрежесінің, позициясының мазмұнын ұғынып, түсінуге болады.

Алайда рөлді орындау сапасы, дәреже мен позиция тұлғаның динамикалық тенденцияларымен бірге, оның дербес психикалық дамуының әлеуетімен, оның мүмкіншіліктерімен; нышандарымен, арнайы қабілеттерімен, дарындылықпен міндеттеледі (немесе ұғынылады).

Адамның бойындағы қабілеттердің арқасында жүзеге асатын тұлғаның дәрежесі және оның әлеуметтік рөлдері, қажеттіліктері мен мотивтері, ішкі сенімдері мен құнды бағдарлары тұлға қатынастарының құрылымы мен динамикасы (өзгерісі), оның адамдарға, объективті ортаға және өз-өзіне қатынасын анықтайтын тұрақты қасиеттерінің жүйесі – мінез бітістеріне айналады. Тұлғаның барлық психологиялық сипаттамалары, ол оның айналасындағы адамдарға қалай көрінсе сол бейнеде сипатталады. Алайда адам басқалар үшін ғана емес, өзі үшін де өмір сүреді. Ол: Мен кіммін? Мен қандаймын? – деген сұрақтарға жауап іздейді. Ол өзінің көптеген психологиялық күйлер мен қасиеттерді таратушы субъект екендігін мойындайды. Адамның өз-өзіне тиесілі психологиялық және әлеуметтік психологиялық сипаттамаларына ие субъект ретінде ұғыну қасиеті, өзіндік сана-сезім деп аталады.

Осылайша, тұлғаның психологиялық сипаттамасына көшпес бұрын, біріншіден, оның динамикалық тенденцияларын – қажеттіліктері мен мотивтерін, ішкі сенімдерін, құнды бағдарларын, оның бағыттылығында интеграцияланған қатынастарын қарастырып алған жөн.

Екіншіден, нышандардың, қабілеттердің, дарындылықтың, интеллектінің арқасында жүзеге асатын мүмкіншіліктерін қарастыру қажет. Үшіншіден, тұлғаның мінезін және өзіндік сана-сезімін қарастыру керек.

4.1. Тұлғаның қажеттіліктері

Е.П.Ильиннің ойынша, қажеттіліктер дербес ғылыми мәселе ретінде психологияда XX ғасырдың 1-ші ширегінен бастап қарастырыла бастады. Бұған дейін қажеттіліктер әртүрлі эмоциялы көріністермен бірге, ал кейде инстинкт (мысалы, Фрейд бойынша өмір мен өлім) ретінде қарастырылған болатын.

Қажеттіліктер түсінігі.

Қажеттіліктер дегеніміз – адамзат іс-әрекетінің мінез-құлқының түрткі күші екені барлығына мәлім. Алайда қажеттіліктердің негізі кең мағынада қарастырылады.

Мұқтаждық ретіндегі қажеттілік – тірі ағзалардың дамуы мен өмір сүруі мүмкін емес объективті жағдайлардағы, заттардағы, объектілердегі мұқтаждықтарда пайда болатын индивидтің күйі (С.Л.Рубинштейн, Д.Н.Узнадзе,А.Пьерон, В.И.Коваль, В.П.Ядов, И.И.Божович). Алайда адамның қажетсіну күйі бір нәрсенің аса мол болғанында да пайда болатындығына байланысты, одан арылу қажеттілігі де пайда болады.

Тәуелділік ретіндегі қажеттілік – ағзаның өмір сүрудің нақты жағдайларына тәуелділігін анықтайтын күйі (В.И.Василенко, Б.И.Додонов). Алайда, тәуелділік ағзаның сыртқы ортамен қатынастарын ғана көрсетеді, бірақ қажеттіліктердің мәнін бейнелемейді.

Қажеттілік қатынас ретінде – субъектінің әлеммен қатынасы ретінде анықталады (Д.А.Леонтьев). Мұнда қажеттіліктер өзінің психологиялық мазмұнынан айырылып қалады.

Қажеттілік игіліктің болмауы ретінде. Игіліктің болмауының өзі– қажеттілік (В.С.Магун). Мұндағы қажеттіліктің заты игіліктің болмауы.

Қажеттілік бейімделу деңгейінен ауытқу ретінде. Қажеттілік қандайда ішкі немесе сыртқы ақиқаттың ауытқуы ретінде анықталады (Д.К.Мак-Клелланд). Мысалы, адамның қандайда бір қарым-қатынастың түріне еті үйреніп кетеді немесе астың бір түрін жеп рахаттанады. Адам үшін үйреншікті деңгейден ауытқу жағдайы сол күйдің орнын толтыру қажеттілігін тудырады.

Қажеттілік күй ретінде (И.А. Джидарьян, В.Н.Мясищев, К.Обуховский).

Мұқтаждықты сезіну әрине, ағза мен тұлғаның күйінің өзгергенін көрсетеді. Қажеттілік күйі қанағаттандыру барысындағы қиындықтар туралы белгі береді. Сондықтан оның себебін іздестіру қажет.

Қажеттілік динамикалық күй ретінде (К.Левин).

Курт Левин қажеттіліктерді адамның қандайда бір ниетті, әрекетті жүзеге асыруда пайда болған динамикалық күйі (белсенділігі) деп түсінеді. Яғни кез келген қажеттілік қанағаттандырылуға ұмтылады. Қанағаттандырылу процесі динамикалық (өзгермелі) күйзелісті бәсеңдетуден тұрады. Осылайша динамикалық күй адамның мінез-құлқын детерминдейтін шешуші фактор болып табылады.

Біріншіден, қажеттіліктер ағзаның және тұлғаның қажеттіліктері болып бөлінеді. Бұған қоса организмнің (ағзаның) қажеттіліктерін (мұқтаждықтар) саналы және санасыз деп бөлуге болады.

Тұлғаның қажеттіліктері түйсіктер деңгейінде (биологиялық қажеттіліктер), немесе ұғыну деңгейінде (әлеуметтік қажеттіліктер) үнемі саналы.

Екіншіден, қажеттілік мұқтаждықпен де тығыз байланысты. Алайда организмнің мұқтаждығы оның объективті күйін бейнелейді, ал тұлғаның қажеттілігі мұқтаждықты сезінумен байланысты.

Үшіншіден, тұлғаның қажеттілігінен субъектінің санасында бейнеленетін және пайда болған тілекті қанағаттандыру қажеттілігі жайлы белгі беретін қажетсіну күйін алып тастауға болмайды.

Сайып келгенде (төртіншіден), қажеттіліктің пайда болуының өзі адамның қажеттілігін қанағаттандыруға қабілетті мақсатқа жетудегі белсенділігін тудыратын механизм.

Қажеттіліктердің қалыптасу кезеңдері және қызмет ету.

Қажеттіліктерді сезіну процесі оның сатылы сипатын болжайды. Бұл ер адамдардың жыныстық әуестігінің дамуының мысалында жақсы көрінеді (В.М.және И.В.Ривиндер).

1-ші саты – латентті (жасырын) немесе сезімталдықтың сыртқы қоздырушыларға арнайы бағдарлануы жүретін қажеттіліктердің қалыптасу сатысы.

2-ші саты – мұқтаждықтың (мотивация) санасыз модальдығы. Бұл сатыда субъектіде өзі үшін жаңа күйді түйсінудің пайда болуы тән. Психологиялық тұрғыда бұл үдемелі мазасыздану сезімінің ретінде көрінеді. Мотивация күші әлі ерекшеленбегендіктен кез келген басқа мінез-құлықты мотивациялауы мүмкін.

3-ші саты – қажеттіліктерді сезіну сатысы. Ол сексуалды әуестіктің пайда болуымен сипатталады. Сыналушылардың айтуынша, ұнамды сезімдер, ойлар, сексуалды сипаттағы армандары мен жоспарлары пайда болады.

Қажеттіліктердің қызметтері.

Тұлға қажеттіліктерінің екі негізгі қызметі бар: белгі беруші және итермелеуші.Қажеттіліктің пайда болуы адамда тапшылықтың пайда болуы, күйдің өзгергендігі жайлы белгі береді. Нақ осы күйдің өзгеруі іс-әрекетті іске қосудың белгісі болып табылады. Қажетсіну күйін қанағаттандыру немесе күшейту мақсатында қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін белсенділікке, іс-әрекетке итермелеу – екінші қызметі болып табылады. Қажеттілік белсенділіктің қайнар көзі, іс-әрекетке адамның мінез-құлқын итермелеуші күш ретінде көрінеді.

Қажеттіліктердің түрі және топтастырылуы.

Ресейлік және шетел психологиясында да қажеттіліктер түрліше топтастырылады. Кейбір авторлар, мысалы Мюррей адамның 140-тан аса қажеттіліктерін есептеп шыққан.

Қажеттіліктердің екі топтамасын қарастыруға болады. Біріншісінде барлық қажеттіліктер биологиялық (материалды), әлеуметтік және идеалды (рухани) болып үшке бөлінеді.

Биологиялық қажеттіліктердің жүзеге асуы адамның дербес өмір сүруін қамтамасыз етеді. Бұл тамаққа, киімге, ұйқыға, баспанаға деген қажеттіліктер, қауіпсіздік, сексуалды қажеттіліктер, күшті үнемдеу қажеттіліктері.

Әлеуметтік қажеттіліктер адамның қандайда бір топтың құрамында болу, басым болу, лидерлік, өзін таныту, айналасындағылардың көңілін аулау, сыйластық пен сүйіспеншілік, тәртіп, тәуелділік-тәуелсіздік қажеттіліктерін бейнелейді.

Идеалды қажеттіліктер, бұл – қоршаған әлемді, өзінің өмір сүру мәнін тану, өз-өзін сыйлау және өз-өзін жетілдіру қажеттіліктері, танымдық қажеттіліктер, эстетикалық қажеттіліктер.

Басқаша топтама қажеттіліктерді екі үлкен топқа: сақталу (мұқтаждық) және даму (өсу) қажеттіліктеріне жіктейді:

Бірінші топқа төмендегідей қажеттіліктер жатады: физиологиялық (аштық, шөлдеу, ұйқы, белсенділік, секс). (Маслоу бойынша), қауіпсіздік қажеттілігі (А.Маслоу бойынша) және сақтау қажеттілігі (К.Обуховский бойынша).

Молшылық қажеттілігі (биологиялық қажеттіліктерді қанағаттандыру) (Р.Акоффа бойынша), биологиялық қажеттіліктер (П.В.Симонов бойынша), материалды қажеттіліктер (Ф.М.Достоевский бойынша).

Қажеттіліктердің екінші тобы, бұл – *сыйластық* пен *сүйіспеншілік қажеттілігі;*

өзін-өзі сыйлау;

өзін-өзі кемелдендіру; (А.Маслоу бойынша);

танымдық қажеттіліктер, оның ішінде өмір мәнін түсіну;

эмоциялы қарым-қатынасты қажетсіну (К.Обуховский бойынша);

әлеуметтік және идеалды қажеттіліктер (П.В.Симонов бойынша);

Осындай топтастырылулардың негізінде тұлға үшін маңызды қажеттіліктерді бөліп алуға болады.

Жетістікке жету қажеттілігі.

Бұл қажеттілік адамның іс-әрекетінің нәтижелерін жетілдіруге ұмтылысын анықтайды. Жетістікке жету қажеттілігі іс-әрекеттегі жетістікпен тығыз байланысты. Бұл қажеттілік шеберлік деңгейі жоғары адамдардың арасында толығымен қанағаттандырылады.

Жетістікке жету қажеттілігі әлсіз адамдардың іс-әрекетінің ішкі мотивациясы да әлсіз болады.

Аффиляцияға қажеттілік (тұлғааралық қатынасқа қажеттілік).

Осы қажеттілік эмпатияның жоғарғы деңгейін талап етеді.Бұл қажеттілікті қамқорлық, көмек көрсету, басқалардың тарапынан мойындалу қажеттіліктерінен айыра білу керек. Мұның барлығы аффиляция ішіндегі қажеттіліктің түрлі көріністері.

Осы қажеттілікті эксперименталды зерттеу негізінде төмендегідей факторлар анықталды. Студенттердегі аффиляцияны қажетсінудің орта деңгейі олардың үлгеріміне жағымды әсер етеді. Ал күшті деңгейі - жетістікпен кері байланыста. Аффиляцияны қажетсіну студенттердің оқуға қанағаттану дәрежесіне біршама әсер етеді. Осы қажеттіліктің жоғары деңгейі оқуда қиыншылықтардың пайда болуына себепші болады. Жас ұлғайған сайын аффиляцияға деген қажеттіліктің деңгейі төмендей бастайды. Мазасызданумен оң үйлесімділігі (корреляция) бар екені анықталған.

Басым болу қажеттілігі – қарым-қатынас процесінде пайда болып, қанағаттандырылады.

Қажеттіліктердің бұл түрін экспериментті зерттеу үлгерімге қарама–қайшы әсер ететінін көрсетті. Мысалы, басқа қажеттіліктермен байланыссыз басым (үстем) болу қажеттілігі, студенттердің оқу үлгерімін төмендетеді. Басым болу қажеттілігі неғұрлым жоғарылаған сайын, сессияны жақсы тапсыру мүмкіндігі соғұрлым төмендейді.

Осы қажетгіліктің жетістікке жету қажеттілігімен үйлесімді қатынасы оқу үлгеріміне жағымды әсер етеді. Басым болу қажеттілігі жоғары студенттер оқуда көп қиындықтарға кездесе бермейді. Бәлкім, қажеттіліктің бұл түрі мотивацияның жалпы деңгейін көтеріп, оқу іс-әрекетін жеңілдететін болар.

Танымды қажетсіну.

Танымдық қажеттіліктері орта деңгейде кездесетін студенттердің оқуға әбден қанағаттанатындығы қызықтыратын жағдай. Ал осы қажеттілігі жоғары студенттер оқуына онша қанағаттана қоймайды. Алайда

танымдық қажеттілік оқуды жеңілдете түседі: қажеттілік неғұрлым жоғары болса, оқу солғұрлым жеңілдейді.

Бір ғана қажеттілік тиімділіктің бір көрсеткішін төмендетсе, бірін көтеретінін зерттеулер көрсеткен.

4.2. Тұлғаның мотивтері

Тұлғаның мотивтері, мотивациялары және мотивациялық сферасы осы күрделі психологиялық тақырыптың негізгі мәселелері болып табылады. Қажеттіліктер мен мотивтер адам тұлғасының өзегін құрайды. Бұл мәселенің маңыздылығына қарамастан осы күнге дейін психологтар осы ұғымдарға дұрыс анықтамасын беріп, арасындағы өзара қатынасты түсіндіре қойған жоқ. *Мотив ұғымы*. Шын мәнінде, түрлі психологиялық феномендер мотив ретінде аталады. Бұл – ниет, елестер, идеялар, сезімдер, күйзелістер (Л.И.Божович) қажеттіліктер, әуестіктер, түрткі күш, бейімділіктер (Х.Хекхаузен); ықыластар, қалаулар, әдеттер, ойлар, борышты ой-сезімі (П.А.Рудик); моральды-саяси бағдарлар мен ойлар (Г.А.Ковалев); тұлғаның психикалық процестері, күйлері және қасиеттері (К.К.Платонов); сыртқы әлемнің заттары (А.Н.Леонтьев); бағдарлар (А.Маслоу); тіршілік ету жағдайлары (К.Вилюнас) әрекеттердің мақсатты сипатын тәуелдететін түрткі күштер (В.С.Мерлин); субъект негізге ала отырып әрекет ететін түсініктер (Ф.Годфруа).

Көзқарастардың осындай көптүрлілігіне қарамастан психологтардың көпшілігі, мотив, бұл – не түрткі күш, не болмаса мақсат (зат), не болмаса ниет, не болмаса қажеттілік, не болмаса тұлғаның қасиеті, не болмаса оның күйі деп тұжырымдайды.

Мотив мақсат (зат) ретінде

Бұл пікір көзқарастардың ішіндегі ең кең тарағандарының бірі, өйткені адамның мінез-құлқының мақсатты, ырықты сипатын түсіндіреді.

Дәл заттың өзі адамның ниеттеріне мақсаттылық беріп, ниеттерге мағына береді. Осыдан мотивтің мағына қалыптастырушы қызметі пайда болады (А.Н.Леонтьев). Алайда Л.И.Божович осы көзқарастың – зат адамның іс-әрекетінің емес, тек қажеттілігінің ғана түрткісі деген бөлігін растауға болады деп ескертеді.

Мотив қажеттілік ретінде

Бұл көзқарасты Л.И.Божович, А.Г.Ковалев, К.К.Платонов, С.Л.Рубинштейн қарастырған, қажеттілік мұқтаждығын қанағаттандыру мақсатында адамның ортаны өңдеуінің белсенді ұмтылысын қамтиды. Ерікті белсенділіктің қайнар көзі белгілі болғанымен адамның осы белсенділігі «неге» және «не үшін» көрініс береді деген сұрақтарға жауап бермейді.

Мотив ниет ретінде

Адамның ниетін білсек, «ол не нәрсеге қол жеткізгісі келеді?», «нені және оны қалай жасағысы келеді?» деген сұрақтардың жауабын тауып, мінез-құлықтың негізін түсінуге болады. Адам шешім қабылдағанда, не болмаса іс-әрекеттің мақсаты алыстатылып, оған жету мерзімінің уақыты өтіп кеткенде, ниеттер мотив сипатына ие, ниетте мақсатқа жету құралдарын ұғынумен байланысты адамның ақыл-ойының белсенділігі мен қажеттілігінің әсері жатыр. Ниет итермелеуші күшке ие болғанымен, ол мінез-құлықтың себептерін ашпайды.

Мотив тұлғаның тұрақты қасиеті ретінде

Мотивке деген осы көзқарас, тұлғаның тұрақты бітістері, адамның мінез-құлқын, іс-әрекетін сыртқы стимулдар сияқты міндеттейді деген батыс психологтарының үлесіне тиесілі. Р.Мейли тұлғаның мотивациялық бітістеріне мазасыздану, агрессивтілік, талаптанулар деңгейі мен фрустрацияға төзімділігін жатқызады. Бұл көзқарасты К.К.Платонов, М.Ш.Магомед-Эминов, К.С.Мерлиндер де ұстанады. Алайда тұлғаның тұрақты қасиеттерін мотив ретінде қарастыру мәселенің түйінін толығымен шеше алмайды, өйткені неге дәл осы мақсат оған жету жолы таңдалынып алынды деген сұраққа ғана жауап алуға болады, ал басқа жоғарыда аталған сұрақтарға жауап алынбайды.

Мотив түрткі ретінде

Мотивация физиологиялық және психологиялық реакцияларды детерминдеп, стимулды ұғынумен және оған қандай да бір мағына берумен байланысады. Сондықтан да психологтардың көпшілігі мотивті бір адамның әрекетке немесе қылыққа дайындығын бейнелейтін саналы түрткісі деп түсінеді. Осылайша, мотивтің итермелеушісі стимул болса, қылықтың итермелеушісі ішкі саналы түрткі болып табылады. Осы

орайда В.И.Ковалев бойынша мотив, бұл – қажеттіліктердің бейнеленуінің жоғарғы формасында пайда болатын мінез-құлықтың және іс-әрекеттің саналы түрткілері, яғни, мотив, бұл – саналы қажеттілік түрткілері, қажеттілікті қанағаттандырудың ұмтылысы ретінде қарастырылады.

Сонымен, адамның мінез-құлқын детерминдеуші тұлғаның қасиеттері, түрткілер, ниет, мақсат және қажеттіліктердің барлығы тұлғаның мотиві ретінде танылады.

Мотивтің құрылымы, сипаттамалары және қызметі.

Әрбір нақты мотивтің құрылымы адамның әрекеттері мен қылықтарының негізі ретінде анықталады. Е.П. Ильин мотивтің құрылымында 3 блокты бөліп көрсетеді.

Қажеттіліктер блогы биологиялық, әлеуметтік қажеттіліктер мен міндеттенулерді қамтиды.

Ішкі сүзгі блогына ішкі белгілер бойынша бағалау (қызығушылықтар мен бейімділіктер), ресми мәлімденген адамгершілік бақылау (сенімдер, идеалдар, құндылықтар, бағдарлар), ресми мәлімделмеген адамгершілік бақылау (талаптанулар деңгейі), өз мүмкіншіліктерін бағалау (яғни өз білімдерін, іскерліктерін, қасиеттерін), сол мезеттегі өз күйін бағалау, өзінің көздеген мақсаттарына жету жағдайларының есебі, бүтіндей әрекеттерінің, қылықтарының, іс-әрекетінің салдарын болжай алу сапалары енеді.

Мақсатты блоктың құрамына қажеттіліктің мақсаты, заттыланған әрекет және қажеттілікті қанағаттандыру процесі кіреді.

Осы блоктардың кез келгенінің компоненттері мотивтің құрамына еніп кете алады. Олардың бірі негізгі, ал басқалары қосалқы қызметті атқаруы мүмкін. Осылайша, мотивтің құрамында бірнеше себептер мен мақсаттар бейнесін табады.

Мотивтің *күші* мен *тұрақтылығы* оның маңызды *сипаттамалары* болып табылады. *Мотивтің күші* тұлғаның үздіксіз ұмтылысының көрсеткіші ретінде, қажеттілікті сезінудің дәрежесі мен терендігі бойынша және мотивтің қарқындылығы бойынша бағаланады. Мотивтің күші әрі физиологиялық, әрі психологиялық факторлармен қамтамасыз етіледі. Біріншілеріне мотивациялық түрткінің күшін, екіншілеріне іс-әрекеттің нәтижелерін білу сапасын, оның мағынасын ұғынуды жатқызған жөн. Сонымен қатар мотивтің күші эмоциялармен де анықталады. Бұл жағдай әсіресе балалық шақта айқын көрінеді. Дж. Аткинсон кезінде мотивтің күшін есептейтін формуланы ұсынған: М = П х В х З, мұндағы М – мотивтің күші, П –жетістікке жету мотиві тұлғалық қасиет ретінде, В – алдыға қойылған мақсатқа жетудің субъективті бағаланатын мүмкіншілігі, З – осы мақсатқа жетудің жеке мәні.

Мотивтің тұрақтылығы мотивтің адамның іс-әрекетінің барлық негізгі түрлеріне қатысуы бойынша, іс-әрекетінің күрделі жағдайларында оның адамның мінез-құлқына әсерінің сақталуы бойынша, оның уақыт мерзімінде сақталуы бойынша бағаланады. Бұл арада шын мәнінде бағдарлар , құнды бағдарлардың, ниеттердің тұрақтылығы сөз етілуде.

Түрткі қызметі, бағыттаушы қызметі, реттеуші қызметі мотивтердің негізгі қызметтері.

Мотивтің *түрткі қызметі* мотивтің энергетикасын сипаттайды, яғни мотив адамның белсенділігін, мінез-құлқын және іс-әрекетін тудырып, қамтамасыз етеді.

Мотивтің *бағыттаушы қызметі, мотивтің* энергиясының нақты объектіге бағдарлануын қамтамасыз етеді, яғни мінез-құлықтың нақты бағытын таңдап, жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Өйткені тұлға үнемі нақты мақсаттарға жетуді көздейді. Мотивтің бағыттаушы қызметі оның тұрақтылығымен тығыз байланысты.

Мотивтің *реттеуші қызметінің* мәні мотивтің мінез-құлық пен іс-әрекеттің сипатын алдын ала анықтауында. Осы процестің негізінде адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетінде, тұлғалық, не болмаса қоғамдық маңызы бар (альтруистік) қажеттіліктері жүзеге асады. Осы қызметтердің жүзеге асуы үнемі мотивтердің иерархиясымен байланысты.

Жоғарыда келтірілгендермен қатар мотивтің итермелеуші (стимулирующую), басқарушы, ұйымдастырушы (Е.П.Ильин), құрылымдық (О.К.Тихомиров), мағына қалыптастырушы (А.Н. Леонтьев), бақылаушы (А.В.Запорожец) және қорғаушы (В.Обуховский) қызметтерін бөліп көрсетеді.

Мотивтердің топтастырылуы.

Қажеттіліктердің мазмұны бойынша, мотивтер – биологиялық және әлеуметтік жетістік мотиві және сәтсіздіктерден қашу мотивтері, өз-өзін сыйлау және өз-өзін кемелдендіру мотивтері деп бөлінеді.

Тұлғаның бағдарларына байланысты жеке және қоғамдық маң бар идеялы және адами мәнді мотивтерді қарастырады.

Іс-әрекеттің түрлеріне байланысты: қарым-қатынас және ойын, оқу және білікті іс-әрекет мотивтері, көріну уақыты бойынша: тұрақты, ситуативті және қысқа мерзімді мотивтер болады.

Көріну күші бойынша күшті (жағдайға байланысты), бірыңғай және әлсіз мотивтер, ал тұрақтылығының дәрежесі бойынша күшті, орта және әлсіз мотивтер кездеседі.

4.3 Тұлғаның мотивациялық құрылымдары мен мотивациялық бітістері

Тұлғаның мотивациялық құрылымдарына тұлғаның мотивациялық бағдарлары (ниеттері), әуестіктері, тілектері, қалаулары және түрлі қызығушылықтары жатады.

«Мотивациялық бағдар, бұл – тиісті жағдай, не себеп пайда болғанда жүзеге асатын, жоспарланған, бірақ кейінге қалдырылған ниет» (Е.П.Ильин). Оның ерекше қасиеттері іс-әрекет мақсатының алыстығы және оны тікелей қанағаттандыра алмау мүмкіншілігі болып табылады. Міне, сондықтан да мотивациялық бағдар ұғымы ниетпен сәйкес келеді.

Әуестіктер, тілектер, қалаулар.

Осы ұғымдарды анықтауда екі көзқарас бар. Оның біріншісі оларды бір-бірінен бөліп алып, әрқайсысында өзінің психологиялық мазмұнын табуға әрекеттенеді. Бұл көзқарас С.Л.Рубинштейннің жұмыстарында өте айқын көрінеді. Оның ойынша «әуестік, бұл – органикалық сезімталдықта бейнеленген органикалық қажеттілік». Оның соматикалық шығу тегі «ағзаның ішінде» пайда болған қозу. Осылайша, әуестік бұл қажеттіліктердің көрінуінің бір түрі.

Субъект өз қажеттілігін сезінгеннен соң, қажеттілік тілекке ауысады. С.Л.Рубинштейннің ойынша тілекте оның заттық айқындалуы өз бейнесін табады, яғни қажеттілікті қанағаттандырудың заты ұғынылады. Демек, тілекте субъект әрекетінің мақсаты жайлы білім қамтылған.

Қалау, бұл – субъектінің әуестігінің затын иеленуге бағытталған ұмтылысы. С.Л.Рубинштейннің ойынша қалау бұл тек мақсат қана емес, соған әкелетін әрекетте қаланғанда пайда болады. Бұл көзқарасты П.И.Иванов, К.К.Платонов, П.А.Рудик те мақұлдайды.

Басқа зерттеушілердің ойынша әуестік, тілек, қалау ұғымдары бір ғана күйзелістердің әр жақтарын анықтайтын синонимдер деп түсініледі. Ал әуестікті тілектің бір түрі ретінде қарастыруға болады.

Қызығушылықтар.

Психологтар қызығушылықтың психологиялық мазмұнын талдап, оның құрамындағы қажеттілікті және осы қажеттілікті сезінудің

жағымдылығын бөліп қарастырады. Осы тұрғыда Б.И.Додонов **процессуалды және процессуалды-мақсатты** қызығушылықтарды қарастырады. Процессуалды қызығушылықтарда іс-әрекеттің нақты түрін сезінудің жағымдылығы көрінеді. Алайда адам өмірінде таза процессуалды қызығушылықтар көп орын алмайды. Адам жағымды эмоцияларды сезініп қана қоймай, бұған қоса өз қажеттіліктерін қанағаттандырғысы да келеді. Сондықтан да процессуалды – мақсатты қызығушылықтарда бір мезетте адамның мәнді қажеттіліктері қанағаттандырылып, жағымды эмоцияларды сезіну ләззаты да қатар жүреді.

Тұлғаның мотивациялық қасиеттері

Тұлғаның мотивациялық қасиеттері деп, мотивтерді қалыптастырудың бекітілген және таңдалынған тәсілдері түсініледі.

Талаптанулардың деңгейі, субъектінің алдына қойған мақсаттарына жету дәрежесімен анықталады да,оның белсенділігін оятады, өзін-өзі бағалауы да сонымен байланысты. Ол тек мінез-құлықты ғана емес, мінездің қалыптасуына да әсер етеді.

Осы психологиялық феноменді ең алғаш рет К.Левиннің мектебінде Фердинанд Хоппе қарастырады. Ол бірқатар заңдылықтарды анықтады:

1) егерде мүмкіншіліктердің шегіне жету немесе міндеттің өзінің құрылымына байланысты талаптанулар деңгейінің өсуі мүмкін болмаса, жетістікке жеткен соң іс-әрекет тоқтайды;

2) жетістікке жетудің соңғы мүмкіншілігінен айырылғанда, бірнеше сәтсіздіктерден соң әрекет тоқтайды;

3) талаптанудың өте жоғары деңгейіндегі көптеген сәтсіздіктерден кейінгі жетістіктер, іс-әрекеттің тоқтауына әкеледі.

Талаптанудың деңгейі жетістіктерден кейін көтеріліп, сәтсіздіктерден кейін төмендейтіні көрсетілген. Мазасыз (интровертті) адамдардың талаптануларының деңгейі, олардың шынайы интеллектуалды деңгейіне сәйкес келетіндігі эксперимент жүзінде дәлелденген.

Ригидті, экстровертті тұлғалар әдетте өз қабілеттерін пара-пар бағалай алмайды, өз талаптануларының деңгейін не асыра, не жеткіліксіз бағалауға бейім. Мысалы, қалыпты адамдарға қарағанда неврастениктер алдына тым жоғары міндеттерді, ал истероидты адамдар өз жетістіктерінің орта деңгейінен төмен міндеттерді қояды.

Тұлғаның өте жоғары нәтижеге жетуінің тұрақты ұмтылысы ретінде жұмысты тез, әрі дұрыс орындау тілегі ретінде анықталатын жетістікке жету мотивін ең алғаш рет Мюррей қарастырған. Кейін ол жетістік мотивіне және сәтсіздіктен қашу мотивтеріне жіктелген.

Жетістік мотиві басым адамдар жетістікке бағдарланып, күрделілігі бойынша орта деңгейдегі міндеттерді қалайды. Мұндай адамдар өте белсенді, өз-өздеріне сенімді, өз-өздерін жоғары бағалайды, әйел адамдар өздерінің іскерлік сапаларын жоғары бағалап, өздері үшін мәнді іс-әрекетке жетуге тырысады. Ал ер адамдар қоғамдық қайраткердің сапаларын қалап, бәсекелестікке ұмтылады.

Сәтсіздіктен қашу мотиві басым адамдар жетістікке кепіл болатын не тым жеңіл міндеттерді, не болмаса өте күрделі міндеттерді таңдап алады.(Сәтсіздік тұлғаға тәуелсіз басқа жағдайларға байланысты деп түсіндіріледі).

Аффиляция мотиві, бұл – адамның басқа адамдар арасында болуға ұмтылуы. Осы мотивтің басымдылық деңгейі қарым-қатынастың еркін, сенімді, ашық стилін қалыптастырады. Мұндай адамдар қарым-қатынаста белсенді және ынталы, басқа адамдармен қатынасы өзара сенімділікте құрылады. Осы мотивтің кері түрі *қабыл алмау* мотиві болып табылады, яғни адамды басқалардың қабыл алмауынан (шеттеуінен) қорқынышы. Осының әсерінен адамның бойында сенімсіздік, тұйықтық, ыңғайсыздық пайда болады.

Билік ету мотиві әсер ету потенциалы ретінде түсініледі. Билік ету мотиві басым адамдар басқа адамдарды бақылаудан, мінеуден, мінез-құлықтың нормалары мен ережелерін жасаудан қанағат алады.

Бұл мотивтің негізінде артықшылық (басымдылық) кешені (комплексі) жатыр. Бұл комплекс А.Адлердің ойынша, адамзат өмірінің тума және фундаменталды (іргелі) мотиві болып табылады. Бала бес жасынан бастап басым болуға ұмтыла бастайды. Осы шақта оның өмірлік мақсаты қалыптаса бастайды. Өмірінің барысында осы бұлдыр, санасыз мақсат уақыт өте келе, өмірін құрайтын, оған мән беретін күш, мотивацияға айналады. А.Адлердің ойынша басымдылық мақсат ретінде деструктивті, әрі конструктивті бағытта бола алады. Деструктивті мінез-құлық қоғамға нашар бейімделетін адамдарға тән. Олар басқаларға басым болу күресінде эгоистік мінез-құлыққа бас ұрады. Өмірге жақсы, әрі тез бейімделетін адамдар өз басымдылығын конструктивті бағытта көрсетеді.

Р.Мейли мазасыздық, агрессивтілік және фрустрацияға қарсылықты тұлғаның мотивациялық қасиеттері ретінде қарастырады.

Тұлғаның *мазасыздығы* деп өмірдегі түрлі жағдайларда абыржуға бейімділігі түсініледі. Мазасыз адамға өзінің әлеуметтік қабілетсіздігі басқалармен салыстырғанда төмен екені жайлы ойлар, ұнау кепілдігінсіз әлеуметтік қарым-қатынасқа енгісі келмеу, керісінше мәнді әлеуметтік контактілермен байланысы әлеуметтік және білікті іс-әрекеттен бас тарту, сынға деген сезімталдық тән.

Тұлғаның *агрессивтілігі* адамның фрустрацияға деген қарсы әсері ретінде қарастырылады.

Тұлғаның мотивациясы.

Қазіргі уақытта мотивацияны анықтаудың екі тұрғысы бар. Оның біріншісі, мотивацияны құрылымды жүйе ретінде, факторлардың немесе мотивтердің жиынтығы ретінде қарастырады (Ж.Годфруа, В.Д. Шадриков, В.И. Ковалев).

Екіншісі, мотивацияны адамның психикалық белсенділігін нақты деңгейде ұстап тұратын динамикалық құрылым, процесс ретінде қарастырады (В.Н.Куницина, К.Лоренц т.б.).

А.Г. Ковалев мотивация процесін өздігінше түсіндіреді. Мәселен, аштық сезімі санада қажеттілікті оятатын заттың бейнесін тудырады. Осы бейненің әсерінен субъектіде ситуациямен (сыртқы жағдайлармен), тұлғаның бағдарларымен (ішкі жағдайлармен) сәйкестендірілетін әрекетке ұмтылыс пайда болады. Соңында адам алдына мақсат қойып, әрекеттерінің жоспарын жасайды.

Е.П. Ильин нәтижесі мотив болып табылатын мотивациялық процестің бұдан да күрделі жобасын ұсынады (ағзаның мұқтаждығы стимул ретінде танылатын жағдайда).

1-саты, бұл – алғашқы (абстрактілі) мотивтің қалыптасу сатысы. Оның мәні тұлғаның қажеттігінің және іздеу іс-әрекетінің түрткісінің пайда болуында.

Органикалық қажеттілік (мұқтаждық) тұлғаның қажеттілігіне айналуы үшін, субъект оны жеке мән ретінде қабылдауы тиіс. Ол адамды мазасыздандырғандықтан, адам одан құтылғысы келеді.

Осы сатыда қажеттілікті қанағаттандыру заты жалпыланады (мысалы, менің тамақтануым керек, бірақ мен нақты не нәрсені жегім келетіндігін, немесе, нені жеуім керектігін әлі білмеймін), яғни абстрактілі мақсат пайда болады.

Мақсаттың пайда болуы түрткінің қалыптасуына және қажеттілікті қанағаттандырудың нақты затын іздеуге жетелейді. Түрткінің пайда болуы құрылымына қажеттілік, мақсат, нақты мақсатты іздеуге бағытталған түрткі енетін алғашқы мотивтің қалыптасуының аяқталғандығын білдіреді.

2-саты, бұл – іздестіруші, ішкі немесе сыртқы белсенділік. Адам бейтаныс ортаға тап болғанда немесе қолында қажет мәлімет болмаған жағдайда, сыртқы ортадағы шынайы объектіні іздеумен айналысуға мәжбүр болады.

Ішкі іздеу белсенділігі қажеттілікті қанағаттандырудың нақты заттарын ойша іздестірумен байланысты. Шын мәнінде бұл қажеттілікті интеллектілі өңдеу және оны жоспарға, мақсатқа айналдыру сатысы. Осы сатының міндеті жетістікке жетудің субъективті мүмкіншілігін анықтау.

3-сатыда нақты мақсат іріктеліп, оған жету ниеті қалыптасады. Алдыңғы сатыда мақсат анықталған болатын. Осы мақсат болашақ нәтиженің бейнесі ретінде көрінеді. Адам үшін өте қиын мәселелердің бірі – бұл іріктеу процедурасы екені белгілі. Өйткені кез келген мақсат өз деңгейімен сипатталатындықтан, мақсаттың іріктелуі талаптанулардың деңгейімен жетістікке жету немесе сәтсіздіктен қашу қажеттілігімен міндеттеледі.

Осылайша, осы сатыда әрекетке бағытталған саналы, алдын ала ойластырылған түрткі бейнесіндегі мақсатқа жету ниеті пайда болады. Осы түрткі адамды әрекетке итермелейді. Оның пайда болуымен нақты мотивтің қалыптасуы аяқталады. Сонымен, Е.П.Ильиннің ойынша мотивация мотивтің қалыптасу процесі ретінде анықталады.

Мотивация, бұл – мінез-құлық пен іс-әрекет мотивтерінің жиынтығы. Бұл жағдайда мотивті бағалауда пайдаланылған көрсеткіштер – оның күші және тұрақтылығы. Осы сапалармен қатар көптік, құрылымдылық, иерархиялық өлшемдері де қолданылады.

Көптік – мазмұнның дамығандығын, яғни мотивтердің жеткілікті санын сипаттайды. Мотивациялардың құрылымы бір деңгейдің шеңберінде мотивтердің өзара байланысуына қарай бағаланады. Олардың иерархиялығы мотивтердің түрлі топтарының басымдылығының негізінде анықталады. Мысалы, А.Маслоу құрастырған мотивтердің иерархиясы физиологиялық қажеттіліктерден басталып қауіпсіздік қажеттілігін, махаббат, өзін-өзі сыйлау қажеттілігін, өз-өзін кемелдендіру қажеттігін қамтиды.

4.4. Тұлғаның бағыттылығы

Тұлға қажеттіліктерінің және оларға сәйкес келетін мотивтердің иерархиясы оның негізгі динамикалық тенденциясы – тұлғаның бағыттылығын – тұлғаның жүйесін құрастырушы сапасын, тұлғаның барлық динамикалық бетбұрысының өзіндік интеграциясын анықтайды. С.Л.Рубинштейннің ойынша осы динамикалық тенденциялар мотивтер ретінде іс-әрекетті анықтайды. Сондықтан да тұлғаның бағыттылығы қажеттіліктердің, мотивтердің және мотивациялық құрылымдардың барлық түрлерінде көрінеді. Б.Ф.Ломов бойынша тұлғаның психологиялық бет-бейнесін осы бағыттылық анықтайды. Бағыттылықта мақсаттар анықталады. Сондықтан да, тұлғаның бағыттылығы эмоциялы, танымдық (когнитивті) және мінез-құлықтық деңгейлерінде оның іс-әрекетінің мақсаттарына тұлғаның қатынасын анықтайды.

Дәл бағыттылықта, адамның бүкіл өмірінде қалыптасып, дамитын қажеттіліктерінің, мотивтерінің, мотивациялық құрылымдары мен қасиеттерінің жиынтығы ретінде, тұлғаның қажеттілік-мотивациялық сферасының сапалы, мәнді мезеті көрінеді. Осы сфера адам өмірінің жағдайларына байланысты өзгеріп отырады. Кейбір мотивтер тұрақты және басым болғандықтан олар тұлғаның өзіндік өзегін құрайды.

Б.Ф.Ломовтың ойынша, тұлғаның қажеттілік-мотивациялық сферасы, оның өмірлік жолын анықтайтын өмірлік мақсаттары қалыптасатын өзіндік іргетасы іспеттес. Тұлғаның өмірлік мақсаттарында, оның өзі құраған өмірлік тұжырымдамасы, оның мәні өз көріністерін табады.

Тұлға өз қабілеттерімен сипатталады. Ал қабілеттер адамдардың мүмкіншіліктерін ғана сипаттамайды, олар бейімділіктермен тығыз байланысты, яғни бағыттылықтың мезетін де қамтиды. Тұлғаның тіршілік әрекетін талдау барысында адамның қабілеттерін де түсінуге болады.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. *Тұлғаның динамикалық тенденцияларына сипаттама, қажеттіліктер және оның түрлері, қалыптасу жағдайына сипаттама беріңіз.*

2. *Тұлғаның мотивтері және оның топтастырылуы, құрылымдары мен мотивациялық бітістері.*

3. *Тұлғаның бағыттылығына тұлғаның жүйесін қалыптастырушы сапасы, т.с.с өзіндік интеграциясы тұрғысында сипаттама беріңіз?*

НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аверин.В.А. Психология личности.Санкт-Петербург. 2001.

2. Хьелл Л. Зиглер Д. Теории личности. – СПб., 1997

3. Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. Л. ЛГУ, 1968.

4. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. М., 1968.

5. Ковалев А.Г. Психология личности – М., 1970.

6. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М., 1977.

И Психология. Учебник для гуманитарных вузов /Под общ. ред. В.Н.Дружинина – СПб.: Питер, 2001, – 656 с.

ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР

1. Лазурский А.Ф. Очерк науки о характерах. М., 1995.

2 .Мерлин В.С. Психология индивидуальности. Москва-Воронеж, 1996.

3. Мерлин В.С. Очерк интегрального исследования индивидуальности. – М., 1986.

4. Мясищев В.Н. Личность и неврозы. – Л., ЛГУ, 1960.

5. Наракидзе В.Г. Характер и фиксированные установки. Тбилиси. 1966.

6. Платонов К.К. Структура и развитие личности. – М., 1986.

7. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии – М., 1966.

8. Узнадзе Д.Н. Психологические исследования. М., 1966.

9. Фромм Э. Человек для себя. Минск, 1992.

10. Дружинин В.Н. Психология общих способностей. – М., 1995. и Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. В. 2-х т. – М., 1989.

ГЛОССАРИЙ

Архетип – Юнг теориясындағы ұжымдық бейсаналықтағы әмбебап бейнелер немесе символдар ; берілген объект немесе жағдайға қатысты индивидиуумның белгілі түрде ойлануы немесе белгілі сезімдерді көрсетуден туындайтын (мысалдар: батыр, дана).

Біліктілік немесе құзырлық (компетенттілік) – Адамның өзінің жемістілігі мен пайдалылығы сезімінен туындайтын күші мен сенімділігін көрсететін психо-әлеуметтік сапасы; ол адамға қоршағандармен тиімді әрекеттесу қабілеттілігін сезінуіне жол ашады.

Валидтілік. Тест нені өлшеу үшін құрылса, соны өлшейтінін көрсететін ұғым.

Верификациялық (Verifiability) – {фран. Verification < лат. Verus-шынайы+ facere жасау) шынайылықты бекіту, тексеру} – шынайылық, сенімділік, теорияның құндылығын анықтауда қолданылатын өлшем.Адекватты теорияда нақты анықталған қисынды байланысқан және эмпирикалық түрде негізделетін тұжырымдамалар болады.

Гетеростаз – адамдар негізінен тұлғалық өсуге ұмтылысымен, стимулдарды (түрткілерді) іздестіру және мүмкіндіктерін жүзеге асыруға мотивтелінген деген көзқарас.

Гомеостаз – адамдар негізінен ішкі қолайсыздықты азайту және іштей тепе-теңдік жағдайын сақтауға мотивтелінген деген көзқарас.

Детерминизм – біздің бүкіл мінез-құлқымыз қандай да бір оқиғалардың әсерімен шартталынады және еркін көрінбейді деген көзқарас.

Дивергентті валидтілік – тест өзі өлшеуге арналмаған конструктілі өлшемеу дәрежесі.

Еркіндік (бостандық) – адамдар өз әрекеттеріне жауапкер және де қоршаған ортаның мінез-құлыққа әсерін жеңе білуге қабілетті деген көзқарас.

Жобалық (проективті) әдістер – орындаушылар орындау барысында бірмәнді емес және құрылымдалмаған стимулдарға жауап беретін психологиялық тестілер тобы, олардың көмегімен зерттелінушілердің қажеттіліктері, сезімдері мен қақтығыстары анықталады; мәселен, Роршах тесті.

Инвайронментализм (әлеуметтілік) – тұлға әлеуметтік және мәдени ықпалдар әсерінен қалыптасады деген көзқарас.

Интеракциялы тұлға – мінез-құлықты түсіндіруде жеке-даралық ерекшеліктердің де, ситуациялық факторлардың да мәнділігін басым санайтын психологиядағы тұрғы.

Иррационалдылық – адам мінез-құлқы толығымен немесе ішінара сезінілмейтін иррационалды күштермен бағытталып отырады деген көзқарас.

Конвергентті валидтілік – бір тестінің сол конструктіні өлшейтін басқа бір тестінің көрсеткіштерімен корреляциялық шамасы

Конституционализм – тұлға генетикалық және биологиялық факторлар ықпалымен қалыптасады деген көзқарас

Корреляциялық әдіс – Екі не одан да көп айнымалылар арасындағы байланыстар анықталатын зерттеу стратегиясы.

Корреляциялық коэффициент – екі айнымалы арасындағы байланыстың күші мен бағытын көрсететін сандық көрсеткіш. Бір айнымалының үлкен мәні екінші айнымалының үлкен мәніне сәйкестік оң корреляцияны, ал бір айнымалының үлкен мәні екінші айнымалының кіші мәніне сәйкестік теріс корреляцияны көрсетеді.

Мінез бітістері – Түрлі әлеуметтік жағдайларда адам мінез-құлқынан көрініс беретін адамның өзін белгілі түрде ұстауына деген тұрақты бейімділігі.

Негізгі (бастапқы) жағдайлар (көзқарастар) – адамдар, оның ішінде тұлға теоретиктерінің адам табигаты жайлы философиялық болжамдары.

Нейротизм – Айзенк теориясында нейротизм – тұрақтылық диапазонының бір экстремумы, мазасыздық, көңіл-күйінің тез ауысуы мен сарыуайымшылдыққа (депрессия) бетбұрысымен сипатталады.

Объективтілік – адам мінез-құлқы, негізінен сыртқы, өлшеуге болатын факторлардың нәтижесі деген көзқарас.

Өзгергіштік – тұлға өзінің өмір сүру барысында үздіксіз өзгерістерге тап болады дегең көзқарас.

Өзгермеушілік (тұрақтылық) – тұлға құрылымы ерте балалық шақта қалыптасып, кейін өзгермейді деген көзқарас.

Өзіндік тиімділік (self-efficacy) – Бандура ұсынған тұжырымдама, индивид өз мінез- құлқын нәтижелі болатындай басқара алуға сенімді деген көзқарас.

Паттерн – «қайталанып отыратын өрнек».

Персонолог – теоретик немесе тұлғаны зерттеушіні белгілейтін Генри Мюррей ұсынған термин.

Проактивтілік – адам мінез-құлқының себептері оның өзіне байланысты деген көзқарас.

Проприум – Олпорт бойынша, бірегей тұлғаға айналдыратын адамның барлық аспектілері. Сонымен қатар ол адамның оң жасампаз және дамытушылық сапасын бейнелейді

Рационалдылық – адамдар өз мінез-құлқын оң пікірлер арқылы бағыттауға қабілетті рационалды тіршілік иелері деген көзқарас.

Реактивтілік – адам мінез-құлқының нақты себептері өзіне қарағанда сыртқы және оның мінез-құлқы тек осы сыртқы стимулдарға жауап болып табылады деген көзқарас.

Редукционистік үлгі – бұл жерде: бір нәрсені қандай да бір жағдайда азайту, әлсірету (лат. redukere қайта, кері қайтару).

Ригидтілік – психологияда: іс-әрекет бағдарламасын жағдайдың шарттарына сәйкес түзетуге қабілетсіздік; когнитивті, аффективті және мотивациялық ригидтіліктерді бөліп қарастырады.

Сенімділік – тест немесе басқа да бағалау әдісінің тұрақтылығын (өзгермеушілігін) өлшеу. Сол бір адамдар тобына қайта тест жүргізгендегі бағалаудың тұрақтылығы реттестілік, сенімділік деп аталады. Тесттің пункттері бойынша тұрақтылығы ішкі үйлесімділік деп аталады.

Субъективтілік – әрбір адам неғұрлым дербес, субъективті күйзелістер әлемінде өмір сүреді және де оның мінез- құлқына негізінен өз әлемі әсер етеді деген көзқарас.

Стандарттылау – Психологиялық тест өткізгенде және есептегенде бірыңғай процедураларды қолдану.

Талаптану деңгейі – (уровень притязания) – тұлғаның жетістікке жетуінің деңгейі.

Танымдылық – адам мінез-құлқын басқару принциптері ғылыми танымға байланысты анықталады деген көзқарас.

Тәуелсіз айнымалы – Экспериментте экспетиментатордың басқа айнымалыға әсерін анықтау мақсатымен өзгертіліп отыратын айнымалы. Себеп-салдарлық байланыстарда «себеп» ретінде қарастырылатын айнымалы.

Тұлға психологиясы – теорияны, зерттеуді және бағалауды қамтитын психология саласы.

Тұлға құрылымы – тұлға теориясында құрылым – индивидтің әр уақытта және әртүрлі жағдайларда көрінетін неғұрлым тұрақты және өзгермейтін қасиеттеріне қатысты.

Тұлға теориялары – нақты әлемде өмір сүретін біртұтас индивидтің көпқырлылығы мен күрделілігін түсіндіру үшін зерттеушілердің тұрғызған іштей үйлесімді тұжырымдамаларының әртүрлі жүйелері.

Тип(түр) – қандай да бір жалпы сипаттамалары бойынша (мәселен интроверттер мен экстроверттер) бағалайтын категория.

Ұжымдық бейсаналық – Адамдар немесе адамтектес ата-бабаларымыздан тұқымқуалаушылық жолымен берілетін естеліктер мен бейнелер жиынтығын қамтитын тұлғаның ең тереңдегі деңгейі (К.Юнг).

Функциялық мәнділігі – теория құндылығының өлшемі. Адекватты теория проблеманы шешуде пайдалы жолдарды ұсынуы қажет.

Холизм – мінез-құлықты индивидтерді біртұтас жүйе ретінде зерттеу арқылы ғана түсіндіруге болады деген көзқарас.

Іріктеме (іріктелу) – орыс тілінен: выборка – зерттелінетін адамдар саны.

Ішкі үйлесімділік – құндылығын анықтайтын өлшем. Адекватты теория бір-бірінен ерекше феномендерді (ерекше құбылыстарды) іштей үйлесімділік әдісімен түсіндіруі қажет.

Элементализм – адамның мінез- құлқын түсіну оның басқаларынан тәуелсіз әрбір іргелі қырларын зерттеу арқылы іске асады деген көзқарас.

Этиология – ауытқушылық (патологиялық) мінез-құлықты зерттеу мен себептерін түсіндіру.

Эксперименттік топ – экспериментке қатысты тәуелсіз айнымалыны енгізу арқылы қандай да бір арнайы әсер етілетін субъектілер.

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1) Персонологияның зерттеу обьектісі

А) Тұлға жайлы ғылым
В) Сана туралы
С) Танымдық процестер туралы
Д) Психика туралы
Е) Жан туралы

2) «Тұлға» яғни персона сөзі қай тілден енген?

А) Грек
В) Ағылшын
С) Неміс
Д) Испан
Е) Латын

3) К.Роджерс бойынша тұлға ұғымы:

А) Индивидуум өмір бойы психологиялық дағдарыстардан өтеді және оның тұлғасы осы дағдарыстардың нәтижесі
В) Тұлғаның ядросының құрылымы негізгі он алты бітістерінен тұрады
С) Өзінділік
Д) Мінез-құлық және жағдайдың үздіксіз өзара әсерінің күрделі жайттері
Е) Өмірлік тәжірибені ұғынудың бірегей тәсілі

4) Э.Эриксон бойынша тұлға ұғымы:

А) Индивидуум өмір бойы психологиялық дағдарыстардан өтеді, және оның тұлғасы осы дағдарыстардың нәтижесі.
В) Мінез-құлық және жағдайдың үздіксіз өзара әсерінің күрделі жайттары
С) Тұлғаның ядросының құрылымы негізгі он алты бітістерінен тұрады
С) Өзінділік
Д) Өмірлік тәжірибені ұғынудың бірегей тәсілі
Е) Мен тұжырымдамасының қалыптасуы

5) Р. Кэттел бойынша тұлға ұғымы:

А) Мен тұжырымдамасының қалыптасуы
В) Өзінділік
С) Тұлғаның ядросының құрылымы негізгі он алты бітістерінен тұрады
Д) Өмірлік тәжірибені ұғынудың бірегей тәсілі
Е) Индивидуум өмір бойы психологиялық дағдарыстардан өтеді және оның тұлғасы осы дағдарыстардың нәтижесі

6) Дж. Келли бойынша тұлға ұғымы:

А) Мен тұжырымдамасының қалыптасуы

В) Өмірлік тәжірибені ұғынудың бірегей тәсілі

С) Тұлғаның ядросының құрылымы негізгі он алты бітістерінен тұрады

Д) Мінез-құлық және жағдайдың үздіксіз өзара әсерінің күрделі жайттары

Е) Индивидуум өмір бойы психологиялық дағдарыстардан өтеді және оның тұлғасы осы дағдарыстардың нәтижесі

7) А.Бандура бойынша тұлға ұғымы:

А) Мен тұжырымдамасының қалыптасуы

В) Тұлғаның ядросының құрылымы негізгі он алты бітістерінен тұрады

С) Мінез-құлық және жағдайдың үздіксіз өзара әсерінің күрделі жайттары

Д) Өмірлік тәжірибені ұғынудың бірегей тәсілі

Е) Мен тұжырымдамасының қалыптасуы

8) Адамдарды мінез-құлығына байланысты экстраверт және интроверт деп бөлген ғалым-психолог:

А) К.Юнг

В) К.Роджерс

С) Р.Кэттел

Д) Г.Айзенк

Е) А.Бандура

9) Экстраверт типіндегі адамның сипаттамасы:

А) Бұл типке импульстік, бастамашылдық, әлеуметтік ортаға бейімділік тән

В) Тұлғаның мүдделерінің ішкі әлемінің құбылыстарына жоғары құндылық деп ден қоюшылық

С) Тұйықтық

Д) Қарым-қатынастан қашқақтау

Е) Әлеуметтік енжарлық

10) Интроверт типіндегі адамның сипаттамасы:

А) Бұл типке тұлға мүдделерінің өзінің ішкі әлемінің құбылыстарын жоғары құндылық деп қарауы

В) Бұл типке импульстік, бастамашылдық, әлеуметтік ортаға бейімділік тән

С) Тұлғаның қоршаған әлемге бағытталғандығымен сипатталады

Д) Тұлғаның қарым-қатынасқа тез түсе алуы

Е) Бейтаныс ортада өзін еркін сезінуі

11) Мотивация ұғымының мәні:

А) Адамның қарым-қатынасқа деген қажеттілігі

В) Адамның нақты бір мақсатқа жетуге бағытталған талаптану жүйесімен түсіндіріледі

С) Адамның белгілі бір әрекет үшін саналы меңгерілген талаптануы

Д) Адамның өзінің қоршаған жағдайын және алдын ала қойған мақсатын бағалауы

Е) Адамның қоғам талаптарына жауап беруге даярлануы

12) Адамның өміріндегі өсу мен дамудың фазаларын психосексуалды тұрғыда түсіндірген.

А) З.Фрейд

В) Г.Айзенк

С) К.Роджерс

Д) А.Маслоу

Е) Дж. Келли

13) К.Роджерс бойынша адамның өсуі мен дамуына негіз болатын фактор:

А) Психосексуалды

В) ЭГО дамуының 8 сатысы

С) Мен тұжырымдамасының қалыптасуы

Д) Іс-әрекетпен байланыстылығы

Е) Дене конструкциясы мен мінез типтерінің арасындағы байланыс

14) Либидо және сублимация терминдерін енгізген

А) К.Роджерс

В) А.Маслоу

С) З.Фрейд

Д) Г.Илье

Е) Г.Айзенк

15) Ішкі детерминанттарға жатады:

А) Генетикалық, психикалық

В) Генетикалық, биологиялық, физиологиялық

С) Биологиялық, психологиялық

Д) Физиологиялық, гигиеналық

Е) Психикалық, физиологиялық

16) Мінез-құлықтың психопатологиялық жағдайы:

А) Қайбір адамдардың қоғам талаптарына бейімделуге және іс-әрекетке қабілетсіздігі

В) Ақыл-ойының дамуындағы артта қалушылық

С) Жүйке жүйесіндегі ақаулық

Д) Психикалық даму деңгейінің кешеуілдеуі

Е) Денесінің анатомиялық-физиологиялық жағынан дамымай қалуы

17) Ұжымдық бейсаналық ұғымын ұстанған тұлға теориясының бағыты:

А) Когнитивті теориясы

В) Психоаналитикалық бағыт

С) Іс-әрекет теориясы

Д) Гуманистік бағыт

Е) Психодинамикалық бағыт

18) Тұлға теориясын бағалаудың верификация-ланушылық критерийі:

А) Ұсыныстар мен болжамдар айқын әрі екі мағыналы болмай, бір-бірімен қисынды байланысқан тұрғыда эмпирикалық қорытындының логикалық негізделуі

В) Теория ішкі қарама-қайшылықтан бос, еркін болуы керек деген шартқа сәйкес болады

С) Теорияға тұжырымдамалар мен болжамның неғұрлым аз саны тиімді болады

Д) Теорияның қамтыған феномендерінің кеңдігі мен алуан түрлілігіне байланысты

Е) Тұлғаны зерттеушілерден алынған ішкі және сыртқы заңдылықтар жайлы білімдер, адамдардың әрекеттестігі өзгешеліктерді түсінуге, бағалауға бағытталған

19) Тұлға теориясын бағалаудың ішкі үйлесімділік критерийі:

А) Ұсыныстар мен болжамдар айқын әрі екі мағыналы болмай, бір бірімен қисынды байланысқан тұрғыда эмпирикалық қорытындының логикалық негізделуі

В) Теория ішкі қарама-қайшылықтан бос, еркін болуы керек деген шартқа сәйкес болады

С) Теорияға тұжырымдамалар мен болжамның неғұрлым аз саны тиімді болады

Д) Теорияның қамтыған феномендерінің кеңдігі мен алуан түрлілігіне байланысты

Е) Тұлғаны зерттеушілерден алынған ішкі және сыртқы заңдылықтар жайлы білімдер, адамдардың әрекеттестігі өзгешеліктерді түсінуге, бағалауға бағытталған

20) Тұлға теориясын бағалаудың үнемділік критерийі:

А) Ұсыныстар мен болжамдар айқын әрі екі мағыналы болмай, бір- бірімен қисынды байланысқан тұрғыда эмпирикалық қорытындының логикалық негізделуі

В) Теория ішкі қарама-қайшылықтан бос, еркін болуы керек деген шартқа сәйкес болады

С) Теорияға тұжырымдамалар мен болжамның неғұрлым аз саны тиімді болады

Д) Теорияның қамтыған феномендерінің кеңдігі мен алуан түрлілігіне байланысты

Е) Тұлғаны зерттеушілерден алынған ішкі және сыртқы заңдылықтар жайлы білімдер, адамдардың әрекеттестігі өзгешеліктерді түсінуге, бағалауға бағытталған

21) Тұлға теориясын бағалаудың қамту шегінің кеңдігі критерийі:

А) Ұсыныстар мен болжамдар айқын әрі екі мағыналы болмай, бір-бірімен қисынды байланысқан тұрғыда эмпирикалық қорытындының логикалық негізделуі

В) Теория ішкі қарама қайшылықтан бос, еркін болуы керек деген шартқа сәйкес болады

С) Теорияға тұжырымдамалар мен болжамның неғұрлым аз саны тиімді болады

Д) Теорияның қамтыған феномендерінің кеңдігі мен алуан түрлілігіне байланысты

Е) Тұлғаны зерттеушілерден алынған ішкі және сыртқы заңдылықтар жайлы білімдер, адамдардың әрекеттестігі өзгешеліктерді түсінуге, бағалауға бағытталған

22) Тұлға теориясын бағалаудың функциялы мәнділік критерийі:

А) Ұсыныстар мен болжамдар айқын әрі екі мағыналы болмай, бір-бірімен қисынды байланысқан тұрғыда эмпирикалық қорытындының логикалық негізделуі

В) Теория ішкі қарама-қайшылықтан бос, еркін болуы керек деген шартқа сәйкес болады

С) Теорияға тұжырымдамалар мен болжамның неғұрлым аз саны тиімді болады

Д) Теорияның қамтыған феномендерінің кеңдігі мен алуан түрлілігіне байланысты

Е) Тұлғаны зерттеушілерден алынған ішкі және сыртқы заңдылықтар жайлы білімдер, адамдардың әрекеттестігі өзгешеліктерді түсінуге, бағалауға бағытталған

23) Адамның табиғатына қатысты биполярлы қарама-қарсы шкалалардың бірі еркіндік, бостандық – детерминизм түсініктердің мәні:

А) Адамның өзінің мінез-құлқын бақылауды жүзеге асырудағы ішкі бостандығының дәрежесі

В) Адамның ақылының қуатының дәрежесі мінез-құлқына қаншалықты әсер етумен байланысты

С) Тұлғаның бүкіл өмірінде қаншалықты түбегейлі өзгерістерді басынан кешірумен сипатталады

Д) Адамның мінез-құлқының шынайы себептерінің пайда болуын іздеумен сипатталады

Е) Адамның мотивациясына қатысты

24) Рационалды – иррационалдың қарама-қарсы түсінігінің мәні:

А) Адамның өзінің мінез-құлқын бақылауды жүзеге асырудағы ішкі бостандығының дәрежесі

В) Адамның ақылының қуатының дәрежесі мінез-құлқына қаншалықты әсер етумен байланысты

С) Тұлғаның бүкіл өмірінде қаншалықты түбегейлі өзгерістерді басынан кешірумен сипатталады

Д) Адамның мінез-құлқының шынайы себептерінің пайда болуын іздеумен сипатталады

Е) Адамның мотивациясына қатысты

25) Өзгергіштік – өзгермеушілік қарама-қарсы түсініктерінің мәні

А) Адамның өзінің мінез-құлқын бақылауды жүзеге асырудағы ішкі бостандығының дәрежесі

В) Адамның ақылының қуатының дәрежесі мінез-құлқына қаншалықты әсер етумен байланысты

С) Тұлғаның бүкіл өмірінде қаншалықты түбегейлі өзгерістерді басынан кешірумен сипатталады

Д) Адамның мінез-құлқының шынайы себептерінің пайда болуын іздеумен сипатталады

Е) Адамның мотивациясына қатысты

26) Проактивтілік – Реактивтілік қарама-қарсы түсініктерінің мәні

А) Адамның өзінің мінез-құлқын бақылауды жүзеге асырудағы ішкі бостандығының дәрежесі

В) Адамның ақылының қуатының дәрежесі мінез-құлқына қаншалықты әсер етумен байланысты

С) Тұлғаның бүкіл өмірінде қаншалықты түбегейлі өзгерістерді басынан кешірумен сипатталады

Д) Адамның мінез-құлқының шынайы себептерінің пайда болуын іздеумен сипатталады

Е) Адамның мотивациясына қатысты

27) Гомеостаз - Гетеростаз қарама-қарсы түсініктерінің мәні

А) Адамның өзінің мінез-құлқын бақылауды жүзеге асырудағы ішкі бостандығының дәрежесі

В) Адамның ақылының қуатының дәрежесі мінез-құлқына қаншалықты әсер етумен байланысты

С) Тұлғаның бүкіл өмірінде қаншалықты түбегейлі өзгерістерді басынан кешірумен сипатталады

Д) Адамның мінез-құлқының шынайы себептерінің пайда болуын іздеумен сипатталады

Е) Адамның мотивациясына қатысты

28) Ғылыми әдістің негізі – идеяларды міндетті түрде эмпирикалық тексеру болса, онда эмпирикалық тұрғының бірінші артықшылығы:

А) Қателік жібермеуге тырысушылық

В) Адамдарды және олардың мінез-құлықтарындағы реакцияларды суреттеудегі түсініктердің нақтылығы мен айқындылығы

С) Сенімділігі

Д) Валидтілігі

Е) Табиғилығы

29) Ғылыми әдістің негізі – идеяларды міндетті түрде эмпирикалық тексеру болса, онда эмпирикалық тұрғының екінші артықшылығы:

A) Қателік жібермеуге тырысушылық

B) Адамдарды және олардың мінез-құлықтарындағы реакцияларды суреттеудегі түсініктердің нақтылығы мен айқындылығы

C) Сенімділігі

Д) Валидтілігі

Е) Табиғилығы

30) Анамнез әдісінің мәні:

A) Клиникалық жағдайлардың арасындағы және олардың ішіндегі өзара байланыстылықты анықтауға арналған

B) Деректерге сүйене отырып, олардың психологиялық мазмұнын ашу

C) Бір адамның мінез-құлқын ұзақ уақыт бойы тәптіштеп зерттеу

Д) Зерттелінушілерден сұрақ қою арқылы ақпарат алу

Е) Зерттелінушілерден алдын-ала даярланған сұрақтардың негізінде жазбаша жауап алу

31) Корреляциялық әдістің мәні:

A) Бір адамның мінез-құлқын ұзақ уақыт бойы тәптіштеп зерттеу

B) Деректерге сүйене отырып, олардың психологиялық мазмұнын ашу

C) Зерттелінушілерден сұрақ қою арқылы ақпарат алу

Д) Клиникалық жағдайлардың арасындағы және олардың ішіндегі өзара байланыстылықты анықтауға арналған

Е) Бір тақырыптың аумағында тұлға жайлы ақпараттарды жинауға арналған

32) Интервью әдісінің мәні:

A) Бір адамның мінез-құлқын ұзақ уақыт бойы тәптіштеп зерттеу

B) Клиникалық жағдайлардың арасындағы және олардың ішіндегі өзара байланыстылықты анықтауға арналған

C) Қателік жібермеуге тырысушылық

Д) Зерттелінушілерден сұрақ қою арқылы ақпарат алу

Е) Бір тақырыптың аумағында тұлға жайлы ақпараттарды жинауға арналған

33) Гуманистік «клиникалық» бағыттың өкілі:

A) К.Роджерс

B) А.Маслоу

C) Г.Олпорт

Д) Г.Селье

Е) Г.Айзенк

34) Гуманистік «мотивациялық» бағыттың өкілі:

A) К.Роджерс

B) А.Маслоу

C) Г.Олпорт

Д) Г.Селье

Е) Г.Айзенк

35) Гуманистік бағыттың негізгі қағидасы:

A) Адам өзінің табиғатында жақсыға және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылады

B) Іс-әрекет арқылы адамның жеке тұлғасы қалыптасады

C) Адамның интеллектуалды процесіне, мінез-құлқына ерекше көңіл аудару

Д) Адам мінез-құлқының қорғаушы күші мен шешуші факторы жыныстық елігу (либидо) болып табылады

Е) Тұлғаның дамуы генетикалық факторға тәуелді

36) Мотивациялық иерархия бұл –

A) Психологиялық қорғаныш механизмдерінің бірі

B) Организмді қоздыратын кез келген оқиға немесе қозудың өзі

C) Қажеттіліктерді бір-біріне бағынышты белгісі бойынша бір ретке орналастыру

Д) Сенсорлық рецепторға әсер етіп, оны белсендіретін белгілі оқиға

Е) Жылжу, ығыстыру

37) А.Адлер негізін қалаған теория:

A) Психоаналитикалық теория

B) Жеке-дара психологиясы

C) Диспозициялы теориясы

Д) Когнитивті теориясы

Е) Мінез-құлық теориясы

38) Архетип, бұл –

A) Адам үміттенетін міндет, мақсат деңгейі

B) Адамның мінез-құлқының үстем мотиві

C) Өз ата-анасынан тұқым қуалау бойынша дайын алғашқы идеялар (ойлар)

Д) Кез келген психикалық энергия

Е) Жоғары мәдени жетістіктерге жетелейтін жылжу

39) Либидо

А) Өмір инстинктерімен байланысты энергияның формасы (жыныстық энергия)

В) Адамның мінез-құлқының үстем мотиві

С) Жоғары мәдени жетістіктерге жетелейтін жылжу

Д) Кез келген психикалық энергия

Е) Барлық белгілі таным процестерінің ерекшеліктерінің жиынтығы

40) Сублимация, бұл –

А) Адамның мінез-құлқының үстем мотиві

В) Индивидтің топтың ыңғайына бейімделуі

С) Жоғары мәдени жетістіктерге жетелейтін жылжу

Д) Кез келген психикалық энергия

Е) Барлық белгілі таным процестерінің ерекшеліктерінің жиынтығы

41) Конструкт, бұл –

А) Барлық белгілі таным процестерінің ерекшеліктерінің жиынтығы

В) Адамның шығармашылық деңгейі

С) Индивидтің топтың ыңғайына бейімделуі

Д) Белгілі бір мақсатқа байланысты алынған нәрсенің шектік мөлшері

Е) Адамның, әлеуметтік топтың айналасында болып жатқан процестерге қатысы

42) Экстернал, бұл –

А) Қарым-қатынасқа тез түсетін адамдар

В) Өз мүддесінен гөрі топтың мүддесін жоғары қоятын адамдар

С) Ситуацияны басқара алмай, өмірінде ықтималдыққа сенім артатын адамдар

Д) Ситуацияны басқарып, бақылай алатын және сол ситуацияға қол жеткізе алатын адамдар

Е) Өзімшіл адамдар

43) Интериалдар, бұл –

А) Адамның өзін-өзі бақылауы

В) Ситуацияны басқарып, бақылай алатын және сол ситуацияға қол жеткізе алатын адамдар

С) Қарым-қатынасқа тез түсетін адамдар

Д) Өз мүддесінен гөрі топтың мүддесін жоғары қоятын адамдар

Е) Өзімшіл адамдар

44) Бағыттылық, бұл –

А) Тұлғаның жан-жақты үйлесімді дамуы

В) Адамның тұлғааралық қарым-қатынастар жүйесіндегі орны

С) Тұлғаның дүниетанымы

Д) Тұлға мінез-құлқының негізгі бетбұрыстарын көрсететін, тұлғаның тұрақты талғамы мен түрткілерінің жүйесі

Е) Тұлғаның жан-жақты дамуы

45) Қабілеттер, бұл –

А) Түрлі іс-әрекеттердегі табыстарын анықтаушы адамның жеке басының тұрақты қасиеттері

В) Адамның басқа адамдарға қатынасын анықтайтын қасиеттері

С) Әрекет етуге деген ынтаның жиынтығы

Д) Тұлғаның дүниетанымы

Е) Қарым-қатынасқа тез түсетін адамдардың қасиеттері

46) Мінез ұғымы

А) Әрекет етуге деген ынтаның жиынтығы

В) Түрлі іс-әрекеттердегі табыстарын анықтаушы адамның жеке басының тұрақты қасиеттері

С) Адамның басқа адамдарға қатынасын анықтайтын қасиеттері

Д) Адамның жеткен жетістіктері

Е) Адам болмысының қасиеті

47) Өзін-өзі бақылау

А) Адамның өзін-өзі бақылауы

В) Интроспекцияның синонимі

С) Өзін бағалау

Д) Адамның өзінің мінез-құлқын, өзін байқауы

Е) Адамның өзін аңғару күйі

48) Нейротизм –

А) Басқа адамдарға деген немқұрайлы, қызығушылығы жоқтың және әлеуметтік нормаларды қабылдамауды бейнелейтін тұлғалық қасиеттер

В) Тұлғаның мінез-құлқындағы күйгелектігі мен ригидтілігі

С) Тұлғаның жүйке-жүйесінің тежелуі мен қозғыштығы

Д) Психикалық әлсіздік

Е) Тұлғаның тым ашушаңдығымен және қозғыштығымен байланысты қасиеттері

49) Психотизм

A) Тұлғаның тым ашушаңдығы мен және қозғыштығымен байланысты қасиеттері

B) Психикалық әлсіздік

C) Ақыл-ойы кемдігі

Д) Басқа адамдарға деген немқұрайлы, қызығушылығы жоқтың және әлеуметтік нормаларды қабылдамауды бейнелейтін тұлғалық қасиеттер

E) Ақыл-ой мешеулігі

50. Қажеттіліктер ....

A) Танымдық белсенділік

B) Адамның белгілі бір әрекет үшін саналы меңгерілген талаптануы

C) Кез келген іс-әрекеттің бастау көзі

Д) Бағыттылық

E) Икемділік

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫНЫҢ КІЛТІ

1	A	26	Д
2	B	27	E
3	C	28	A
4	A	29	B
5	C	30	C
6	B	31	Д
7	C	32	E
8	Д	33	A
9	A	34	B
10	A	35	A
11	B	36	C
12	A	37	B
13	C	38	C
14	C	39	A
15	B	40	C
16	A	41	A
17	B	42	C
18	A	43	B
19	B	44	Д
20	C	45	A
21	Д	46	C
22	E	47	A
23	A	48	E
24	B	49	Д
25	C	50	C

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ 3

I. ТҰЛҒА ПСИХОЛОГИЯСЫ

1.1 Адам туралы ғылым 5
1.2 Тұлға – зерттеу өрісі ретінде 8
1.3.Тұлға теорияларының компоненттері.....11
2. Тұлға теориясын бағалаудың критерийлері (өлшемдері) 18
3. Адамның табиғатына қатысты негізгі тұрғылар 22
4. Тұлғаны бағалау 51
5. Тұлға психологиясы: жаңа бағыттар 57
5.1. Персонология бағыттарының негізгі тұрғылары 58
5.2. Тұлға теорияларын бағалау 64
6. Адам тұлғасын зерттеулердің жаңа бағыттары 72

II. ТҰЛҒА ТЕОРИЯЛАРЫ

2.1 Тұлғаның психодинамикалық теориясы.....81
2.2 Тұлғаның аналитикалық теориясы.....101
2.3 Тұлғаның гуманистік теориясы.....104
2.4 Тұлғаның когнитивті теориясы.....114
2.5 Тұлғаның мінез-құлықтық теориясы.....117
2.6 Тұлғаның іс-әрекеттік теориясы.....121
2.7 Тұлғаның диспозициялық теориясы.....125
2.8 Кейбір басқа тұлға теориялары туралы 129

III. КЕҢЕСТІК ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ ТҰЛҒА ТҰЖЫРЫМДАМАРЫ

3.1. А.Ф.Лазурскийдің тұлға тұжырымдамасы.....134
3.2 В.Н.Мясищевтің тұлға тұжырымдамасы.....137
3.3 А.Г.Ковалевтің тұлға тұжырымдамасы.....139
3.4 В.С.Мерлиннің тұлға тұжырымдамасы.....141
3.5 К.К.Платоновтың тұлға тұжырымдамасы.....144

И.Ә. АБЕУОВА

ТҰЛҒА ПСИХОЛОГИЯСЫ

Оқулық

Пішімі 60x84 1/16
Тығыздығы 80 гр./см2. Қағаздың ақтығы 95% .
Қағазы офсеттік. РИЗО басылымы.
Көлемі 192 бет. Шартты баспа табағы 13.75

"Отан" ЖҚ баспаханасында басылып шығарылды
ҚР, Алматы, Рыскулов к., 2.
e-mail: otan88@mail.ru